

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Г.С. Әбдірайымова

ЖАСТАР СОЦИОЛОГИЯСЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2012

ӘОЖ 316.346.32

Ә18

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және
жаратылыстану ғылымдар мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік
мәжілісінің 2012 жылдың 28 қаңтардағы (№1 хаттама)
шешімімен ұсынылған*

Рецензенттер:

*социология ғылымдарының кандидаты, профессор М.А. Әбішев
социология ғылымдарының докторы, профессор Р.Б. Италмасова
социология ғылымдарының докторы, доцент Н.Ө. Шеденова*

Әбдірайымова Г.С.

Ә18 Жастар социологиясы: оқу құралы. 2-басылым. – Алматы:
«Қазақ университеті», 2012. – 224 б.

ISBN 978-601-247-566-1

Оқу құралында социологиядағы жастар зерттеулері дамуының қысқаша тарихы таратылып, тақырыптың негізгі бағыттарына талдау жасалады. Өмірге қадам басқан ұрпақтың әлеуметтенуі және тәрбиесі жөніндегі, жастардың әлеуметтік сабақтастығы мен өмір салтының ерекшеліктері, олардың өмірлік жоспарлары мен құндылықты бағдарларының, соның ішінде кәсіптік бағдарларының қалыптасуы талданады.

Әсіресе, жас ұрпақтың мәдениетін қалыптастыру проблемаларына және этномәдени сәйкестендірілу ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Оқу құралы студенттер мен оқытушыларға, сондай-ақ қазіргі заман жастарының мәселелеріне қызығушылық танытатын қалың оқырманға арналған.

ISBN 978-601-247-566-1

© Әбдірайымова Г.С., 2012
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012

I БӨЛІМ

ЖАСТАР СОЦИОЛОГИЯСЫ: НЫСАННЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ НЫСАНАСЫ (ПӘНІ)

Қазіргі заманғы қоғамда жастар социологиясы гуманитарлық ғылымдар саласына жатқызылады. Бұл ілім бірден қоғамдық пікірсайыстардың нысанына айналды. Осындай пікірталастардың өзектілігі көпе-көрнеу. Жастар социологиясының проблемасы көптеген жылдар бойы ұдайы өзгеріп отырған нысанын (пәнін) анықтау арқылы тұжырымдалады. Жастар социологиясы жас ұрпақтың әлеуметтік проблемаларының қазіргі жай-күйін (ахуалын) шынайы да, әділ талдауға әрекет жасайды. Осы проблемалар әлеуметтендірудің ерекшеліктерімен және өмірге қадам басқан ұрпақты тәрбиелеумен, тұрмыс (өмір) салтының ерекшеліктерімен, құндылықты бағдарларды және әлеуметтік мақсаттарды қалыптастырумен байланысты болады.

1.1 Жастар социологиясы – социологиялық білім саласының бірі

Жастар социологиясы – социологиялық білімнің дербес саласы нысанында жастарды әлеуметтік-демографиялық топ ретінде, олардың әлеуметтену және тәрбие жөніндегі ерекшеліктерін, өмір салттарының айрықшалықтарын, құндылықты бағдарларының, мақсаттарының, сана-сезімдерінің және өмірлік жоспарларының қалыптасу үрдісін зерттеп-зерделейді.

Жастар социологиясының теориялық және практикалық маңызы бар негізгі проблемаларына В.Т. Лисовский мыналарды жатқызады:

- қоғамның әлеуметтік дамуындағы жастардың рөлі мен орнын зерттеп-зерделеу;
- жастардың түрлі топтарының «әлеуметтік портретін» талдау, жастардың тіршілік әрекетіне байланысты барлық салалары бойынша сұраныстарын, мақсат-мүдделерін, қажеттіліктерін, құндылықты бағдарларын, әлеуметтік үміт-тілектерін зерделеу;
- белсенді өмір ұстанымдарын, тұрмыстағы мінез-құлық стилін қалыптастыру;
- жастардың өмірлік жоспарларын зерделеу және оларды іске асырудың оңтайлы жағдайларын белгілеу;
- еңбекке және жұмыссыздыққа қатысты моральдық-психологиялық даярлығын анықтау.

Жастар социологиясы ғылым ретінде мына өзара байланысты деңгейлерде құрылады:

- жастарды қоғамдық феномен ретінде тану көзқарасына (тәсіліне) негізделген *жалпы әдіснамалық деңгей*;
- *арнайы теориялық деңгей*, ол жастардың әлеуметтік-демографиялық топ ретіндегі құрылымының айрықшалығын, олардың сана-сезімі мен мінез-құлқының ерекшеліктерін, жас бойынша және өмір салтының әлеуметтік-психологиялық айрықшалығын, құндылықты бағдарларының серпінін ашады;
- *эмпирикалық деңгей* – социологиялық зерттеулердің негізінде өмірдің түрлі салаларындағы нақты фактілерді талдайды¹.

Жастар социологиясының нысаны (пәні) болып табылатындар: жастардың қоғам дамуындағы рөлі мен орнын, сұраныстарын, мүдделерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын, әлеуметтік үміт-тілектерін зерттеп-зерделеу; белсенді өмірлік позициясын, өмір сүру және мінез-құлық стилін қалыптастыру, түрлі әлеуметтік салалардағы бейімделу ерекшеліктерін талдау; өмірлік жоспарларын зерделеу және оларды іске асырудың оңтайлы жағдайларын белгілеу; әлеуметтік белсенділік пен енжарлық себептерінің резервтерін, жастардың түрлі деңгейлердегі әлеуметтік басқару мен өзін-өзі басқаруға қатыстырылуын зерттеу; еңбекке және жұмыссыздыққа моральдық-психологиялық даярлықтарын анықтау және т.с.с.

¹ Лисовский В.Т. Социология молодежи. – СПб., 1996. – С.5-6.

Жастар социологиясын социологиялық (әлеуметтік) білімнің жеке саласы ретінде шығару ХХ ғасырдың 60-шы жылдарындағы жастар революциясынан басталды. Ол кезде зерттеушілер жастар наразылығының мәнін түсіну қажеттілігіне қарай жастар проблематикасына көбірек назар аудара бастады. Бүгінде дәл сондай жағдай туындап отыр, реформалардың онжылдығынан кейін социологтар жастардың саяси экстремизм, жұмыссыздық, нашақорлық, жасөспірім-жастардың қылмыстылығы, дағдарыстың әлеуметтенуі сияқты ең осал тұстарын зерделеу бойынша зерттеулер жүргізе бастады.

Жастар социологиясы жеке адамның социологиясы, девиантты мінез-құлық, жастардың субмәдениеті, БАҚ, тәрбие, отбасы, білім алу, мораль, бос уақыт сияқты салалық социологиялармен тығыз байланысты.

В.Т. Лисовскийдің айтуынша, жастардың әлеуметтік проблемаларының жіктелімін әртүрлі негіздемелер бойынша жүргізуге болады: *аумақтық белгі бойынша* индустриялы елдерге тән жастар проблемаларын атауға болады: жеке өңірлерге (аймақтарға) тән проблемалар, жеке алынған елге тән проблемалар; *уақыттық белгі бойынша* «мәңгілік» аталатын проблемаларды қарастыруға болады. Мәселен, ұрпақтардың өзара қатынастары және нақты заман арқылы туындаған проблемалар; *жүйелік белгі бойынша* осы қоғам мен оның даму деңгейіне тән, халықтың әркелкі топтарына қатысты жастардың жалпы проблемаларын және нақ осы әлеуметтік топқа тән, оның қоғамдағы жағдайы мен рөліне байланысты тікелей жастар проблемаларын зерттеуге болады (*Лисовский В.Т., 1996*).

В.А. Луковтың пікірі бойынша, ХХ ғасырдың бас кезіндегі Ресей жастары жөніндегі зерттеулердің негізгі бағыттары революциялық өзгерістердің серпінді жағдайларында өрбитін жаңа үдерістерді мазмұндайды. Жастар жөніндегі зерттеулер жаңа қоғамдық тұрғыда негізгі үш бағыт бойынша жүргізілді.

Бірінші бағыттың төркіні *жұмысшы жастардың проблемаларын талқылау* болып табылады. Осы категория іс жүзінде ғылыми мүдделердің назарынан тыс қалды (жеке аспектілерге – ең алдымен балалар еңбегінің проблемаларын талдауға ресейлік марксистер шамалы көңіл бөлді, бірақ бұлар тиянақты зерттеу-

лер емес, жай үзінділер ғана еді). 1920-шы жылдарда жасөспірім жұмысшының, жас жұмысшылардың жай-күйін психология, педагогика және социология тұрғысынан зерделеу бойынша кең көлемдегі әдебиет қалыптаса бастады. Осы бағыттағы еңбектердің қатарында И.А. Арямовтың «Жасөспірім жұмысшы» (1928), В.А. Зайцевтің «Жасөспірім жұмысшылардың еңбегі мен тұрмысы» (1926), Б.Б. Коган мен М.С. Лебединскийдің «Жұмысшы жастардың тұрмысы» (1929), А.И. Колоднаяның «Жасөспірім жұмысшының мүдделері» (1929) кітаптары, «Жасөспірім жұмысшы педологиясының мәселелері» жинағы (1929) бүгінгі заманда да қызығушылық тудырады. Осы еңбектерде жұмысшы жастардың ахуалы айқын пән аяларынан тыс зерделенді. Ол атап айтқанда, пәнаралық зерттеулерге тән. Мұнда жас жұмысшылардың жай-күйін зерделеуде педагогикалық, психологиялық және социологиялық аспектілер өзара сабақтасады. Қазіргі заманғы әлеуметтік білім саласындағы интегралды үрдістерді ескергенде, 1920-жылдардағы көптеген еңбектердің пәнаралық мазмұны өзекті болып көрінеді.

Екінші бағыт *оқушы жастардың жағдайларын зерттеумен* байланысты. 1920-шы жылдарда бұл салада да интегралды қорытындылауға ұмтылыс байқалады. Осы тұжырымдамалардың екіштылығына қарамастан, олардың аясында жастар жөніндегі кейінгі зерттеулер үшін аса маңызды теориялық-әдіснамалық ұстанымдар қалыптасты. Бұл орайда П.П. Блонский (1925), Л.С. Выготский (1929) сияқты ірі ғалымдарды атауға болады. Жеке басылымдармен шыққан Л.С. Выготскийдің «Жасөспірім педологиясы» дәрістері кейіннен жасөспірімдік шақты, жасөспірімдер мен бозбалалардың әлеуметтік белсенділігін және ішкі дүниесін зерттеумен айналысқан ғалымдарға үлкен ықпалын тигізді.

Ең соңғы, үшінші бағыт *жастар қозғалысын зерттеумен* тікелей байланысты. 1920-жылдарда осы мәселеге әдеттен тыс назар аудару байқалады. Ол, әрине, кездейсоқ емес. Біріншіден, нақ сол кезде жастар қозғалыстарының бастамалары идеялық-саяси спектрдің әр полюстерінде айқын ұйымдық нысан алды. Жастардың саяси ұйымдары, жастар белсенділігінің басқа да ұйымдасқан түрлері жылдам қарқынмен дами бастады. Жастар

ұйымдарының халықаралық деңгейдегі байланыстары қанат жайып, халықаралық жастар бірлестіктері құрылды. Екіншіден, кеңес тарихының алғашқы кезеңінде жастардың әлеуметтік субъектілігі мүмкіндіктердің орасан үлкен әлеуетіне ие болды және іске асырудың сан алуан нысандарын туындатты.

Жастар туралы қазіргі білім үшін теориялық және қолданбалы зерттеулердің маңызы зор. 1960 жылдардың орта шенінен бастап жүргізілген бұл зерттеулер КСРО-да қоғамдық ғылымдарды дамытуға лайықты жағдайлар жасап, социология жаңғырып, психология мен педагогиканың ахуалы айтарлықтай өзгерді. 1964 жылы БЛКЖО ОК жанынан құрылған социологтар тобы алғашқы социологиялық зертхана болды (бірнеше онжылдықтарға созылған уақыттан кейін), әрі комсомол органдарының бастамасымен және ұйымдық-қаржы қамтамасыздығымен жүргізілген зерттеулер жастар проблемаларын талдаумен тығыз байланысты болды. КСРО-да социологияның ғылым ретінде дамуы кездейсоқ емес (*Лисовский В.Т., 1996*).

Жастар проблематикасына қатысты қолданбалы зерттеулер 1960-1980-ші жылдарда құлаш жайды. Жастар арасында бүкілодақтық, аймақтық (өңірлік), жергілікті сауалнамалар (сол кезде сауалнамалар жүргізу социологиямен ғылым ретінде тікелей астасты) жүргізу партия және комсомол жұмысының тұрақты практикасына енді. Ғылыми ұжымдар мен жеке ғалымдар түрлі тақырыптамалық мәселелерге маманданды, бұл орайда жастардың еңбегі мен еңбек тәрбиесіне, идеялық-саяси тәрбиесіне, қоғамдық белсенділігіне, құндылықты бағдарларына, өмірлік қадамдарына қатысты проблемалар барынша белсенді түрде зерттеп-зерделенді. Осындай зерттеулерде қазір көпшілікке белгілі болған Н.М. Блинов, Б.А. Грушин, С.Н. Иконникова, И.М. Ильинский, А.И. Ковалева, И.С. Кон, В.Ф. Левичева, В.Т. Лисовский, М.Н. Руткевич, М.Х. Титма, В.Н. Шубкин сияқты ғалымдардың ғылыми беделі қалыптасты.

Ф.Р. Филиппов пен М.Н. Руткевичтің зерттеулері. В.Н. Шубкинмен бір мезгілде дерлік Свердловскіде Ф.Р. Филиппов пен М.Н. Руткевич зерттеулер жүргізе бастады. Олардың тәсілдерінің айрықшалығы мынада еді, жастар проблемалары кеңес қоғамының әлеуметтік құрылымын жаңғырту мен ұрпақаралық

әлеуметтік өзгерістер арқылы қарастырылды. «Жоғары мектеп» (1973-1974) және жоғары білімнің қоғамның әлеуметтік құрылымына тигізетін әсері жайындағы проблемалар бойынша (1977-1978) халықаралық салыстырмалы зерттеулер жобалары осы бағыттың эмпирикалық базасы болды. Білім беру жүйесі, атап айтқанда, жоғары білім алу, әлеуметтік икемділік факторы ретінде қарастырылды. Қоғам дамуының үш құрауышына баса назар аударылды: қоғамдық қажеттіліктер, білім беру жүйесі мен жастар, сондай-ақ солардың арасындағы ықтимал қайшылықтар. Соның нәтижесінде жастар социологиясының жаңа бағыты – *студент жастардың әлеуметтік проблемалары* пайда болды. Осы тақырыпты Свердловскіде Л.Я. Рубина, Харьковта Е.А. Якуба және т.б. жалғастырды.

М. Титманың лонгитюдтық зерттеулер мектебі. Жастарға байланысты зерттеулердің «ересек өмірге ұмтылу» мектебінің қалыптасуына эстон социологы Микк Титма үлкен үлес қосты. 80-ші жылдардың орта шенінде ресейлік салада лонгитюдтық зерттеулердің американдық дәстүрлерінің әдістерін енгізген, қазір АҚШ-та жұмыс істейтін М. Титма ресейлік бірқатар жас ғалымдардың кәсіби қалыптасуына септігін тигізді. Оның мүдделерінің айрықшалығы жастардың өмірлік тағдырын өздері шешу үдерістерінің аймақтық және қоныстану сараланымын жіктеуден ешқашан танған емес. М. Титма өз зерттеулерінде мәдениеттерінің сипаты мен аймақтардың экономикалық даму деңгейі бойынша өзгешеленетін түрлі ұлттық-аумақтық қауымдастықтар аясындағы ұрпақтың өмір жолының аймақтық ерекшеліктеріне баса назар аударады. Ғалымның еңбектері кәсіби және өмірлік тағдырын өзі шешу үдерісіндегі мұраттас-тардың (когорталардың) объективті әлеуметтік мәртебесіндегі өзгерістер туралы сөз қозғайды.

В.Т. Лисовскийдің ленинградтық мектебі. Жастар проблематикасы дамуындағы тағы бір бағыт – негізінен ленинградтық мектеп ұсынған әлеуметтік-психологиялық сала. В.Т. Лисовский өз зерттеулеріне Ленинград университеті кешенді әлеуметтік зерттеулер ҒЗИ жанындағы социологиялық зертханада 1964 жылы кірісті (ҒЗИ-ді аса көрнекті психолог Б.Г. Ананьев ашты). Олардың негізгі бағыты жас адамның әлеуметтенуіне және

даралығының қалыптасуына байланысты болды. Эмпирикалық материалдың негізінде студент жастардың тіршілік әрекетінің үлгілері жасалды. В.Т. Лисовскийдің жастардың проблемалары жөніндегі көптеген кітаптары 60-шы жылдардың соңынан бастап осы уақытқа дейін жастардың проблемалары жөніндегі ақпараттың негізгі әдіснамалық дереккөзі болып келеді. Жастар социологиясы жөніндегі алғашқы қомақты оқулық – «Жастар социологиясы» кітабын В.Т. Лисовскийдің жазғаны заңды құбылыс еді (С.-Петербург, 1996). Өзіне тән әсершіл мінезі бойынша ол өз кітабын өмірден озған әріптестері – Б.Г. Ананьев, А.К. Белых, В.Г. Васильев, К.Е. Игошев, В.И. Квачахия, В.П. Кобляков, Е.С. Кузьмин, П.Н. Лебедев, В.Г. Мордкович, И.Т. Левыкин, Л.Н. Лесохина, М.Н. Межевич, В.И. Мухачев, В.Н. Мясищев, С.Н. Плотников, В.П. Рожин, Ю.А. Суслов, В.П. Тугаринов, З.И. Файнбург, Ф.Р. Филиппов, А.Г. Харчев, Г.И. Хмара сынды ғалымдарға арнады.

И.С. Конның зерттеулері. Жасөспірімдік шақ пен Батыста кең тараған бағыт – жастардың субмәдениеті психологиясымен айналысқан И.С.Кон ленинградтық мектеп аясында өз қызметін бастады. Таяу уақытқа дейін бұл бағыт кеңес социологиясында ұсынылмаған еді. Біріншіден, осы феноменнің өзі жастар арасында жеткілікті деңгейде дамымаса, екіншіден, аталған тақырыпқа саяси құрылымдар тарапынан тыйым салынған еді. Осы феноменнің бар екені туралы көбіне шетелдік дереккөздерге сүйене отырып ашық мәлімдеген И. Кон жеке-дара академиялық зерттеуші болды. Кейіннен оның еңбектері жалпы жастар социологиясының дамуына елеулі ықпалын тигізді; біріншіден, шетелдік теорияларды сынаумен айналысқан И. Кон социология мен әлеуметтік психологияның «идеологияландырылған» саласына жаңа идеялар мен Батыста кеңінен танымал болған есімдерді енгізе отырып, ағарту функциясын тамаша орындап шықты (Ш. Айзенштадт, Дж. Коллеман, Э. Эриксон, М. Мид және т.б.). Жастар проблематикасындағы бұл әрекет ұрпақтардың әлеуметтену проблемаларын түсінудің тереңдеуіне, ғылыми айналымға (дағдыға) жас бойынша және мұраттастар категориясы мен өмір кезеңдерінің ұғымын енгізуге септігін тигізді. Екіншіден, ғалымның 60-шы жылдардағы батыстың студент

жастары туралы еңбектері қазіргі заманғы батыс тарихында асулы кезеңге айналған осы құбылысты толығырақ көрсетуге және Ресейдегі студенттік қозғалыстармен салыстыру жүргізуге мүмкіндік туғызды. Үшіншіден, жастық шақ психологиясы жөніндегі И. Конның зерттеулері жасөспірімдік шақтың айрықшалығын өмір кезеңіндегі ерекше саты ретінде нақтылауға және оның басқа жастардан ерекшелігін түсінуге жағдай жасады. Ол жеке адамның сана-сезімі, жасөспірімдік сәйкестену, жас шама-сына қатысты дағдарыстар, жасөспірімдердің қарым-қатынасы мен жасөспірімдердің субмәдениеті туралы әлеуметтік түсінік саласындағы кемшіліктерді (ақтаңдақтарды) түзеді.

Жастар проблемаларын зерттеудің бүгінгі жай-күйі үшін мына жағдайдың ерекше мәні бар, бірнеше онжылдықтар бойы жастардың проблематикасын өзі үшін базалық негіз ретінде зерделеумен ғылыми мектептер өзара бәсекелестікте, бірақ көбіне ортақ жұмыста, біріншіден, академиялық институттар, ең алдымен КСРО ҒА-ның, содан кейін РФА-ның социологиялық институттары, Мәскеудегі, Ленинградтағы (Санкт-Петербургтағы), Барнаулдағы, Екатеринбургтағы, Красноярскідегі, Новосибирскідегі және Ресейдің басқа да қалаларындағы жетекші университеттері мен ЖОО, үшіншіден мәскеулік Вешнякта орналасқан, жастар проблемаларын зерделеу саласындағы аса ірі мамандандырылған ғылыми кешен – Жоғары комсомол мектебі (1969-1990) және оның Ғылыми-зерттеу орталығы (1976 жылы құрылған), кейінірек соның базасында құрылған жастар институты (1991-2000), бұрынғы Мәскеу гуманитарлық-әлеуметтік академиясы (2000-2003), қазіргі Мәскеу гуманитарлық университеті (2003 жылдан бері) қатар айналысып келеді.

Қазіргі кезең Қазақстанда «жастардың» социологиялық және саяси зерттеулер санының өсуімен сипатталады. Қазақстандық ғалымдардың жекелеген еңбектерінде (М.С. Әженов, К.У. Биекенов, К.Г. Ғабдуллина, Ш.Е. Жаманбалаева, М.С. Садырова, З.К. Шаукенова және т.б.) жастар проблемаларының әдіснамалық және эмпирикалық аспектілері, жастардың қазіргі қоғамның әлеуметтік құрылымындағы рөлі мен орны зерттеліп-зерделенді.

Л.Ю. Зайниеваның «Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе түпмәтінінде» (2006 ж.) монографиясында

мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудың халықаралық тәжірибесін зерттеуге, оны қалыптастыру мен ҚР әлемдік тәсілдер түпмәтінінде іске асыруды талдауға әрекет жасалған. Біздің республикамыздың мысалында мемлекеттік жастар саясаты дамуының ұлттық деңгейі пән арқылы зерделеніп (тақырыптық тұрғыда), оның әлемдік жетістіктер тұрғысындағы нышандары белгіленген.

Г.О. Әбдікерованың, Н.П. Калашникованың, Д.А. Қалетаевтың, Т.А. Морозованың, У.Е. Сыдықовтың, Г.Н. Шойкиннің және т.б. жастар арасындағы саяси әлеуметтену және саяси үдерістер проблемаларына арналған еңбектерінде мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық жүйесін реформалау жағдайларындағы ҚР жастардың әлеуметтік дамуы мен жастар қозғалыстары үрдістеріне талдау жасалады.

А.А. Сәрсенбаевтың, Г.Т. Телебаевтың, А.Т. Шайкенованың «Ғасырлар тоғысындағы қазақстандық жастар» ұжымдық монографиясында қазақстандық жастардың саяси, құндылықты және этникалық түрлену аспектілеріне талдау жүргізіледі.

Проблеманың жеке аспектілері Л.Т. Қожамқұлованың, А.Н. Агафоновтың, К.Н. Меңлібаевтың ғылыми жарияланымдарында көтеріліп, жастармен әлеуметтік жұмыс істеудің теориясы мен практикасының негізгі қағидалары (ережелері) мазмұндалады. Жеке адамның мінез-құлқын әлеуметтік реттеу мен оның өз бетінше сәйкестену мәселелері Н.М. Кудроның, К.А. Мұхамбетованың, Д. Қазымбетованың, Н.М. Нысамбаеваның және М. Маульшарифтің жарияланымдарында қозғалады.

Осы және басқа зерттеулер қазақстандық қоғамда жүріп жатқан саяси, экономикалық және мәдени өзгерістердің жас ұрпақтың проблемаларына қатысты арта түскен қызығушылық тұрғысында жүзеге асырылатынын айғақтайды.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

- 1. Жастар туралы айтқанда біз нені ұйғарамыз?*
- 2. «Жастар», «жасөспірім шақ», «жастық шақ» ұғымдары өзара қалай салыстырылады?*
- 3. Жастар социологиясы қай жылдарда қайта өркендеді?*
- 4. 60-шы жылдардың соңына қарай жастарға деген қызығушылық неліктен күшейе түсті?*

5. *Жастар әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде қандай көрініс табады?*

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. Жалпы әлеумет туралы ғылымдағы басым түсініктер мен жастар социологиясын тұжырымдау қалай сабақтасады?

2. 60-шы жылдардағы жастар социологиясының «идеологияландырылған» проблемасына өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

3. Ұзақ уақыт бойы жастар дербес әлеуметтік-демографиялық топ ретінде неліктен қарастырылмай келді? Өз ойыңызды айтыңыз.

1.2 Жастар: ұғымды тұжырымдау. Жастарды әлеуметтік зерделеудің ерекшелігі

Жастар әлеуметтік-демографиялық топ ретінде. Жастар ең зерек (алғыр) топ ретінде ішкі серпінді өзгерістер мен қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық элементтерімен және басқа да құрылымдарымен қарым-қатынастарын, өзара байланыстарын ұдайы шиеленістіріп отыруға бейім болады. Сонымен қатар осы буын қоғамдық-саяси, мәдени, отбасылық тыныс-тіршілікте, еңбек әрекетінде әрқелкі белсенділік деңгейін көрсетеді; қалыптасқан қажеттіліктеріне, алған машықтарына, білімдеріне, өзіндік мүдделеріне, құндылықты бағдарлануларына қарай әлеуметтік икемділік танытады.

Жастардың әрқилы әлеуметтік-психологиялық, физиологиялық және жыныс-жас ерекшеліктерімен сипатталатын әлеуметтік-демографиялық топқа жататыны ежелден белгілі. Жастардың жас шамалары (16-29) биологиялық әмбебап, бірақ олар объективті тұрмыс жағдайларымен, тұқым қуалайтын белгілерімен және жүре қалыптасатын ерекшеліктерімен детерминацияланады (анықталады).

«Жастар» ұғымына анықтама беру туралы айтқанда, ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында-ақ батыс ювенологиясында талқылау тақырыбына айналған жастарға қатысты бірнеше сипаттаманы келтіруге болады. Ғылыми әдебиеттегі мұндай анықтамалардың саны көп, Ю.Р. Вишневский мен В.Т. Шапко батыс және отандық юнологтардың (жастарды зерттеумен шұғыл-

данатын ғалымдардың) тәжірибесін жинақтау арқылы мына мәселелерді екшейді:

- жастар сензитивті және әлеуметтік өтпелі аралықтарға тән белгілі бір жас шамасына жататындықтан, әлеуметтік-психологиялық тәсіл туындайды;

- психофизиологиялық тәсіл жастық шақты жыныстық және толық кәмелетке жету (ер жету) арасындағы адамның даму кезеңі ретінде белгілейді;

- стратификациялық тәсіл жастарды өзіне тән рөлдері мен мәртебелік ұстанымдары бар ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретінде қарайды;

- конфликтологиялық (дау-дамайлық) тәсіл жастық шаққа түсіндіруге көнбейтін «әлдебір қиын кезең», «әкелер мен балалардың арасындағы» «тұрақты жанжал (тартыс)» деген сипаттама береді;

- рөлдік тәсіл жастық шақты «адам өміріндегі ерекше мінез-құлық кезеңі» деп анықтайды, мұндай жастағы адам енді бала емес, бірақ ересекке де жатпайды;

- субмәдени тәсіл: жастар – өзіне тән өмір салты, өзіндік мінез-құлық стилі, белгілі бір мәдени нормалары мен құндылықтары бар топ;

- әлеуметтендірілген тәсіл: жастық шақ – адам өмірінде әлеуметтік өсу және бастапқы әлеуметтену кезеңі тұспа-тұс келетін аралығы;

- субъективті тәсіл: жастық шақ – ерекше дүниетаным, болашақпен байланысты жоспарлар, өмірге құштарлық, жоғары белсенділік, қызметке құлшыныс және т.т.;

- іс жүргізу тәсілі жас адам әлі өзінің біте қайнасу, жетілу және қалыптасу сатысында екеніне саяды;

- интеракционистік тәсіл: жастық шақ – әр адамның ішкі жан дүниесіне тән үш жай-күйдің (ахуалдың) біреуі. Оның «әке» (нормативтік мінез-құлыққа (ұстанымға) бағдарлану) және «ересек» (қисынды шешімдер қабылдауға бағдарлану) жағдайынан айырмашылығы мұндай күй мінез-құлықтың спонтандығымен (сыртқы себептерден емес, ішкі себептерден пайда болған), табиғилығымен, қалыпсыздығымен сипатталады (*Вишневский Ю.Р., Шапко В.Т., 1999*).

Ұғымды пайымдау: пәнаралық тәсіл. Жоғарыда айтылғандай, «жастар» ұғымы ғылыми әдебиетте біршама көп мәнді пайымдалады. Осы ұғымды тек социология (әлеуметтану) саласында ғана емес, сонымен бірге осы ұғымды түрлі мағыналарда пайдаланған ғылымдарда да нақтылау, тым болмағанда, әр алуан түсіндірмелердің салыстырмалылығын анықтауға мүмкіндік туғызады.

«Жастар» ұғымының заңтануда, психологияда, медицинада қалай пайдаланылатынына толығырақ тоқталған және, әрине, оған әлеуметтік пайымдама берген жөн сияқты.

Заң ғылымдарында «жастар» ұғымы шектеулі есі дұрыстықтың межелерін дәл белгілейді. Жастар осы ғылым үшін әлеуметтік топ ретінде тікелей қызығушылық танытпайды. Осы ғылым жасөспірімді өзі белгіленген жас аймағының өкілі ретінде қарайды және мұнда жасөспірімнің жасы бір күндік дәлдікке дейін анықталады. Мұндай шақ 14 жасқа толғаннан басталады да, 18 жасқа толғаннан бір күн бұрын аяқталады.

Медицинаның кейбір бөлімдерінде (тарауларында) де, сондай-ақ антропологиялық критерийлерден шығарылатын «жастар» ұғымы қолданылады. «Жастық шақ» ұғымының медициналық пайымы дене құрылысының қалыптасу үдерісі жүретін аралықтағы жеке адамның физикалық дамуымен сабақтасады.

Медициналық-антропологиялық ұғымдар, негізінен, жетілудің нақты биологиялық үдерістеріне дәйектеледі. Ер жетудің (бой жетудің) генеративті үдерістері мен дене құрылысының екінші қайтара өзгеруін осыған жатқызуға болады. Дәрігерлер жастық шақты жеке адам онтогенезіндегі (организмнің өз бетінше өсіп-дамуындағы) белгілі бір уақыт аралығы ретінде қарайды. Осы көзқарас бойынша, бұл топқа жататын және дене құрылысы дамуының сәйкес белгілері бар адам жас (жасөспірім, бозбала) болып есептеледі (*Критика буржуазных теорий молодежи, 1982*).

Демек, «жастар» терминінің медициналық мағынасы жоқ, ал жасөспірімдік шақ жеке адамның дене құрылысының даму кезеңі ретінде белгіленеді. Заң ғылымынан айырмашылығы, медицина мен антропология қайталанатын белгілердің эмпирикалық белгіленген жиілігінің негізінде жас межелерін нақтылайды.

Жас адамды ғылыми және жүйелі түрде зерделеуге ұмтылған психология жөніндегі ең алғашқы еңбектер ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында жариялана бастады. Осы орайда Ш. Бюлердің, Э. Шпрангердің, О. Тумлицтің, В. Хоффманнның еңбектері туралы айтуға болады. Бірақ олар өздерінің жас адамның психикасы туралы пікірлерін, ең алдымен, бұрынғының философиялық және педагогикалық әдебиетіне, өз заманының беллетристик шығармаларына негіздеді. Жастар психологиясы қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде сауалнама немесе жүйелі қадағалау жолымен алынған кейбір эмпирикалық деректер әлі пайдаланылған жоқ, сондықтан сол кездерде алынған жастардың психологиялық мінеземелері шындыққа толық сәйкес келе бермейді. Кейбір тұжырымдамаларда жасөспірім шақтың кезеңділігін анықтау үрдісі байқалады. А. Швенк бозбалалық (жасөспірімдік) шақты баланың ересек адамның күйіне ауысуы, серпінді «өзгеру» уақыты ретінде сипаттайды.

Э. Шпрангер оны «жастық шақтың ішінде қарап, қыздарда 13-19 жас, бозбалаларда 14-21 жас межелерін» белгіледі². Жасөспірімдік шақ психологияда эмпирикалық деректердің негізінде беліленеді. Төменгі жас межесі медициналық-антропологиялық көзқарасқа сәйкес айқындалады. Бұл құбылыс дене құрылысының дамуынан басталады да, ішкі дүниенің ашылуы ерте жасөспірімдік шақтың ең басты психологиялық сыйы болып табылады.

Жастар психологиясы жастық шақтың жоғарғы межесін шамамен 18-22 жаспен белгілейді. Осы жасқа қарай ересек адамның психологиялық құрылымы негізінен қалыптасады. Жас адам осы мезетке қарай қалыптасқан мақсаттарды, дүниетанымдық ұстанымдарды, өмір жоспарларын, өзінің болашақ жұмысы туралы айқын түсінікті ұстанады. Бірақ 18 жастағы жасөспірімнің 22 жасқа толған жас жігіттен едәуір айырмашылығы болады. Осы тұста әр жастағыларға түрлі қасиеттердің сәйкестігі туралы айту өте қиын болса керек, мұнда конституциялық (дене құры-

² Критика буржуазных теорий молодежи: Пер. с нем. – М.: Прогресс, 1982. – 335 с.

лымдық)-биологиялық аспектілер ғана емес, сонымен бірге кәмілеттік жастың әлеуметтік тұжырымдамасы да есепке алынады.

«Жастардың» психологиялық ұғымы көбіне қазіргі түсіндірме бойынша дамудың қиын-қыстау немесе сензитивті кезеңі аталатын шақты бастарынан кешіріп отырған жасөспірімдерге қатысты, мұндай аралықта «жас адамның организмі қайсыбір нақты сыртқы немесе ішкі факторларға аса сезімтал болады, солардың әсері нақ осы (басқа ешқандай емес) даму нүктесінде ерекше маңызды, қайтымсыз салдарларға апарыды» (Лисовский В.Т., 1996).

Д. Бромлейдің пікірінше, жасөспірімдік шақ екі кезеңнен тұрады: ерте жасөспірімдік шақ (11-13 жастан 15 жасқа дейін) және кейінгі жасөспірімдік шақ (15-21 жас). Бірінші кезеңде формалды операциялар мен логикалық (қисындық) құрылымдардың жүйесі қалыптасып, жаңа әлеуметтік рөлдер мен ұстанымдар (позициялар) игеріледі. Жасөспірімнің мінез-құлқы ересектердің нормаларына бағдарланады және ересектікке ұмтылу осы жастағы жүріс-тұрыстың көптеген уәждерін айрықшалайды. Екінші кезең әлеуметтік тұрғыда әрі қарай білім алумен және кәсіби даярлықпен, кейбір кәсіби рөлдерді меңгерумен сипатталады. Бірақ кіріштіліктен (тәуелділіктен) (экономикалық, құқықтық, адамгершілік) ата-анаға тәуелсіз болуға ауысу шешуші мезет болып табылады.

Жастар анықтамасына қолданылатын әлеуметтік тәсіл. Ал жастар анықтамасына қолданылатын әлеуметтік тәсілге келетін болсақ, бұл тәсіл бұрын келтірілген анықтамалардан мүлде бөлек. Әлеуметтік тәсіл жастардың қоғамдық топ ретінде нақты тарихи қоғамның объектісі (нысаны) мен субъектісі болып табылатындарына сүйенеді. Демек, жастарға анықтама беру үшін онтогенездегі даму кезеңі емес, ал қайсыбір тұтастық ретінде өзіндік ерекшеліктерді екішеу бастапқы айқындама болып табылады.

«Жастар» ұғымына ең толық анықтаманы бірінші болып ресейлік көрнекті әлеуметтанушы-ғалым В.Т. Лисовский берді. Ол жастар дегеніміз «әлеуметтену кезеңін бастан кешіріп отырған, білім алу, кәсіби, мәдени және басқа да әлеуметтік функцияларды меңгеретін, ал анағұрлым ересектеу жаста осыларды меңгеріп

үлгерген адамдардың буыны; нақты тарихи жағдайларға байланысты жастардың жас өлшемдері 16-дан 30 жасқа дейін ауытқулары мүмкін», - деп атап көрсетті (*Лисовский В.Т., 1996*).

В.Н. Боряз «жастар» ұғымына оның антропологиялық және психологиялық мазмұнын қараумен шектелуге болмайтынын» айтады, «өйткені мұның ең алдымен объективті, әлеуметтік табиғаты бар. Нақ осы себептен аталмыш ұғымға, оның жас межелері мен өзіне іштей тән дәйектемелеріне, жастық шақтың әлеуметтік табиғаты мен мән-мағынасын тану негізінде ғана жалпы ғылыми анықтама беруге болады» (*Боряз В.Н., 1973*).

Жастардың проблемалары бойынша кеңес заманындағы еңбектерді талдап шыққаннан кейін, мынадай фактіні атап көрсетуге болады, жас анықтамалары аталатындардан ең қара-дүрсін, әрі өкінішке орай жастарға қатысты кең тараған анық-тамалардан бас тарту үрдісі орын алды. Көпшілік әлеумет-танушы-ғалымдар, дегенмен, жастардың әлеуметтік түсіндір-месіне сүйенді. Жастар туралы ілімдегі биологиялық және психологиялық танымдарды біртіндеп еңсеру тәсілін ұстанған ізбасарлардың қатарына А. Матеевский мен Д. Гольдты жат-қызуға болады. Жастар социологиясындағы әлеуметтік-тарихи тәсілге С.Н. Иконникованың тұжырымдасы сәйкес келеді, ол «жастарды тек жас бойынша ауыспалы кезең ретінде ғана әлеу-меттен тыс, тарихтан тыс, таптан тыс санат деп есептеудің теория-лық жағынан бұрыс» екенін ескертеді (*Иконникова С.Н., 1974*).

Әрі қарай ол «жастардың іштей таптық және басқа да белгі-лерге сәйкес сараланған әлеуметтік-демографиялық топқа жата-тынын айтады, осы топ 16-дан 30 жасқа дейінгі жас адамдарды камтиды; олардың қоғамдағы жағдайы мен рөлі, функциялары мен қызмет түрлері, сондай-ақ рухани бейнесі, дүниетанымы, мүдделері, құндылықты бағдарлары, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері әлеуметтік-экономикалық жүйенің, қоғамдық қарым-қатынастардың, тарихи даму кезеңінің, таптық жағдайы-ның сипатымен сабақтасады».

«Адам өмірінде жастық шақтан басқа қызығарлықтай нәрсе, сірә, бар ма екен», - дейді Е.Л. Омельченко. Жастарды әлеумет-тік топ ретінде және жастық шақты өмірдің белгілі бір кезеңі ретінде әртүрлі негіздемелер бойынша жіктеуге болады. Оның

пікірінше, жастар проблема ретінде, яғни әлеуметтік және мәдени жанжалдардың көзі ретінде бой көрсетулері мүмкін, қоғамның қылмыстануы сол себептердің біріне жатады.

Келесі аспект жастар туралы «ересектердің» дәстүрлі әлемінде қалыптасқан нормаларға қауіп-қатер төндіретін түсінікпен астасады. Сонымен қатар жастарды болашақ әлеуметтік құрылымның ең озық идеяларымен байланыстырады, бұл жағдайда жастар жарқын «болашақтың» үміті есебінде бой көрсетеді. Жастық кезең тұтынушылық мәдениеттегі ең жұмбақ және ең тамаша шақ ретінде қаралып, насихатталады. Бұл орайда осы шақты шексіз ұзартудың мүмкіндігі мен қажеттілігін растайтын тұтас идеология құрылады (*Иваненков С.П., 1999*).

Қоғамның бүкіл тарихы арасында дерлік уақыт бойы жастарға қатысты ахуал XX ғасырдың орта шеніне дейін тікелей қарама-қайшы сипат алып келді. Кеңес заманында дүниетанымдық және идеологиялық негіздемелердің бүкіл айырмашылықтарына қарамастан оның орын алған баламасы – «коммунизм орнату» проблемалары сияқты жастар проблемалары болған емес. Проблемалар жоқ екен, демек, өзіне тән ерекшеліктері мен мінездемелері бар айрықша әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастар да болмайды. Жастарды зерттеудің кеңестік социологиялық дәстүрі белгілі бір уақытқа дейін идеологияландырылған еді. Біршама қатал, қатаң шектелінген дискурс қолданылып келді, жастар проблемаларының феномендері өте сыңаржақ көрсетілді. Осыған байланысты жастар туралы ғылыми әдебиет екі топқа бөлінген сияқты: дұрыс (кеңестік) жастар және «қалғандары» туралы. Бірінші топқа пионерлер, коммунизмнің жас құрылысшылары және т.б.; ал екіншісіне өз кезегінде девианттар (ауытқушылар) мен «батыстың өмір салтына құлай берілген» бұрыс жастар жатқызылды. Ал «кәдімгі» жастар болса, зерттеушілердің назарларынан тыс қалды (*Омельченко Е.Л., 2000*).

С.П. Иваненковтың пікірінше, «жастар» ұғымы нақты тарихи түсінік болып табылады және ол әрқилы тарихи кезеңдерде әркелкі мағыналарды алып жүреді.

Ең көп тараған нұсқа – «жастар» ұғымын демографиялық, биологиялық және физиологиялық мағыналарда пайдалану, әрі

дау-дамай көбіне жастардың жоғарғы және төменгі жас межелеріне қатысты туындады. Жастық шақ туралы социологтар көзқарастарына В.Н. Боряздың өте мазмұнды талдау жүргізгенін атап өткен жөн сияқты. Ол осы мәселе социологияда маңызды және кең тараған болса да, бірақ «саусақпен санарлықтай авторлар ғана жастардың жас межелерін дәлелдеуге (дәйектеуге) тырысады, әрі олар олардың жоғарғы мәніне баса назар аударады» деп ұйғарады. Жастардың проблемаларымен айналысатын аса көп авторлардың көзқарастарына талдау жасаған зерттеуші төменгі жас тобындағы 14-тен 20 жасқа, ал жоғарғысындағы 25-тен 35 жасқа дейінгі анықтамадан ауытқуларды тапты. Әйтсе де, бүгінгі күнге қарай жоғарғы межедегі жас шамасының өзгерулері 24-тен 29 жасқа дейін белгіленеді.

Өзінің сипаттамалары бойынша социологиялыққа жақындатуға болатын белгілі тәсілдердің бірі бар. Бұл тәсілде субъектінің нақты биологиялық жасы назарға алынбайды, ал әмбебап критерий өлшем ретінде қызметтің инновациялық тәсілі ұсынылады. Сонда қайсыбір инновацияны жүзеге асыратын кез келген және әрбір адам жастардың қатарына кіреді. Бұл ретте әлеуметтік институттар өздеріне жастарды қоғамға кіріктіру міндетін алулары тиіс.

Алайда жоғарыда қаралған жағдайларда жұмыс істейтін сан алуан әлеуметтік жүйелер мен құрылымдардың болуы ұйғарылады, өйткені оларды нақты түрде барларына ғана интеграциялауға (кіріктіруге) болады.

Әлеуметтік өзгерістердің абсолюттілігі мен жалпыға бірдейлігін қуаттайтын қоғамның қазіргі өте «ілгерілетілген» даулы үлгісі жастардың пайда болуының өзін қалыптасудың әлдебір үдерісі мен қоғам арасындағы тұтас және онда жаңа пайда болатын бөліктердің қарама-қайшылықтарының дамуы ретінде түсінеді.

М. Байзерман мен Д. Магнусон «Бізге жастық шақтың әлеуметтік кезеңі де керек пе» деген мақалада нақты сауал қояды: «Жастардың» жасқа байланысты әлеуметтік ақиқаты өзін-өзі жойған жоқ па, оның эвристикалық және практикалық мәні сарқылмады ма»³. Американдық зерттеушілердің көзқарасы бойын-

³ Beizermann M., Magnuson D. Do we still need youth as a social stage? // Young. Nordic Journal of Youth Research. – 1966. – № 4/3. – P. 48.

ша, «жою» әлеуметтік даму қарқындарының ұлғаю және әлеуметтік практика демократиялығының тереңдеу салдарынан болады. Атап айтқанда, «жасөспірімдік пен жастық шақ – дене құрылысының кемелдену кезеңі, осы кезеңнің негізгі сипаттамалары ретінде мыналарды көрсетуге болады: ұшқалақтық (қызбалық), ішкі қарама-қайшылық, өзіндік талдауға, дербестікке ұмтылу, қасарысушылық (қыңырлық) пен «ересектердің» рөлін қабылдау». Бірақ олар үшін құзырлы болуы мүмкін ересектердің рөлдеріне жастардың толық қатысуы шешілмейтін мәселе.

Жастарды зерделеу мен зерттеудің негізгі қағидаттары. Бүгінде, қазіргі заманғы қоғамда жастар түбегейлі қоғамдық ұстанымды еншілейді. Оның өмірлік мүдделері, талаптары, тұрмыс стилі қоғамның саяси, экономикалық, мәдени және басқа да салаларындағы әлеуметтік үдерістер дамуының түпмәтінінде қаралады. Жастарды зерттеуге қатысты барлық қолданыстағы тәсілдер жас ұрпақты зерделеу мен зерттеудің әдіснамалық негіздерін тұжырымдауға мүмкіндік туғызады. Негізгі қағидаттарға, ең алдымен, тарихи-талдамалық тәсілді жатқызуға болады, соның аясында биологиялық және жас ерекшеліктерін ғана есепке алу арқылы жастарды мезгілсіз мән-мағына ретінде қарамау керек. Жастарды әрдайым нақты тарихи қоғам шеңберіндегі белгілі бір әлеуметтік топ ретінде бағалаған жөн. Олар қоғамның серпінді және жұмылғыш бөлігі болып табылады.

Жастардың проблемаларына қатысты ғылыми тәсілдің келесі қағидатына жастар өмірінің нақты салтын талдау жатады. Бұл жастардың, олардың әлеуметтік жағдайының, өмір салтының, субмәдениет ерекшеліктерінің, ділінің, құндылықты бағдарларының тек жалпы теориялық тұрғыда ғана емес, сонымен бірге эмпирикалық деңгейде де зерделенуі тиіс екенін білдіреді. Жастардың қайсыбір проблемалары бойынша тек сыңаржақ жалпы идеялар мен пікірлерге ғана сүйенуге болмайды. Ғылыми пікірталас жастардың ортасында болып жатқан нақты үдерістерді көрсетуі тиіс. Бұл зерттеудің ғылыми әдістерін пайдаланды, объективті құбылыстар мен жастардың даму жағдайларына дәл баға беруді талап етеді.

Жастардың ұдайы даму қағидаты жастарды өздері тұратын қоғам жағдайларында қарауға мүмкіндік туғызады. Ал бұл дегеніміз жас ұрпақтың өздерінің жастарына, алған білімдеріне, нақты құндылықтары мен нормаларына, әлеуметтік мақсаттарына қарай өзгеру жағдайында екенін білдіреді. Жастардың ойлаулары, құндылықты бағдары мен практикалық мінез-құлқы өмірлік кезеңнің біреуінен басқасына ауысу арқылы күн санап өзгеріп отырады, ал бір қоғамның ішінде бұл ұрпақтар арасындағы айырмашылық туралы айғақтайды. Бірақ осы айырмашылықтар қандай болса да, дегенмен, мына фактіні теріске шығаруға болмайды, жастардың әрбір буыны (ұрпағы) біршама басқа әлеуметтік жағдайларда өседі, сондықтан олар үшін мінез-құлықтың өзге, жаңа белгілері мен түрлері (нысандары) тән.

Жоғарыда аталған қағидаттардың барлығының жас ұрпақтың проблемаларын зерделеу үшін үлкен мәні бар. Жастардың даму проблемаларына қатысты ең алғашқы және күрделі ғылыми зерттеулер батыс социологиясында оқушыларға арналды және осыған сәйкес оларды көбіне педагогтар жүргізді. Жұмысшы және студент жастар ол кезде зерттеушілердің назарына әлі ілікпеген еді.

Қазіргі заманның теориялық тұжырымдамасы жас ұрпақтың проблемаларын зерттеуге әлеуметтік практиканы ғылыми және дәйекті түрде бағдарлайды. Осы тұжырымдаманың жастар дамуында нақты жүріп жатқан үдерістерді түсіндіруге шамасы келеді және ол жастарды нысаналы басқару үшін пәрменді шаралар ұсынады. Осындай тұжырымдаманы жаңарту кеңестік және батыс социологтарының және жастардың проблемаларымен айналысатын барлық зерттеуші-ғалымдардың теорияларына жасалған сыни талдауларды қоса есептегенде, жастар туралы ғылым жинақтаған білімдердің бүкіл қосындыларына шығармашылық талдау жүргізуді көздейді.

Әдіснамалық ізденістер одан әрі жалғасуда. «Жастар» ұғымына берілген қыруар анықтамаларды екшеуге және сипаттауға болады, бірақ, бәлкім, оның жастардың табиғатын түсіну үшін елеулі маңызы болмаса керек. Жастар қандай? Әлеуметтік топтың, жалпы қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін жас адамға не қажет? Жастар тұрғысында қандай болашақты қалыптастыру керек? Қоғамдағы құндылықтар мен мақсаттың жүйесі қандай

болуы тиіс? Сұрақтар көп. Анық бір мәселе мынау: жастарды болашақ және болашақ туралы түсінік арқылы анықтау керек. Осы идея ұзақ уақыт бойы қабылданған жоқ және ол біршама қарадүрсін, әрі ұшқары айтылды. Алайда қазір жастардың инновациялық әлеуетін іске асырудың жолдары белгіленді, мейлі, олар өздерінің қалыптасуын енді ғана бастаса да, бірақ олар бүгінгісі мен болашағына сенімді.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. *Жастарға анықтама беріңіз. Сіздіңше, жастарды әлеуметтік зерделеудің ерекшелігі неде?*
2. *Қандай тәсілді әлеуметтік деп атауға болады? Жастардың проблемаларын зерделеу кезінде пәнаралық бағдарды ғылыми бағыт ретінде ескеру маңызды ма?*
3. *Жастардың проблемаларын зерделеу кезінде қандай негізгі қағидаттарды ескеру қажет?*
4. *Сіздіңше, жастардың дамуы немен детерминделеді (анықталады)?*
5. *Юриспруденцияда (заңтану ғылымында) «жастар», «жасөспірімдік шақ» ұғымдары қалай сипатталады?*
6. *Жасөспірімдік шақ пен пубертацияның медициналық-антропологиялық ұғымдары неге негізделген?*
7. *Жастық шақты екі өтпелі кезең арасындағы ахуал ретінде сипаттаңыз.*

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. Жастық шақтың түсі қандай? Суретін салып көріңіз. Ал Сіз ересектікті қандай түспен бейнелер едіңіз?
2. Жастардың аудиториясына арналған жарнамалық науқанға талдау жасаңыз (таңдауыңыз бойынша – мәселен, «Пепси», «Сникерс» және т.б.). Аралас нышандарды табуға әрекеттеніңіз.
3. Кестені толтырыңыз:

| Жастар үміт ретінде | Жастар дау-жанжал ретінде | Жастар үрей ретінде | Жастар қызғаныш ретінде | Жастар сенімділік ретінде |
|---------------------|---------------------------|---------------------|-------------------------|---------------------------|
| | | | | |

Өз жауаптарыңызды дәйектеңіз.

1.3 Жастар: ұғымды тұжырымдау және зерттеулердің бағыттары.

Жастардың осы заманғы әлеуметтік тұжырымдамалары

Жас ұрпақ проблемаларының теориялық және қолданбалы зерттеулері әлемдік ғылымдағы ең белсенді әзірленетін бағыттардың бірін құрайды. Танымдық үдерістер дамуының сыртқы әлеуметтік және ішкі ғылыми факторлары жаңа тұжырымдамалық ресімделген бағыттар мен мектептерді қалыптастыруға септігін тигізді. Жастардың проблемаларын зерттеуге қолданылатын тәсілдер әлеуметтік қатынастардың деңгейі мен талдау элементтері бойынша өзгешеленеді: жеке адам (тұлға), әлеуметтік институттар, әлеуметтік ортақтық (қауымдастық) пен мәдениет (құндылықтар, үлгілер мен нормалар) жас адамның жеке басы мен әлеуметтік топтың, жалпы қоғамның өзара байланысы мен өзара іс-қимылын түсіну және бағалау бойынша; жас адамның құндылықты бағдарлану жүйесінің жұмыс істеу сипаты бойынша. Түрлі теориялар мен тәсілдердің барлық саналуандығына бағдарлану үшін олардың жастар жөніндегі проблематикаларды зерделеуге қандай ықпал тигізетініне қарай бірнеше бағытты бөліп қараймыз.

Бірінші бағытты біз әлеуметтік-психологиялық бағыт ретінде белгіледік, ол әлеуметтік мәртебені, сапа-ерекшеліктері мен жастардың мінез-құлқын және оларды әлеуметтендіру үдерісін өзара байланыста қарайды. Соның негізінде жатқан басты тезисті былайша тұжырымдауға болады: жастардың проблемаларын зерделеу жас ерекшеліктері мен оларға тән жеке адамның психикалық параметрлеріне (өлшемдеріне) негізделеді.

Кеңес заманында жастардың әлеуметтік-психологиялық проблемаларын зерделеу жалпытеориялық психологиялық тәсілдер (көзқарастар) мен тұжырымдамалардың дамуымен тығыз байланыста болды. Сол кезеңдегі ғалымдарды қызықтырған маңызды әлеуметтік-психологиялық проблемалардың біріне жас адамның өмірлік мақсаттары, дүниетанымдық ұстанымдары жатады. Осы және кейінгі еңбектердің талдауы біздің аса маңызды міндеттеріміздің бірін іске асыруға және осы заманғы қоғамдағы жас адамның құндылықты бағдарлары құрылымының серпінін

қадағалауға мүмкіндік туғызады. П.П. Колотинскийдің, Н.А. Рыбниковтың еңбектерінде жас ұрпақтың мұраттары, өмірлік құндылықтары мен мақсаттары зерделенеді: осындай түрдегі зерттеулердің талдауы біздерге сол уақыттағы жас ұрпаққа тән негізгі өмірлік ұстанымдарымен және басым көңіл-күйлерімен танысуға мүмкіндік береді, олар да дәл қазіргідей, әлеуметтік тұрмыстың (өмірдің) барлық салаларындағы тіршілік әрекетінің мүлде жаңа жағдайларына ауысуымен өзгешеленді.

Екінші бағытты құрылымдық-функционалды мектеп ұстанады, осы мектептің өкілдері жас ұрпақтың сана-сезімі мен мінез-құлқын қоршаған әлеуметтік ақиқатпен өзара байланыста жүйелі түрде талдауға ұмтылды. Жастардың құрылымдық-функционалды мектебі өкілдерінің сіңірген еңбектері жастарды «ересектер» қоғамына кіріктіру тетіктерінің тұжырымдамасын әзірлеу болып табылды.

Жастардың әлеуметтік дамуының ***үшінші бағытының аясында*** ұрпақаралық өзара ықпалдастық тұжырымдамалары әзірленді. Осы зерттеулердің барысында жұмысшы табын, ұжымшар шаруалары мен интеллигенцияны жастармен толықтыруды қалыптастыру үрдісі; ішкі және ұрпақаралық жұмылғыштық (икемділік) анықталды. Осы бағытта жұмыс істеген ғалымдар тектік тартыс факторлары мен үрдістерді ашты: кәсіби мәртебе мен біліктілік дәреженің, білім деңгейі мен материалдық жағдайдың сәйкессіздігі, басқару құрылымына формалды енгізілу және шешімдер қабылдауға нақты қатысу, жастар мен қоғамның тіршілік әрекетінің негізгі салаларындағы қатынастарының сипатын белгілейтін түбегейлі қарама-қайшылықтар. Осы аталған зерттеулердің әлеуметтік-таптық қатынастар шеңберінде шектелгенін (тұйықталғанын) атап өту қажет.

XX ғасырдың 30-шы жылдарының соңынан 50-ші жылдардың екінші жартысына дейін әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің іс жүзінде жүргізілмегені баршаға аян, бірақ 50-80-ші жылдардағы зерттеулерден біз жастардың құндылықты бағдарлары құрылымы дамуының одан арғы серпінін байқай аламыз. С.Н. Иконникова, В.Т. Лисовский жастардың қоғамға кірігуін анағұрлым терең зерделеуге септігін тигізген өмірде өз тағдырын өзі шешу идеясын әзірледі. Көптеген

еңбектерде келтірілген жас адамдардың өмірге көзқарастары мен ұстанымдарына қатысты ерекшеліктерін талдау, олардың оқуға, білім алуға ұмтылыстарын айғақтайды, жастардың өмірлік жоспарларында қызықты жұмыспен шұғылдану, адал достар табу мақсаттары қойылады. Жастардың әлеуметтік маңызды іс-әрекеттер жасауға деген ұмтылысы да айқын көрінеді (Лисовский В.Т., 2000).

Осы жылдарда жастар арасында әлеуметтік-ізгілік уәждеменің басымдығы байқалады. Бұл өмір жолын таңдауда да, өзінің болашақ мамандығын белгілеуде де, өмірлік мақсаттар қою кезінде де орын алды. Жас адамдар үшін өмірге араласу деген ұғым мына кезенді білдіреді, олардың осы кезеңдегі өмірде өз тағдырын өзі шешу мәселесі өздерінің жеке белсенділігіне, қабілеттерін дамытуларына, өмір жолын таңдауларын қаншалықты дәйекті және дұрыс екеніне үдемелі дәрежеде байланысты болады. Жастардың өмір жоспарларындағы жоғары білім алу проблемалары, жас ұрпақтың жоғары білім алу қажеттіліктерін қалыптастыру үдерісін әдіснамалық зерттеу Н.А. Аитовтың, В.И. Журавлевтің, Ф.Р. Филипповтың, Л.Ф. Лисстің және көптеген басқа авторлардың еңбектерінде жарияланды.

XX ғасырдың 70-80-ші жылдарында жастарда жеке және әлеуметтік бағыттылық арасындағы кереғарлық, өнегелі және әлеуметтік дамудың танымдық дамудан артта қалуы байқалады. Мәселен, еңбек белсенділігі мен қоғамдық пайдалы қызметке көбірек бағдарлану көрсетілген жас ұрпақ туралы зерттеулерде (Т.Н. Мальковская, И.В. Шубкин және т.б.), сонымен қатар жастардың кейбір бөлігі өзінің қызметіне қанағаттанбайтыны, оны өзінің нақты мүмкіндіктері мен қажеттіліктерінен төмен деп санайтындары айтылады.

Осы пікірлермен қатар В.Н. Шубкиннің және басқа да зерттеушілердің деректері бойынша сол буындағы жас адамдардың өмірлік ұстанымдарында тұтынушылық бағдардың күшеюі көрінеді, ал И.С. Кон сауалнама қойылған жастардың белгілі бір бөлігі өз мақсаттарына жету құралдары, соларды іске асырудың жолдары мен тәсілдері туралы ойланбайды да деп белгілейді. 70-ші жылдардағы жастар мамандық таңдау кезінде ең жарлық танытып, кәсіби тұрғыдан өз тағдырларын өздері шешуге ұмтылмаған,

оның себебі, жастардың жалпы пісіп жетілмеуінен, мінез-құлықтары мен құндылықты бағдарларының ұшқарылығынан болса керек. Белсенділікпен, мақсаттылықпен, социалистік идеяға шын берілгендікпен сипатталатын базистік жеке адам деп аталатын негізгі жастарды қалыптастырумен бірге, «өнегесіз» жеке адам түріндегі белгілер айқын көріне бастады. Жастардың кейбір бөлігі әлеуметтік белсенділікті іске асыру нысандарына іштей қанағаттанбайтындарын, қоғамдық, әлеуметтік қысымға қарсы кейістіктері мен тіпті іштей наразылықтарын да сездірді.

Содан кейін жастардың проблемаларын М.Х. Титма қозғады. Жастардың қоғамға кірігуі, оның пікірінше, қоғамдық қатынастар мен мүдделерді субъективтендіру деген сөз, – жас ұрпақ түрлі бастауыш ұйымға кіру арқылы әлеуметтік мүддені белсенді білдірушіге айналады, - деп атап көрсетті ол.

Кеңес заманындағы отандық зерттеулерде қозғалған жастардың қоғамға кірігуін Н.М. Блинов өз еңбектерінде баян етті. Қазіргі жағдайларда кірігуді түсіндіру тұрлаусыз қоғамға қолдануға жарамды екені Ю.А. Зубоктың жарияланымдарында айтылады. Осы тұжырымдамада интеграция туралы мәселені жастар мен қоғам арасындағы тартыстарды шешудің нысаны және басқа қарама-қарсы нысанды бөлу ретінде қарауы қызығушылық танытады, басқа нысан ретінде әлеуметтік айрықшалық ұсынылады (*Зубок Ю.А., 1998*).

Әлеуметтік-мәдениеттану тәсіліне жастардың нақты проблемаларын қоғамда жүріп жатқан үдерістермен өзара байланыста талдау тән. Осы бағыттағы социологтар жастардың ішкі дүниесін нақты ұғымдармен, идеялармен, мақсаттармен және жас адамдардың мінез-құлқының уәждерімен салыстырып пайымдауға ұмтылады. Осы аталған субъективті көріністер мәдениеттің белгілі бір түрлерінде көрінетін үдерістердің салдарлары ретінде белгіленеді. Жастардың мән-мағыналық анықтамалары субмәдениеттің нысандары (түрлері) ретінде қаралады. Мәдениет ұғымы мұнда бірнеше мән-мағынада пайдаланылады: мәдениет – әлеуметтік нормаларды меңгерудің (игерудің) дәрежесі, мәдениет – адамзат жинақтаған байлықтың қосындысы, адам қызметінің тәсілі.

90-шы жылдардағы жастар қоғамның «әлеуметтік-мәдени өнімі» болып көрсетілді (С.И. Левикова, Н.Д. Вавилина), өйткені, авторлардың өздері атап өткендей, әрқилы тарихи уақытқа жататын жастардың сана-сезім деңгейі мен мінез-құлықтарының әлеуметтік нысандарында елеулі айырмашылықтар бар. Әлеуметтік-психологиялық айырмашылықтар, осы жастардың ерекшеліктері, жастардың қоғамдағы объективті тіршілігіндегі тарихи айырмашылықтардың салдары болып табылады. Сондай-ақ түрлі мәдениеттерге жататын жастардың дүниетанымы мен мінез-құлықтарының әлеуметтік нысандарындағы айырмашылықтарды да атап өту керек. Елдердің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері жастарға әсерін қатты тигізеді, сондықтан, демек, «жастар» ұғымы нақты тарихи ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени түсінік болып табылады (Левикова С.И., 2002).

Социалистік даму жолынан бас тартқан кез XX ғасырдың 80-90-шы жылдарында жастар проблематикасы жөніндегі еңбектерде бұрын сыналып келген шетелдік тұжырымдамаларда қолданылған «ұрпақтар жанжалы (тартысы)» әдіснамалық құралдар кеңінен пайдаланыла бастады. Отандық социология үшін 80-ші жылдардың соңына дейін тән болып келген автордың түрлі көзқарастары оны «жаңсақ» әдіснамаға жатқызудың негізінде теріске шығарылатын тәсіл өзінің шалалығын дәлелдеп берді.

Жастардың теориялық және қолданбалы проблемаларының іргелі талдауларымен қазір В.И. Чупров басқаратын Жастар социологиясының орталығы айналысады. Жұмыстың негізгі бағыттылығы осы заманғы қоғамдағы атқаратын рөліне сүйене отырып, жастардың жаңа теориялық тұжырымдамасын әзірлеумен байланысты. Тұжырымдама жастар орындайтын инновациялық және трансляциялық функциялардың негізінде бөлінетін жас ұрпақты зерттеп-зерделеуге қатысты әлеуметтік-философиялық және социологиялық (әлеуметтік) тәсілдердің (көзқарастардың) бірлігіне құрылған. Осы бағыттың шеңберінде жастарды қарау қоғамның ұдайы өсуі мен жаңару үдерісіндегі осы әлеуметтік-демографиялық топтың айрықша рөлімен және орнымен сабақтасады да, олардың әлеуметтік мәнін белгілейді. В.И. Чупровтың пікірінше, мұндай тәсіл (көзқарас) жастарды базалық ұғым ретінде онтайландыру үшін қажет елеулі белгілердің шарасын негіздеуге жағ-

дай жасайды. Осындай шараға жас адамның мирас ету және мүлде жаңа сапада қайта жаңғырту мен келесі ұрпақтарға қоғамның ішкі орнықтылығы мен тұтастығын қамтамасыз ететін әлеуметтік қатынастардың бүкіл жүйесін тарата білу қабілеті жатады (Чупров В.И., 1994).

Жас ерекшеліктері, әлеуметтік құрылымдағы жағдайы, сана-сезім ерекшелігі мен жас адамдардың мінез-құлықтары қоғам жүйесінде ұрпақтардың ауысу үдерісінде жастар атқаратын ерекше рөл тұрғысында қарастырылды. Яғни, жастардың айрықша топ ретінде жұмыс істеуі мен дамуы қоғамдық өндіріс субъектісінің қалыптасуын көрсетеді. Соған сәйкес, осы үдерістің бұзылуы, әрекетсіздігі жастардың әлеуметтік проблемаларының төркінінде жатады.

Құбылыстардың сипатталатын тобын социологиялық пайымдаудың шетелдік дәстүрінде номиналистік көзқарас (тәсіл) күмән тудырады, соның негізінде жастар объективті тіршілік ететін және ғылыми талданатын әлеуметтік топ ретінде айтылады. Осы көзқараспен феноменологиялық және эмпирикалық тәсілдер тығыз байланысады, олардың аясында жекелеген жас адамдардың өмірлерінің түрлі нысандары көрсетіледі, мәселен, жастардың қажеттіліктері, мүдделері, уәждері мен мақсаттары олардың айтулары бойынша зерттелді.

Жаңа тұжырымдамалық тәсіл критерийлер және солармен байланысты дамудың сандық көрсеткіштері туралы мәселені әзірлеуді қамтиды. Олардың сипаты мен мазмұны бір жағынан, жастар ортасындағы нақты әлеуметтік өзгерістерінің серпіні мен екінші жағынан, қоғамдық нормалар мен түсініктердің дамуының өзара байланысына сүйене отырып белгіленеді. Эмпирикалық деңгейде олар жастардың әлеуметтік дамуында екі тараптың бірлігімен ашылады: әлеуметтік сабақтастық және әлеуметтік шығармашылық. Келесі бағыт әлеуметтік тұрақсыздық жағдайларында жастардың қоғамға кірігу проблемаларын зерделеу міндеттерімен белгіленеді. Осы тұжырымдамалық көзқараста жастардың әлеуметтік интеграциясы жалпы үдерістің бөлігі ретінде қаралады және ол қоғамдық қатынастардың белгілі бір орнықтылығын, тепе-теңдігін сақтау мен ұдайы өсіруді қам-

тамасыз ететін қоғам мен жас ұрпақ байланыстарының осындай сипатын ұйғарады.

Жастардың қоғамдық құрылымдарға органикалық қосылу үдерісі жас адамның жеке басы үшін әлеуметтік ортаның референтті өзгерістерімен, сондай-ақ жеке адамның болып жатқан өзгерістерді интернализациялауға, осы негізде нақты қызметке психологиялық әзірлікке бағытталған тікелей белсенділігімен ынталандырылады. Жастар социологиясындағы философиялық, психологиялық қағидаттардың арасында оларды зерттеуде жеке адам мен оның әлеуметтік ортасының өзара байланысы негіз қалаушы қағидат болып табылады.

Ресейдегі сияқты Қазақстандағы әлеуметтік ахуалды талдаудың нақты мысалдарында мынадай тұжырым негізделеді, тұрақсыз қоғамдағы жастардың интеграциялық проблемаларын ғылыми және практикалық тұрғыда шешу интеграция классикалық теориясының ауқымынан, ең болмағанда мына екі себеп бойынша тыс қалады: біріншіден, жас ұрпақ осы үдерістерде тек сабақтастықты ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік құрылымдарды тұрақсыздық ахуалынан шығару мақсаттарында оларды жаңартуды қамтамасыз ететін әлеуметтік қайта жаңғыру факторы ретінде қаралады. Ал бұл мәселе интеграцияның дәстүрлі түсініктегі ұғымына сыймайды. Екіншіден, жастар мен қоғам арасындағы тұрақсыздықпен сипатталатын қарама-қайшылықтар дау-жанжалсыз шешілмейтінін атап өту қажет, бұл да сондай-ақ классикалық пайымдауға интеграциялауға кедергі жасайды. Сондықтан жас адамдардың қоғамдық құрылымдарға интеграциясы тұрақсыздық жағдайларында түпкі мақсат ретінде емес, ал жастар – қоғам қатынастарының жүйесінде сөзсіз туындайтын әлеуметтік дау-жанжалдарды шешу тәсілдерінің бірі ретінде көрінеді.

Әлеуметтік жағдайлар мен қоғамдық қатынастар құрылымының талдауы осы әлеуметтік ортада әрекет жасайтын және түрлі әлеуметтік топқа немесе қауымдастыққа жататын барлық жеке адамдарға тән ортақ әлеуметтік белгілер мен типтік ерекшеліктерді ашуға көмектеседі. Бірақ әрбір жеке адам ортақ типтік және ерекшелікті топтық қасиеттерге де және жеке өзгешелікке де ие. Әр адамның тек өзіне ғана тән физикалық бейнесі

мен психикалық мінезі бар, олар психологиялық ерекшеліктер мен қасиеттердің, темпераменттің, қабілеттердің сан түрлі ұштауынан құралады да, ойлау, сезім жүйесі мен мінез-құлық стиліндегі өзгешеліктерге ие болады (*Замошкин Ю.А., 1965*).

Жоғарыда мазмұндалғандардан жасалатын байлам мынау: жас адамның әлеуметтік тұрғыдан зерделенетін әлеуметтік іс-әрекеті жеке мінез-құлық актілерінің жай ғана жиынтығы емес, сондықтан ол теориялық сипаттама мен эмпирикалық байқау арқылы да, зерделеудің әртүрлі сандық әдістерін қолдану жолымен де зерделенбейді. Осы әдістердің маңыздылығын теріске шығармастан, мына жайтты ескеру керек, жастардың әлеуметтік іс-әрекеті (қызметі), ең алдымен, белгілі тарихи нақты әлеуметтік жүйенің функциясы ретінде зерделенуі тиіс, ол осы іс-әрекетке мазмұн мен түр береді. Сондықтан жеке адамды «микрожүйе» ретінде зерделеу кезінде жеке адамның мінез-құлқына және осы мінез-құлықтың актілерін сипаттауға емес, ал тұтас алғандағы бүкіл қоғамдық жүйеге тән әлеуметтік қызмет пен әлеуметтік қатынастардың түрлеріне жүгіну қажет, бірақ бір әлеуметтік-демографиялық қауымдастыққа жататын жас адамдардың қызметіндегі жеке түрлердің өзгеруін қадағалау керек.

Қазіргі жас адамның сана-сезімін қалыптастыру топтық емес, ал дұрысы қоғамдық сана-сезімнің әсерімен жүреді. Топ бұл жағдайда – жанама фактор. Ол өмірді түсінуге жеке «түзетулер» жасауға сеп болады. Топтың осы рөлін П. Лазарсфельд пен Е. Катц атап өтеді, олар көпшілік насихаттың әсері жеке адам жататын топтың пікірлерімен жанамаланатын коммуникациялардың қос сатылы ағынын бөліп қарайды⁴. Әлеуметтік топ жеке адамның түпнегізі қоғамдық ақпарат жүйесі болып табылатын білімдерінен гөрі көбіне оның өмірлік, практикалық тәжірибесінің қалыптасуына көбірек әсер етеді.

Сонымен, объективті әлеуметтік қатынастарды адамдардың нақты тіршілік әрекетінде көрінетін субъективті-психологиялық түрінен ажыратпау керек. Егер оларды объективті негіздеме-лерден тыс қарайтын болсақ, онда адамдар арасындағы субъек-

⁴ Katz E., Lazarsfeld P.F. Personal influence Ilencoe. – N.Y.:Free Press, 1955. – P. 287, 332.

тивті, психологиялық өзара қатынастарды, жеке адамның саналы өміріндегі құбылыстарды түсіну қиын болады. Осы негіздемеде өрбитін психологиялық қатынастар белгілі дербестікке ие, өйткені әр топ жеке адамдардан құралады, олардың әрқайсысы өз міндеттерін әркелкі орындайды, біліктіліктері мен беделдері де бірдей емес. Егер топ ішіндегі қатынастар өзінің сапасы мен жеке адамның санасына жасайтын ықпалымен ұқсас емес болса, онда өзінің ықпалы бойынша түрлі әлеуметтік топтар да біртекті болмайды: отбасы, «кұрдастар топтары», саяси, жастар және мәдени ұйымдары.

Осы бағыттарға сүйене отырып, тұрлаусыздық жағдайларында ұрпақтар ауысуы үдерісіндегі ортақ және ерекше құбылыстар проблемасына баса назар аударылады. Осы қарама-қайшылық қазақстандық жастардың әлеуметтік бейнесінде қандай дәрежеде көрсетіледі деген сұрақтың жауабы осы зерттеудің тақырыбы болып табылады. Ұрпақтардың ауысу үдерісімен қатар жүретін өзгерістердің ғылыми талдауының негізін болып жатқан оқиғалардың заңдылығын түсіну мәселесі құрайды. Қазіргі әлемде бірдей қоғамдар жоқ, сол сияқты ұрпақтар да әр бөлек. Демек, қоғамдық ұдайы өсу (жаңғыру) мен жастардың қоғамдағы рөлінің заңдылығын түсіну үшін қазіргі заманғы қоғамдарға тән ортақ нәрсені анықтау қажет. Әлемдегі үдей түскен тұрлаусыздық жағдайларында тәуекел осы ортақ белгі болып табылады. Жастарды зерттеуге осы әдіснамалық тәсілді (көзқарасты) пайдалану, ресейлік ғалымдардың пікірінше, мына себептен де орынды болады, өйткені тәуекелді осы әлеуметтік-демографиялық топтың өзіндік маңызды ерекшеліктерінің бірі деп есептеуге болады. Тәуекел – әрқашан ұту мүмкіндігі, сонымен бірге ұтылудың да қаупі. Жас адамдарға көбіне жанаға, беймәлім нәрсеге ұмтылу әдеті тән, әрі олар белгісіздікпен қоян-қолтық кездесудің ықтимал салдарлары туралы көп ойлана бермейді, сондықтан да тәуекелге қаймықпай барады (*Чупров В.И., 1998*).

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. *Жастар проблемаларын зерттеуге қатысты қолданылатын тәсілдердің (көзқарастардың) айырмасы неде?*
2. *Ресей социологиясының әлеуметтік-мәдениеттану тәсіліне (көзқарасына) қандай нәрсе тән?*
3. *В.И.Чупров басқаратын Жастар социологиясы орталығының жұмысындағы негізгі бағыттылық қандай?*
4. *Жас адамның әлеуметтік іс-әрекетінің негізінде не бар?*

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. Сіз адамның биологиялық және әлеуметтік екі табиғатына (жаратылысына) сәйкес келетін «жастар» ұғымының қосарлы қос «өлшемi» бар деген С.И. Левикованың пікірімен келісесіз бе?
2. «Жеке адамның мінезі мен мүдделері» көріністің анағұрлым дамыған нысандарына ие болады, интеллекті (ақыл-парасаты) шырқау биікке, жігері нағыз күшке жетеді. Тұлға қалыптасып, құмарлықтар, мақсаттар мен мұраттар құралады» деген пікірге талдау жасаңыз.

1.4 Батыс социологиясындағы жастар зерттеулері дамуының қысқаша тарихы

Батыс социологиясында ХХ ғасырдың шамамен 50-ші жылдарына қарай жастардың проблемалары жөнінде дербес теориялық тұжырымдамалар қалыптасты. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін жазылған жастар социологиясы саласындағы санаулы теориялық еңбектердің қатарына К. Маннгеймнің «Ұрпақтар проблемасы» шығармасы жатады, оған қазіргі кезде де сілтеме жасайды. «Жастар» ұғымының өзі және оның түсініктемесі Г. Шельскийдің, Ф. Тенбруктың, Л. Розенмайрдың, Г. Кройтцтың еңбектерінде жиі кездеседі.

«Жастар» ұғымын жүйеге келтіруге әрекеттенген К. Маннгейм мына тұжырымға келді: «Жастар өзінің табиғаты бойынша озық та, кертартпа да емес, жастар кез келген бастамаға дайын әлеует». Содан кейін «жыныстық жағынан жетілгенге дейін бала отбасында тұрады, әрі оның көзқарастары отбасының эмоциялық және интеллектуалды (парасатты) дәстүрлеріне сәйкес қалыптасады». Отбасы бастапқы әлеуметтік құрылым ретінде қоғамның болашақ мүшесін «сомдай» бастайды, бірақ отбасындағы әлеуметтік рай жас адамның болашақта өмір сүруіне тура

келетін «үлкен қоғамның» әлеуметтік райына барабар болуы өте сирек кездеседі.

Г. Шельский бірінші социологиялық (әлеуметтік) тұжырымдамасын «Скептик ұрпақ» еңбегінде (1957) ұсынды, оның негізгі ережелерін төмендегілермен түйіндеуге болады:

1. Жастардың теориялық тұжырымдамасы мен оның дамуы әмбебаптыққа кінә қояды;

2. Жастардың ескірген психологиясын сыни талдау;

3. 1956 жылға дейін жүргізілген жаңа зерттеулердің нәтижелерін жалпылауға және түсіндіруге әрекеттену, соның негізінде ГФР жастары «скептик ұрпақ» ретінде көрсетілді.

4. Шельскийдің пікірі бойынша жасөспірімдік шақ кезеңдер теориясында айтылған 18 немесе 20-22 жаста емес, мектепті бітірген кезден басталады да, шамамен 25 жаста аяқталады.

5. Жастар рөлдер теорияларының ықпалымен қарастырылады, яғни «баланың әлеуметтік рөлінен ересектің әлеуметтік рөліне көшудегі өту сатысы (баспалдағы) ретінде».

6. Жастардың аралық жағдайы мен осы жағдайға байланысты мінез-құлықтың өзіндік тән нысандары, ең алдымен, мінез-құлықтың барынша құбылмалылығы, Шельскийдің пікірі бойынша, отбасы мен қоғам арасындағы қарама-қайшылықтың салдары болып табылады, бұл қазіргі замандағы кез келген қоғам үшін тән.

Ф. Тенбруктың пікірі бойынша, жастар тәуелді болатын қоғамның бір бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Оның айтуынша, жастар мен жасөспірімдік шақ өзгермелі әлеуметтік құбылыстарды көрсетеді. Қазіргі кезде жастардың мінез-құлқында жүріп жатқан өзгерістер «бір жағынан, отбасы топтары мен тұратын жердегі қауымдастық, екінші жағынан, қоғам арасындағы ұлғая түскен алшақтықтың» нәтижесі болып табылады. Ф. Тенбрук атап өткендей, жастар ерекше субмәдениет шеңберінде өмір сүреді. Жастардың субмәдениеті туралы тұжырымдамаға сәйкес жастардың бейресми топтары үлкен мәнге ие бола түсуде, осындай топтарға Тенбруктың тұжырымдамасында маңызды рөл асыра беріледі: тек шағын топтың аясында ғана жасөспірімнің жеке басы дамиды, социологиялық мағынада жастар ең алғаш қалыптасады.

К. Аллербек пен Л. Розенмайер релевантты болып есептелетін өлшемдер бойынша жастарға анықтама беруге ұмтылғандарын айтады. Осы релеванттылық, олардың пікірінше, аталмыш ұғымды білдіретін теориялық құрылымның қорытындысы болып табылады. Екеуінің көзқарастары бойынша «жастар» және «жасөспірімдік шақ» ұғымдары өзара тығыз сабақтасады. Бұлар жеке өмірбаяндағы нақты кезең; эмпирикалық қалыптасқан мінез-құлықпен сипатталатын жеке әлеуметтік топ, жетілмеген мәртебе; әлдебір тарихи күш және жеке сараптық ұғым ретінде қаралуға тиіс.

Жасөспірім шақта мәртебені анықтау жүреді, Розенмайер мұны жас адамның қоғамның әлеуметтік жіктеріне интеграциясы (кірігуі) деп түсінеді. Оның үстіне, осы жастағы шақ эмоциялық байланыстар орнатумен, үлкен белсенділікпен және сексуалды (жеңіскұмарлық) тәжірибе, мектептегі оқу, мамандық таңдау, саяси көңіл-күй, мәдени сұраныстар, мода (сән), спорт саласындағы бағдармен сипатталады.

Розенмайер жастарға мынадай анықтамалар береді:

1. Жастар, бір жағынан, жеке өмірбаяндағы кезеңді көрсетсе, екінші жағынан, қоғамның бір бөлігін белгілейді, оны бөлу, ең кемінде, жастың бірнеше (талаптарына) байланысты болады.

2. Әлі биологиялық алғышарт болмай тұрғанда жастардың қатарына жатқызу туындауы мүмкін, бірақ ол маңызды саралаушы өлшемдер ретінде болжам жасалатын эмпирикалық жинақталған қатынастарға негізделеді де, осы қатынастар бір жағынан, шамамен межеленген жас айырмашылығымен, ал екінші жағынан – құқықтарға әлі толық иелік етпеумен және әлеуметтік-экономикалық ұстанымдардың жеткіліксіздігімен белгіленеді.

Жастар социологиясының міндеті, ең алдымен, тұтас қоғамның, оның отбасы, мектеп, жастар ұйымдары сияқты жеке институттарының ықпалын зерттеуге саяды. Рас, Розенмайердің өзі «жастар» мен «жасөспірімдік шақ» ұғымдарына анықтама беру кезінде өзінің әдіснамалық қағидаттарын ұстанбайды.

Ф. Найдгардт «жастар» ұғымын нақтылауды, оны практикада анағұрлым нәтижелі қолдану үшін әлеуметтік мағынамен толықтыруды талап етеді. Жасөспірімдік шақ, Найдгардттың пайымы бойынша, мамандық таңдаумен және некеге тұрумен

аяқталады. Осы екі оқиғаны былайша ортақ қорытындыға келтіруге болады. «Олар әлеуметтік топтың ауысуымен ұшта-сып, жас адамға жаңа құқықтар береді және оған жаңа міндет-темелер жүктейді. Некеге тұрмаған және мамандық игермеген адам, сөздің тура мағынасында, бала болып қала береді».

Осыдан, шамасы, мынадай тұжырым жасауға болса керек, кездейсоқ табыспен күн көретін әрбір бойдақ, «мәңгі» студент тіпті 30-40 жаста да бала болып табылады. Некеде тұратын жұмыс-сыздар мен мамандығы бар бойдақтар, Найдгардтың пікірі бойын-ша, жастарына қарамастан «аралық типтер» болып табылады.

Жас ұрпақ проблемаларын теориялық және қолданбалы тұр-ғыда зерттеулер әлемдік ғылымда ең белсенді түрде әзірленетін бағыттардың біріне жатады. Танымдық үдерістер дамуының сыртқы әлеуметтік және ішкі ғылыми факторлары жаңаша тұжырымдамалық ресімделген бағыттар мен мектептерді қалып-тастыруға септігін тигізді. Жастар проблемасын зерттеуге қол-данылатын қазіргі тәсілдер (көзқарастар) деңгейі және әлеу-меттік қатынастар талдауының элементтері бойынша өзгеше-ленеді: жеке адам, әлеуметтік институттар, әлеуметтік қауым-дастықтар мен мәдениет (құндылықтар, үлгілер мен нормалар); жас адамның жеке басы мен әлеуметтік топтың, тұтас қоғамның өзара байланысы мен өзара іс-қимылын (ықпалдастығын) түсіну және баға беру бойынша; жас адамның құндылықты бағдарлары жүйесінің жұмыс істеу сипаты бойынша. Әркелкі теориялар мен тәсілдердің барлық саналуандығын ажырату үшін, олардың жастар проблематикасын зерделеуге қаншалықты әсер еткеніне қарай бірнеше бағытты бөліп қараймыз.

Жастарды зерделудің негізгі теориялық бағыттарын жіктейміз:

1. Психикалық-талдамалық бағыт. Психикалық-талдамалық мектептің негізін З. Фрейдтің психикалық талдауынан туындай-тын жеке адамның өмірлік жолының тұжырымдамасы құрайды, оның мінез-құлық уәждері мен сана-сезім мінездемелері ерте жастағы (6 жасқа дейін) өмір ерекшеліктерімен және тәрбиемен белгіленеді. Жастардың проблемаларын осы бағдар тұрғысынан зерделеу жас ерекшеліктеріне және оларға тән жеке адамның психикалық өлшемдеріне негізделеді. Жас адамның жеке басы-

ның сана-сезімі мен мінез-құлқының құрылымы З. Фрейдтің қағидаттарына негізделеді, оның ілімін шәкірттері мен ізбасарлары әрі қарай дамытып, ілгерілетті (Г. Маркузе, Д. Фоейр, Э. Эриксон және т.б.).

Қағидаттардың негізін «Эдип кешені» үлгісі құрайды, ол либидо тұрғысынан ұрпақаралық күрделі дау-жанжалдарының кереғар табиғатын, «ересектер әлемінің» әлеуметтік тәртібіне қарсы бағытталған жас ұрпақтың агрессия себептерін, сондай-ақ қоғам дамуының басты көзі ретіндегі сублимацияның түрлі нысандарын түсіндіреді.

Э. Эриксонның эпигенетикалық қағидаты адам дамуын әлеуметтік талаптар мен тыйым салулар және өзіншіл «жеке адамның психоәлеуметтік ақиқаты» арасындағы қарама-қайшылықтан туындайтын жас бойынша жеке адамның «ұқсастық дағдарыстарын» жеңуі ретінде түсіндіреді. Әрі өмірдің әрбір нақты кезеңінде жеке адам әлеуметтің қатаң ықпалын сезінеді, әлеумет әр қоғамға тән әлеуметтік-психологиялық жетілудің (әлеуметтік сипат) нақты түрін адамға белгілейді және қалыптастырады.

Сонымен, *Эриксон жеке адамның бүкіл өмір жолын сегіз кезеңге бөледі*, олардың әрқайсысына дамудың өзіндік дербес (меншікті) өлшемдері тән, осы өлшемдер оң және теріс мәндерді қабылдауға бейім:

Бірінші кезең – сену және сенбеу – нәрестелік шақ. Бірінші кезеңнің басты міндеті – нәрестеге сыртқы дүниеге «базалық сенім арту» бейсаналылық сезімін сіңіру. Баланың қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өзіне-өзі сенім арту дәрежесі оған жасалған қамқорлықтың аз-көптігіне айтарлықтай байланысты болады. Сондықтан ата-ананың қамқорлығы мен сүйіспеншілігі негізгі құралдарға жатады. Егер «базалық сенім арту» туындамаса, онда нәрестенің бойында сыртқы дүниеге «базалық сенімсіздік» сезімі, үрей пайда болады да, ол ересек адамда томаға тұйықтық пен саяқтық түрінде көрінуі мүмкін.

Бірақ адам өмірінің бірінші жылында қандай бастаманың үстем болатыны біржола шешілмейтінін, бірақ оның дамудың әрбір келесі кезеңінде қайта жаңғыратынын атап өту керек. Бұл үміт ұялатады, бірақ, екінші жағынан, қауіп те келтіреді. Мектеп табалдырығын сақтықпен аттаған бала, оқушыларға

қатысты әділетсіздікке жол бермейтін қайсыбір мұғалімге біртіндеп сенім артуы мүмкін. Бұл орайда ол бастапқы сенімсіздіктен арылады. Бірақ сәби кезінде өмірге сенімді көзқарасы қалыптасқан бала, кейінгі өмір белестерінде оған сенімсіздік білдіруі мүмкін, егер, айталық, ата-аналары ажырасқан жағдайда, отбасында өзара жазғырулар мен кінәлауларға толы ахуал орнаса.

Екінші кезең – дербестік пен жасқаншақтық (ұяңдық) – балалық шақ – баланың бойында өзінің дербестік және жеке басын бағалау сезімі немесе оған қарама-қайшы – ұяңдық пен күдік қалыптасады. Бала осы кезеңде түрлі қимылдар жасап, тәй-тәй басып жүруді ғана емес, сонымен бірге ашып-жабуға, итеру мен тартуға, ұстауға, босату мен лақтыруға үйрене бастайды. Өзінің дене қимылдарын басқарудан басталатын баланың дербестігінің өсуі оған тандау мүмкіндігін береді, соның арқасында осы кезеңде болашақ ересек адамның жауапкершілік, тәртіп пен жосықтарды құрметтеу мінездері қалыптасады.

Егер осы кезеңнен бала үлкен деңгейдегі сенімсіздікпен шығатын болса, онда осы сенімсіздік жасөспірімнің де, ересек адамның да кейінгі дербестігіне жағымсыз әсер етеді. Ал керісінше, осы кезеңнен анағұрлым үлкен дербестікпен шыққан бала, дербестігін одан әрі дамытуға әбден дайын болады. Дегенмен, дербестіктің, бір жағынан, және ұяңдық пен сенімсіздіктің, екінші жағынан, арасында орнайтын арасалмақ кейінгі оқиғаларға байланысты солардың біріне қарай өзгеруі мүмкін.

Үшінші кезең – тапқырлық (іскерлік, пысықтық) пен кінәні сезіну – ойын жасындағы бала (шамамен 5-тен 7 жасқа дейін) – бастама көтеруді, бірдеңе істеуге ұмтылуды қалыптастырады. Егер баланың осы ықыласына шек қойылса, белгілі бір кінәлілік сезімі туындайды. Осы жаста балаға түрлі рөлдер атқаруға, қиялын дамытуға мүмкіндік беретін топтық ойын, құрдастарымен араласу шешуші маңызға ие болады. Және осы кезеңде ережеге сәйкестік ретінде түсінілетін әділдік сезімі қалыптасады.

Эриксонның айтуынша, осы кезеңдегі әлеуметтік өлшем бір полюсте тапқырлықтың (іскерліктің) және екіншісінде кінәні сезінудің арасында өрбиді. Осы кезеңде баланың ата-анасының

ойындарды және содан кейін баланың өзін қалай қабылдауларына қарай осы қасиеттердің қайсысының бала мінезінде басым болатынына негіз қаланады. Қозғалысты қимылдарды таңдауға ырық берілген, өздерінің ықыластары бойынша жүгіретін, велосипед, коньки тебетін, шанамен сырғанайтын балалардың бойына іскерлік (тапқырлық, пысықтық) қасиет дариды және ол нығая түседі. Бірақ егер баланың ата-анасы оған қозғалысты қимылдардың зиян және қажетсіз екенін, сұрақтарының мезі қылатынын, ал ойындарының зердесіз екенін айтып жазғыратын болса, бала өзін-өзі айыпты сезіне бастайды және осы кінәлілік сезімін өмірінің кейінгі кезеңдеріне әкетеді.

Төртінші кезең – ептілік пен шалағайлық (олқылық) – мектеп жасындағы балалар – ептілік, нәтижелілік және шалағайлық (кемдік) сезімдерімен, қойған мақсатқа жету қабілетімен сипатталады. Нәтижелілік (тиімділік) пен құзыреттілік (біліктілік) аса маңызды құндылықтарға айналады. Баланың дамуындағы теріс (жағымсыз) нұсқада оның бойында өзін-өзі төмен (кем) санау сезімі пайда болады, осы сезім бастапқыда қайсыбір жақсы міндеттерді шешудегі біліксіздігін, олақтығын сезінуден туындаса, ол көбіне баланың оқуына байланысты болады да, содан кейін жалпы жеке адамның бойына таралады. Осы жаста енбекке деген қатынастың негізі қаланады.

Осы кезеңде бала заттардың қалай құрылғанына, оларды қалай игеруге және бірдеңеге бейімдеуге болатынына қатты қызығушылық таныта бастайды. Баланың жасаған нәрсесін, авиаүлгілерді құрастыруын, ас пісіруін мақтайтын болса, оларға бастаған ісін аяғына дейін апаруға рұқсат етіп, мадақтайтын және марапаттайтын болса, онда баланың бойында ептілік пен техникалық шығармашылыққа деген қабілет пайда бола бастайды. Керісінше, балалардың еңбек әрекетінен тек «тенлектікті» (шалағайлықты) ғана көретін ата-аналар кемтарлық сезімнің өрбуіне себеп болады.

Бесінші кезең – жеке адамды сәйкестендіру және рөлдерді шаттастыру – жасөспірімдік шақ – өзінің қайталанбастық, жеке-даралық, өзгелерге ұқсамаушылық сезімі пайда болса, ал кереғар нұсқада көмескі, күмәнді «Мен» сезімі, рөлдік және жеке бастың тұрлаусыздығы туындайды. Дамудың осы кезеңін-

дегі өзіндік ерекшелік – «рөлдік мораторий»: орындалатын рөлдердің ауқымы кеңейе түседі, бірақ жас адам осы рөлдерді тиянақты және түпкілікті меңгермейді, ал оларды жай ғана байқап, сынап көретін сияқты. Эриксон өзіндік сана-сезімнің қалыптасуын, уақытты жаңаша сезінуді, психосексуалды (жеңсіктік) құмарлықтарды, сондай-ақ патогендік үдерістер мен жасөспірімдік шақтың жетілу нұсқаларын жете талдайды.

Эриксонның пікірінше, осы кезеңде пайда болатын қоршаған ортамен байланыс өлшемдері «Мен» ұғымын сәйкестендірудің оң полюсі мен рөлдерді шатастырудың теріс полюсі арасында ауытқып тұрады. Басқаша айтқанда, талдап қорытуға қабілетті болған жасөспірімнің (бозбаланың) алдында оқушы, ұл, спортшы, дос және т.б. ретінде өзі туралы білетіндерінің барлығын түйіндеу (қорытындылау) мәселесі тұрады. Ол осы рөлдердің барлығын біртұтастыққа жинауы, оны пайымдауы, өткенмен сабақтастыруы және болашаққа көшіруі тиіс. Егер жас адам осы міндетті – психоәлеуметтік сәйкестенуді ойдағыдай меңгерсе, онда оның бойында өзінің кім екенін, қайда екенін және қайда бара жатқанын сезіну қасиеті пайда болады.

Алтыншы кезең – жақындық пен жалғыздық – жастық шақ басқа адаммен психологиялық жақындасуға қабілеттілік пен қажеттіліктің туындауымен сипатталады. Оның баламасы – оқшаулану және жалғыздық сезімі.

Жақындық дегенде Эриксон тек физикалық (тән) жақындықты ғана айтпайды. Осы ұғымға ол басқа адамға қамқорлық жасай білу және онымен өзін-өзі жоғалтып алудан қорықпастан бүкіл сырымен бөлісу қабілетін енгізеді. Бірақ егер адам некеде де, достықта да жақындыққа қол жеткізбесе, онда, Эриксонның пікірінше, ол адамның пешенесіне (тағдырына) өз өмірін ешкіммен бөліспейтін және ешкімге қамқорлық көрсетпейтін жалғыздық пен жалқылық ахуалы жазылады.

Жетінші кезең – жалпы адамгершілік пен өзін-өзі игеру (жұмысбастылық) – ересектік, шығармашылық қызмет пен өнімділікке ілесетін сезім осы шақтың аса маңызды еншілері болып табылады.

Осы кезеңде (сатыда) ишканың бір ұшында жеке адамның жалпы адамгершілік тұрғысындағы жаңа параметрі, екінші ұшында – өзін-өзі игеру (жұмысбастылық) сезімі пайда болады.

Отбасы аясынан тыс адамдардың тағдырларына көңіл бөлу, болашақ ұрпақтардың өмірін, алдағы дүниенің нысандарын ойлау қабілетін Эриксон адамның жалпы адамгершілігі деп атайды. Болашақ ұрпаққа мұндай қызығушылық таныту міндетті түрде өз балаларының болуымен байланысты емес – жастар туралы және болашақта адамдардың жақсы өмір сүруі мен жұмыс істеуі жайында қамқорлық жасайтын әрбір адамның бойында осы қасиет болады. Ал адамзатқа ортақтық сезімі дарымаған адам өз-өзімен болады және өз қажеттіліктері мен дербес жайлылығын қанағаттандыру оның басты қам-қарекеті болады.

Сегізінші кезең – тұтастық пен үмітсіздік – кемел шақ немесе кәрілік (қарттық) – қанағаттану, өмірге көңілі толу, борышты орындау сезімінің пайда болуымен сипатталады. Керек-қажет жағдайда – түңілу мен торығу сезімі жайлайды.

Осы кезеңнің психоәлеуметтік параметрі тұтастық пен үмітсіздік арасында туындайды. Өткен өміріне көз жүгірткенде қанағаттану сезіміне бөленген адам тұтастықты, өмірінің байыртылығын сезінеді. Ал өткен өміріне уыстан шыққан мүмкіндіктер және енді сол олқылықтарды жөндеу, өмірді қайта бастау кеш деп есептейтін, өмірім бұдан басқаша болар еді деп ойлайтын адамды өкініш пен торығу сезімі бөлейді.

Эриксонның адам өмірі кезеңіндегі негізгі сатылары осылар. Оның бұл тәсілі жеке адамның қалыптасуы мен ересектердің эмоциялық дағдарысына байланысты дәстүрлі көзқарастарда жүретін өзгерістерді туындатады. Бүкіл өмір кезеңіне жеке адамның қалыптасу мезгілін тарата отырып, Эриксон әрбір шаққа, соның ішінде орта және егде жастағыларға өзіндік эмоциялық дағдарыстардың тән екенін айтады. Ең аяғында, классикалық психикалық талдауды кеңейткен Эриксон, әрбір сатыда (кезеңде) тек осал тұстар ғана емес, сонымен бірге мықты жақтары да болатынын, бір сатыдағы сәтсіздікті кейінгі сәттіліктермен басқаларға өзгертуге болатынын айтып, бізді үміттендіреді.

«Ювенология және ХХІ ғасырдағы ювенолдық саясат (кешенді пәнаралық зерттеу тәжірибесі)» ұжымдық монографиясының авторлары атап өткендей, жастардың сана-сезімі мен мінез-құлқының ерекшеліктерін түсіндіруде психикалық-талда-

малық бағытпен қатар *әлеуметтік биология* да қолданыла бастады, ол адам да солардың қатарына жататын тірі тіршілік иелерін зерттеп-зерделейтін түрлі пәндерді синтездеуге (жинақтауға) әрекеттенумен байланысты осы заманғы ғылымның интегративті үрдістерінің арнасында туындады.

Әлеуметтік биология көзқарастарының негізін мынадай тезис құрайды, соған сәйкес әлеуметтіліктің эволюция, жеке адамның ілгерішіл дамуы мен жетілуі «мінез-құлық таптаурындарының (стереотиптерінің) табиғи сұрыпталуы мен *Homo sapiens* кооперативті іс-әрекеттері нысандарының» ықпалымен жүреді.

2. *Құрылымдық-функционалды мектеп*. Осы бағытты ұстанушылар жас ұрпақтың сана-сезімі мен мінез-құлқын қоршаған әлеуметтік ақиқатпен тығыз өзара байланыста жүйелі түрде талдауға ұмтылды. Социологиядағы (әлеуметтанудағы) құрылымдық-функционалды тәсілдің (көзқарастың) классиктерінен (Э. Дюркгейм, Р. Мертон, Т. Парсонс және т.б.) кейін осы әдістемені жастар проблемаларын зерделеу кезінде израильдік әлеуметтанушы-ғалым Ш. Айзенштадт ең дәйекті әзірледі.

Ш. *Айзенштадттың* пікірі бойынша, жастар жас бойынша топ ретінде, бір жағынан, отбасы мен басқа да шағын ұйымдардың, екінші жағынан, қоғамдағы макросекторлардың арасындағы «дәнекерлік», «рөлдік» сала болып табылады. Оның айтуынша, қазіргі замандағы қоғамда бала туып-өскен отбасы мен ол белгілі бір жағдайға ие болуы тиіс әлеуметтік жүйенің арасында үлкен алшақтық бар. Сондықтан да жаңа құрылымдық ұстаным – жас адамның ұстанымы (позициясы) туындайды. Бұдан жастық шақ – өмірдің белгілі бір кезеңі ретінде қоғамдағы маңызды құрылымдық ұстанымға жатқызылады. Осы пікірге сәйкес, Айзенштадт жастардың мәдениетін ересектердің әлеуметтік жүйесінде өзінің мәртебелік ұстанымын иеленуге жастарды дайындау үдерісін реттейтін әлеуметтік институт ретінде қарайды.

3. *Мәдениеттану мектебі*. Осы бағыттың өкілдері адам мәдениеті феноменологиясы тұрғысынан жастардың сана-сезімі мен мінез-құлқындағы түрлі көріністерді зерттеп-зерделеді. Мәдениетке игерілген мінез-құлық (ұстаным) ретінде анықтама беру мәдениеттің әлеуметтендірушілік рөлін даралайды және ол тек субмәдениеттердің мазмұнын зерделеуге ғана қолдануға

жарамды болуымен шектелместен, сонымен бірге олардың мәдени айырмашылықтары тұрғысынан да маңызды болып табылады. Шын мәнінде, мәдениет бір жағынан біріктіруші, екінші жағынан ажыратушы күшке жатады. Адамдар әрқелкі және бір-біріне ұқсамайтын әлеуметтік топтарда туып-өседі, осы әлеуметтік топтарда олардың бастапқы әлеуметтенуі жүреді. Нақ осы әлеуметтік орта өзіне тән нормалар мен құндылықтарды береді де, соларға сәйкес әлеуметтік ұқсастық қалыптасады. Осыған қарай кез келген стратификацияланған қоғамда түрлі мәдениеттердің болуы, олардың баламалы мен таңдау мүмкіндігі құндылықтар, стильдер, өмірлік бағдарлар, бейәлеуметтік бедел мен мінез-құлық қайшылықтарының (жанжалдарының) себептері болып табылады. Осы тұрғыда М. Мид ұсынған тұжырымдама қызықты.

Маргарет Мид мәдениет дамуының серпініне қатысты зерттеудің мәдениеттану нұсқасын әзірледі, оларды үш ұрпақ таратады – қарттар, ата-аналар мен балалар. Осыған сәйкес олар мәдениеттің үш түрін көрсетеді – постфигуративті (өткен (бұрынғы)), балалар ең алдымен өздерінің ізашарларынан үйренеді; конфигуративті (қазіргі), балалар мен ересектер өздерінің құрдастарынан, қатарластарынан үйренеді және префигуративті (болашақ), ересектер өздерінің балаларынан үйренеді.

Мид қазіргі заманғы қоғамда жастардың «әлеуметтік бульдозер» маңызды рөлін атқаратынын көрсетті: жаңа қоғамның пайда болуының негіздемесі болып табылатын тұптамырды (топырақты) тазалау. Ең жаңа жетістіктер мен ашылған жаңалықтарды тез бойына сіңіретін (қабылдайтын) жастар «ересектер әлеміне» қысым жасайды да, уақыт келе «ересектердің» орындарын басқан жастар ескірген, кертартпа, баламалығын жоғалтқан институттарды, түсініктер мен тәртіптерді жояды. Жастардың осындай әлеуметтік рөлі әрбір келесі ұрпақтың сол жастағы алдыңғы ұрпақпен салыстырғанда анағұрлым білімді, анағұрлым зиялы және анағұрлым ұйымшыл болатынын ұйғарады. Тек осы жағдайда, мәдениеттің үшінші түрінде ғана жас ұрпақ түпдеректердің кең көлемдегі қалың ортасынан қажетті білім алу мен ішкі моральдық-идеологиялық тірек табуға және «ересектердің» қысымына қарсы тұруға қабілетті болады. Бұл

ретте экономикалық бәсекеге қабілеттілік жастардың қоғамды жаңарту ісіндегі маңызды кепілі болып табылады. Қоғамның өзі, егер ол ілгерілеуге ұмтылатын болса, жастармен ымыраға келу арқылы олардың қызметтерін пайдалануға мәжбүр болады (Мид М., 1988).

Мәдени трансмиссия туралы айтқан Р. Бенедикт мынадай пікірді ұстанады, әркелкі индустриялық дамыған қоғамдарда бір жас сатысынан екіншісіне ауысу әртүрлі жүреді. Шын мәнінде, өзінің пайда болуы арқылы жастар әлеуметтік-жас тобы ретінде, әлеуметтік-мәдени саралауға септігін тигізген бос уақыт құрылымының өзгеруіне себеп болған еңбекті бөлісу және келесі индустрияландыру үдерісіне қатысуға міндетті.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. Ф. Тенбруктың тұжырымдамасында жастар қалай көрсетіледі?
2. Э. Эриксонның эпигенетикалық қағидатының мәні неде?
3. Жастарды әлеуметтік зерделеудегі психикалық-талдамалық тәсілдің (көзқарастың) ерекшеліктері.
4. Батыс ғалымдарының негізгі идеяларын кеңес заманындағы жастардың ресейлік теорияларымен салыстырыңыз. Оларда ортақ және айрықшалықты бөлек не бар?
5. Айзенштадт жастар туралы.
6. М. Мидтің мәдениеттану тұжырымдамасы: оның негізгі ережелері.

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. «Жас болу оңай ма?» тақырыбына эссе жазыңыз.
2. Айзенштадттың «...әлеуметтік өзгерістердің тәжірибесін айтуір өтеу үшін жастар өздерінің тұрақтылық сезіміне ие болуға, әлеуметтік биліксіздік тәжірибесінің айтуір есесін қайыру үшін өздерінің жеке қадір-қасиет сезіміне ұмтылатындары» туралы пікірін Сіз қалай пайымдайсыз?
3. Студенттерге қысқа сауалнамалар жүргізіңіз. Олардың құрдастар топтары туралы түсініктерін өз пікіріңізбен салыстырыңыз. Осы топтардың ішінде мінез-құлық кодекстері өзгере ме?
4. Ж.-Ж. Руссоның «Біздер, былайша айтқанда, өмірге екі рет келеміз: бір рет тіршілік жасау үшін болса, екіншісінде өмір сүру үшін; бір рет тек үшін, екіншісінде жыныс үшін» деген пікірін Сіз қалай түсінесіз?

II БӨЛІМ

ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ ЖӘНЕ ӨЗГЕРМЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Әлеуметтену – қысқа уақыттық емес, ал ұзақ мерзімді көпаспектілі үдеріс, осы үдерістің барысында жас адам білімнің, нормалардың, құндылықты бағдарлардың белгілі бір жүйесін меңгереді және жас бойынша бірқатар әлеуметтік-психологиялық кезеңдерден өтуді өз бойына сіңіреді. Әлеуметтену үдерісі адамның бүкіл өмірімен қатар жүрсе де, ол дене құрылысы (физикалық) мен әлеуметтік-психологиялық жетілу кезеңінде жас адамдардың қатарында қарқынды жүзеге асырылады.

2.1 Әлеуметтену және жастар тәрбиесі: әлеуметтік зерделеу проблемалары

Әлеуметтену әлеуметтік оқытып-үйрету үдерісі ретінде. Көптеген басқа ұғымдар сияқты «әлеуметтену» («әлеуметтендіру») терминінің де әлеуметтанудың, психологияның ғылыми аппаратында және басқа да адам мен қоғам туралы ғылымдарда өз орны бар, ол XX ғасырдың 40-шы жылдарының соңы мен 50-ші жылдарының бас кезінен американдық социологтар және әлеуметтік психологтар Д.А. Гослиннің, В.М. Вентуорстың, И. Толмэннің, Т. Декарбенің, Э. Маккобидің және т.б. еңбектерінде жиі пайдаланыла бастады. 60-шы жылдардың аяқ шенінен осы проблемаға қазіргі заманғы батыс социологиясы мен әлеуметтік психологиясына қатысты түгелге жуық мектептер мен бағыттардың қызығушылығы күрт өсті. Бихевиоризм мен необихевиоризмнің бізге белгілі өкілдері әлеуметтенуді әлеуметтік оқытып-үйрету үдерісі ретінде қарады.

Т. Цийе жастар әлеуметтенуінің жаңа түрінің пайда болуы, өзінің нормалары бар жаңа субмәдени топтардың қалыптасуы, тұтынудың жаңа нысандары, соның ішінде сексуалды (жеңсік-құмарлық) салада, коммуникациялардың жаңа түрлері туралы тұжырым жасайды. Оның пікірі бойынша, қазіргі қоғамдағы (әсіресе жастар) ұдайы құдіреттілік пен дәрменсіздік, енжарлық пен масаттану сезімдері, үмітсіздік (торығу) мен өмірінің ең алғашқы кездері туралы естеліктерден туындаған сезімдер арасындағы алшақтықтағы күйде болады.

Барлық дәстүрлі салттар мен өмірдің нысандарын жоятын «эрозия» («азу») үдерісінің түбегейлі сипаттары Х. Стубенраухтың еңбектерінде мазмұдалады. Ол сондай-ақ қазіргі заманғы қоғам жағдайларында бұрынғы қалыптасқан дәстүрлердің қыспағынан босану әрекеті жүретінін айтты, бұл әрекет моральдың құлдырауымен, заттарға басқаша қараумен, некеге және отбасылық нысандарға анағұрлым еркін көзқарастармен көрініс табады.

Әлеуметтенудің марксистік емес сан түрлі тұжырымдамаларынан негізгі екі ұстанымды бөліп қарауға болады. Оның біреуін туа біткен мінез-құлықты, қоғамда тіршілік ету жағдайларына байланысты түйсіктерді бейімдейтін биологиялық тіршілік иелері ретінде адамды қарайтын авторлар ұстанса, екіншісі – жеке адамның бойынан, негізінен әлеуметтік ықпалдар мен әсерлердің енжар өнімін көретін ғалымдар құрайды.

Әлеуметтанушылардың әлеуметтену проблемаларын талдауға қосқан үлесін қозғағанда оның жеке аспектілеріне тоқталған белгілі авторлардың есімдерін атамауға болмайды, мәселен, Кули – әлеуметтік өмірдің нысандық аспектілері; Томас – мәдениет пен жеке адамның арақатынасы, үйлестіру (үндестіру) және жеке адамдық ұйым; Мид – әлеуметтік өзара ықпалдастық (іс-қимыл) үдерісіндегі мазмұндылық пен өзіндік сана-сезім.

И.Л. Первова социологиядағы әлеуметтену проблемаларын қарастыру кезінде зерттеулердің төрт бағыты тарихи қалыптасқанын атап өтеді, олар:

- әлеуметтік бақылау әдістері;

- өзіндік сана-сезім паттерндерін бөлу және өзінен басқаларды ажырату жағдайында адамды қалыптастыруға қатысты әлеуметтік өзара ықпалдастықтың (іс-қимылдың) маңызы;

- тәрбие практикасына әлеуметтік құрылым мен құндылықты бағдарлардың тигізетін ықпалы (әсері);

- әлеуметтік рөлдердің, оларды таңдау мен мінез-құлықты түсіну үшін қалыптастыру үдерісінің мәні.

Американдық мектеп әлеуметтену теорияларын әзірлеуде лайықты дәрежеде жетекші болып табылатынына қарамастан, американдық көзқарасқа бірқатар батысеуропалық ғалымдардың идеялары мен ілімдері елеулі ықпал етті: *Дюркгейм* – құндылықтар мен моральдық наным-сенімдерді табыстау; *Пиаже* – баланың когнитивті дамуындағы татулық пен мораль тұжырымдамасы; *Хоркхаймер* – отбасындағы өктемшілік (авторитарлық) проблемалары; *Фромм* – ерте жастағы психологиялық депривация; *Дж.Х. Мид* – әлеуметтік ұқсастық (сәйкестік) және көптеген басқа да ғалымдар.

Парсонс әлеуметтік жүйені зерттеп-зерделеу кезінде құндылықты үлгілер мен қажеттілікті диспозицияларға шешуші орын берді, әрі осы аспектіде интернализациялау мен әлеуметтендіру үдерістері маңызды рөлдер атқарды. *Парсонс* әлеуметтенуді қажеттілікті диспозициялар бала мен әлеуметтік жүйе арасында байланыс орнататын әлдебір консервативті (кертартпа) үдеріс деп түсінеді, ал соңғысы болса, өз кезегінде соларды қанағаттандыруға арналған құралдарды қамтамасыз етеді. *Парсонс* әлеуметтенуді өмір бойы алынатын тәжірибе ретінде қарайды (*Дж. Ритцер, 2002*).

Бергер мен Лукман отбасында жүретін бастапқы әлеуметтенудің жеке адам мен қоғам үшін шешуші мәні туралы айтады. «Бастапқы әлеуметтену кезінде сәйкестендіруге байланысты ешқандай проблема жоқ. Бала өзінің елеулі сезімдерінің әлемін өзгелер үшін көптеген ықтимал әлемдердің (дүниетанымдардың) бірі ретінде емес, жеке-дара қолданылатын және жеке-дара пайымдалатын әлем ретінде интернализациялайды. Нақ осы себептен де, бастапқы әлеуметтену үдерісінде интернализацияланатын әлем (дүниетаным) екінші қайтара әлеуметтену үдерісінде интернализацияланатын дүниетанымдармен (әлемдермен)

салыстырғанда сана-сезімге анағұрлым берік ұялайды (*Бергер П., Лукман Т., 1995*). Әрі қарай «екінші қайтара әлеуметтену айрықшалықты-рөлдік білім алу болып табылады. Ол еңбекті бөлісумен тікелей немесе жанама түрде байланысты болады». Басқаша айтқанда, екінші қайтара әлеуметтену қоғамда орын алған көптеген әлеуметтік институттар, соның ішінде мектеп пен білім арқылы қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтену жауапкершілік ретінде. Әлеуметтену өзінің қалыптасуы мен дамуында бірнеше кезеңнен (сатыдан) өтетіні белгілі жайт. С.П. Иваненковтың пікірі бойынша, ол алдымен жас ұрпақты осы қоғамдастықта өмірге дайындауға қатысты стихиялық (кездейсоқ) әрекеттен көрінеді. Ересектермен өзара ықпалдастықта жүргізілетін осындай түрдегі дайындау бір жағынан, түрлі еңбек және коммуникациялық машықтар алу арқылы іс-әрекеттердің және қызметтердің үлгілерін беру жолымен, екінші жағынан, ең алдымен, жыныс-жас мүмкіндіктеріне байланысты мәртебелік-рөлдік позицияларды бекітумен жүзеге асырылуы мүмкін. Содан кейін еңбек және өмір сүру функцияларын игеруге қарай әлеуметтену үдерісі біржола бейімделумен, дербестік машықтарын жасаумен, субъектілік позицияның және нәтижеге толықтай жауапкершілікпен (сіңірумен) толықтырылады (*Иваненков С.П., 1999*).

Әлеуметтену топтың қалыптасу және даму үдерісі ретінде. Ғылыми әдебиетте ұсынылған түсініктемелердің арасында негізінен жеке адамды немесе тұлғаны әлеуметтендіру қаралатынын атап өту қажет. В.В. Павловский ұсынған жастардың әлеуметтену анықтамасының нұсқасы, біздіңше, толық және жан-жақты нұсқа болып табылады. «Жастардың әлеуметтенуі – олардың ержеткен (бойжеткен) жас тобына ауысуын қоса есептегенде, бүкіл болмыстарының қалыптасу және даму үдерісі, қоғамдық формацияның, қоғамдық салт-дәстүрдің, өркениеттің, жеке қоғамның, белгілі әлеуметтік қауымдастықтардың нақты тарихи бірлігімен, ең соңында, жеке адамдардың даму ерекшеліктерімен сабақтасатын үдеріс; жастарды әлеуметке осылайша кезең бойынша қосу, іс-әрекет пен өзіндік әрекеттің, осы қоғамды құрайтын өзге жас топтарымен субъект-субъекті өзара іс-қимылдар жасау үдерісінде жасқа қатысты

бағдарланған бағдарламаларды іске асыру негізінде жүзеге асырылады» (Павловский В.В., 2001). Анықтамадан көрінгендей, жастардың әлеуметтенуі белгілі бір табиғи және қоғамдық жағдайларда, белгілі қоғамдық қатынастарда нысаналы әрекет пен өзіндік әрекеттің арқасында жүреді.

Жеке адамның әлеуметтену үдерісіндегі белсенділігін ескергенде оның бірнеше әмбебап «тетіктерін» екшеуге және шартты жіктелім (сыныптама) түрінде мыналарды ұсынуға болады: отбасы мен ең жақын орта (жамағат) дәстүрлі тетіктің негізін құрайды; қоғамның әлеуметтік институттары – институционалды; «құрдастар тобына» жанама түрде жату, жастардың белгілі бір субмәдениетіне жату арқылы – стильдендірілген (стильге салынған); жеке бастан кешіру арқылы – рефлексивті. Бірақ әртүрлі әлеуметтік-мәдени және жыныс-жас бойынша топтарға, соның ішінде нақты адамдарға қатысты рөлдің арақатынасы мен әркелкі тетіктердің ықпалы бір-бірінен айтарлықтай өзгешеленеді.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. «Әлеуметтену», «интериоризация», «тәрбие» ұғымдарына анықтама беріңіздер.
2. Социологтардың әлеуметтену проблемасын әзірлеуге қосқан үлестерін сипаттаңыздар.
3. Әлеуметтену жүйесінде отбасы мен білімнің рөлі қандай?
4. Әлеуметтенудің негізгі кезеңдерін талдап шығыңыз. Олардың ерекшеліктері неде?
5. Қазіргі замандағы қоғамда жастардың әлеуметтену ерекшеліктері қандай?
6. Қазіргі қоғамдағы дін, ақпарат, әскер институттарының мазмұны мен мәнін ашыңыздар. Олардың қазіргі жағдайлардағы өзгеру үрдістерін анықтап беріңіздер.

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. Өзіңіздің отбасыңыз туралы айтып беріңіз. Сіздің әлеуметтену үдерісіндегі оның рөлі қандай?
2. Ағылшын ғалымы Стенли Холлдың «жастық шақ «алай-дүлей теңіз толқыны мен тегеурін», «дауыл мен түңіліс (ширығу)» кезеңі» деген пікіріне қатысты өз ойыңызды жазбаша түрде мазмұндаңыз.
3. Жас адамның өз қылықтарына жауапкершілігі немен сипатталатынын, ал оның жауапсыздығы немен көрінетінін түсіндіріңіз.

2.2 Жастардың әлеуметтенуінің қазіргі (осы заманғы) үлгісі

Әлеуметтену тетігінің (механизмінің) қазіргі заманғы үлгісі өз дамуында бірнеше кезеңнен өтеді, алдымен дәстүрлі саты, содан кейін білім алу кезеңі өткерілсе, ең соңында, әлеуметтік қызметтің дәстүрлі емес түрімен (нысанымен) қамтамасыз етіледі. *Жас адамның жеке басының әлеуметтену тетігінің аса маңызды агенті болып табылатын отбасы* оның мінез-құлық нормаларын қалыптастырып, жеке қасиеттерін ашады. Бұл ретте отбасы институционалды тетік ретінде жаңа әлеуметтік болмыстар тарапынан нақты қысым көреді. Елде жүргізілген реформалардың өсе түскен ықпалы айқын көрініс тауып, олар қоғамға ғана емес, сонымен бірге отбасына да әрқилы әсерін тигізді. Саяси және экономикалық жүйелерде болатын әлеуметтік-мәдени түрленулер, өзгерістер тұрлаусыздық пен отбасылық байланыстардың алшақтауын туындатады. Ірі қала жағдайларында, негізінен институционалды, стильге салынған тетік жұмыс істейді. Бірақ, сонымен бірге, жас адамдардың стандарты мен өмір стилін қалыптастыратын дәстүрлі тетік ұстанымдары ауыл, сондай-ақ қала жағдайларында да әлі біршама мықты. Кейбір жағдайларда әлеуметтенудің аспектілеріне (ауанына) қарай бір мезгілде екі немесе үш тетіктің де қатар басым болуы байқалуы мүмкін.

Е.Л. Омельченконың айтуынша, отбасы қазіргі заманғы кезеңде өзінің «жабықтығымен» («тұйықтығымен») сипатталады. Бұл орайда жас адамның ересек өмірге ауысу кезеңінде, оның жеке басын қалыптастыруға отбасы ықпалының «жабық» нысандарын зерттеуде психологтар ең үлкен табыстарға жетті, олар өздерінің әдіс-амалдарының көмегімен отбасы ішіндегі өзара әрекеттестіктің (өзара іс-қимылдың), дәстүрлердің өзара ықпалының жасырын түрлерін зерделеуге қоян-қолтық жақын келеді. Социологтар (әлеуметтанушылар) өз назарларын көбіне отбасы өмірі көріністерінің сыртқы түрлеріне (нысандарына), «отбасылық» дәстүрдің өмір салты мен стильдеріне қатысудағы елеулі (маңызды) мәдени көрсеткіштеріне жұмылдырады.

Отбасы институтымен, жеке адамның қалыптасу базасымен және білім трансформациясымен қатар оның кейінгі кәсіби қызметі мен жеке өмірі үшін қажет нәрсе білім алу болып табылады. Әрі бұл бекер емес, өйткені кейінгі онжылдық осы әлеуметтік институттың мазмұны мен ұйымдастырылуына қатысты көзқарастарды салмақты түрде қайта ой елегінен өткізу уақытына айналды.

Бүгінде посткеңестік барлық елдердегі сияқты қазақстандық қоғамда да білім беруге қатысты күрделі үдерістер жүруде. Ұлттық білім беру жүйесін реформалау үздіксіз дамиды, ұлттық білім жүйесін жасау мен дамыту шараларынан бастау алады, ол республиканың әлеуметтік–мәдени ерекшелігін ескереді және белгілі бір талаптарға сай болады, мұндай талап білім беру жүйесінің өзіне де қойылады, жастардың дамуына, қоғам мәдениетіне кірігулеріне, қоғам құндылықтарына баламалы өмір сүру стилі мен мінез-құлық қалыптастыруға жәрдемдесу осылардың қатарына жатады.

Әрі білім беру тұжырымдамасын таңдау тек ішкі ғана емес, сонымен бірге сыртқы факторлармен де детерминацияланған, яғни әлемдік қоғамдастықта жүріп жатқан үдерістермен, оған кірігу – кез келген әлеуметтік жүйе өміршендігінің шарты.

Білім берудің қазіргі проблемалары, ең алдымен, жастар барған сайын күшпен алатын бүкіл тәрбие жүйесімен байланысты. Әрі осы жағдайда өмірлік пайымдарды, әлеуметтену мақсаттарын қалыптастыруда мектеп елеулі рөл атқарады. Сонымен бірге кейінгі жылдарда мектеп өзінің байланыстарын «әлсіретіп» және әлеуметтендіру жөніндегі аса маңызды рөлін азайтып бара жатыр, өйткені ол жаңа жағдайларға бейімделу үстінде.

Өкінішке орай, мына фактіні атап өтуге тура келеді, мектеп дағдарысы сайып келгенде оның білім беру бағдарлары мен құндылықтарынан айырылуы туралы айғақтайды, сондықтан бізді мынадай болжам жасауға итермелейді, осындай үрдістер одан әрі өрби берсе, онда мектеп адамды қоғамға тарту үдерісіне келеңсіз ықпал ететін факторға айналады.

Сонымен, отбасы, білім мен тәрбие беру институттары шын мәнінде әлеуметтендіру жүйесінде басым болулары тиіс, өйт-

кені олар адам өмірі мен дамуына қатысты дербес ортаны құрайды. Қоғамның әлеуметтік-мәдени және экономикалық қажеттіліктерінің шиеленісуі тәрбие беру институттарының саналуандығын арттыруы керек, солар арқылы қоғам мен мемлекет әр адамның өз мүмкіндіктерін іске асыруға, қабілеттері мен мүдделерін дамытуына жағдайлар жасап отырады.

Қазіргі заманғы өркениетті көбіне ақпараттық қоғам деп атайды. Ұдайы үдей түскен ақпараттық ағындар жас адамдардың сана-сезімі мен психикасына әсер етеді, сол арқылы олар жастардың дүниетүйсіктері мен дүниетанымдарын өзгертеді. Бұқаралық коммуникация құралдары өзінің мазмұны бойынша мүлде бөлек материалдарды таратады да, бұл жастардың эмоциялық күйіне өзінше әсер етеді. Шексіз еркіндік, күш көрсету мен «тындамау» алдыңғы қатарға шықты. Әрі осы аспектіде алынған ақпарат, көбіне олардың қанағаттану мүмкіндіктерімен сәйкес келе бермейтін қажеттіліктерін қалыптастырады да, соның нәтижесінде оң, сондай-ақ келеңсіз салдарлар да болуы мүмкін.

Г.Б. Бекежанова атап өткендей, «қазір әлемде, сірә, Ғаламтордың қызметтерін пайдаланбайтын бірде-бір ел жоқ болса керек. Социологтардың көптеген елдерде жүргізген зерттеулері Ғаламторға қол жеткізудің сауатты және сауатсыз, бай және кедей адамдардың, еркектер мен әйелдердің, қала және ауыл тұрғындарының арасындағы өзіндік бөлгіш сызыққа айналғанын көрсетеді. Тағы бір бөлгіш сызық – ағылшын тілін білу, оны тіл сайттарының, компьютер графикасы мен нұсқаулықтардың 80%-да пайдаланады. Ақпараттандырудың нәтижесінде әлемде адамдарды бөлетін жана, көзге көрінбейтін, бірақ қауіпті тосқауылдар туындайды: Ғаламтор «әлемдік өрмекші торына» қол жететін адамдарды біріктірсе, оған мүмкіндіктері жоқтарды жолатпайды. Коммуникацияның екі қосарлы жүйесі пайда болды. Оның біреуі – жақсы білімі, ақпараттың кең көлемдерін әрі жылдам, әрі арзан алуға мүмкіндік беретін осы заманғы байланыс құралдары бар дәулетті адамдар үшін болса, екіншісі – Интернетке шығуға мүмкіндіктері жоқ, сондықтан ескірген және анағұрлым құнсыз ақпарат алудың бұрынғы әдістері мен тәсілдерін пайдалануға мәжбүр адамдар үшін. Осы екі

жүйе өкілдерінің арасындағы бәсекенің нәтижесі айтарлықтай: ақпарат пен коммуникацияның қазіргі заманғы жүйесінің басымдығы одан тысқарыларға тең мүмкіндіктердің жұрнағын да қалдырмайды. Соның нәтижесінде ғаламшардағы лайықты табыстары, білімі мен осы заманғы байланыс құралдарына қол жеткізу мүмкіндіктері жоқ халықтың басым көпшілігі барған сайын шеттетіле түседі де, технологиялық және экономикалық прогрестен алшақтатылады» (*Бекежанова Г.Б., 2005*).

Қоғамда жүретін қоғамдық-экономикалық және саяси өзгерістер жастардың саяси сана-сезіміне әсерін тигізеді. Саяси сана-сезім жеке адамға толық құқылы саяси субъект ретінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін саяси білім, нормалар, құндылықтар, нұсқаулар, дәстүрлер жүйесін қамтиды. Жастардың саяси әлеуметтену тетігі көбіне еліктеуге, өзінің жас тобына сырттай сәйкестенуге құрылған, бұл әсіресе жастарға тән. Достар, әріптестер, құрдастар тобы жас адамның мінез-құлық, әлеуметтік нұсқаулар және құндылықты бағдарлар нормаларын белгілейтін референт рөлінде жиі көрінулері мүмкін (*Щербакова И.В., 2004*).

Қазақстандағы саяси ахуалға жастар әртүрлі баға береді, өйткені кейінгі онжылдықтарда жас адамдардың көпшілігі бейсаясаттығымен және скептицизмімен ерекшеленеді. Кейінгі кезде саясаттың «жасарғанына» қарамастан жастар саяси күштердің бірде-біреуін жақтамайды, олар саясаттан аулақ екендерін және партиялардың қызметімен таныс емес екендерін тілге тиек етеді (*Кебина Н.А., 2004*). Жас буын балалар мен жастар ұйымдарына, бұлардың саны керісінше пікірді білдіруге тиіс болса да, күдікпен қарайды. Бүгінгі уақытта осы ұйымдар саяси әлеуметтенудің маңызды институттары болып табылмайды. Оның үстіне, қоғам да осындай бірлестіктерге айқын бағдарлар ұсынуға, материалдық қолдау көрсетуге даяр емес. Бірақ қазіргі кезде ақпараттық арналар жүйесін өрістетудің арқасында елдегі және әлемдегі әлеуметтік және саяси проблемалар бойынша жасөспірімдер мен бойжеткен қыздардың дербес позицияларын (ұстанымдарын) әзірлеу үдерісін объективті дайындау және ынталандыру әрекеті жүріп жатыр. Саяси жүйенің өзгеру жағдайларында жас адамдардың азаматтық құқықтар

мен міндеттерді іске асыруға негізделетін саяси қатысуды таңдау үрдісі байқалады.

Жастардың құндылықты бағдарларын қалыптастыру кезінде демократиялық өзгерістердің жастардың өмірлік түсініктерінің құрылымданған жүйесіне, құндылықты бағдарларына тигізетін ықпалы талданады, ол жастардың тіршілік әрекетіндегі практикалық мінез-құлқы (ұстанымы) мен сапалық өзіндік ерекшелігінде байқалады. Осы тұрғыда жастардың құндылықты бағдарларының қалыптасуындағы өзгерістер мен үрдістер, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктер аңғарылады.

Ғылыми әдебиетте *жастардың құндылықты бағдарларын қалыптастырумен байланысты әлеуметтенудің негізгі үш кезеңі* шартты түрде жіктеледі (Ковалева А.И., 1996). Бірінші кезеңде түрлі құндылықтарды ұғыну және осы негізде белгілі бір құндылықты түсініктердің пайда болу үдерісі жүреді, жеке адамның дербес тәжірибесі солардың «құрылыс материалы» болып табылады. Өмірдің осы кезеңінде отбасы, ата-ана, бала мен жасөспірімнің әлеуметтік-мәдени ортасы бойынша әлеуметтенудің қосалқы факторлары (мектепке дейінгі, мектеп мекемелері, құрдастар тобы мен жақын әлеуметтік орта) маңызды рөл атқарады. Құндылықтарды игерудің бірінші кезеңіндегі құндылықты түсініктер эмпирикалық сипат алады, яғни олар жеке адамның сана-сезімінде үйреншікті деңгейде орын алады. Осы түсініктерге сүйенгенде ол қағида бойынша, өзі қабылдаған құндылықтардың мазмұнын тиянақты түсіндіруге дәрменсіз және оларды іске асыру мүмкіндігінің өз материалдық қажеттіліктеріне сәйкес келетіндері бекітілгендерін ойланбастан және онай меңгереді. Сондықтан өз өміріне қатысты көптеген аспектілерге баға берудегі белгілі бір дәйексіздік жас ұрпақтың рухани әлемі сипаттамаларының бірі болып табылады, атап айтқанда, тұрмыс, бос уақыт, сондай-ақ өз қылықтары мен құрдастарының қылықтары. Оның үстіне, көмескі ғана құндылықты түсініктері бар жас адам күрделі жағдайға ұшырағанда, қағида бойынша, оған жол таба алмайды, жүріс-тұрыстың дұрыс түрін таңдай алмайды, ал ересектердің кейбір талаптары оған кейде үстірт болып көрінеді.

Екінші кезең – жастық шақ – жас адамның өзі үшін әлеуметтік өмірдің жаңа саласына қадам басуымен байланысты (Қарулы Күштер қатарындағы қызмет, жоғары оқу орнында оқу, өндірістік қызмет және т.б.), мұнда оның жеке тәжірибесі құндылықты сипаттамаларды жете түсінуде шешуші рөл атқарады. Адамның жеке-дара тәжірибесі оның тіршілік әрекетіндегі мына деңгейді сипаттайды, мұнда құндылықты түсініктер өмірлік қажет материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандырумен тығыз байланысты болады. Жас адамның дамуының осы деңгейіндегі құндылықты түсініктерінде кездейсоқтықтың, шектеуліліктің (өресіздіктің), өзіншілдіктің үлкен элементі байқалады. Соған карамастан, құндылықтарды игерудің осы сатысында құндылықты бағдарларды қалыптастырудағы реттеуші үдерістің белгілері көрінеді және «кітап» білімдерінің жүйесі мен бұқаралық ақпарат жүйесі және тікелей тәжірибелік (практикалық) білімі арқылы жанама тәжірибе жолымен меңгеру аңғарылады.

Үшінші кезеңде (сатыда) жастардың сана-сезіміндегі қарама-қайшылықтар еңсеріліп, адамның тіршілік әрекетіндегі мағына құраушы, базистік мақсаттары мен құралдары сияқты моральдық құндылықтарға терең жеке тұрғыда, бастамалық-шығармашылық қатынас негізінде құндылықты бағдарлардың жүйесі дами және жетіле түседі. Нақ сол кәсиби маңызды қызмет үдерісінде жас адамның құндылықты бағдарлары нығаяды және тұрақтылық сипат алады. Оның бастапқы құндылықты түсініктері белгілі бір анықтық пен айқындыққа жетіп, жеке адамның анағұрлым көрнекі орнықты ерекшеліктерін көрсетеді. Құндылықтарды игерудің үшінші кезеңіндегі елеулі ерекшелік мынада, жеке адам қоғам мен оның әлеуметтік институттарының тарапынан реттеуге қатысты басқарылатын әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени факторлардың тұтас жүйесінің бөлігі болып табылады.

Әлеуметтену – қысқа мерзімді, бір жолғы емес, ал ұзаққа созылатын көпәспектiлi үдерiс, ол адамның бүкiл өмiрi арасында жүзеге асырылады, өмiр сүру барысында адам нақты қоғамда, әлеуметтік топтар мен ұйымдарда iс жүргізудiң әлеуметтік тәжірибесiн жинақтайды. Әрбiр жаңа ұрпақ өздерi туып-өсетiн

және тіршілік ететін қоғамның мәдени мұрасын игерудің дербес, бірегей тәжірибесінен өтеді. Қоғам мен оның құрылымдары осы үдерісті ұйымдастырады және бақылайды, бірақ кездейсоқ әсерлердің дәрежесі соған қарамастан біршама жоғары. Осы қоғамда үстемдік ететін әлеуметтік институттар, әлеуметтендірудің тетіктері мен тәсілдері әлеуметтік тәжірибені игеру, сыртқы топтық нормалар мен құндылықтарды жеке адамның ішкі реттеуші жүйесіне интериоризациялау үдерісін қамтамасыз етеді де, сол арқылы әлеуметтену үдерісінің функционалды жағын белгілейді (*Джерелиевская И.К., 2005*).

Сонымен, қорыта келгенде, мынадай тұжырымдар жасауға болады: біріншіден, сабақтастықтың қазіргі жағдайлардағы жаңа тетігі жеке адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне, оның байыпты шешімдер қабылдау қабілетіне бағытталған әлеуметтену жүйесін ұйғарады. Тәрбие және білім беру жүйесі осы міндетті алдына қоюы тиіс. Тәрбие өмірдегі қолайсыз факторларға төзімді, соларға жауап беретін шешімдер қабылдауға қабілетті, дербес әлеуметтік-белсенді жеке адамды қалыптастыруға бағытталуы керек. Қоғам жастарға рухани арқау (негіз) беруі қажет, сонда қоғам жастарға ұсынған дербестік олардың игілігіне айналады да, жастар өткенді дұрыс бағалай және болашақта озық нені дамыту керек екенін таңдай алады. Әрбір жас адамның бойында жеке психологиялық және азаматтық қасиеттер болуы тиіс, осы қасиеттер қатаң жағдайларға шыдау және жеке тұлғаға айналу, содан кейін өз әлеуетін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қазіргі заманғы жағдайларда жеке адамның даралығы мен қоғам дамуында шешуші рөл атқаратын түбегейлі (іргелі) рухани-имандылық құндылықтар жаңа тәрбие жүйесінің негізі болуы тиіс.

Екіншіден, жас адам даралығының қалыптасуы мен дамуы біршама күрделі үдеріс, ол кезең бойынша жастарды әлеуметке қосады, әрі әлеуметтік-мәдени институттардың орнықтылығы мен белсенділігіне жеке адамның өз мүмкіндігін пайдалану және өзін-өзі бейімдеу дәрежесі байланысты болады. Жас адамның мінез-құлқы, ұстанымы және дүниетанымы көбіне сыртқы жағдайлардың әсерімен қалыптасады, бірақ оларға басым рөлді телу дұрыс емес.

Жастардың әлеуметтік тәжірибемен нығайтылмаған әлеуметтенуі ересектермен салыстырғанда анағұрлым осал. Сондықтан олардың саяси мақсаттары, діни көзқарастары анағұрлым тұрлаусыз, ал құндылықты бағдарлары құбылмалы. Бірақ, екінші жағынан, жастар қоғамдағы барлық өзгерістерді жіті қадағалайды, олар өздерінің қылықтарына жауап беруге, сын көзбен сараптауға, проблемаларды өздігінен шешуге және өмірлік перспективасын жасауға қабілетті.

Үшіншіден, қазақстандық қоғамды реформалау жастардың ойдағыдай әлеуметтенуі эталондарын, ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды табыстау ережелерінің жиынтығын қолдануды туындатты. Әлеуметтенудің кеңестік үлгісінен (нормативтігі бойынша біркелкі, бірдей бас-тапқы мүмкіндіктер мен кепілдіктер, олар өмір жолының бол-жамдылығын қамтамасыз етеді) басқа үлгіге (әзірше енді ғана қалыптасу үстіндегі, көп нұсқалы, стратификацияланған) ауысу-ды ескеру арқылы ғасырлар тоғысындағы қазақстандық жастар-дың әлеуметтенуіндегі мына ерекшеліктерді атауға болады: әлеуметтенудің негізгі институттарының түрленуі; әлеуметтік реттеудің құндылықты-нормативтік тетігінің бұзылуы және әлеуметтік бақылаудың жаңа жүйесінің қалыптасуы.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

- 1. Жастардың әлеуметтенуі үдерісіне және оның негізгі кезеңдеріне сипаттама беріңіз.*
- 2. Әлеуметтенудің қазіргі үлгісіне сүйене отырып, бүгінгі Қазақстандағы ұрпақаралық қатынастардың ерекшеліктерін түсіндіріңіз.*
- 3. Қазақстандық жастардың әлеуметтенуінің негізгі ерекшеліктерін атаңыз.*
- 4. Бүгінгі қоғамдағы отбасының, діннің, құқық пен БАҚ-тың негізгі функциялары қандай?*
- 5. Адамның мінез-құлқына оң немесе теріс (жағымсыз) әсерін тигізетін әлеуметтік факторларды атаңыз.*

Жаттығулар мен тапсырмалар:

- 1. «Әлеуметтік топ» ұғымының мән-мағынасын ашыңыз. Оның деңгейлерін, іс-әрекет мақсаттары мен жеке адамның әлеуметтенуі үдерісіне әсерін сипаттаңыз.*

2. Кестені толтырыңыз:

| <i>Әлеуметтік институт</i> | <i>Негізгі функциялар</i> | <i>Топтар мен ұйымдар</i> | <i>Құндылықтар</i> |
|----------------------------------|---------------------------|---------------------------|--------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Отбасы | | | |
| Дін | | | |
| Білім | | | |
| Саясат | | | |
| Құқық | | | |
| Ғылым | | | |
| Денсаулық сақтау | | | |
| Әскер | | | |
| Бұқаралық коммуникация құралдары | | | |

3. «Қазіргі адамның көпөлшемді әлемі» тақырыбына жазбаша жұмыс. Көлемі 5 бетке дейін.

2.3 Отбасы жастардың әлеуметтік бағдарлануындағы құндылық есебінде

Күрделі тұтас жүйе ретінде отбасын сақтау, өркендету мен дамыту проблемасы өскелең ұрпақтың өнегелі және рухани жетілуінің кепілі болып табылады. Азаматтық мінез-құлықтың негіздері тікелей отбасында қаланып, нақ сол жанұя жастарға өзінің мәдени, адамгершілік және әлеуметтік тәжірибесін сіңіреді. Отбасындағы райға, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа жас адамның қалай болып өсетіні, өмірде алдына қандай мақсаттар қоятыны, оның сана-сезімінің қандай құндылықты бағдарларды белгілейтіні тікелей байланысты болады.

Жеке адам үшін отбасы сан алуан әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық қажеттіліктерді іске асырудағы бірегей орын болып табылады: аналық және әкелік мейірім, өзара түсіністік пен бірін-бірі қолдау, өзінің «менмін» деген сезімін дәлелдеу, осы тұрғыдан отбасылық құндылық болып табылады.

Уақыт ауанында қоғамда болатын әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістер ең алдымен отбасына өз әсерін тигізеді.

Шын мәнінде, отбасы аясында бірнеше онжылдықтар арасында дәстүрлі рөлдердің, түсініктер мен таптаурындардың әлсіреуі жүреді. Осындай өзгерістердің негізінде ерлі-зайыптылар үшін еркіндікті таңдауға ырық беру, екеуінің теңдігі, өздерінің қабілеттерін таныту мүмкіндігі сияқты жаңашыл құндылықтар жатады. Қазіргі заманғы кезеңде отбасының тәуелсіздігі мен дербестігі үйдегі балалардың рөлі мен орнын айтарлықтай өзгертеді. Тәрбие мен білім беру проблемалары «әкелер мен балалардың түсініспеуінің» айғағы ретінде алдыңғы қатарға шығады. Е.Б. Брееваның пікірі бойынша, ересектердің пайымдауынша, «жаңа» – қисынсыз қылықтар мен жас ұрпақтың ойынша «ескірген» – кертартпа және мезгілі өткен әрекеттердің қақтығысы ұдайы жүріп отырады (*Бреева Е.Б., 1999*).

Жас ұрпаққа байланысты ересектердің ойы қандай? «Ересектердің» өздері бұрын қандай болған? Біздің балаларымыз қандай адамдар болып өседі? Орын алған оқиғалардың куәлары болып табылатын қазіргі ұрпақ қайда бұрылады? Осы сұрақтар жіті назар аударуды талап етеді, әрі оларға жауап беру әсте оңай емес.

Біздер қызықты да ғажайып уақытта өмір сүріп отырмыз, қоғам өмірінде, адамдардың сана-сезімінде, жастардың дүниетанымында жүріп жатқан орасан үлкен өзгерістер ғалымдар арасындағы ғылыми пікірталастар үшін арқау болады.

«Алпысыншы жылдардағы» ұрпақ қандай болды? Сонау 60-70-ші жылдары жастар коммунизм орнату идеясына сеніп, олардың сана-сезімінде барлық тіршілік саласына қатынасты белгілейтін біртұтас құндылықты негіз ұялады. Жас ұрпақтың рухани дүниесі еңбек барысында қалыптасты. Ұжымшылдық өзіндік ерекшелік пен сапа ретінде және қауымдастықтағы қарым-қатынастардың қағидаты есебінде тек бірлескен қоғамдық пайдалы әрекетте ғана болуы мүмкін еді.

Бір жағынан, комсомол өзінің айналасына жастардың ең белсенді және саналы қатарын біріктірсе, екінші жағынан, осы ұйымның ықпалымен әзірше қамтылмаған, әлеуметтік енжар жастардың шағын тобы дараланады. Е.М. Бабосов атап өткендей, белсенділер тобы мына талаптарға сай жеке адамдарды қамтыған: тұрақты тапсырма алып тұратын (бір немесе одан

көп), қоғамдық-саяси қызметке аптасына ең кемі 30 минут жұмсайтын және оны аса маңызды деп санайтын жастар. Енжар жастар тұрақты қоғамдық тапсырма алмады және олар қоғамдық-саяси жұмыстың рөлін барынша төмендетті.

Жастардың моральдық бейнесі нақты субъект – таратушы – жас ұрпаққа қатысты моральдың жұмыс істеуіндегі әлеуметтік аспектілерді сипаттайтын маңызды элемент іспеттес еді. Сол жылдардағы жастар еңбектері неғұрлым жемісті болса, тұрмыстары да соғұрлым жақсы болатынын анық білді. Ұжымдағы өзара көмек адамгершілік кемелдіктің маңызды көрсеткіші болып табылды. Ұжымдылықтың түрлерін кеңінен дамыту жағдайларында социалистік қоғамда жас адамның жеке басының қалыптасуы жеке адамның қалыптасуындағы проблема болды. Қайсыбір тұтас және баянды нәрсе ретінде пайымдалатын жас адам даралығының адамгершілік ұстанымын тәрбиелеу мен қалыптастырудағы өмірлік бағдарланудың кеңестік жүйесі шамамен осылайша көрінді.

Жастардың әлеуметтік топ ретінде бірқатар айрықшалықты мінездерге ие болатыны белгілі жайт. Бұлар ең алдымен, «рухтың мазасыздығы», ақиқатқа сын көзбен қарау, дарашылдық, нақты болмыстан қашуға, қоғамнан кетуге және қоғамнан еркін болуға әрекеттену. Бірақ өзінің барлық ерекшеліктеріне қарамастан, жастар таптар мен әлеуметтік жіктерден тысқары өмір сүре алмайды, сондықтан да жастардың проблемалары бүкіл қоғамды қозғайтын анағұрлым кең ауқымдағы әлеуметтік проблемалардың туындылары болып табылады. 70-ші жылдарда – көптеген батыстық қоғамтанушылар жастар арасында мына кеселдің жылдам тарауы жөнінде шындап дабыл қақты да, оны сол ғалымдар «өмірді пайымдау сезімінен айырылу» синдромы деп атады. Осы жылдарда американдық журнал сандарының бірінде 200 сұхбаттың негізінде құрастырылған АҚШ жастары мен студенттерінің Декларациясы жарияланды. Мәтіннен үзінді келтірейік: «Біздің ең қиын проблемамыз қоғамда өз орнымызды таба білуімізге саяды. Барлығы да біздің болашақ туралы уайымдамауымыз керек екенін айтатын сияқты: бізді білімді де дарынды деп иландырады. Бірақ біздер қоғам аластайды деп

емес, ал осы қоғамды қабылдай алмайтынымыздан қорқамыз...» (Розенталь Э., 1990).

Жастардың әлеуметтік наразылығының батыста 80-ші жылдары біршама бәсеңдеуін шаршау мен 60-70-ші жылдардағы жеңілістен түңілуден немесе тұтыну қоғамына тән еріншектіктен ғана емес, сонымен бірге ең алдымен, бұрынғы құндылықтардың бүкіл жүйесінің ауысуымен түсіндіруге болады. Ядролық соғыс пен экологиялық апаттың қаупі пессимистік көңіл-күйдің жаппай тарауына түрткі болды.

«Менің зауытым», «Менің бригадам!» – кеңес жастарының айтатын сөздері еді. Жұмысшы табына, шаруалар ұжымына жатуды мақтан тұту, таңдаған мамандығына сүйіспеншілік білдіру сезімі әрбір жас адамның парызы болды. «Мемлекет пен қоғам істерін басқаруда біздің елімізде барлық мамандықтар мен әр жастағы еңбекшілер барынша белсенділікпен қатысады. Комсомол мен жастар үлкен істерді алып жүреді... Біз бұдан былай да жарқын жастарымызға одан сайын нық сүйенетін боламыз, жас ұрпақты халықтардың лениндік достық, кеңестік патриотизм, Отанымыздың кез келген тапсырмасын орындауға даяр болу рухында тәрбиелейміз» (Султанов К.С., 1981). Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың осы сөздерінен әрбір жасөспірім мен бойжеткен қыз қамқорлық пен қолдауды, сондай-ақ қоғам мен бір-бірінің алдындағы жауапкершілікті сезінді.

Кеңес жастарының өмірдің қиыншылықтарына қатысты тәжірибесі аз және анағұрлым қорғансыз еді, олар сезімтал, осал болды, қайсыбір әділетсіздіктерді жоюдың түбегейлі әдістері біздің жастарымызға жат еді. Э. Розентальдың айтуынша, ақиқат болмыстың барлық кемшіліктеріне, «идеологиялық» ойлаудың болуына қарамастан, сол жылдарда өмірдің өзіндік, социалистік салты қалыптасып, ол батыстағы жастар үшін кәдімгі адамгершілік қатынастардың үлгісі болуға лайық еді.

80-ші жылдардағы жастар – қайта құру кезеңінің құрдастары, әрі Л.Г. Борисова айтқандай, экономикалық реформалардың перзенттері. Олар социалистік мұраттарға тартылмаған алғашқы ұрпақ. Сол кездегі жастардың әлеуметтенуі түрлі бағыттағы идеялар мен мінез-құлық үлгілерінің ықпалымен, мәдениет-

тердің араласуы мен адамгершілік (өнегелілік) акценттердің араласу ауанында жүрді. Оларды аласапыран уақыттағы жасөспірімдер деп бекер атамайды.

90-шы жылдардағы ұрпақ, В.Т. Лисовский атағандай пепси-ұрпақ немесе «ребус-ұрпақ» – әлеуметтік әдебиетте өте жиі кездесетін анықтама, бәлкім, прагматикалы және қолайлы болса керек, бірақ олардың бойындағы дербестік пен мақсаткерлік қасиеттерді мойындамау мүмкін емес. Ересектер жастардың бойында не мақсаттары, не мұраттары жоқ деп жазғырады. Бірақ олар, жасөспірімдер мен бойжеткен қыздар мақсатсыз университеттерге барып, сабақтарға қатысар ма еді, бұл қандай да болса мақсатты ұйғарады, ал мұратқа келсек – өзінің болашағына байланысты ең озық нұсқаны атаса да жеткілікті.

Бүгінгі жастарға өздерінің ата-аналарымен салыстырғанда анағұрлым қиындау соғады: ақпарат ағынының ұлғаюы, батыс музыкасының, кинофильмдерінің және басқа да құралдарының ықпалы жастардың санасында пайда болған идеологиялық бос кеңістікті (вакуумды) толтырады. Батыстағы жастардың наразылығы мен жастардың контрмәдениеті өмірдің руханисыздығына қайсыбір балама, өмірлік мүдделерді тұтынушылыққа саятын жүйеге қарсылық ретінде туындады. Социализм жүйесі өздігінен осындай наразылықты туындатпайды, алайда, кез келген жүйенің заңдары, бұдан социализм де тысқары қалмайды, өздігінен ештеңе жасай алмайды, сондай заңдар адамдардың нақты іс-әрекетінде іске асырылады, жастарды былай қойғанда ересек адамдар оларды көбіне мүлде өзгеше пайымдайды (*Розенталь Э., 1990*). Балалар мен жастар әлеуметтік мұратты ең алдымен ата-аналарынан қабылдайды. Комсомол мен мектеп осы мұратты жастардың санасында әкімшілік әдістердің және даурықпа ұрандардың көмегімен қалыптастыруға тырысты.

Ал егер ата-аналары өз балалары үшін үлгі болмаса, онда жас адамдар өздерінің зейіндерін басқа кейіпкерлер мен құндылықтарға аударуға әрекеттенеді. Осы жағдайда да бұл да ересектердің әлеміне қарсы көрсетілген өзінше наразылық болып табылады. Ұрпақтардың ауысуынан туындаған қоғамдық санадағы өзгерістердің ересектерді алаңдатпауы мүмкін емес. Қазіргі жастар, қоғамдық өмірде сөзсіз батыл және ашық, бірақ олар-

ға бұрынғы тәжірибені ыждаһатты зерделеу үшін тәжірибе мен төзім жетіспейді. Ұрпақтардың мәдени сабақтастық проблемаларын зерттеп-зерделеген М. Мид мына жайтты атап көрсетеді, мәдениеттердің белгілі үш түрінің арасында, атап айтқанда, префигуративті мәдениет болашаққа тікелей бағдарлайды. Нақ осы мәдениетте ересектер өз балаларынан үйренеді. Жас адамдар енді өздерінің аталары мен әжелері, әкелері мен аналары білмегенді біледі.

Жастар ересектердің тәлімдерін бойларына сіңірумен ғана шектелместен, өздері де өмірдегі проблемалардың жауабын іздеуге ұмтылады. Сондықтан жаңа ұрпақтың өмірлік, мәдени және білім деңгейі, саяси мәдениеті, әлеуметтік шындықты түсінулері мен пайымдаулары бүкіл кемшіліктеріне қарамастан, әрине, аға ұрпақтардың болмыстарынан басқаша.

Жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, біз мына сөзді нық сеніммен айта аламыз, жастар қазіргіміз болса, ал біздің балаларымыз – болашағымыз. Біздер, жастар, өз балаларымызға нені табыстай аламыз, олар өмірдің қандай тәжірибелері мен мәдени дәстүрлерді мирас етуі мүмкін, біздің балаларымыз қандай болып өседі?

Біздер балалар мен жасөспірімдердің озық интеллектуалды дамуын жақтаймыз. Көптеген ата-аналар өз балаларының «әлеуметтік қадамын» ойлап, ең «ақылды және зерек» балалардың қатарына шығару үшін оларды мамандандырылған жекеше мектептерге орналастыруға ұмтылады. Басқасын айтпағанда, бүкіл адамзаттың білімі өскендіктен, білім беру жүйесінің нығаюы мен кеңеюінен, ақпарат көлемдерінің ұлғаюынан балалар мен жастар, білімдар бола бастады. Бірақ, сонымен қатар, жаны ашу, мейірімділік, қарапайымдылық, үлкендерді сыйлау сияқты қасиеттерді тәрбиелеуге лайықты көңіл бөлінбейді. Соның нәтижесінде өмірде оғаштық орын алады, балалар кішкентай кездерінен-ақ шет тілдерінде сөйлей бастайды да, бірақ өнегелілік дәруменіне аса зәру болады.

Жас ата-аналар, өздерінің пайымдауынша, балаларының психикасына (жүйкесіне) зақым келтірмеу үшін көбіне оларды өмірдің қам-қарекеттері мен қиындықтарынан оқшаулауға тырысады да, сол арқылы «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен

жүруге» үйрену мен өзiмшiлдiк, қатыгездiк және селқостық мiнездердiң қалыптасуына себеп болады. Бiр кездерi мына сөздердi айтқан Р. Эберхард сәуегей екен: «Өз достарыңнан қорықпаңдар, ең жаман жағдайда олар сендердi сатып кетедi. Дұшпандарыңнан қорықпаңдар, жеме-жемге келгенде, олар сендердi өлтiруi мүмкiн. Ең қауiптiсi бей-жай, селқос адамдар, өйткенi солардың үнсiз келiсуi арқылы жер бетiндегi бүкiл қас зұлымдықтар жасалады».

Қазiргi заманғы балалар тез есейедi. Сондықтан оларға нақты өмiр туралы уақытылы нақты бiлiм беру, жеке тәжiрибемен дер кезiнде бөлiсу және үлкендердiң тәжiрибесiн сыйлауға үйрету маңызды. Бұрынғыдан бас тартуға болмайды, өйткенi онсыз бүгiнiң мен ертеңiң жоқ. Ұрпақтар арасындағы түсiнбеушiлiктiң астарында жатқан көптеген себептер сол жылдардағы әлеуметтiк ахуалды, өмiр тарихын бiлмеуден туындайды, әрi қазiргi заманғы бiлiм мен тәжiрибенiң биiгiнен саралаған кезде, бiз сол замандағы адамдардың психологиясын назардан тыс қалдырамыз.

Жоғарыда айтылғандай, отбасында жүретiн өзгерiстерге байланысты балаларға деген жаңа қарым-қатынас қалыптасады да, әрi ол екiұшты болады. Бiр жағынан, балалар құндылық болып саналады да, ата-аналардың көпшiлiгi перзенттерiн қуаныш етедi. Екiншi жағынан, тұрмыс жағдайларының, әлеуметтiк және экономикалық құндылықтар жүйелерiнiң өзгеруiне байланысты балаға құштарлық азаяды. Балаларды тәрбиелеу мен оларға бiлiм беру рухани да, материалдық та үлкен күш-жiгер мен жұмсалатын қаражатты талап етедi. М. Мидтiң пiкiрi бойынша, отбасында балалардың санын азайту ата-аналарға әр балаға көбiрек көңiл бөлуге, ал балаларының жақсы бiлiм алулары мен өмiрде көп нәрсеге қол жеткiзулерiне мүмкiндiк бередi⁵. Расында да солай ма? Қаржы және басқа да қиындықтарға қарамастан, көпшiлiк жас отбасылар балаларды құнды «әлеуметтiк инвестициялау» деп есептейдi.

Балалардың қаншалықты лайықты тәрбие алатынына байланысты алаңдаушылық 80-шi жылдардың соңы мен 90-шы

⁵ Mead M. More about Limiting Large Families // Redbook. – N.Y., 1964. – P. 14.

жылдардың бас кезінде бұқаралық медианың басты тақырыптарының біріне айналды. Егер журналистер ұдайы көтеріп жүрген проблемалар – баланы дұрыс тәрбиелемеуге, оның мүдделерін елемеуге, балаларға күш көрсетуге, ұрлауға, жасөспірімдер қылмыстылығына назар аударатын болса, онда балалар да, олардың ата-аналары да жаңа ұрпақтың әлеуметтену міндеттеріне сай емес деген пікір туындайды.

Отбасы – негізгі институттардың бірі ғана емес: неке мен отбасы туралы түсінік көпшілік адамдар үшін өмірлік философияда басты мәнге ие. Осы тұрғыда көптеген нормалар мен ұғымдарды, бағдарлар мен таптаурындарды қайта пайымдауға байланысты отбасылық құндылықтар эволюциясының проблемасы аса маңызды сияқты болып көрінеді. Отбасыға барынша баламалы анықтама табу және оны жіктеу күрделі мәселе болып табылады. Көптеген ғалымдар отбасын әлеуметтік жүйе және жеке құндылық ретінде қарайды да, бұл ретте оның қоғам-жеке адам қатынастарындағы «аралық» функциялары аталатын қызметін жоғалтуының себептерін анықтауға әрекет жасайды. А. Рейсс ұрпақты «күту» мен оны әлеуметтендіру шешуші функциясымен туыстық қағидаты бойынша құрылымданған шағын топты отбасы деп атайды.

Құндылықты бағдарлар тұрғысынан неке мен отбасы көптеген құрауыштарға жіктелетін өз бетінше құндылықтар болып табылады. Бірақ отбасын құрамдас құрауыштарға егжей-тегжейлі таратып беру біздің міндетімізге кірмейді. Одан да жас адамдардың отбасын жанарту үдерісіндегі құндылықты бағдарларының өзгеру серпінін анықтағанымыз жөн сияқты. Отбасы туралы бұрынғы, әсіресе қазіргі заманғы таптаурындар карама-қайшы және олардың негізі әрдайым нақты да орнықты бола бермейді.

Батыста 70-ші жылдары «Мен» аталатын мәдениет кеңінен тарады, оның негізгі идеясы мынаған саяды: балалар үшін некені сақтау арзи ма? 80-ші жылдардың бас кезіне қарай американдықтар бала туу мен оған лайықты тәрбие беруді жеке адамның өміріндегі басты оқиға деп санаудан біржола бас тартуға даяр емес болды, олар үшін – жеке басының ырыс-берекесі мен әлауқатының проблемасы ең алдыңғы қатарда тұрды. Балалармен араласу, ең алдымен, ләззат әкеледі деген идея американдық-

тардың өмір философиясындағы жаңа үрдістерге үйлесімді кірігіп кетті. Балалар адамға шын бақыт әкеледі, өйткені балалардың арқасында ғана адам жақсы қызмет пен лайықты әлеуметтік тұрмысқа жетуге ұмтылады. 90-шы жылдарда бала туу туралы шешім қабылдауда мыналар оң уәждер болып есептелді: балаға сүйіспеншілік сыйлау ықыласы, баламен араласудан ләззат алу, жақсы ата-ана болуға ұмтылу.

Бүгінгі уақытта, Е.Б. Брееваның айтуынша, тұрмыс жағдайларының, әлеуметтік және экономикалық жүйенің өзгеруіне байланысты балаларға деген қажеттілік азайып барады. Балалар көбіне отбасылық және ұлттық ресурстарға теріс әсерін тигізетін ауыр бейнет пен ауыртпалық ретінде қаралады. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту ата-аналарына барған сайын қымбатқа түседі. Көпшілік жастар балалы болу туралы ой үйленгенде немесе тұрмысқа шыққанда айқындаушы мәселе болмауы керек деп есептейді. Балалардың болуы неке қатынастарының құрылымын өзгертеді де, ол некелесуден ләззаттануды кемітеді. Сонымен қатар, бірінші перзенттің дүниеге келуі мен отбасында кішкентай балалардың болуы некені бұзудың ықтималдығын мүлде азайтады. Неке мен отбасы мәселелерімен айналысатын мамандар болашақ ата-аналарға «перзент туралы» ойламас бұрын, өздерінің ұстанымдары мен мүмкіндіктерін нақты бағалай білулеріне кеңес береді.

Мысал ретінде еуропалық елдерде кеңінен тараған «балалардан еркіндік» аталатын көзқарасқа назар аудартқымыз келеді. Мұнда «перзентсіз» деген сөз көбіне «балалардан еркіндік» анықтамасымен ауыстырылады. Әдейі бала тумау жөнінде шешім қабылдаған жас әйелдер әдетте жақсы білім алған және жоғары мансапқа қол жеткізген адамдар болып табылады. АҚШ-та 90-шы жылдардың соңында жүргізілген зерттеулердің бірінің деректері бойынша тұрмысқа шығып, бала тумаған жас әйелдердің 87%-ы балалар өздерінің жұмысына немесе қызметте өсулеріне бөгет жасаған болар еді деп жауап берген, 91%-ы балалардың болуы өздерінің еркіндіктерін және мүмкіндіктерін көрсетуді тежер еді деген, 47%-ы экономикалық пайымдарды, 42 %-ы балаларды тәрбиелеумен қатар жұмысты алып жүрудің қиындығын келтірген.

Жас ұрпақ өзгеруші қоғам жағдайында қалыптасады. Әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени қатынастардағы түбегейлі өзгерістер ұрпақтардың әлеуметтік-мәдени тәуелділігінде мәнді өзгерістерді де алып келді. Қоғамда болып жатқан құрылымдық өзгерістер өмір жағдайын мәнді түрде өзгертеді, сонымен бірге, әртүрлі ұрпақтардың тәжірибесі аға ұрпақ әлемінде қабылданғандардан өзгеше өзінің құндылықтар, стандарттар, мінез-құлық үлгілері жиынтығын қалыптастырады.

«Сізді қоршаған адамдардың ішінен қайсысымен балалық шақтың ең жылы естеліктері байланысты?»⁶ сұрағына – жас адамдардың көп бөлігі (66,9%) – «ата-ана», және бірінші кезекте анасы мен әжесінің әсері нұсқасын белгіледі. «Әке» бейнесімен байланысты жағымды естеліктер аз деңгейде көрсетілді. «Достарының» әсері «аталарының» әсеріне қарағанда күштірек. Сонымен, біздің респонденттеріміздің балалық шағы әйелдік бейненің әсерімен көрсетілді.

1-кесте.

«Сізді қоршаған адамдардың ішінен қайсысымен балалық шақтың ең жағымды естеліктері байланысты?» сұрағына респонденттер жауабының бөлінуі

| Жауаптар нұсқалары | % |
|--------------------|-------|
| Ата-аналар | 66,9% |
| Достар | 16,1% |
| Әже | 13,1% |
| Шеше | 12,3% |
| Туыстар | 10,6% |
| Әке | 5,1% |
| Мұғалімдер | 4,7% |
| Ата | 3,9% |

«Сіз жайлы «мендегі жақсы қасиетім үшін мен, ең алдымен, міндеттімін...» деп айтуға болады ма?» сұраққа алынған мәліметтерге сәйкес (2-кесте): 61,9% жастар – «анама» деп тұжырымды жауап берді. 24,5% респондент өздеріндегі жақсы қасиеті үшін олар – «әкеме» деп жауап берді.

⁶ Абдирайымова Г.С., Вережкин А.В., Кенжакимова Г.А. Социологический ежегодник. – Алматы, 2011. – С. 11.

«Сіз жайлы «мендегі жақсы қасиетім үшін мен, ең алдымен, міндеттімін..., – деп айтуға бола ма?» сұрағына респонденттер жауабының бөлінуі

| Жауаптар нұсқалары | % |
|--------------------|-------|
| Анама | 61,9% |
| Әкеме | 24,5% |
| Әжеме | 5,4% |
| Атама | 2,9% |
| Мұғалімдерге | 5,9% |
| Досыма (кұрбыма) | 1,9% |
| Кітаптарға | 2,4% |

Жарқын мысал ретінде сұралған жас адамдар жалпы сұралғандар санынан «әжені» – 5,4%, «атаны» – 2,9% атап көрсетті. Бұл жағдай қазіргі отбасылардың өмір сүруіне қатысты неолокальділік теориясын дәлелдейді, яғни олар өздерінің ата-аналарынан жеке тұрады және балаларын ата-анасынан бөлек тәрбиелейді, яғни аға ұрпақ өкілдері – әжелер мен аталарынан тыс, олардан осы арқылы рухани тәрбие беру, құндылықтар мен тәжірибе беру жауапкершіліктері алынады.

Алынған қорытындыларды сараптай келе, соңғы 2-3 жылдағы қазақстандық қоғамның зерттеулерімен салыстыра отырып, қазіргі қоғамның дамуындағы айқын тенденциясын көруге болады. Сонымен, ҚР мәдениет Министрлігінің «Әкелер мен балалар, отбасылық тәрбиеде еркек рөлін жоғарылатуға бағытталған» әлеуметтік-мәнді жобасын жүзеге асыру барысында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу аясында сұралғандардың 40% отбасылық тәрбие бойынша бөлу жөнінде – «ана» ұстанымын таңдады. 42% «ата-ананың екеуі де» нұсқасын белгіледі. Аға ұрпаққа қатысты (ата/әже) бұл көрсеткіш – 9,7%-ды құрайды. Сонымен, отбасылық тәрбиеде әкенің рөлі сауалнамалардың 6,5%-ы ғана көрсетті⁷.

Отбасы саласында, міне бірнеше онжылдық көлемінде дәстүрлі рөлдер, көріністер мен стереотиптердің әлсіреуі өтуде. Осындай өзгерістердің негізінде тұрғылықты жерді таңдауда екі

⁷ Отцы и дети: проблемы и перспективы. – Алматы, 2010. – С. 131.


жүп үшін де таңдау еркіндігінің кеңеюі, өзіндік жүзеге асыру және т.б. сияқты модернистік құндылықтар жатыр. Қазіргі отбасылардың тәуелсіздігі мен автономдылығы, тәрбиеге «институцияланған аналар мен әкелерді» «күтушілер» рөлінде алып келу балалардың ондағы рөлі мен орнын мәнді түрде өзгертеді. Тек 2,4% студент жастар ғана рухани бастауды қалыптастырудағы кітаптардың рөлін көрсетеді.

Осы сұрау аясында студент жастар санасында аға ұрпақтағы мәселелерге көңіл бөлінді (1-сурет).

Жастар аға ұрпақты мазалайтын мәселелер қатарын бөліп көрсетеді – *ол денсаулық (34,9%) және әлеуметтік пайдасыздық (18,1%)*.

Жас адамдардың *15,4%-ы* өскелең ұрпақ тарапынан сыйластық пен мойындаудың жоқтығымен байланысты мәселелерді көрсетеді.

1-сурет. «Аға ұрпақ мәселелері» диаграммасы



«Аға ұрпақта Сізді не көбірек қызықтырады?» – қатынасты айқындайтын және қандай да бір деңгейде аға ұрпаққа баға беретін сұрақ осылай қойылды (3-кесте). Сонымен, жастардың аға ұрпақтың тартымды қырлары жөніндегі көріністерін келесідей сипаттауға болады:

- сұралған студенттердің 48%-ы аға ұрпақтың мәдени дамуының жоғары деңгейін және руханилығын көрсетеді;
- 20,8% - «төзімділік» сияқты маңызды қырын көрсетеді;
- 15,4% - сүйікті ісін орындау ептілігі.

3-кесте

**«Аға ұрпақта Сізді не көбірек қызықтырады?» сұрағына
респонденттер жауабының бөлінуі**

| Жауаптар нұсқасы | % |
|--|----------|
| Мәдени дамудың жоғары деңгейі, руханилық | 48% |
| Қиын жағдайда көмекке даярлығы | 20,8% |
| Төзімділік | 18,3% |
| Сүйікті ісін орындау ептілігі | 15,4% |
| Басқа | 4,9% |

Бұл зерттеулерден аға ұрпақ тек жас адамдар тарапынан бағаланып қана қоймай, еліктеуге тұрарлық үлгілер де болып табылатындығы жөнінде қорытынды жасауға болады.

Төменде сұрау кезінде алынған және аға ұрпақтың азырақ тартымды қырларына қатысты берілгендер келтірілген (4-кесте).

4-кесте

**«Сіз аға ұрпақтың тартымдылығы аз қандай қырларын көрсете аласыз?»
сұрағына респонденттер жауабының бөлінуі**

| Жауаптар нұсқасы | % |
|---|----------|
| Өзінің жұмысы мен идеалдарына берілгіштік | 31,8% |
| Жастарға өз пікірін қосуға ұмтылу | 29,3% |
| Үйретушілікке бейімділік | 27,1% |
| Ымыраға келуді қаламаушылық | 12,3% |
| Басқа | 4,3% |

Өзінің жұмысы мен идеалдарына берілгіштік жастардың ойынша, аға ұрпақтың ең жағымсыз қыры болып табылатыны назар аудартады. Аға ұрпақты сынауда негізгісі артық бақылау, жастар қатынасындағы сенімсіздік пен түсініспеушілік, ішкі потенциал мен күштерді бағаламау, дербестіктің шектеулілігі мен әріптестік қатынастар орнатудың қиындығы. Студенттердің *«жастарға өз пікірін қосуға ұмтылу»* - 29,3% және *«үйретушілікке*

бейімділік» - 27,1% сұрақтарына белгілеген жауаптар осымен түсіндіріледі.

Сонымен, «Сіз аға ұрпаққа қалай қарайсыз?» сұрағына жауаптар келесідей болды (5-кесте).

5-кесте

Респонденттердің аға ұрпаққа қатынасын өзіндік бағалауы

| «Сіз аға ұрпаққа қалай қарайсыз?» сұрағына жауаптар нұсқасы | % |
|---|-------|
| Мақтанышпен | 5,9% |
| Сыйластықпен | 76,7% |
| Түсінбеушілікпен | 9,6% |
| Жауап беруге қиналған | 7,5% |

Сұралған студенттердің басым көпшілігі (76,7%) – *сыйластықпен* нұсқасын таңдады.

24-29 жастағы жас әйелдердің жауаптары қызығуға тұрарлық: балалы болудың негізгі себебіне «перзенттерін сүйу» жатса – 47%, 29,3% әйелдер «балалар өзара махаббаттың дәнекері болып табылады және отбасының ынтымағын күшейтеді» деп жауап берсе, шамамен 17%-ы «бұл туралы ешқашан ойлаған емеспіз», 6,7% респондент «қартайғанда балаларымыз асырайды» деген⁸. Балалы болуға байланысты шешім қабылдау кезінде жастардың арасында кейінгі бірнеше онжылдықтар арасында мыналар ең маңызды себептер болып табылады: өзінің «ересек адам» болудағы дербес рөлін ақтау, біреудің қамын ойлау, өз тұқымын жалғастыру. Оң уәждер ретінде бір мәнді мағынада сипаттауға болмайтындар: ата-аналардың, достардың, қоғамның тарапынан көрсетілетін қысым; баланың дүниеге келуі сәтсіз некені жөнге келтіріп, қарым-қатынасты жақсартады деген ұғымдар. Баласы болу керек пе, керек емес пе, бұған қатысты мәселе, ең алдымен, отбасының қаржы жағдайына байланысты: ақша мәселесі, әсіресе, екінші немесе үшінші баланы туу туралы әңгіме болғанда үлкен рөл атқарады. Мұны былайша түсіндіруге

⁸ Мұнда және әрі қарай Қазақстанда және Алматы қ. 2011-2012 жж. аралығында Социологиялық зерттеу және әлеуметтік инжиниринг орталығы жүргізілген социологиялық зерттеулердің кейбір нәтижелері беріледі.

болады: біріншіден, көпшілік жас қосақтар ерлі-зайыптының біреуінің жалақысына ұзақ уақыт бойы күнелтуге арланады; екіншіден, баланы тәрбиелеуге жұмсалатын қазіргі қоғамдағы шығындар тым үлкен.

Ал балаларды тәрбиелеудің тікелей әдістеріне келетін болсақ, зерттеушілер ата-ана мінез-құлқының ең көп тараған үш түрін бөліп атайды: өктемшілдік (ең бірінші кезектегі құндылық – балалардың тіл алғыштығы мен еркіндікті шектеу); беделге негізделген үлгі – балаларды айқын және ұтымды бағдарлау, мұнда ұйғарылған стандарттарға ерекше көңіл бөлінеді, бірақ балалардың өздерінің мүдделері мен көзқарастары да ескеріліп, оларға тәуелсіздіктің белгілі бір деңгейі беріледі, атап айтқанда, шешімдер қабылдау үдерісінде; және жүгенсіздікке негізделген тәрбие үлгісі (жалғыз-ақ мақсат – балаларға еркіндіктің бүкіл дәрежесін беру). Осы тұрпаттаманы біз сауалнамаға жауап берушілерге ұсынғанымызда, зерттеудің нәтижелері бойынша ең тиімді болып екінші үлгі танылды, 52,2% жас адамдар осы үлгіні іске асырғанда өз күштеріне сенетін жауапты тұлғалар өсіп-жетіледі деп есептейді, жастардың 30 %-ы балаларды тәрбиелеудің ең озық тәсілі – ескі, сақтанымпаз нұсқаулар мен қатаң тәртіпті атайды. 17,8% жас адамдар ата-аналар балаларын, әсіресе 9 жасқа дейінгілерін кейде жазалауға құқылы және сол үшін жауапкершілік көтереді деп есептейді, бұл тәсіл көптеген отбасыларға ортақ. Алайда пікір білдірушілердің басым көпшілігі балаларды ұрып-соғуды көп адамдардың жазғыратынын және, олардың ойынша, мұндай ата-аналар сот жазасына тартылуға лайық екендерін айтады.

«Ата-аналар» буынына берілген сауалнамаға сәйкес, сұралғандардың 68,3%-ы балалық шақтарындағы тәрбиенің біршама қатаң болғанын және кейіннен оның оң нәтижелер бергенін жеткізеді. 63,8% адам өздерінің балалық шақтарын бақытты немесе әбден бақытты шақ еді деп еске алады, 30,5%-ы – қалыпты десе, небәрі 5,7%-ы ғана бақытсыз деп санайды. Жаза ретінде ата-аналардың 47,2%-ы «кінәсін мойындату» тәсілін артық көрсе, 49,8%-ы – «түсіндіру әдісін» және 3%-ы «қамшы мен тәтті тоқаш» әдісін қолданады. Сонымен, ата-аналар үшін өздерінің беделіне, баланың даралығын белсенді көтермелеуге, қажетті ережелерді

түсіндіруге және сөз жүзінде сақталатын тәртіпке екпін беруге негізделген бала тәрбиесі көп дәрежеде тән. Дербестік пен тәуелсіздікке қатысты тәуелділік идеясының қайсыбір балансына әкелу туралы айтуға болады, осы тәуелділік бұрыс болып саналмайды.

Көпшілік бойжеткен қыздар өз аналарымен салыстырғанда балаларымызға, сірә, олардан дұрыс қарай алар ма екенбіз деп есептейді, әйтсе де, балалардың жақсы білім алуларын қадағалауды борыштары санайды. Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан сәл көбірегі алдыңғы ұрпақ аналарының әлдеқайда төзімді болғанын, үйге жақсырақ қарағанын және тәртіп пен жазалау туралы анағұрлым айқын және қатаң түсініктер ұстанғанын атап өтті.

«Ата-ананың қайсысы бала тәрбиесіне белсендірек қатысуы керек?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 56%-ы, атап айтқанда, аналар балаларға көбірек уақыт жұмсаулары тиіс, өйткені олар өзіндік рөлдік үлгі іспеттес деп, 32,9%-ы балаларды әлеуметтендіруге ата-ана бірдей қатысуға тиіс деп, тек 11,1%-ы ғана бала тәрбиесіндегі басты рөлді әке – ер адам орынауы керек деп жауап берген.

Осыған байланысты мына бір жайтты атап өткіміз келеді, егер бұрын социологтар отбасы, неке құндылығын тікелей әйелдер үшін белгілесе және отбасылық проблематика әйел зерттеулерінің мәнмәтінінде көтерілсе, ал қазір некелік, әкелік және отбасылық қарым-қатынастар ер адам үшін де өмірлік құндылық ретінде қаралады.

Қалада тұратын қазіргі еркектердің әкелік мінез-құлқының ерекшеліктерін анықтау үшін Новосибирск және Бердск қалаларында А.Р. Михееваның жетекшілігімен арнайы зерттеу жүргізілді. Зерттеудің негізгі міндеті – бұқаралық сауалнама материалдарының талдауы арқылы әкелік феноменді нысаналы эмпирикалық зерделеу болды. Жалпы алғанда, зерттеудің деректері бойынша мынадай тұжырым жасауға болады, новосібірліктердің отбасылары демократиялықтың біршама жоғары дәрежесімен, рөлдік құрылыммен, эгалитарлықпен сипатталып, олар мына мезеттерден көрінеді:

- көпшілік отбасылардағы ерлі-зайыптылар үйден тыс жұмыс істейді (жұмыс істейтін сауалнамаға қатысушы еркектер 97%, әйелдер 88%);

- 30-70% отбасындағы ерлі-зайыптылар тең орындайтын үй жұмысы негізгі 6 тармақтан тұрады: азық-түлік сатып алу, ыдыс-аяқ жуу, демалысты (бос уақыт өткізуді) жоспарлау, қаржы жұмсау, ауруларға қарау;

- отбасы үшін маңызды шешімдер үйдегі бірлескен талқылаулардан кейін қабылданады: 65% респонденттер;

- балаларға қарауға және оларды тәрбиелеуге байланысты тең орындалатын істердің тізбесі 30-60% сұрақ қойылған отбасыларда 7 тармақтан тұрады: ауру балаға қарау; ұйықтату; сабақтарын дайындауға көмектесу; жазалау; балаларды мәдениетке баулу (театрларға, мұражайларға, киноға бару); ойындар ойнау, қыдырту, дауыстап кітап оқып беру;

- жалпы алғанда өзінің отбасылық өміріне көңілі толудың үлкен деңгейі («ки» және «солай» деген жауапты 87% еркектер және 72% әйелдер берді).

Автордың айтуынша, балалардың тәрбиесі туралы түсініктерге көбірек эгалитарлық тән. Мәселен, 69% ер адамдар және 79% әйелдер балаларды бірге тәрбиелеу керек деп есептейді. Бірақ 37% еркектер және 31% әйелдер балаларға тек әйелдер ғана қарау керек деген пікірді айтады. Тәрбие мәселелері бойынша осы үрдістің деңгейі төмендеу: небәрі 24% еркектер мен 12% әйелдер балаларды тәрбиелеуді әйелдердің айрықша құзыретіне жатқызса, ал 8% еркектер және 9% әйелдер осы міндетті еркектерге жүктеуге дайын. Сонымен жоғарыда мазмұндалғаннан мынадай қорытынды жасауға болады, қазір осы заманғы отбасыларда жалпы алғанда әкелік дәстүрлі рөлдер елеулі өзгеріске ұшырады. Әрі, Михеева атап өткендей, гендерлік жүйенің жалпы өзгеріске ұшырауы гендерлік қатынастардың ең консервативті салаларының бірі – ата-ана саласындағы жылжуларға әкелді.

Өздерінің ержету (бойжету) үдерісін, ересектер әлеміне «кіруді» сауалнама қойылғандардың 40,1%-ы сескене қабылда-са, ал жастардың 47,2%-ы – «жұмыс істейтінім және «ересектер әлемінің» бөлшегіне айналатыным туралы ойлағанда қобалжи-мын» деген пікірмен келіспейтіндерін білдірді. Сонымен, 16-18

жастағы жастар ата-анасының үйін тастауға ұмтылмайды, бәлкім, сондықтан олар «ересектер әлемінің» алдында ұяндық көрсетсе керек.

Қазіргі заманғы бойжеткен қыздарды балаларды қалай тәрбиелеу және оларға лайықты білім беру (60,5%), балаларының өмірде жетістіктерге қол жеткізетін адамдар болып өсуі (54,5%), бала тәрбиесі мен өз жұмысын қалай қатар алып жүру (36%) проблемалары көбірек толғандырады. Сұраққа жауап бергендердің 25%-дан 17%-ға дейінгілері проблема ретінде экономикалық тұрақсыздық, балаларды есірткі қолданудан сақтау мен ЖИТС-тен (СПИД) қорғау мәселелерін атаған. Ата-аналарды қылмыс жасаудан кейінгі екінші қатты уайымдататын мәселеге некеге тұрғанға дейін нәсіпқұмарлық қатынасқа түсу (11%), бала тумау (8%) және балаларының ешқашан үйленбеу немесе тұрмысқа шықпау (5%) фактілері жатады.

Біздің сауалнамамыз бойынша, қыздардың тең жартысынан көбі ата-анасына жүгінеді. Олар өздерінің аналарымен және анасы жағынан туыс адамдармен жақын қарым-қатынастар ұстап, бұл орайда жылы сезім мен сүйіспеншілік көрсетеді. Сауалнамаға қатысқан қазақ қыздарының 89%-ы бүгінде өздерінің ежелерін «мама» деп атайды екен, бұл қазақтың ділі үшін тән қасиет болып табылады. Сауалнамаға жауап бергендердің барлығы түгел, атап айтқанда, отбасылық дәстүрлерді сақтау, ұрпақаралық туыстық қатынастарды нығайту кез келген отбасындағы жылы шырайды сақтауда үлкен рөл атқаратынын атады. Сұрақ берілгендердің 37,9%-ы отбасын қалыптастыру мен оның рухын беруде дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың және ақыл-өсиеттердің де маңызы кем емес екенін атап көрсетті. 29,5% респонденттер әрбір адамның әр отбасындағы ерекшеліктерге сенуін, дербес даралығын нығайту мен жеке тәуелсіздігіне қол жеткізуді әсіресе маңызды мәселе деп есептейді.

Түрлі істерді, соның ішінде үй жұмысын атқаруға уақытты бөлісу проблемасы ата-аналарды бәрінен көп дәрежеде алаңдатады, өйткені сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі ата-аналары себеп бойынша көп кеңестер беретіндерін атап өткен. Бірақ, жалпы алғанда, жастардың пікірі бойынша, ата-аналары өздерінің кеңестерімен ығыр етпестен, балаларының өміріне

қатты араласа бермейді, орта есеппен ата-аналардың 1/3 тым көп кеңес береді де, сол арқылы осы кеңестерді балаларының тыңдауына әрқашан оң әсерін тигізе бермейді.

Бәлкім, осы факт мынаған себеп болуы мүмкін, жастардың 19,6%-ы кейінгі жарты жылдың ішінде ата-аналарының біреуімен 3-5 рет қақтығысып қалғандарын айтады. Бірақ, отбасында ұрпақтар өкілдерінің арасында туындайтын барлық проблемаларға қарамастан, 16-18 жастағылардың көпшілігі өздерінің өміріндегі осы мәселеге риза екендіктерін мәлімдеді, өз ата-аналарымен тату-тәтті жастар – 73%.

Қазақстан жастарының мәдени қажеттіліктері мен құндылықты бағдарлары қалыптасатын әлеуметтік ортаның түрлі аспектілеріне тоқталайық. Қазіргі заманғы жастардың негізгі проблемаларын үш топқа жіктеуге болады: тұрмыстық, психологиялық және девиантты сипаттағы проблемалар.

Ата-аналарымен жанжалдасу себептері туралы жастардың пікірлері былайша бөлінді: ақшаға байланысты – 7,9%, саяси көзқарастарға байланысты – 1,3%; діни көзқарастарға байланысты – 1,4%; психологиялық түсініспеушіліктен – 26,0%, тұрмыстық проблемаларға байланысты (негізінен тұрғын үйге қатысты) – 34%, басқалары – 29,4%. Біздің ойымызша, психологиялық түсініспеушілік пен тұрмыстық ұрыс-керістердің астарында түрлі проблемаларға қатысты ұрпақтар арасында күрделі алшақтықтар, өмір ұстанымдарындағы айырмашылықтар жатса керек. Сонымен бірге мына жайтты атап өту керек, ата-аналар мен балалардың арасындағы отбасы ішіндегі ұрпақтар деңгейіндегі алшақтықтар үлкен емес, өйткені сауалнамаға жауап бергендердің көпшілігі ата-аналарының өз өмірлеріне оң ықпал тигізгені туралы айтады.

Зерттеудің деректері бойынша, ата-аналармен қарым-қатынас проблемалары 19,5% жастарды орташа, ал 14,7%-ын жоғары дәрежеде толғандырады екен. Бұл орайда 53,2% жастар (солардың 16-24 жас тобындағылар ең үлкен дәрежеде) отбасындағы аға ұрпақтың пікіріне құлақ асады (мұнда небәрі 8,6% ғана жасамайды) және 45,5%-ы отбасындағы райды «жақсы», 23,1%-ы «орташа» деп бағалайды, бірақ аға ұрпақтың пікірін «оқта-текте» ғана тыңдайтындар – 53,6%. Жастардың 7,2%-ы ғана өздерінің

отбасындағы райды «нашар» деп бағалаған. Аға ұрпақтың пікірін (ақыл-кеңесін) жасөспірімдерге (29,1%) қарағанда бойжеткен қыздар (37,9%) көбірек тыңдайды. Ересектердің ақыл-кеңестерін қалада тұратындармен салыстырғанда ауылдық жерлердегі жастар көбірек қабылдайды (сәйкестігіне қарай 33,4% және 39,6%), некеде тұратын, бірақ балалары жоқ 9,3% жастардың да сондай-ақ ата-аналарымен қарым-қатынастарына көңілдері толмайды.

Отбасылық қатынастар деңгейіндегі ұрпақаралық байланыстардың жай-күйіне баға бергенде, осы қатынастардың біршама тату-тәтті екенін атап өтуге болады. Жас адамдар, қағида бойынша, отбасынан қолдау табады. Зерттеудің деректері бойынша, «*Қиын сәтте Сізге кім қол ұшын береді?*» деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 81,1%-ы – анам, 69,5%-ы әкем деп жауап берген. Аталар мен әжелер де хал-қадерінше көмек көрсетеді екен, оларға – 47,1%, туысқандарға – 27,6%, жақын достарға 23,4% адам сенім артса, 12,9% респондент өздеріне ешкім қолдау көрсетпейтінін айтады. Осы келтірілген деректер мынадай тұжырым жасауға түрткі болады, ата-анамен қарым-қатынастар проблемасы жастар үшін маңызды болып табылады, бірақ ол күрделі мәселе емес.

«*Сізге отбасының қандай нысаны (түрі) ұнайды?*» деген сұрақтың жауаптары былайша берілді: тіркелген некенің негізінде – сауалнамаға қатысқандардың 51,2%-ы, некеге тіркелусіз еркін қатынастардың негізінде – 26,1%, неке шарты бойынша – 20,0%, басқасы – 2,7%. Осы келтірілген деректер жастардың отбасы нысандарына қатысты әркелкі пікір ұстанатындары туралы айғақтайды. Жалпы алғанда, сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы некеге тұрудың дәстүрлі түрлерін қолдайтындарын білдірді. Өздері үшін азаматтық некені ең қолайлы деп есептейтіндердің саны да аз емес.

Алынған нәтижелер сауалнамаға қатысқан жас адамдардың көпшілігінің отбасын құрудағы қазіргі заманғы үлгіні кеңінен қолдайтындары туралы қорытынды шығаруға жетелейді. Сонымен, отбасылық қосақ құру үшін ерлі-зайыптылардың тең құқықтығына негізделген эгалитарлық жанұя үлгісі артық болып табылады.

**Отбасын құрудағы жастардың бағдарлары
(сауалнамаға қатысқандардың жалпы санына қатысты,%)**

| Жауаптар | Жастар | | | |
|--|------------------|------------------|------------------|------------------|
| | 16-17 жастағы | 18-19 жастағы | 20-24 жастағы | 25-29 жастағы |
| Отағасы қамтамасыз ететін, ал әйел үй шаруашылығымен айналысатын отбасы | 32,5 | 29,8 | 42,9 | 49,0 |
| Ерлі-зайыптылардың екеуі де жұмыс істейтін және үй шаруашылығымен ортақ айналысатын отбасы | 52,8 | 62,1 | 55,9 | 44,3 |
| Басқалары | 14,7 | 8,1 | 1,2 | 6,7 |
| Барлығы | 100 | 100 | 100 | 100 |

Жанұя басшысының және бағыну қатынастарының болуы тән отбасының өктемшіл үлгісі 25-29 жастағылар үшін тартымды. Әлеуметтік өзгерістер жағдайларында отбасының түрлері мен отбасын құру нысандарына байланысты да өзгерістердің болатынын атап өткен жөн.

Көпшілік жас отбасылар үшін балалардың болуы ерлі-зайыптылар өмірінің басты құндылықтары болып табылады. «Бүгінгі заманда балалардың бойына қандай қасиеттерді сіңіру керек?» деген сұрақтың жауаптары 2-кестеде келтірілді.

Бүгінгі заманда балалардың бойына қандай қасиеттерді сіңіру керек?

| Жауаптар | Сауалнамаға қатысқандардың санының% |
|-----------------------------|-------------------------------------|
| Дербестік | 87,2 |
| Жауапкершілік | 79,6 |
| Алға қойған мақсатқа ұмтылу | 64,8 |
| Еңбек ете білу | 71,4 |
| Әдептілік | 81,4 |
| Жақсы мәнерлер | 39,5 |
| Білімге ұмтылу | 69,9 |
| Тіл алу | 17,6 |
| Басқасы | 8,6 |

Дербестік, жауапкершілік, білім алуға ұмтылу, еңбектену білу, әдептілік – балаларға байланысты отбасылық тәрбиенің базалық құндылықтары. Әлеуметтік зерттеудің деректері отбасындағы базалық құндылықтардың жастардың бойында отбасының тұрмыстық қамтамасыздығына қатыссыз қалыптасатынын растайды. Осы зерттеуде жастардың барлық құндылықты бағдарлары бойынша дерлік (саясат, отбасы, білім, еңбек, Қазақстанның даму жолдары бойынша) жас топтарының ішінде материалдық молшылық, қоныстану үлгісі, отбасылық жағдай, ал көбіне гендерлік тек деңгейіне байланысты айырмашылық шамалы ғана болды.

Тәуелсіздік пен дербестік тұжырымдамасының кешегі күнге дейін бірінші кезекте қоғамдағы еркек кіндікпен астасып келгенін атап өту қажет: демек, қыздардың бойындағы өркөкіректік, табандылық сияқты мінездер құпталмаса, ал ұл балалардың бойындағы енжарлық пен тәуелділік сыналатын еді. Егер бозбалалардың әлеуметтенуі бойларында өзіне-өзі баға берудің, жетістіктерге жетуге ұмтылудың, дербес ойларын жүзеге асырудың құралдық тәсіліне бағытталса, ал қыздар болса, айнала-сындағы адамдармен қарым-қатынасқа және солардың берген бағаларына көбірек көңіл бөлді.

Жас ата-аналардың қазіргі буыны мына дилеммаға кездесті: балалардың әлеуметтенуіне жыныстардың теңдік қағидаттарын сіңіріп, сол арқылы гендерлік таптаурындарды біржола жою және гендерлік айырмашылықтарды өшіру керек пе немесе қыз балалар мен ұл балалардың арасына бастапқыдан айқын меже қойып, олардың тең мүмкіндіктерін мойындау немесе мойындамау арқылы дәстүрлі көзқарастарды ұстанған жөн бе. Ата-аналары қаншалықты «эмансипацияланған» болса да, гендерлік таптаурындардан толық босамаған қоршаған дүние баланың мінезіне елеулі ықпалын тигізеді. Еркектерге айқын артықшылық беретін бірқатар қағидалардың күні бүгінге дейін елеулі салмағы бар, мәселен: «қыз баладан гөрі ұл баланың туылғаны дұрысырақ».

Қазіргі жастар мүлде басқа жағдайларда өмір сүреді, сондықтан ата-ана құндылықтарының айтарлықтай бөлігі балалары үшін өзекті емес. Жас отбасылар үшін ерлі-зайыптылардың эмоциялық-рухани жақындығы басты мәселе болып табылады.

Еркектер мен әйелдер мінез-құлқының әртүрлі үлгілерімен үнсіз келісетін аға отбасылардың қосарлы моральін жас отбасылар жағымсыз қабылдайды.

Зерттеудің деректері мына жайтты аңғартады, қоғамда кез келген индустриялы ел үшін тән үрдістерден де, сондай-ақ Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерге байланысты үрдістерден туындаған отбасы институтының өзгеруі жүріп жатыр. Кейінгі кездердің зерттеулері осы заманғы отбасының мынадай көрсеткіштерін анықтады: аға ұрпақтың жас буынға әлеуметтік-мәдени мұраны табыстау тұрғысында әлеуметтендіру функциясын іске асыру деңгейін төмендетеді.

Бүгінгі уақытта мәдени әлеуметтену тетігі соның құрауыштарының бірі – экономикадағы, саясаттағы, моральдағы, құқықтағы орын алған нақты жағдайларға жас ұрпақтың әлеуметтік бейімделу тетігімен ауыстырылады. Кез келген амалдар арқылы баю немесе жоғары біліктілік алу, екеуінің қайсысы құндырақ, бұл мәселені жастардың өздерінің шешулеріне тура келеді. Жоғары біліктілік жаңа жағдайларға экономикалық бейімделу, бұрынғы моральдық-адамгершілік нормаларды теріске шығару немесе жаңа болмысқа икемділік, бейімділік, жыныстық қатынастардың шексіз еркіндігі немесе отбасы жеке адамның ойдағыдай өмір сүруінің тірегі мүмкіндіктерін ұдайы қамтамасыз ете бермейді. Жас ұрпақты қалыптастырудағы біздің қоғамымызға тән жағдайлар мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: қалыптасқан бүгінгі жағдайларда жастар өздерінің көзқарастары мен құндылықтарын өздері қалыптастыруға мәжбүр.

Сауалнамаға әйелдердің қоғамдағы жағдайы туралы жастардың пікірін анықтайтын бірқатар сұрақтар енгізілді. Осы сұрақтар әйелдердің қоғам өміріндегі мынадай мәселелерін қозғады: әйел және материалдық игілік; әйел және жұмыс; әйел және білім; әйел және отбасы.

Сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі (72,1%) «ер адамдар мен әйелдер орындайтын жұмыстың төлемі де бірдей болуы тиіс» деген пікірмен келісті. Білім алу мүмкіндіктеріне қатысты баға беру бұдан да нақтырақ: 91,2% жастар «білім алу үшін әйелдер де ер адамдар сияқты дәл сондай мүмкіндіктерге ие болуы тиіс» деген пікірді қолдады.

Келесі сұрақ талдауының нәтижелері бұрын алынған қорытындыларды растады: 85% бозбалалар мен бойжеткен қыздар мына пікірмен келісетіндерін айтты: «үйдегі еркек тыстан табыс табатын болса, ал әйел қазан-ошақтың қамын ойлайтын болса, ең дұрысы сол». Сондай-ақ жастардың көпшілігі (71,3%) «мектепке дейінгі балалардың анасының қарауында болғаны жөн» деген пікірді қолдады. Соңғы сұраққа жауап беруде ұсынылған пікірмен келісушілердің саны 62%-ы келіссе, ал 38%-ы «жұмыс істейтін ана өз балаларымен жұмыс істемейтін ана сияқты жылы да, жақын қарым-қатынастар жасай алады» деген пікірді қолдамады. Жоғарыда айтылғандарды жалпылай келе, мынадай қорытынды шығаруға болады: қазіргі заманғы әйел және оның отбасындағы міндеті былайша тұжырымдалады. Білім алу және жұмыс істеу үшін әйелдердің мүмкіндіктері еркектермен тең болуы, әрі бірдей жұмысқа бірдей төлем алулары тиіс, яғни білімді, материалдық жағынан қамтамасыз етілген әйел болулары керек. Басқаша айтқанда, әйелдер білім алу мен мамандықты игеруде тең мүмкіндікке ие болулары, жоғары мансапқа жетуге және өздерін материалдық қамтамасыз етуге ұмтылулары қажет. Егер әйел тұрмысқа шықса, онда жұмыс екінші кезекке ысырылады да, ол ең алдымен, өзін отбасының тірлігі мен балаларды қарауға бағыштайды.

Қазақстандағы ажырасу проблемасына жастар біршама маңызды, бірақ соншалық өзекті емес мәселе деген баға берді. Ажырасуды жастардың 18,2%-ы «күрделі», 64,1%-ы «күрделі емес» мәселеге жатқызса, 17,7%-ы жауап беруге қиналды.

Мағынасы бойынша қарама-қарсы болса да, отбасылық проблемамен «жалғыздық» проблемасы да тығыз байланысты. Жастарға қойылған «Сізді жалғыз басты болып қалу проблемасы қаншалықты алаңдатады?» деген сұраққа біршама көрнекі жауап алынды: 41,2%-ы «қатты алаңдатады», 21,7%-ы «мүлде алаңдатпайды» деп жауап қайтарды. Бұл, өз кезегінде, қазіргі заманғы қазақстандық қоғамда мақсатты құндылық болып қалатын жастардың, дегенмен жанұя құруға бағдарланғаны туралы болжамды растайды. Жас ұрпақ жалғыздікті болып қалудан гөрі өзара тату-тәтті қатынастармен, жеке басының бақытымен сабақтастыру арқылы отбасын құруға артықшылық береді.

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері жастардың отбасылық бағдарларын былайша сипаттайды: біріншіден, 2003 жылдан бері некеге тұрғандардың саны айтарлықтай өсті; екіншіден, өскелең ұрпақтың 86%-ы үйлі-баранды және балалы болуға ұмтылады. Жастардың отбасылық бағдарларының құрылымында ата-ана болуға ұмтылу отбасылық құндылықтың өсе түскенін сипаттайды. Оның үстіне, жастардың отбасында отбасылық тұрмыс туралы мынадай түсініктер үстемдік құрады: әкелердің көпшілігі балалармен көбірек уақыт болуы керек; күйеуі толық жұмыс күнін атқарғаны, ал әйелі толық емес жұмыс күнімен қамтылғаны дұрысырақ; егер ерлі-зайыптылардың балалары болса, онда балаларды күту мен тәрбиелеуге қатысты міндеттердің ата-ана арасында тең бөлінгені лазым.

Сонымен, өзгеріске ұшыраған әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, сондай-ақ демографиялық факторлар жастардың отбасылық құндылықтарының ғұрыптарына айтарлықтай ықпалын тигізді. Осы заманғы үрдіс мына тұжырымға саяды, толымды отбасының толыққанды өмірі үшін туысқандық қатынастардың маңыздылығын тереңірек тану, жастардың арасындағы ажырасулар мен қайталама некелерді азайту, бала туу мен тәрбиелеуге байланысты проблемаларды бірлесіп шешу.

Қазақстандық авторлардың зерттеулерінде сондай-ақ отбасылық тұрмыстың мына аспектінің маңыздылығы айқындалды, олар: отбасындағы жылы, шынайы, тату-тәтті қатынастар мен өзара түсіністік. «Әкелер мен балалардың» ежелден келе жатқан проблемасы бұрынғысынша сақталса да, бірақ қазіргі қазақстандық қоғамдағы отбасының құндылығы әлі жоғалған жоқ, ал жастар болса өздерінің өмірлерінде отбасын құруды және өздерінің ата-аналарының шаңырағында тату-тәтті қатынастарды ұстауды мақсат тұтады.

Қазақстанда бүгінгі кезеңде отбасын нығайтудың негізгі басымдықтары белгіленді:

- екі және одан көп балалы отбасы болуға бағдарланған қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- отбасының материалдық әл-ауқатын, тұрмыс деңгейі мен сапасын арттыру;
- балалардың туылуына қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау;

- балалары бар қызметкерлерді жұмыс істеу мен отбасылық міндеттерді атқаруға үйлесімді жағдайлармен қамтамасыз ету;
- отбасының тәрбиелік әлеуетін арттыру.

Бала туушылықты ынталандыру жөніндегі негізгі іс-шаралардың қатарында экономикалық тетіктерді әзірлеу мен қолдану жатады, олар балалы отбасыларға материалдық көмек көрсету жүйесін жетілдіруді көздейді; неке-отбасылық қатынастарды дамытуға арналған қолайлы жағдайлар жасау да шешуші іс-шаралардың бірі болып табылады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін жас отауларға қолдау көрсету, біздіңше, негізгі бағыттардың бірі болар еді, мұндағы мақсат – балалы болған жастардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, жас жұбайларға тұрғын үй несиесіне қол жеткізуді қамтамасыз ету, өтеусіз (қайтарымсыз) субсидиялар бөлу мен отбасындағы балалардың санына қарай жеңілдікті несие беру тетіктерін пайдалану болып табылады.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. *Жастарды тәрбиелеу мен әлеуметтендіру үдерісінде отбасының рөлі қандай?*
2. *Отбасын шағын әлеуметтік топ және әлеуметтік институт ретінде сипаттаңыз.*
3. *Бүгінгі уақытта отбасы институтында қандай өзгерістер болып жатыр?*
4. *Қоғамдағы өзгеріп жатқан әлеуметтік, психологиялық, әлеуметтік жағдайлар жастардың отбасылық құндылықтарының нұсқауларына қалайша әсер етеді?*

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. Д. Юмның мына пікірін талдаңыздар: *«Егер көпшілік алдында мақтау мен көпшілік алдында жазғыру біздің әділдікке деген құрметімізді күшейте түссе, үй тәрбиесі мен гибраты бізге дәл солай әсер етеді. Өйткені ата-аналар мына жайтты оп-оңай аңғарады, адамның бойында адалдық пен арнамыс неғұрлым көп болса, ол соғұрлым өзі үшін де, өзгелер үшін де пайдасын көбірек тигізеді, әрі осы қағидаттар әдет пен тәрбие мүддеге және пайымдауға көмектесетін кезде көбірек күшке ие болады».*

2. Ч.Х. Кули отбасын «ерекше түрдегі бастапқы топ» ретінде қарайды, мұнда отбасының ықпалы жалпы тұлғаны (даралықты) қалыптастырса, ал «қосымша топтар» (кең мағынада әлеуметтік одақтар) оған тек белгілі бір аспектілерде ғана әсерін тигізеді. Сіз осы пікірмен келісесіз бе? Өз жауабыңызды негізденіз.

III БӨЛІМ

ҰРПАҚ: САБАҚТАСТЫҚТЫҢ ТЕТІКТЕРІ

Кейінгі кезде қоғамдық ғылымдар (философия, тарих, демография және т.б.) және атап айтқанда әлеуметтану өкілдері ұрпақаралық тәсілге (көзқарасқа), буындардың іс-әрекетіне, олардың қоғамдық дамудағы өзара қатынастарының сипатына байланысты мәселелерге баса назар аударуда. Қоғамның құрылымын және әлеуметтік өзгерістер мен үдерістердің серпінін, мәдениеттің әлеуметтік-тарихи сабақтастығын зерделеу – осының барлығы әлеуметтанудың деңгейі (айрықша құзыреті). Әрі «ұрпақ» ұғымын ресейлік және әлемдік социологияда теориялық көзқарастармен (тәсілдермен) ұсынылған түрлі позициялардан қарау ғылымдар жүйесіндегі ұрпақаралық тәсіл (көзқарас) туралы анағұрлым терең түсінік алуға мүмкіндік туғызады.

3.1 Ұрпақ ұғымы мен мәні

К. Маркстің еңбектерінде жазылған ұрпақаралық тәсіл (көзқарас) социологияда біршама ұзақ уақыт ұмыт қалды. Өмірдің объективті жағдайларының өзара байланысы, қоғам ахуалындағы өзгерістер туралы айтқанда, К. Маркс пен Ф. Энгельс мына тұжырымға сүйенді: «осыған дейін өмір сүріп келген қоғамдардың барлығының тарихы, ...таптар күресінің тарихы болды». Содан кейін К. Маркс былай дейді: «Тарих дегеніміз басқа ештеңе де емес, ол жеке ұрпақтардың өз кезегімен ауысып отыруы, әр буын өзіне барлық алдыңғы ұрпақтар қалдырған материалдарды, капиталдарды, өндірістік күштерді пайдаланады; осыған қарай әлгі ұрпақ, бір жағынан, мирас еткен

іс-әрекетін (қызметін) мүлде өзгерген жағдайларда жалғастырса, ал екінші жағынан – біржола өзгерген іс-әрекет (қызмет) арқылы ескі жағдайлардың түрін өзгертеді».

Бүгінде біз әдебиеттен «ұрпақ» ұғымы түсіндірмесінің жеткілікті санын кездестіре аламыз. Анықтамалардың бірі қайсыбір аралықта орналасқан адамдардың жастарын сипаттайды. Алайда осы категорияның межелерін анықтау қиындығы әлеуметтік-биологиялық өлшемдердің (критерийлердің) көптігімен байланысты. Олар «жасөспірім шақтың физикалық ержету мерзімдері; некеге тұрудың орташа жасы; еңбек жолының басталуы – бұл әлеуметтік кемелденудің (ержетудің) басты критерийі. Ең соңында өмір (тұрмыс) салтының құндылықтар ұстанымының (мінез-құлқының) ортақтығы» (Социология жөніндегі қысқаша сөздік. /Жалпы ред. басқарғандар Д.М. Гвишиани, Н.И. Латина. –М., 1988. –234 б.).

Ұрпақ проблемалары жөніндегі өз түсінігін 70-ші жылдары Г.Л. Смирнов ұсынды, ол ұрпақтар тұрпаттамасын (типологиясын) ажыратты, тәжірибе мен ахуалдың ортақтығы бұған негіз болды. Ұрпақ дегеніміз – адамдардың әлеуметтік-демографиялық қауымдастығы, ол әлеуметтенудің азды-көпті ортақ жағдайларымен, әлеуметтік кемел шаққа кірудің шамамен бірдей кезеңімен, сондай-ақ жас бойынша және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктермен сипатталады.

Ю.Р. Вишневский де сондай-ақ терминологиядағы әртүрлілік пен осы категорияның анықтамасына қатысты көзқарастардағы (тәсілдердегі) көп өлшемділікті атап көрсетеді. Оның пікірінше, ұрпақ – азды-көпті қатаң жас межелеріне және тұрпаттамалық белгілерге ие белгілі бір жас тобындағы ниеттестер шоғырын білдіреді.

Әлеуметтік-философиялық тұрғыда, адамзат ұрпағы ұғымы, ең алдымен, әлеуметтік мұрагерліктің белгілі бір бірлігі. Осы көзқарастың аясында тек жас бойынша сипаттамаларды ғана емес, сонымен бірге рухани және дүниетанымдық басымдықтарды қамтитын ұрпақ ұғымының мазмұнын да ескеру қажет.

Ұрпақ (generation) ұғымының этимологиялық мәні – туған тұқым (тек), биологиялық-генеалогиялық (тектану) мағынада –

ортақ тектен (арғы атадан) тарайтын тізбектегі буын, саты, үрім-бұтақ.

Ұрпақ ұғымы алғаш рет XIX ғасырдың әлеуметтік философиясында отбасылық-тектік түпмәтіннен тыс теориялық талдаудың тақырыбына айналды. Терминнің теориялық талдауында бірнеше бағытты бөліп қарауға болады. *Позитивистік-натуралистік (табиғаттық) бағдар* (О. Конт, Д.С. Милль, Ж. Дромель) ұрпақаралық ортақтықтың (қауымдастықтың) құрылымдық аспектілерін бөлуге, оны уақыт бойынша оқшаулауға және ұғымға кеңістікті-хронологиялық анықтық беруге ұмтылды. *Романтикалық-гуманитарлық бағыттылық* (В. Дильтей, Л. фон Ранке, О. Лоренц) керісінше, ұрпақтың ішкі бірлігін, идеялар мен іс-әрекет ортақтығын атап көрсетті. Бірінші жағдайда ұрпақаралық ортақтықты детерминациялайтын (анықтайтын) факторлар қызығушылық танытса, екіншісінде – ұрпақ динамикалық (серпінді) байланыс, тарихи шығармашылықтың субъекті ретінде көрінеді.

Социологияның позитивтік мектебінің негізін қалаушы Огюст Конт адамзат туралы дүниеден өткен, қазір өмір сүретін және болашақ ұрпақтардың жиынтығы деп жазды. Ол, ең алдымен, ұрпақтардың кезектілігі мен ауысуының табиғи заңдылығын атап көрсетті. Конт «ұрпақ» терминінің мәнін ашпайды, бірақ, өмірдің сан бойынша белгіленген ұзақтығының әлеуметтік құбылыстардың дамуына ықпал ететінін көрсетеді. Осы бағытты Д.С. Милль әрі қарай жалғастырды, ол барлық тарихи өзгерістердің ұрпақтардың ауысуына тікелей немесе жанама байланысты екенін атап көрсетті. Бұрынғы ұрпақтардың қазіргісіне тікелей немесе жанама түрде ықпал етуі бұрынғы ұрпақтардың қазіргіге ауысуымен сабақтасады, бұл әлеуметтік қалыпты даму (эволюция) факторларының бірі болып табылады (*Лисовский В.Т., 1999*).

Ұрпақты әлеуметтік ұғым ретінде сипаттағанда ұрпақтың ұзақтығы туралы сұрақ туындайды. *Француздық заңгер Ж. Дромель* саяси ұрпақ ұғымын ұсынады, ол заңгердің пікірі бойынша 16 жылға созылады. Дромель «ұрпақтар заңын» тұжырымдады, осы заң бойынша бір ұрпақтың үстемдігі 16 жылға жалғасады да, содан кейін билік келесі ұрпаққа көшеді.

Осы мерзім аралығында келесі ұрпақ өзінің саяси білімін аяқтайды да, алдыңғы буынды сынап бастайды. Жаңа ұрпақтың әлеуметтік мұраты жоғары және қайсыбір қатынастарда өзінің алдыңғы буынының мұратына қайшы болады, ал әрбір ұрпақтың еңбегі айрықшалықты, бірегей және ерекше. Сөйтіп, Дромель терминге шартты түрде кеңістікті-хронологиялық анықтық берді және оның үздіктілігін атап көрсетті.

Неміс статистигі Г. Рюмелин ұрпақ ұзақтығының сандық ұғымын енгізеді де, оны белгілі бір кезеңдегі ата-аналар мен балалар арасындағы орташа жас айырмашылығы ретінде белгілейді. Бұл орайда мына жайт анықталады, ұрпақтардың ұзақтығы бірдей емес және ол өмір сүру жасының орташа ұзақтығына, бала туушылыққа және басқа да факторларға байланысты болады. Бұл, өз кезегінде, тарихи дамудың қарқынына әсерін тигізеді. Көріп отырғанымыздай, позитивті ой-пікір ұрпаққа объективті санмен өлшенетін анықтық беруге талапталды.

Романтикалық-гуманитарлық бағыттылықтың өкілдері, керісінше, ұрпақты ең алдымен субъективті-нышандық қауымдас-тық ретінде қарады. В. Дильтей ұрпақты тарихи әрекеттің субъекті ретінде емес, ал «бірдей (ұқсас, тепе-тең) ықпалдың» нысаны деп қарады. Бір ұрпақтың мүшелері ұқсас ықпалға түседі, В. Дильтей оны интеллектуалды деп атайды. В. Дильтейдің «ұрпақ» жөніндегі түсіндірмесі «іштей өлшенетін уақыт» идеясымен байланысты, ол түйсікті және субъективті түрде бастан өтуі мүмкін. Оның пікірінше, ұрпақ шамамен 30 жылға (жасқа) тең уақыт аралығы ғана емес. Ол қалыптасу жылдарында орын алған бірдей оқиғалар мен жағдайларға байланысты болатындықтан, кейбір біртекті бірлік құрайтын жеке адамдардың тығыз байланыстағы топтарынан тұрады. Әңгіменің төркіні жай замандастар туралы ғана емес, балалық және жастық шақтағы өмірінің ортақтығымен сабақтасатын адамдар жайында, бұл түйсіктің жалпы түрі мен жеке адамның белгілі бір үлгісін туындатады.

Ұрпақ ұғымына романтикалық-идеалистік түсінік беру XIX ғасырдағы неміс тарихнамасына кеңінен тарады. Ұрпақ ұғымын тарихшылар кезеңге бөлу үшін пайдаланды, бұл орайда генеалогиялық (тектік) және рухани-нышандық (рәміздік) түсінік хронологиялықпен ауыстырылады, яғни ұрпақ дегеніміз – белгілі

бір уақыт аралығы. О. Лоренц тұжырымдаған «үш ұрпақ заңы» тарихты кезеңге бөлудің негізгі бірлігі деп жүзжылдықты (бір ғасырды) жариялайды, ол үш ұрпаққа бірдей материалдық және рухани орталықтың хронологиялық көрсеткіші болып табылады. Лоренцтің пікірі бойынша, бір немесе бірнеше аса көрнекті тұлғаға дербестендірілген рухани ортақтық есептеудің нақты нүктесіне жатады. Осы тәсілдің тарихи және қоғамдық үдерістерді бір қалыпқа түсіретінін және қоғамдық-тарихи дамудың ең кейінгі нәтижелерін бүкіл тарихқа телитінін атап өту керек. Ұрпақтардың уақыттық межелері қатарлас, біржола кесілген жас санымен белгіленбейді. Ұрпақтардың ауысу жиілігі қоғамдық дамудың кезеңіне байланысты болады.

Ұрпақтардың «рухани-тарихи» теориясын *испандық философ Х. Ортега-и-Гассет* және оның шәкірті Х. Мариас барынша толық тұжырымдады. Х. Ортега-и-Гассет ұрпақ ұғымын оның биологиялық бастауларынан да, сондай-ақ романтиктерге тән жекедарашылдықтан да бөлуге әрекет жасады. Оның түсінігінше, «ұрпақ – дара адамдардың шағын шоғыры да, жай бұқара да емес: ол өзінің таңдалған азшылығына да және белгілі бір өмір сүру траекториясымен тіршілік ету орбитасына қалдырылған өз тобырына ие жаңа тұтас әлеуметтік дене іспеттес. Ұрпақ, бұқара мен жеке адам арасындағы серпінді ымыра, ең маңызды тарихи ұғымға жатады және былайша айтқанда, тарих қозғалатын траектория болып табылады».

Өзінің алдыңғы ізашарлары сияқты Х. Ортега-и-Гассет тарихи ұрпақты белгілейді. Өзінің «Бұқараның көтерілісі» еңбегінде ол ұрпақтар серпінін былайша сипаттайды: «Бір ұрпақтың әрекет ету мерзімі – отыз жылға жуық уақыт. Бірақ осы мерзім бірдей және шамамен бірдей екі кезеңнен тұрады: бірінші кезең аралығында жаңа ұрпақ өз идеяларын, бейімділіктері мен талғамдарын таратады, олар ақыр соңында нық бекиді де, екінші кезең ішінде үстемдік құрады. Сол аралықта олардың үстемдігінің астында өсіп-жетілген ұрпақ енді өз идеяларын, бейімділіктері мен талғамдарын көрсетіп, біртіндеп отырып соларды қоғамдық атмосфераға сіндіреді. Ал егер төтенше көзқарастар үстемдік құрып, алдыңғы ұрпақ өзінің құрылымы бойынша революцияшыл болса, онда жаңа ұрпақ керісіншеге ұмтылады.

Әрине, жаңғырту ескіге жай қайта оралуды білдірмейді және ешқашан ескісі сияқты болмайды (*Ортега-и-Гассет X., 1991*).

1928 жылы жарияланған «Ұрпақтар проблемасы» мақаласында белгілі неміс социологы К. Мангейм ұрпақтар ауысуының позитивтік және романтикалық-тарихи түсіндірмелерінің сыңар-жақтылығына қарсы пікір айтып, бұл орайда ол осы тәжірибе алынған әлеуметтік жағдайлардың өзгеруіне қарай әрбір жаңа ұрпақтың өмірлік тәжірибесінің өзге ұрпақтың тәжірибесінен өзгеше болатынын дәлелдеді. – Осы негізде, - дейді Мангейм, - жоғарыда аталған түсіндірмелердің қосылуы да мүмкін. Біріншісі тарихи дамудың ортақ заңын табуға ұмтылып, жас ортақтығының биологиялық және хронологиялық детерминанттарына зейін аударады. Ұрпақтардың ауысуынан «уақыт ауанын» көретін екіншісі тарихи үдерістің ішкі рухани күштерін атап көрсетеді. Екі көзқарасты салғастырған Мангейм мынадай қорытындыға келді: «ұрпақтың» биологиялық құрауышы, әрине, ұрпақтың келбеті мен мәні үшін анықтаушы болып табылмайды. Тарихи және әлеуметтік уақытпен шектелетін туған жылдар ұрпақты негіздеудің нысаны болып табылады. Осы теория бойынша, белгіленген уақыт аралығында ұрпақтық бірліктер (generation units) аталатындар дүниеге келеді, оларға әлі ұрпақ жасау керек, ал олай болмауы да мүмкін. Оның үстіне, белгіленген уақыт аралығында туылған ұрпақтық бірліктердің барлығы бірдей тәрбиенің, ділдің, іс-әрекеттің, сондай-ақ тарихи оқиғалар беталысының ерекшеліктерінен үрім-бұтақ бола бермейді.

Ұрпақтардың ауысуы адам өмірінің биологиялық ырғағына негізделген әмбебап үдеріс болып табылады, соның салдарынан: а) мәдени үдерісте жаңа қатысушы пайда болады, ал б) осы үдерістің бұрынғы қатысушылары біртіндеп қатардан шығып отырады; в) кез келген ұрпақтың мүшелері тарихи үдерістің хронологиялық шектелген аралығында ғана өмірге қатыса алады; г) бұл орайда жинақталған мәдени мұраны ұдайы мирас етіп отыру қажет; д) ұрпақтан ұрпаққа көшу – сабақтас үдеріс.

Мангеймнің пікірі бойынша, ұрпақ тұтастықты білдіреді, ол белгілі бір «жағдаймен», айрықша «өзара байланыспен» және белгілі «бірлікпен» сипатталады. Әрбір ұрпаққа өзіндік кеңіс-

тікті-уақыттық өлшем тән, сондықтан ұрпақты зерттеу, егер ол ұрпақтың тарихи-мәдени кеңістігін есепке алатын болса, нақты нәтиже береді.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. «Ұрпақ» ұғымының бірнеше мән-мағынасын келтіріңіз.
2. Ұрпақты адамдардың басқа қауымдасстықтарынан қандай белгілер өзгешелейді?
3. Ұрпақтар арасындағы өзара қатынастардың ықтимал түрлерін тұжырымдауға талпынып көріңіз.
4. Постфигуративті, конфигуративті және префигуративті мәдениеттер тұрғысынан қоғам тарихының түрлі кезеңдеріндегі ұрпақтар арасындағы өзара қатынастарды сипаттаңыз.
5. К. Мангейм, бір ұрпақтың бойынан баламалы жайларды байқап, ұрпақ бірлігінің проблема болып табылатынын айтты. Сіз осы пікірмен келісесіз бе? Жауабыңызды негіздеңіз.

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. 1955 жылғы «Эрос және өркениет» еңбегінде айтқан Г. Маркузенің мына пікірін сіз қалай түсінесіз: «*Эдип жағдайында жеке адамдар емес, ал ұрпақтар (тектік тұқымдар) бір-біріне қарсы тұрды... әке мен шешенің күресі, сүйіспеншілік пен өктемдіктің (агрессияның) жеке мақсаттары арқылы жас ұрпақ өмірге анағұрлым қадам басты*» (Дәйексөз алынған: Н. Marcuse. *Eros and Civilisation*. Boston, 1955, p.96.).

2. Сіз Ихаб Хасанның мына пікірімен келісесіз бе: «*жастардың дағдарысы*» ересектер өмір сүруге тура келетін алауыздықтармен, сәтсіздіктермен және шиеленістермен сабақтасады». «*...Ұрпақтар арасындағы күрес ақыр соңында адам өмір сүретін құндылықтарды жаңартады*».

3.2 60-80-ші жж. философиялық және социологиялық әдебиеттегі ұрпақтар проблемасы

Ресей философиялық және социологиялық (әлеуметтік) әдебиетінде ұрпақтар проблемасына қызығушылық 60-шы жылдарда туындады. Демографиядағы ұрпақтар проблемасын егжей-тегжейлі зерделеуге арналған еңбектер шыға бастады. Мәселен, ұрпақтар ұзақтығын есептеу әдістері Ч.С. Улицкийдің мақаласында толық талқыланды. Б.П. Урланистің әлеуметтік-демографиялық очеркінде осы елде 1906 жылы дүниеге келген адамдардың ұжымдық өмірбаяны дәйекті қадағаланады. Өз еңбегінде Урланис ұрпақ ұғымын белгілі бір жас категориясы, бірдей жастағы адамдардың жиынтығы ретінде қарайды. Белгілі бір топтар үшін ортақ туған жыл адамдарды қайсыбір тұтастыққа біріктіреді. Бұл орайда бір жылда туған адамдар барлық тарихи оқиғаларды бірдей жаста бастарынан өткереді. Олар бірдей жаста сол оқиғаларға жауап қатады, олардың ықпалын өз бастарынан кешіреді, тарихтың тынысын сезінеді. Сонымен қатар ол ұрпақ ұғымының басқа да мағынасы бар екенін атап өтеді. Ұрпақ дегенде ата-аналардың орта жасы мен балаларының арасындағы уақыт аралығы есепке алынады. Осы көзқарас тұрғысынан ұрпақтың ұзақтығы туралы айту және оны белгілі бір жас сандарымен өлшеу қажет. Осы аралық еркектер мен әйелдер бойынша есептелуі мүмкін. Әйелдер бойынша ұрпақтың ұзақтығын анықтау белгілі бір жылда бала туған ананың орташа жасын есептеу жолымен жүргізіледі. Автор, кітапты жазған уақытқа қарай елдегі әйелдер ұрпағының ұзақтығы 27 жасты құрайтынын атап өтеді.

70-ші жылдарда «ұрпақ» категориясының мазмұны барынша терең зерттелген еңбектер пайда болды. И.С. Конның, В.В. Никитенконың, А.И. Афанасьеваның, В.И. Горовтың, Л.Н. Коганның, Б.К. Павловтың және басқалардың еңбектерінде «ұрпақ» ұғымына жүйелік сипаттама берілді.

И.С. Кон «Адам және қоғам туралы ғылымдардағы жас категориялары» мақаласында «ұрпақ» ұғымын жалпы әлеуметтік көзқарас тұрғысынан қарайды. Ұрпақ ұғымы көп мағыналы. Ол ұғымның мына мағыналарын атайды:

1. Ортақ ата-бабадан таралу дәрежесі (әкелердің, ұлдардың, аталардың, немерелердің тектік ұрпақтары және т.б.);

2. Құрдастар, яғни шамамен бірдей уақытта туылған, сондықтан өмірінің кез келген шағында бірдей жаста болатын адамдар (нақты ұрпақ немесе жас тобы);

3. Замандастар, әртүрлі жастағы адамдардың бірізділікте өмір сүрулері (шартты ұрпақ); бұл орайда шартты ұрпақтар хронологиялық, күнтізбелік қағидат бойынша да («1920-шы жылдардың ұрпағы»), сондай-ақ қайсыбір тарихи оқиғаларға («Қазан революциясының ұрпақтары»), аса көрнекті тұлғаларға қатысты («Пушкин заманының ұрпақтары») немесе құндылықтар жүйесін телу («дауыл мен тегеурін ұрпағы», «жоғалған ұрпақ») арқылы да нышандық белгімен құрылымдануы мүмкін.

4. Осы ұрпақ өмір сүретін уақыт аралығы; демографияда ұрпақтың ұзақтық мезгілі белгілі бір кезеңде ата-аналар мен балалар арасындағы жас айырмашылықтарының орташа шамасы ретінде белгіленеді, ол еркектер және әйелдер ұрпақтары үшін жеке-жеке есептеледі; «нышандық ұрпақтар» мерзімінің ұзақтығы мәдениет тарихында әдетте түйсікпен анықталып, 15-тен 30 жасқа дейінгі аралықты құрайды.

И.С. Конның пікірі бойынша: «осы нышандық ортақтықтың айқын хронологиялық межелері жоқ». Ол тарихи маңызды қайсыбір оқиғаның ықпалымен қалыптасады. Оқиға неғұрлым маңызды болса, оның тарихи ықпалы да соғұрлым ұзақ, тарих ықпалының хронологиялық ауқымдары соғұрлым кең болады. Осы көзқарас (тәсіл), деп атап көрсетеді В.К. Егоров, демографиялық-хронологиялық факторлардың мәнін біршама төмендетеді. Әркелкі әлеуметтік, ұлттық және демографиялық, сондай-ақ басқа да топтар бірдей тарихи оқиғаға әртүрлі қарайды, ал солардың кейбіреулері түрлі қауымдастықтар арасындағы қатынастарды шиеленістіруі мүмкін, мәселен, демографиялық ұрпақтар арасында.

«Ұрпақтардың сабақтастығы әлеуметтік проблема іспеттес» жинағындағы «Тарихи үдеріс және ұрпақтардың ауысуы» аталатын мақаласында А.И. Афанасьева «ұрпақты» жас бойынша саралау және әлеуметтік іс-әрекеттің сипаты сияқты белгілерге назар аудару керек екенін жазады. А.И. Афанасьева жасқа

катысты фактор ұрпақтың ең негізгі белгілері болып табылады деп есептейді, бұл орайда адамдарды ұрпақтарға табиғи бөлудің объективті өзіндік өлшемі ұғынылады, әрі ұрпақ пен жас тобы – бірдей (ұқсас) емес ұғымдар. Социологиялық (әлеуметтік) түсінікте ұрпақ бірнеше жас топтарын қамтиды, бірақ ұрпақтардың мұндағы межелері жылжымалы, сондықтан олар тарихи, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, аймақтық (өңірлік) факторларға байланысты болады. Ұрпақтың ауысу жиілігі, жас бойынша аралығы, мезгіл ұзақтығы әртүрлі: ұрпақтар бірінен кейін бірі жалғасып қана қоймастан, барлығы бірге әрекет жасайды. Осы сандық көрсеткіштермен қатар А.И. Афанасьева сапалық өлшемдерді (критерийлерді) де көрсетеді. Оларға: ұрпақтардың әлеуметтік іс-әрекетінің мазмұны мен әлеуметтік іс-әрекеттердің бағыттылығы жатады.

Осы аталған белгілердің негізінде аталмыш ұғымға мынадай анықтама беріледі: ұрпақ дегеніміз – объективті қалыптасатын, жас бойынша жақын және бірдей тарихи кезеңде өмір сүретін адамдардың нақты-тарихи жиынтығы, ол айрықша демографиялық белгілермен, тарихи белгіленген міндеттерді шешумен сипатталады.

«Ұрпақтардың сабақтастығы – әлеуметтік проблема ретінде» еңбегінде Б.С. Павлов былай дейді: «ұрпақ» дегеніміз – қауымдастықтың өзгеше «көлденең» тарихи бөлігі. Нақты уақыттағы қайсыбір ұрпаққа сипаттама беру үшін оның «тарихи дамудың осы кезеңіндегі әлеуметтік портретін жаңғырту керек, осы уақыт аралығында аталған портреттің белгілері біршама өзгеріссіз қалады». Сонымен, Б.С. Павловтың пікірі бойынша, әрбір ұрпақтың өз миссиясы бар. Оны іске асыру кезеңі ұрпақ өмірінің уақыты болып табылады, оның үздіксіз болуы да, үзілуі де мүмкін.

70-ші жылдарда ресейлік әлеуметтік әдебиетте ұсынылған «ұрпақ» ұғымына берілген түрлі анықтамалардың қатарынан мазмұны бойынша бір айдарға біріктіруге болатын бірқатар анықтаманы атап өтуге болады: бір жылғы аралас топтардың топтамасын қамтитын «іріленген топ». Бұған А.И. Афанасьева, Л.Н. Коган, Н.М. Мельникова берген анықтамалар жатады. Осы анықтамаларда жас жақындығы, қалыптасудың және қоғамдық-

практикалық дербес қызметтің тарихи жағдайларының ортақтығы атап көрсетіледі, әрі соңғысы өмір тәжірибесі мен бастан кешіретін оқиғалардың ортақтығын сабақтастырады.

1983 жылы шыққан «Философиялық энциклопедиялық сөздікте» (ред. басқарған А.Ф. Ильичев, П.Н. Федосеев және т.б.) ұрпақ ұғымына жеке мақала берілді. Мақалада қоғамның түрлі құрылымдары мен оның тарихын баяндайтын осы терминнің әртүрлі түсініктемесі жазылды: 1. Нақты ұрпақ (ниеттестер тобы) – халықтың жас бойынша жігін құрайтын құрдастар жиынтығы; 2. Тектік (генеалогиялық) ұрпақ (генерация) – ортақ атабабадан тарау сатысы (әкелер, ұлдар, немерелер және т.с.с.); 3. Хронологиялық ұрпақ – осы ұрпақ өмір сүретін және белсенді іс-әрекет жасайтын уақыт аралығы; 4. Шартты немесе болжамдық ұрпақ – өмірлері қайсыбір маңызды тарихи оқиғамен тікелей байланысты (Ұлы Отан соғысы кезеңінің ұрпағы) немесе «уақыт рухының» қайсыбір рухани, нышандық ортақтығы телінетін (романтизм ұрпағы) замандастардың қауымдастығы.

Социология (әлеуметтану) *ұрпақ* ұғымымен байланысты кең көлемдегі терминдерді әзірледі. Ұрпақ ұғымының мағыналарына қатысты ең толық жіктелім С.Н. Иконникованың, В.Т. Лисовскийдің еңбектерінде берілді: ұрпақ – тарихи дамудың қайсыбір кезеңінде қоғамның туыстық жас бойынша құрылымының түрлі аспектілерін білдіретін ұғым. Бұл ретте авторлар осы ұғымның мына мағыналарын бөліп атайды:

1. Отбасының генеалогиясы (шежіресі) туралы түсінік беретін *антропологиялық ұрпақ*;

2. Халықтың жас бойынша жігін құрайтын *демографиялық ұрпақ* (ниеттестер тобы). Түрлі жағдайларға қарай (бала туудың деңгейі, соғыс, стихиялық апаттар және т.б.) ұрпақтың саны көп немесе аз, қайсыбір әлеуметтік топтардың, еркектердің немесе әйелдердің саны басым болуы мүмкін. Мұнда мәдениеттің дамуына өз үлестерін қосуы ықтимал жіктер жойылуы мүмкін. Сөйтіп, өз қабілеттерін іске асырмаған «жоғалған» ұрпақ туындайды;

3. Ұрпақтың *тарихи мән-мағынасы*, мұнда ата-аналардың туған жылдары мен олардың балаларының туған жылдарының арасындағы аралыққа тең уақыт бөлігі ескеріледі. Статистика-

лық тұрғыдан осы кезең 20-25 жылға тең. Бұл қоғамда бір-мезгілде төрт немесе бес ұрпақтың қатар өмір сүретінін білдіреді. Тұрмыс жағдайларына, анағұрлым ерте жаста некеге тұруға, тектік бейімділікке, орташа өмір сүру жас ұзақтығының ұзаруына байланысты ұрпақтардың саны көбеюі немесе азаюы мүмкін, төртіншіден, әлеуметтік талдау үшін бір ұрпақ өмір сүретін уақыттың хронологиялық белгіленген кезеңі, онтогенез сатысы, әлеуметтену үдерісі, балалық шақтан қарттық шаққа дейінгі өмір жолы маңызды деректер болып табылады; бесіншіден, «ұрпақ» ұғымына өмірлері қайсыбір маңызды тарихи оқиғалармен байланысты, «уақыт ауанын (рухын)» сіңірген замандастардың тарихи-мәдени ортақтығын біріктіретін рухани-нышандық мағына береді.

Осы анықтаманы көбіне ұрпақтардың жіктелімі ретінде пайдалануға болады. Ұрпақ терминінің әрбір түсініктемесі жеке теориялық тәсілді қажет етеді. Бұл ретте И.М. Ильинскийдің көзқарасы (тәсілі) атап өтуге лайық. Ол осы терминді қолданудың үш нұсқасын бөліп қарайды және бұдан қайсыбір әлеуметтік феноменге сияқты жастарға қатысты үш теориялық көзқарас (тәсіл) туындайды:

1. Ұрпақтар жеке адамдар өтетін өмір кезеңі мағынасында қаралады. Классикалық әлеуметтік тәсіл (көзқарас) қоғамның жастарға тигізетін ықпалын қарайды.

2. Әлеуметтік немесе саяси ұрпақтар – топтық мінез-құлықтың қоғамдық-тарихи сабақтастырылған құрылымдары.

3. Тектік ұрпақтар бөлінеді, мұнда жастардың проблемалары ата-аналар буындарының балаларға қатынастары арқылы қарастырылады, ол әлеуметтік тұрғыда солардың арасындағы қақтығысқа немесе алшақтыққа өзгеруі мүмкін [43, 399-400].

Ұрпақтың әлеуметтік терминологиясы В.В. Никитенконың «Демографиялық талдаудағы ұрпақ» диссертациясында анық берілген. Автор «ұрпақты» анағұрлым нақты түп-тұқым ұғымдарына қатысты туыстық (тектік) ұғым ретінде даралайды: «жас тобы» (ұғымның тарихи алғашқы мағынасы), «отбасындағы ұрпақ», «ниеттестер тобы» (Никитенко В.В. *Демографиялық талдаудағы ұрпақ. Соц. ғыл. канд. дис. автореф. – М., 1980. –7-б.*).

Ұрпақты талдау кезінде (нақты ұрпақтарды) мына терминдер маңызды: *замандастар* – осы мезгілде өмір сүретін адамдардың жиынтығы, *жастылар* – бір жылда туылған адамдардың жиынтығы, *құрдастар* – әр жылда туылған адамдардың жиынтығы, бірақ солар үшін алынған, сондықтан «құрдастар» ұғымы кейде бір жылда туылған адамдардың жиынтығын анықтау үшін де, яғни ұрпақ құрамына сипаттама беру үшін қолданылады.

Сонымен, осы тақырыпты ашу кезінде оны зерттеудің әртүрлі кезеңдерінде «ұрпақ» ұғымын зерделеуге қатысты қолданылатын әр бөлек теориялық тәсілдер берілді. Салыстырмалы-тарихи әдіс ұғымның қалай қалыптасқанын, оған қоғам дамуының әртүрлі кезеңдерінде қандай мазмұн берілгенін анықтауға мүмкіндік туғызды. Ұрпақ ұғымын пәнаралық тәсілді талап ететін көп мәнді категория ретінде түсіну бірден іске асқан жоқ және тек әлеуметтік тәсіл ғана ұрпақ ұғымын жалпымазмұндық тұрғыдан қарауға ырық береді. Терминнің көп мағыналылығы ұғымды түрлі нұсқаларда қолдануға мүмкіндік береді, олар білімнің жеке салаларында пайдаланылатындығын міндетті түрде атап өту керек.

Ресейлік ғалымдардың 60-80-ші жылдарда ұрпақтар проблемасын зерттеуде таптық-идеологиялық бағытта болғанын айту қажет. Осы үрдіс былайша көрінді, ұрпақтардың өзара қатынастары дау-жанжалсыз бірлік позициясынан қаралды. Социализм заманында ұрпақтардың антагонистік жанжалдық өзара іс-қимылдары үшін объективті себептердің жоқ екені нық сеніммен айтылды. Осы жағдайға қарамастан, көптеген еңбектер жастар проблемаларын ұрпақаралық қайшылықтар түпмәтінінде қарауға түрткі болды. Тіпті идеологиялық призма арқылы да ұрпақ проблемасы жүйелі сипаттама алды. Осы проблеманы әрі қарай зерделеу ұрпақтың теориялық үлгісінің сандық та, сапалық та құрауыштарын түсінуге мүмкіндік туғызды.

Ұрпақтардың ауысу ырғағы қаралатын құрауыштардың бірі болып табылады. Оны табу және анықтау маңызды, өйткені А.М. Безгрешнованың пікірі бойынша, оған ұрпақтың межелерін бөлу байланысты болады, яғни ол жеке ұрпақты «жасына қарай шектеуді» белгілейді. И. Болотиннің мына пікірі де көкейге қонады: «әлеуметтік-философиялық көзқарас тұрғысынан

ұрпақтың айқын межелері жоқ», ырғақтың жиілігін табуға әрекеттену ұрпақтың теориялық үлгісін жасау үшін қажет.

Социологтар адамдардың жастарына қатысты тарихи және мәдени айырмашылықтардың бар екенін атап өтеді, ал оны сатылық және маңызды категорияларға бөлу жасты әлеуметтік құрылымдау деп аталады.

Адам өмірінің белгілі бір кезеңдері – *жас* бойынша бөлу мен зерттеу ұрпақтың теориялық үлгісінің ерекшеліктерін анағұрлым дәл анықтауға септігін тигізеді, өйткені ол ұрпақтардың ауысу үдерісін, олардың өзара қатынастарын әлдеқайда жіті қадағалауға, әлеуметтік-мәдени маңызына баға беруге мүмкіндік туғызады. Социологтардың зерттеулерінде түрлі этностық топтар мен әр уақыттағы тарихи кезеңдерде орын алған жас бойынша бөлу мысалдары келтіріледі. Мәселен, В.Т. Лисовский мына жайттарды атап өтеді:

Ежелгі қытайлар адам өмірін мына кезеңдерге бөлген. Жастық шақ – 20 жасқа дейін, некеге тұратын мезгіл – 20-30 жас, қоғамдық қызметтерге кірісу – 30-40 жас, өз қателіктерін түсіну – 40-50 жас, өміріндегі ең соңғы шығармашылық кезеңі – 50-60 жас, адамдардың жеткісі келетін межесі – 60-70 жас, 70 жастан кейінгі кәрілік.

...Ежелгі грек математигі және ойшылы Пифагор – 20-40 жастағы адамдар тобын, XIX ғасырдағы француз физиологы Флуранс – 20-дан 30-ға дейінгілерді, XIX ғасырдың соңындағы және XX ғасырдың бас кезіндегі неміс физиологы Макс Рубнер – 15-тен 20 жасқа дейінгілерді, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс статистигі А. Рославский – 15-тен 30 жасқа дейінгілерді, американдық демограф Боуг 9-дан 17 жасқа дейінгілерді жастар деп есептеген.

Көне Спартада тек 30 жасқа толған адамдар ғана толық құқылы азамат болып саналған. Бұған дейінгілер кәмелетке толмағандардың қатарына жатады. 30 жастан асқаннан кейін әрбір ер адам үйленуге тиіс болған.

Н.А. Васютинскийдің айтуы бойынша, Гиппократ адам өмірін 7 жылдан тұратын кезеңдерге бөлген: «7 жасқа дейін – сәби, 7-ден 14-ке дейін – бала, 14-тен 21-ге дейін – ересек бала,

21-ден 28-ге дейін жасөспірім, 28-ден 49-ға дейін еркек, 49-дан 56-ға дейін егде, одан кейін қарт» (*Васютинский Н.А., 1990*).

Психологияның тиісті бөлімінде жас бойынша кезеңге бөлу барынша толық талданған, ол негізгі төрт шақты бөліп қарайды: балалық шақ, жасөспірімдік шақ (жастық шақ), ержету және қарттық.

Жас бойынша кезеңге бөлу проблемасына, әлеуметтік жасты анықтауды іздестіруге қызығушылық философияда да орын алады және онда «...жас зерделеудің тақырыбы ретінде сандық нысанда көрінбейді, ал мазмұндық белгілерге ие болады». М.Д. Уфимцева биологиялық, психологиялық және әлеуметтік жастардың болуын атап өтеді. Ол адам жасының әлеуметтік ырғақ тұрғысынан ұрпақтарды саралайтын фактор болып табылатынын атап көрсетті: әртүрлі ұрпақтар кейінгілерінің белгілі бір тарихи оқиғаларға ортақтастық негізінде емес, ал адамдардың жеке өмірінің ырғақтарына сай келулерінің негізінде көрінеді». Әркім дүниеге келгенде алдымен бала, содан кейін – жасөспірім, жас, кейінірек – ер жеткен адам, және ең соңында қартайған адам болады. Сонымен, әрбір ұрпақ «балалар», содан кейін «әкелер», ең соңында «аталар» мәртебесіне ие болады. Адам өз өмірінің әр кезеңінде олардың жіктелімінде балалардан қарттарға дейінгі түрлі ұрпақтардың өкілі болады, сондықтан ұрпақтық мәртебе немесе ұрпақтың жас бойынша мәртебесі туралы айтуға болады.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. Ресей социологтарының еңбектеріндегі ұрпақ ұғымының түсіндірмесіне қатысты негізгі теориялық тәсілдерді талдаңыз.

2. Сіз И.С. Конның *«ұрпақ айқын межселері жоқ нышандық қауымдастық болып табылады. Ол тарихи маңызы бар қайсыбір оқиғаның ықпалымен қалыптасады. Оқиға неғұрлым маңызды болса, оның тарихи ықпалы да соғұрлым ұзақ және оның ықпалының хронологиялық ауқымдары да соғұрлым кең болады»* деген анықтамасымен келісесіз бе? Өз жауабыңызды дәйектеңіз.

3. Ұрпақтың қандай белгілеріне сүйене отырып, А.И. Афанасьева *жас жөніндегі факторды* негізгі белгілердің бірі деп есептейді?

4. И.М. Ильинский қайсыбір әлеуметтік феномен ретінде жастарға қатысты қандай үш теориялық тәсілді атайды?

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. Мына сұраққа жауап беріңіз. *Ұрпақтың құндылықты бағдарлары арқашан бүкіл қоғамның құндылықты бағдарларына айналуы мүмкін бе?*

2. Сіз К. Юнгтың *«Ұжымдық сана-сезімге сай келмейтіндерді «барып тұрған әпенді» немесе есуас деп қабылдайды. Ал егер осындай әпенді кенет шын мәнінде данышпан болып шықса, оны тек екінші және үшінші ұрпақ қана мойындайды»* деген пікірімен келісесіз бе?

3.3 Ұрпақтар жанжалының (тартыстарының) жаһандық теориялары

«Әкелер мен балалар» проблемасы – мәңгі деп атайтын проблемалардың бірі. Оған антикалық (көне) заманнан бастап көптеген авторлар сілтеме жасап келеді. «Ұрпақтардың дау-жанжалы» (тартысы) туралы пікірлер Аристотельдің, Платонның және Сократтың еңбектерінде бар.

Алдыңғы параграфта айтылғандай, «ұрпақтар жанжалы (тартысы)» теориясы бастапқыда испан философы, идеалисі Хосе Ортега-и-Гассеттің есімімен байланысты болды, ол 1914 жылы «ұрпақаралық әдіс» тұжырымдамасын ұсынды. Осы әдісті пайдаланған ол, қоғам дамуының бүкіл тарихын бірін-бірі кезең бойынша ауыстырып отыратын ұрпақтар арасындағы күрестің нәтижесі ретінде қарады⁹. «Ұрпақтар жанжалы (тартысы)» туралы қазіргі америка әдебиетінің сыншысы Ихаб Хассан былай дейді: «Жастардың дағдарысы» ересектер өмір сүруге тура келетін алауыздықтардан, сәтсіздіктер мен шиеленістерден туындайды». Оның пікірінше, ұрпақтар арасындағы күрес, сайып келгенде, адам тіршілігіндегі құндылықтарды жаңалайды. Американдық социолог Дональд Н. Михаэль ұрпақтар арасындағы түсінбеушілік пен араздық (өшпенділік) тарихи құбылыстардан туындайды және олар кез келген қоғамға тән деп айтады. Отто Ранк әлеуметтік прогрестің екі ұрпақ арасындағы қарама-қайшылықтарға негізделетіні туралы идеяны ұстанады.

Ш. Айзенштадт салыстырмалы деректердің көмегі арқылы жас топтары мен ұрпақтар арасындағы өзара қатынастардың

⁹ Jose Ortega y Gasset. *Man and Crisis*. New York. 1958. –P.51.

жалпы теориясын қоғамның әлеуметтік құрылымына байланыссыз жасады. Жас топтарының функционалды ерекшеліктерін пайдалана отырып, Ш. Айзенштадт қоғамның құрылымдық-функционалды бірлігін абсолюттейді. Бірақ ол жастардың кейбір топтарының қалыптасқан тәртіпті, әлеуметтік нормалар мен «құндылықтар жүйесін» қолдайтынын, ал басқаларының әлеуметтік наразылық жолына түсу арқылы оларды теріске шығаратынын түсіндірмейді.

Фрейд ұрпақаралық жанжалдардың (тартыстардың) табиғатын жас адам даралығының жас бойынша психофизикалық ерекшеліктеріне сүйену арқылы талдайды. Әрі классикалық фрейдизмнің – «данагөй комплексі (кешені)» ғылыми қағидаты оның осы теориясының басты тармағы болды. Әке мен баланың арасындағы мәңгі бәсекелестік (бақталастық) – осы тұжырымдаманың негізгі идеясы.

Классикалық фрейдизм позициясын кезінде Г. Маркузе де ұсынды, ол 1955 жылы «Эрос және өркениет» еңбегінде былай жазады: «Данагөй (Эдип) жағдайында жеке адамдар емес, ал ұрпақтар (тектік тұқымдастар) бір-біріне әке мен ананың күресі арқылы... қарсы тұрды, сүйіспеншілік пен агрессиялық жеке мақсаттары арқылы жас ұрпақ өмірге қадам басты».

Әр ұрпақ өзінің әлеуметтік мінез-құлқымен өзгешеленеді және әрқайсысының өз атауы бар. АҚШ-та 20-шы жылдарда «*жозалған ұрпақ*» аталатын жастар болды. Олар үшін өздері тұратын қоғамға көңілі толмау сезімі тән еді. 30-шы жылдардағы әлеуметтік күйзелістер, экономикалық және саяси дағдарыс, тауқымет тартқан азапты жылдар аға ұрпақпен бірге осы кезеңді бастарынан кешірген жас адамдарға да өз белгісін қалдырды.

Соғыстан кейінгі 40-шы және 50-ші жылдардың бірінші жартысындағы жағдайларда «*бұйығы ұрпақ*» аталатын жастардың буыны пайда болды. Бәлкім, бұл салыстырмалы ұғым болса да керек, бірақ соған қарамастан ол сол жылдардағы жастардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. 50-ші жылдардың екінші жартысында, кейіннен битниктер деген атқа ие болған сыртқы пішіндері әдеттен тыс жастардың пайда болуы жас адамның өз даралығын сақтап қалуға ұмтылысымен сабақтасады. 50-ші

жылдардың екінші жартысындағы жастар «*түңілген («адасқан»), «божыраған») ұрпақ»* деген атауға ие болды. Жалғыздық, беймәлімдік, көңілсіздік, бұйығылық, ертеңгі күнге деген сенімсіздік – «адасқан («түңілген») ұрпақтың» ашынуға және мақсатсыз бүлік шығаруға түрткі болған себептердің негізіне жатады. Жас адамдар нақты әлеуметтік жағдайда өсіп-өнеді. Жастар нақты ортадағы түрлі бағаларды, жақсы көру мен жек көру сезімдерін қабылдайды, олардың позициялары мен мінезқұлықтарына өздері өмір сүретін ортадағы нақты жағдайлар әсерін тигізеді.

60-шы жылдардың екінші жартысында батыстың әлеуметтік ғылымы жастар тақырыбына тағы да жіті назар аударады және жас ұрпақтың өсе түскен рөлін ескеру арқылы бұрынғы позицияларды қайта пайымдауға әрекеттенеді. Батысеуропалық аса ірі елдердегі 60-70-жылдардың тоғысында жастардың жаппай толқуларын зерттеушілер «ұрпақтар арасындағы мәңгі тартысқа», немесе «әкелерге» деген өшпенділіктің Эдип (данагөй) психологиялық комплексіне қатысты фрейдистік схемаларға сәйкес телуге ұмтылды. Жас ұрпақ неліктен нақ сол ХХ ғасырдың 60-70-ші жылдарында «бұйығыдан» «бүлікшіге», «келісімпаздықтан» «бәрін теріске шығаратынға» айналды.

Жас адамдардың кез келген іс-әрекеттері өздері бір бөлігі болып табылатын қоғамның, мәдениеттің ауқымында жасалады. Дәстүрлі құндылықтарға, моральдық ережелер мен заңдарға қарсы шыққан жастар сонымен қатар нақ осы нысандар ықпалының таңбасын сiңiредi. Аға ұрпақтың тәжірибесін жалғастырудың орнына жастардың тәжірибесі мүлде бөлек немесе тікелей карама-қайшы болған жағдайларда ұрпақтар арасындағы сабақтастық проблемасы күрт шиеленіседі. Тәжірибемен тиянақталмастан қалыптасқан әлеуметтік қатынастарға жастарды тарту, аға ұрпақпен салыстырғанда анағұрлым осал болады. Сондықтан да сыртқы оқиғалардың ықпалынан болатын өзгеріске қатысты олардың әлеуметтік нұсқаулары мен құштарлықтары анағұрлым орнықсыз сипат алады. Бірақ бұл ерекшелік оң да, теріс те болуы мүмкін.

Дж. Старрдың пікірі бойынша, жастардың наразылығын негізгі екі әлеуметтік парадигманың (үлгінің) көмегі арқылы

түсіндіруге болады. Біріншісі «әкелер мен балалар» арасындағы өзара қатынастар саласында болған әлеуметтендіру дағдарысына байланысты жастардың 60-шы жылдардағы наразылығының себептері мен көздерінен туындайды. Парадигма (үлгі) негізіндегі осы түсіндіру негіз қалаушы болып табылады. Екінші түсінік мынадай ойға жетелейді, жастардың толқуларын жүйе жалпы жүзеге асыратын әлеуметтену тетіктерінің дағдарысынан іздеу керек, яғни соның аясында әлеуметтендіру жүргізілетін өзара байланысты және өзара әрекеттес ретіндегі қоғам: бұл түсінік құрылымдық-функционалды парадигманың негізіне құрылған. Отбасылық (әулеттік) әлеуметтену тұжырымдамасы бойынша жастардың «қабылдамауы» «ұрпақтар дағдарысы», «балалардың» өз «әкелерін» тыңдамау тұрғысынан түсіндіріледі.

Г. Блэйннің айтуынша, жастардың арасындағы жүгенсіздік (бейбастақтық, имансыздық) пен «бүлікшіл көңіл-күйдің» өсуі отбасындағы тәрбиенің кемшіліктерінен болады. Оның пікірі бойынша, «Фрейдтің бұрынғы теорияларын бұрыс түсіндіргені және экстрополяция жасағаны үшін» қоғамға қазір соның зардаптарын тартуына тура келеді, осы теорияларға жүгіну «жеке адам даралығының толық мүмкіндігін ашуға» кесірін тигізеді деген қауіптен отбасылық практикадағы мәжбүрлеу мен жазалау сияқты әдістерді шығарып тастады. Іс жүзінде адамның балалық шағынан отбасында мінез-құлықтың, өзге адамдармен қарым-қатынастың белгілі бір тәртіптері қалыптасады. Отбасындағы адамдардың қарым-қатынастары анағұрлым бейресми, әлдеқайда қарапайым. Адам мен мемлекет жүйесі, саясат арасында орнатылатын байланыстарға қарағанда, мұндағы қатынастардың таптаурындары өзінің сипаты бойынша анағұрлым орнықты, ескі (патриархатты) және кертартпа (консервативті).

Жастар әлеуметтік екі құрылым тартысының (жанжалының) қақ ортасында болады, - дейді Шельски. Бұл, біріншіден, туыскандық ниет, өзара көмек негізгі басымдықтары болып табылатын отбасы (әулет), екіншіден – әлеуметтік қатынастар әлдеқайда күрделі болатын қоғам. «Отбасылық әлеуметтену» парадигмасын (үлгісін) қолдайтын социологтардың көпшілігі жастардың әлеуметтену саласындағы көптеген нақты зерттеулердің

деректерін елемейді. Осы деректер ата-аналар мен олардың балаларының ұстанымдарындағы ынтымақтық немесе келіспеушілік жөніндегі өзара байланыстар не мүлде байқалмайтынын, немесе назарға алу үшін тым аз екенін айғақтайды. Отбасылық әлеуметтену парадигмасын дәлелсіз деп есептейтін, жас ұрпақтың әлеуметтену үдерісінде отбасының рөлі мен отбасылық беделді азайтуға назар аударатын ғалымдардың пікірлері де өте маңызды. Олар кейінгілеріне балаларды тәрбиелейтін мекемелерді, мектептерді, жоғары оқу орындарын, БАҚ-тарды және т.б. қарсы қояды. Ал ата-ана беделінің орнына «институцияландырылған ата-аналар» аталатындардың беделі келеді, олардың беделдері тәрбиешілермен, педагогтармен, оқытушылармен арадағы байланыстардан, телехабарлар көруден туындайтын әсерлерден қалыптасады. Отбасы жас ұрпақты мәдени дәстүрге қосудағы негізгі фактор болудан қалады. Әрі осы көзқарас өкілдерінің пікірлері бойынша, осы функцияны енді барған сайын жалпы мемлекеттік білім жүйесі көбірек қамтитын болады, мұнда дәстүрлерді игеру анағұрлым жаңартылған нысандар алады да, олар жастардың субмәдениетін қазіргі болмыстағы бағдардың белгілі бір тәсілі ретінде құрылымдауға жетелейді.

Ю.Н. Давыдовтың пікірі бойынша, отбасылық әлеуметтену үлгісі (парадигмасы) қалай сыналса да, бір жағдай ақиқат, жастардың кез келген іс-қимылдары (көріністері) мен жастардың нонкеліспаздығының түп бастаулары мен себептерін тиянақты іздеу керек. Мұның себептері анағұрлым тереңде жатыр және олар отбасының түпмәтінінен емес, ал соның ауқымында әлеуметтендіру функциясын орындайтын жалпы қоғам тұрғысынан қаралуы тиіс.

«Ұрпақтар тартысының (жанжалының)» тұжырымдамасына түсініктеме берген *К. Кенистон* мынадай байлам жасайды, оның мәні қоғамның әлеуметтік құрылымының тікелей негізіне қаланған, ал жанжалдың (тартыстың) өзі жастардың осы қоғамға және оның заңдарына қатынасын көрсетулері болып табылады. Кенистонның айтуынша, «жастардың дағдарысы» – олардың айтарлықтай бөлігінің қоғам негізіне қаланған нормалар мен құндылықтарды қабылдаудан бас тартуы. Ол мынадай болжам

айтады, наразылықтардың төркінін постиндустриалды революциядан туындаған сапа жағынан жаңа міндеттерден, өмір әдебі мен стилінен іздеу керек. Кенистонның айтуынша, 18 ғасырда басталып, осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан индустриялық революция бәрінен де өндірісті дамыту мен материалдық, әлеуметтік және саяси игіліктерді сан жағынан жинақтауға мүдделі болды. Өндіріс проблемаларын шешкен постиндустриалдық революция енді өмірдің сапалық жағына, оның рухани және эстетикалық байлығына, қоғамдық моральға және т.б. баса назар аударады. Осы кезеңнің ерекшелігі мынада – постиндустриялық революцияның міндеттері индустриялық революцияның шешілмеген міндеттерімен біте қайнасады. Сонымен, Кенистонның пікірі бойынша, жастардың толқуларын индустриялы елдердің кемшіліктерімен емес, жетістіктерімен, «индустриялы елдердің өздерінің уәделерін орындамағандарымен емес, олардың табыстарының кейбір салаларда күткеннен де асып түскенімен» түсіндіру керек.

Өз жастарының ерекшеліктеріне қарай жастар өмірдің әлеуметтік құбылыстарын барынша өткір сезеді және соған орай әрекет жасайды. Жастарға жеке адам қабілетінің барынша толық ашылуына, жеке ерекшеліктердің көрінуіне, бақылаудан және «әке қамқорлығынан» эмансипация қажеттілігіне, сондай-ақ үлкендер белгілеген ережелер мен тәртіптерді өзгертуге ұмтылу әрекеті тән. Алайда, жастар субмәдениетіндегі қайсыбір жеке қасиеттерді ұрпақаралық қатынастардың барлық саласына таратуға болмайды. Сән үлгілері, көркемдік талғамдар және т.б. ұрпақтың мінездемесі үшін жеткіліксіз, әрі оның үстіне осы себептен туындайтын алауыздықтар (келіспеушіліктер) «ұрпақтар дағдарысы» себептерінің бірі болып табылмайды.

К. Маннгейм, Э. Айзенштадт, К. Дэвис, М. Мид, Э. Эриксон іс жүзінде басымдық құратын дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен үміттер арасында алшақтық орнаған кезде өздігінен ұғынылатын субмәдениеттер мен жастар проблемалары туындайды деген қорытындыға келді. Туыстық байланыстарға негізделген қоғамның өркениетті үлгідегі қоғамға көшу кезіндегі осындай алшақтықтардың себептік байланысын Айзенштадт айғақтады. Автордың ұйғаруынша, кез келген қоғамда рөлдерді қабылдау

мен орындауға жас бойынша асимметрия орын алады, ол бедел мен биліктің басымдығынан белгілі бір көрініс табады; жастармен салыстырғанда ересектердің беделі мен билігі үлкен. Нақ осы сәйкессіздік құқықтар мен міндеттер түрінде ресми, сондай-ақ қатынастардың мойындалған (танылған) нормалары түрінде бейресми болуы мүмкін, әрі ол қоғамдағы жас топтары арасындағы барлық қайшылықтардың, «ұрпақтар тартысының» түп төркінінде жатады.

«Ұрпақтар проблемасын» Мангейм ең алдымен жас бойынша сана-сезімнің жағдайлары мен себептерінің туындауын анықтауға саяды. Тапқа жату таптық сана-сезімнің пайда болуымен міндетті түрде қатар жүруі шарт еместігі сияқты жас бойынша сана-сезімді де белгілі бір жас тобына жату деп түсінбеу керек.

К. Дэвис ұрпақтар арасындағы қатынастарды зерделеудің әлеуметтік-психологиялық талдауына жүгінді. Ұрпақтар арасындағы қатынастардың сипатын анықтайтын аса маңызды факторлардың бірі – әлеуметтік өмірдегі өзгерістердің қарқыны. Әлеуметтік өзгерістердің қарқыны неғұрлым жылдам болса, өмір жағдайлары мен салттарындағы, құндылықты бағдарлардағы айырмашылықтар соғұрлым үлкен болады. Ересектер мен балалардың арасындағы жас айырмашылығы 20-30 жасты құрайды. Әлеуметтенуді 20 жыл бұрын өткен ересектердің мінез-құлықтарының белгілі бір нормалары, білімдері мен әлеуметтік нұсқаулары едәуір өзгешеленеді, әрі мәні жағынан қазіргі жастардың мінез-құлқынан бөлек, сондықтан тартыстың ықтимал түрлерін туындатады.

Ұрпақтар алауыздықтарының түпкі себептерін анықтау мақсатымен, *М. Мид* үш ұрпаққа – қарттарға, ата-аналар мен балаларға тән мәдениет дамуының серпінін зерттеді. Мид кейінгі онжылдықтардағы құндылықтардың эволюциясын, жастардың көңіл-күйлерін електен өткізуге әрекет жасады. Әр жылдардағы америка мәдениетіне қатысты негізгі көрсеткіштер – әркелкі. Табысқа, бедел мен билікке қол жеткізу біртіндеп басқа құндылықтармен ауысты. Мәдениет құндылықтарын қайта сараптау қажеттілігі, Мидтің пікірі бойынша, қазіргі жас ұрпақтың ең үлкен өзіндік ерекшелігі (сипаты).

Қолданыстағы тәсілдер тұрғысынан зерттеушілерді жастар проблемаларының түп төркінін өткеннен емес, бүгіннен іздеуге бағдарлайтын құрылымдық-функционалды парадигманы (үлгіні) белгілеуге болады: жас адамның «әлеуметтендіру институтының» түрлі қырларымен өзара әрекеттестігінің нақты үдерісін зерделеу. Құрылымдық функционализм «ішкі» емес, ал отбасынан «тыс» жанжалдарға (тартыстарға) қызығушылық танытады және шиеленістердің негізгі себептері жастардың әлеуметтенуіндегі жалпы үрдістің аясынан іздестіріледі.

Мәдениетке қарсы нысандардағы жастардың наразылығын *Т. Парсонс* жас ұрпақтың ұзаққа созылған әлеуметтенуінің нәтижесі ретінде қарауға бейім, алайда жас адамдардың үлкендердің орнын алуға ұмтылысы мұның негізгі себебі болып табылады. *Т. Парсонстың* тұжырымдамасымен жастардың проблемалары үйреншікті «ұрпақтар тартысы» ретінде кең тараған бағалау үндеседі. Фойер жастардың наразылығының негізінен жастардың егеске (тайталасқа) деген қайсыбір мәңгі эмоциялық ұмтылысын көреді. «Тайталас (егес), деп жазды ол, әкелерінің артында тұрған ұлдар буынының обертоны (үндестігі), және егер проблемада немесе істе осы элемент болмаса, онда ол эмоциялық қанағаттандырмайды». Липсеттің пікірі бойынша, Батыстағы жастардың толқулары ұдайы орын алатын екі фактормен белгіленеді: біріншіден, жас бойынша психологиялық ерекшеліктермен, екіншіден, жастардың айрықша әлеуметтік жағдайымен.

В. Яйде мына пікірге сүйенеді, жас адамдар өздерінің жалпы көңіл-күйлеріне сәйкес «наразыларға» және «риза болғандарға» бөлінуі мүмкін. Біріншілері «сыни шаралардың» ықтимал қатысушылары болып табылса, екіншілері едәуір «тұйық көпшілік топтарын» құрайды. «Наразылық» («көңіл толмаушылық»), оның пікірінше, биологиялық, психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктерден, барлық индустриялы қоғамдарда ежелден келе жатқан тармақталған ағымдарды салттандырудан және ұрпақтан-ұрпаққа дәстүр бойынша табыстаудан туындайды. «Риза болғандарды» «құндылықтар саласындағы... кертартпа адамдар» деп есептеу керек, олар тұрақты және теңгерімді (үйлесімді) өмір табыстарын, құндылықты бағдарларын және өз ата-аналары

мен көптеген ізашарларының жетістіктерін мақұлдаумен тіршілік етеді.

Ж. Шезаль мен И. Блох жастардың «бүлік көтеруін» «эмоциялық, моральдық және әлеуметтік шикіліктен» деп түсіндіреді. Жастардың барлық мінез-құлықтарын олар тек «осы қоғамға кіргізу туралы қам жасамайтын қоғамға қарсы басқарылмайтын жастардың тосын әрекеті» ретінде ғана қарауды ұсынады.

Дональд Н. Михаель «ұрпақтар арасындағы қастық (өшпенділік, араздық) пен түсінбеушілікті, кез келген қоғамға тән, тарихи қалыптасқан құбылыс» деп мәлімдейді.

Үлкендердің еңбектерінің арқасында барлық жағдайлар жасалған ұрпақ өз энергиясын шығару (жұмсау) жолдарын іздейді және сондай жастар отбасы мен қоғам алдында ешқандай жауапкершілікті және міндетті сезінбейді, - деп есептейді *К. Скуддер мен К. Бим*.

«Белгілі бір жасқа жеткен жас адам өзінің мінез-құлқы мен қатынастарында бейқам, ұшқалақ күйінде қалады. Жеңіл және шұғыл мезеттік ләззаттарды іздеген ол әрі менмен, әрі қағылез болады... Ол өзін жауапты сезінбейді... әлеуметтік тұрғыда дамымайды... Ол өзі бақыламайтын түйсіктік үрдістерінде бейбастақтыққа (анархияға) беріледі», жастардың проблемаларын зерттеген *Ж. Шезаль* кезінде осылай деп жазды.

«Әкелер мен балалар» ұрпақтарының нормалары мен құндылықтарының бір-біріне қарсы тұру проблемасын *Слейтер* зерттеп-зерделеді. 50-ші жылдардың соңында – 70-ші жылдардың бас кезінде, Слейтердің пікірі бойынша, байырғы алғышартта айырмашылық пайда болды: аға ұрпақ тапшылық экономикасын бастан өткізсе, кіші ұрпақ молшылық, ырыс-береке экономикасында өмір сүрді, қалған барлық айырмашылықтар осы артықшылықтардан көрінеді. Бұл ретте Слейтер, экономикалық қамтамасыздықтың өздігінен «жаңа мәдениет» жасамайтынын атап көрсетті.

Даниэл Беллдің пікірінше, жастар ескі идеялар өз күшінен айырылған заманда өсіп-өнді, сондықтан олар өзін-өзі жойған (өшірген) нәрселерді тануды және соларға көңіл бөлуді қажетсінбейді. Жастар «индустриялы қоғамда» өмір сүріп жатыр, олар «постиндустриялы қоғамда да» өмір сүретін болады,

сондықтан қазіргі жастарға «индустрияға дейінгі қоғамның» құндылықтары мүлде жат.

Герберт Маркузенің ұстанымы (позициясы) тартымды берілген. Оның пікірі бойынша, бүлік шығарған жастардың пайда болуы экономикалық емес, ең алдымен, әлеуметтік-психологиялық себептерге байланысты. Жастардың мемлекет пен оның институттарына, «атақ-беделдерге», өмірдің, мәдениет пен моральдық ұсақ пайдакүнемдік (есепшілдік) салтына қарсы наразылықтары, олардың өзіндік ерекшеліктері болып табылды.

Сонымен, «ұрпақтардың жаһандық тартысы» проблемасы адамзат дамуының барлық кезеңдерінде болған. Мұны осы идеяны көпшілік те, сондай-ақ әлеуметтік әдебиетте де түсіндірген ғалымдардың түрлі көзқарастары (тәсілдері) айғақтайды. Ұрпақтардың тартысы туралы әсіресе XX ғасырдың екінші жартысында қызу талқылай бастады, осы тартысты олар жастардың мәдениеті, контрмәдениеті сияқты ұғымдармен байланыстырды. Әрі осы тұрғыда жоғарыда келтірілген теориялар орын алған жағдайларды нақты тарихи ахуалға қатысты түсіндірудің ең алғашқы әрекеттері болды. Осындай теориялардың мағыналарын жинақтап, қорытындылау ұрпақтар тартысының мәнін мынаған саяды, жас адамдар қоғамның әлеуметтік қатынастарын қабылдауға дәрменсіз.

Жас ұрпақтың «жаңа, түсініксіз» жай-күйінің негізгі ерекшеліктерін туындататын факторлар туралы айтқан *Мэйс*, бұрын болмаған, өмір икемділігі мен жастарға қазір берілген мүмкіндіктер арасындағы таңдаудағы үлкен еркіндікті осы заманғы өмір деп есептейді. Қоғамдық даму қарқындарының жеделдігі, жаңа технологиялардың өркендеуі, демографиялық ілгерілеулер ұрпақтар арасындағы айырмашылықты одан бетер ұлғайтты. Өмір бір орында тұрмайды, талғамдарға, салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға қатысты өзгерістердің артынша жастардың сана-сезімінде де елеулі өзгерістер болады. Ұрпақтардың сабақтас-тығы енді әлеуметтік болмыстың саналуандығы мен айырмашылығы арқылы іске асады.

Жоғарыда келтірілген көзқарастар уақтылы болды, бірақ олар жас адамның сана-сезімінде болған өзгерістерді ескермеді. «Ұрпақтар тартыстарының» туындау себебі мен салдарына

жастардың мәдениеті жатады, ол жас адамдардың қоғам нормалары мен құндылықтарына бейімделулерінің өзіндік нысаны іспеттес. Көптеген ғалымдар «жастар мәдениетінің» болу фактісін мойындаса да, бірақ олардың зерттеулері құқық бұзушылықтар мен олардың себептерін талдауға арналды. Қайсыбір аспектілер бойынша авторлардың пікірлерін бөлісу олардың тұжырымдамаларын біржолата жалпы қабылдау ұғымын мүлде білдірмейді.

Адам өмірінің әрбір кезеңіне өзінің субмәдениеті тән. Ересектердің субмәдениеті дәстүрлерге негізделеді, инновацияларға бейім емес және қайсыбір тұтастық пен жағымдылықты бекіте отырып, оларды мәдениеттің базалық элементтері жасайды. Жастардың субмәдениеті белсенді энергияға (күш-қуатқа), тәжірибелік мәнерлерден іздестіруге деген асқан құмарлыққа негізделеді. Жастар субмәдениетінің аясында моральдың жаңа жүйелері жасалады, әрі уақыт пен дәстүрлерге сай келетін олар мәдениеттің үстемдік құратын жүйесіне үйлесімді сіңісулері мүмкін. Осы тұрғыда жастардың мәдениеті әлеуметтенудің баламалы нұсқасы және қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуындағы жаңа перспективасы ретінде көрінеді.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. Сіз Марк Твеннің мына сөзін қалай түсінесіз: «Мен 14 жасқа толғанымда, әкемнің ақымақ (ақылсыз) болғаны соншалық, мен оған әрең-әрең шыдайтын едім, ал 21 жасқа келгенімде осы қарт кісінің жеті жылдың ішінде қаншалықты ақыл жинағанына қайран қалдым».

2. Сіз төменде келтірілген, қазіргі заманғы жас ұрпаққа берілген бағалардың қайсысымен келісер едіңіз? Ұрпақ «анықтамаларының» тізбесін әрі қарай жалғастыруға бола ма? Өз атауларыңызды ұсыныңыз:

- ✓ прагматикалық ұрпақ;
- ✓ түңілген ұрпақ;
- ✓ X-ұрпақ;
- ✓ жұмбақ (ребус) ұрпақ;
- ✓ скептик ұрпақ;
- ✓ үміт артатын ұрпақ;
- ✓ агрессиялы ұрпақ;
- ✓ арсыз ұрпақ;
- ✓ романтиктер ұрпағы;
- ✓ алданған ұрпақ;
- ✓ жоғалған ұрпақ.

Сіздіңше, жалпы ұрпақ туралы, әсіресе оны бір терминмен ғана белгілеу арқылы айту қаншалықты дәйекті?

3. Сіз ұрпақтардың өзара қатынастары проблемасы біздің қоғамда өткір деп есептейсіз бе?

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. **Л. Фойердің мына пікірін талдаңыз:** *«Осыған дейін өмір сүрген барлық қоғамдардың тарихы ұрпақтар арасындағы күрес тарихы болып табылады. Қарттар мен жастар, әкелер мен балалар, кәнігі шеберлер мен олардың жас шәкірттері, ересек жұмыс берушілер мен жас студенттер алғашқы қауым замандарынан бастап қоғамдағы билік (үстемдік) үшін өзара бақталастық жүргізіп келеді. Осы күрес біресе жасырын, біресе ашық түрде үздіксіз жалғаса береді, осындай күрес жастардың айқын жеңісімен (салтанатымен) ешқашан аяқталған емес, өйткені жеңіске жеткен уақытқа қарай олар орта жастағы адамдарға айналды»* (Feuer L.S. *The Conflict of Generation. The Character and Significance of Student Movement.* – N.Y., 1969. – P.32.).

2. **Сіз М. Мидтің:** *«Ұрпақтар арасындағы тартыстар (жанжалдар) ең алдымен жоғары сатылас икемділіктегі таптық қоғамдарға тән»* деген пікірімен келісесіз бе? (Мид М. *Көрс. шығ. 348-б.*)

IV БӨЛІМ

ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІ

Мәдениет құндылықтары қазіргі заманғы жағдайларда әлеуметтік ойлауға белсенді ықпал жасайды, өскелең ұрпақ үшін әлеуметтік білім мен тәрбие берудің кейбір аса маңызды функцияларын орындайды, олар қоғамдағы әлеуметтік білімнің көздері болып табылады.

4.1 Жастар және мәдениет: теориялық бастаулары мен талдауы

Мәдениетті жаңартудағы жас ұрпақтың рөлі, «жастардың мәдениеті» мен «ересектер мәдениетінің» өзара қатынастары туралы мәселелер аса өзекті болып табылатын сияқты, бірақ оларды ғылыми талқылау, осы ұғымдардың сапалық межелері анықталған жағдайда әдептілікке (сыпайылыққа) бағдарлануы мүмкін.

Жаңару және қалыптасу үстіндегі мәдениетке бейімделу кезеңін бастан кешіретін жас ұрпақ дүниетанымдық, мағыналы өмір бағдарларында, субмәдениетке бағдарланған ұстанымдарда елеулі өзгерістерге ұшырайды.

Осы проблемалар қатарын зерттеудің әдіснамалық негізін қалағандар: *В. Дильтейге, К. Маннгеймге, Г. Шельскийге* тірелетін ұрпақтардың қалыптасу және әлеуметтік өзгеру теориясы; *Т. Парсонсқа* тірелетін құрылымдық-функционалды теориялар; жас топтары мен ұрпақтар арасындағы өзара қатынастар туралы *Ш. Айзенштадттың* теориясы, сондай-ақ *К. Левиннің* әлеуметтік-психологиялық тәсілі (көзқарасы), *А. Коэннің, Дж. Колеманның, Д. Аусубельдің, Ф. Тенбруктың* және көптеген басқа ғалымдардың тұжырымдамалары.

Жастар субмәдениетінің мәнін түсіндіретін негізгі тәсілдерді (көзқарастарды) белгілемес бұрын, «жастар», «мәдениет», «суб-мәдениет» ұғымдарының анықтамаларын қарау қажет.

С.И. Григорьевтің пікірі бойынша, ресейлік әдебиетте бүгінгі күнге қарай «мәдениет» ұғымының дефинициялары туралы мынадай түсініктер кең тараған:

- заттық, материалдық таратушыларға дәйектелген, келесі ұрпақтарға берілетін адамзат баласының материалдық және рухани қызметіндегі тәсілдер мен амалдардың жиынтығы;

- тарихи нақты қоғамда әлеуметтік бағдарлау функциясын орындайтын нормалардың, құндылықтар мен мұраттардың жиынтығы.

Тыйым салулар мен нұсқаулардың белгілі бір жүйесінде көрінетін ұжымның мирас етпеген жады ретінде мәдениетті белгілейтін *Ю. Лотман* мен *В. Успенскийдің* таңбалау жүйесі түріндегі мәдениетті семантикалық түсіндіруге әрекет істеу ұмтылысын атап өту керек. Осы ұсынылған тұжырымдамада ішкі жинақылықтың, бейгомәлектіктің, инновациялар мен баламалардың болуы өте маңызды. Мәдениет беймәдениет пен анти-мәдениетке қарсы қою тұрғысында пайымдалады. Беймәдениет – белгілі бір дінге, білім саласына, өмір үлгісі мен мінез-құлқына қатысы жоқтық деген сөз, антимәдениет – мәдениеттердің орын алған үлгісіне қарай анықталады. Авторлар бөлген тұрпаттама бойынша мәдениет үлгілерінің негізгі екі түрі бар, мазмұнға бағытталған біріншісі ережелер жүйесі түрінде берілген, олар үшін тәртіпке (ретке, жөнге) келтірілген, тәртіпке келтірілмеген ұғымдары негізгі қарама-қарсы қою (салыстыру) болып табылады. Айтылуға бағытталған екінші үлгі дұрыс қалыптастырылған мәтін түрінде беріледі, ол үшін дұрыс-бұрыс ұғымы негізгі қарама-қарсы қоюға (салыстыруға) жатады. Осы тәсіл жастардың субмәдениетін, олардың мазмұны жағынан да, сондай-ақ тікелей антимәдениет ретінде таңбалауға жиі ұшырайтын жастардың субмәдениеті мен оларды таратушыларға әлеуметтік жауап қату сипаттамасы тұрғысынан да талдауға қолдануға жарамдылығы жөнінен құнды болып көрінетін сияқты.

Белгілі бір әлеуметтік топтың немесе таптың «мәдениеті» – олардың айрықшалықты және ерекшелікті «өмір стилі», әлеу-

меттік қатынастарда, дін тұту жүйесінде, ғұрыптар мен заңдарда нақтылы түрде көрсетілген мән-мағыналар, құндылықтар мен идеялар. *С. Холл* мен *Т. Джеферсон* қазіргі заманғы қоғамдарда таптар негізгі топтар болып табылады, демек, «таптық мәдениеттер» басты мәдени құрылымдар болады, деп есептейді. «Таптық мәдениеттер» ауқымына «субмәдениеттердің» орналасуы мүмкін, «субмәдениеттер» – анағұрлым ұсақ мәдени-таптық құрылымдар және олар үстемдік құратын мәдениетке немесе «туыстас» мәдениет аталатынға қатысты бағынышты болып табылады.

Л. Уайт мәдениетті үш қосалқы деңгейге бөледі: материалдық құралдардан және оларды пайдалану техникасынан тұратын технологиялық деңгей, адамдардың арасындағы өзара қатынастар мен мінез-құлықтың тиісті үлгілері негізін қалайтын әлеуметтік деңгей. Ең соңында, идеологиялық деңгей, сөздің және басқа да нышандық түрлердің көмегімен айтылатын білім, діншілдік (наным), идеялар оның құрауыштары болып табылады.

Қоғамдық өмір жүйесінде қаралатын әрбір жаңа ұрпақ қоғам дамуындағы қол жеткен деңгейді және белгілі бір қалыптасқан тұрмыс (өмір) салтын мұра (мирас) етеді. Өзіне тән құндылықтары бар қайсыбір топ немесе ұрпақ ретіндегі жастардың ерекшеліктерін талдағанда, жастардың мәдениетінен көрінетін оның әлеуметтік функциясын орындау туралы мәселені қозғамауға болмайды. Американдық функционалистердің пікірі бойынша, жастар мәдениеті тікелей мына себептен пайда болды, ол американдық қоғамда соғыстан кейінгі өзгерістердің нәтижесінде туындаған белгілі бір проблемаларды ең алдымен, индустрияландырудың нәтижесінде шешті. Әрі социологтардың алдында мынадай міндет тұрды, әлеуметтік тәртіпті ұстауда жастардың мәдениеті атқаратын әлеуметтік функцияны табу.

Жарияланған екі жүзге жуық анықтамаларды талдап шыққан *Клакхон* мен *Кройбер* мәдениет жөніндегі өз анықтамасын ұсынды: «Мәдениет, олардың артефактілерде нақтылы түрде көрсетілуін (іске асырылуын) қоса есептегенде, адамзат топтарының белгілі бір жетістіктерін құрайтын эксплицитті және эмплитті нышандардан тұрады (құралады). Мәдениеттің негізгі өзегін дәстүрлі идеялар мен оларға тән құндылықтар

құрайды. Мәдени жүйелерді, бір жағынан, іс-әрекеттің (қызметтің) нәтижесі, екінші жағынан, одан арғы іс-әрекетті детерминациялайтын (анықтайтын) элементтер ретінде қарауға болады.

Д. Баакенің пікірі бойынша, жастардың мәдениеті әлдебір нақты және ұйымдастырылған нәрсе емес, тек «бастан кешіру мен мінез-құлық» қана, әрі, ең алдымен, ол – коммуникация нышандары деңгейінде көрінетін мінез-құлықтың әдеттен тыс стилі.

Жастар мәдениетіне қатысты функционалистік бағытты тұңғыш рет *Т. Парсонс* іске асырды. Ол – қоғамда «негізгі мәдени дәстүрлердің» болуы, - аса маңызды, дейді. Олар «биологиялық тұқым қуалаушылықтың арқасында емес, оқытып-үйрету жолымен ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Жастар «жақсы менгерген» осы дәстүрлер қоғамға белгілі бір тұрақтылық пен уақыт бойынша ұзақтық беріп, «өзара іс-қимылдың тұрақты жүйесін» құрайды. Парсонстың айтуынша, жастардың мәдениеті ересектерге «түсініксіз» құндылықтар жасайды. Олар өз бойларына тұтынуды, белсенділік пен жауапсыздықты сіңіреді. Осындай көзқарастың жастар мәдениеті жөніндегі көптеген ресейлік зерттеулер үшін де тән болғанын атап өту керек.

Жастардың мәдениетіне *Ш. Айзенштадт* анағұрлым толық талдау жасады. Жас адамдар сол арқылы өзгерістердің әлеуметтік тәжірибесінің орнын толтыра отырып, тұрақтылық сезіміне жетуге ұмтылады. Айзенштадт атап өткендей, жастар мәдениеті осындай ұмтылыстардың қайсыбір нәтижесі сияқты, өйткені ол айналада не болып жатса да, соларды ұстану қажет құндылықтардың, позициялар мен мінез-құлық нормаларының айқын жиынтығын қамтамасыз етеді.

Оның пікірінше, қазіргі заманғы қоғамда бала өсіп-өнген отбасы мен белгілі бір өз орнын табуға тиіс әлеуметтік жүйенің арасында үлкен алшақтық бар. Сондықтан да жаңа құрылымдық позиция – жас адамның позициясы пайда болады. Осы тұрғыдан жастық шақ – өмірдің белгілі бір кезеңі ретінде қоғамдағы маңызды құрылымдық позиция болып табылады. Осыған сәйкес, Айзенштадт жастар мәдениетін ересектердің әлеуметтік жүйесінде жас адамдарды өздерінің мәртебелік позициясын иеленуге дайындау үдерісін реттейтін әлеуметтік институт ретінде қарайды.

Мәдениетке әлеуметтік меңгерілген мінез-құлық ретінде анықтама беру мәдениеттің әлеуметтендіруші рөлін күшейтеді және ол субмәдениеттердің мазмұнын зерттеуге қолданымдылығымен шектелместен, сонымен бірге олардың мәдени айырмашылықтары тұрғысынан да маңызды сияқты. Іс жүзінде мәдениет бір жағынан біріктіруші, екінші жағынан ажыратушы күш болып табылады. Адамдар әртүрлі және бір-бірінен өзгешеленетін әлеуметтік топтарда дүниеге келеді және өмір сүреді, осы топтарда олардың бастапқы әлеуметтенуі жүреді. Нақ осы әлеуметтік-мәдени орта, әлеуметтік сәйкестік (ұқсастық) қалыптастыратын нормалар мен құндылықтарды береді. Осыған қарай кез келген стратификацияланған қоғамда түрлі мәдениеттің болуы, олардың баламасы мен таңдау мүмкіндігі құндылықтар, стильдер, өмірлік бағдарлар, бейәлеуметтік бедел мен мінез-құлық тартыстарының себебі болып табылады.

Мәдени трансмиссия туралы айтқан *Р. Бенедикт* индустриялық дамуы әркелкі деңгейдегі қоғамдарда бір жас сатысынан екіншісіне ауысу әртүрлі өтеді. Шын мәнінде, жастар әлеуметтік жас тобы ретінде пайда болуларына еңбекті бөлу және кейінгі индустрияландыру үдерісіне борышты, бұлар бос уақыт құрылымының өзгеруіне себеп болды да, әлеуметтік-мәдени сарауға септігін тигізді.

Г. Гризенің пікірі бойынша, жастар феноменіне қатысты ұзын сандағы баламалы дефинициялардың болуы мына жайтты айғақтайды, «Жастар – жас бойынша кезең де, табиғаттың өнімі де емес, «субмәдениеттің» феномені, әрі қарай, жастар, олардың іс-әрекеті, мінез-құлық нысандары, жүріс-тұрыстары, құндылықтарының үлгілері өздерін қазір қоршаған және детерминациялайтын қоғамның әлеуметтік-мәдени және тарихи-экономикалық сипаттамаларына байланысты болады. Жастар қоғамдық өнім немесе әлеуметтік мәдениеттің өнімі (жемісі) болып табылады. Жастардың әлеуметтік-мәдени феномен екенімен келісе отырып, сонымен бірге биологиялық ерекшеліктерді теріске шығару қайсыбір сыңаржақ ұғым болатын сияқты.

Бастапқыда, субмәдениет ұғымына қатысты ғалымдар басым мәдениеттегі «буынды» ғана ұйғарды. Мәдениет бұл жағдайда әлеуметтік тұрғыдан барынша меңгерілген мінез-құлық ретінде

пайымдалды, осы түсінік мәдениеттің әлеуметтендіруші рөлін даралады. Субмәдениеттің қазіргі анықтамаларының көпшілігі оның үстемдік құратын мәдениеттен айырмашылығына негізделеді. Осындай анықтамалардың бірі бойынша, субмәдениеттің басым мәдениеттен дербестенуге ұмтылысын, талпынысын ұйғаруға болады.

С. Келлер, К. Калхаун және Д. Лайт субмәдениетке оның таратушылары арқылы анықтама береді. Олардың пікірінше, субмәдениет дегеніміз «перспективалары мен өмір сүру стилі белгіленетін басым мәдениеттен елеулі өзгешеленетін және өздерін басқалардан бөлек ретінде сәйкестендіретін адамдардың топтары. Субмәдениет мүшелері нормаларды, құндылықтарды және аттитюдтарды бөліседі»¹⁰. Мысал ретінде келтірілген анықтама субмәдениет тобының мәнін дәлірек ашады, бірақ сонымен бірге мәдениетті оның субъектімен ұқсастырады.

Субмәдениеттің проблемасын талдаған *Шнайдер* былай атап өтеді, субмәдениет мінез-құлық (ұстаным) пен құндылықтардың үстем жүйесінен бөлек болады және осы жүйенің бір бөлігі болып табылады. Субмәдениеттік топтар үстем мәдени дәстүрлермен элементтердің бөлігін бөліседі, бірақ бұл ретте жетекші өркениеттен өзгешеленетін өзінің дербес мінез-құлық нормалары мен құндылықтарын сақтайды (*Шнайдер Г.Й., 1994*).

Субмәдениет, *Мэрдоктың* пікірінше, «белгілі бір жағдайдағы қарама-қайшылықпен келісімге келудегі ұжымдық әрекеттері үдерісінде әлеуметтік құрылымның нақты саласында топтар дамытқан пікір айту тәсілдері... Субмәдениет жинақталған мағыналар мен айту құралдарын білдіреді, солар арқылы субординациялық құрылымдық позиция топтары дәрежелердің (мағыналардың) басым жүйесімен немесе оның оппозициясымен бәтуға қол жеткізді».

60-шы жылдардың орта шені жастар мәдениетін зерттеуге қатысты бірқатар тұжырымдамалардың дамуымен сабақтасады, солардың арасынан бұрынғы тұжырымдамалардың барлығын, ең алдымен, функционалды тұжырымдамаларды сынға алған таптық тәсіл (көзқарас) дараланады. Осы тәсіл (көзқарас) «ескіні» жанаша түсінуге негізделді және ол қоғамның «жаппай

¹⁰ Light D., Keller S., Calhoun C. Sociology. N/Y., 1989. – P.105.

(жалпыға бірдей) ырыс-береке» тұжырымдамасын сынауға ұмтылған ағылшын социологтары мен жастардың девиантты мінез-құлқын зерттеген американ социологтарында қалыптасты. Мәселен, жасөспірімдердің девиантты субмәдениетін зерттеген *Д. Доунс*, осындай мінез-құлық себептерінің білім беру жүйесіне тірелетінін айтқан, осы жүйе орташа және нашар оқитын оқушылардың мүдделері (мүмкіндіктері) мен қабілеттерін ескермейді. Девиантты мінез-құлықтың бір ұрпақтан екіншісіне тек немесе криминогендік (қылмыстық) құрылымдарға кіру арқылы беріледі деген қалыптасқан пікірді теріске шығарды.

Леви-Стросстың теориясы киім «мағыналарын» нышан (рәміз) ретінде сипаттау үшін пайдаланылды, өйткені жас адамдар әртүрлі киімдер кию, аксессуарларды пайдалану арқылы бұрыннан келе жатқан мән-мағыналарды білдіріп қана қоймастан, сонымен бірге осы нышан арқылы өз мәндерін еншілеген. Субмәдениет теорияларының көпшілігі таңбалар мен нышандар туралы ғылымға негізделеді. Осы теорияға сәйкес жастардың нысандары «ырыс-берекелі» қоғамға қарсы тұрғаннан емес, ал әлеуметтік таңбаларды пайдалану, нышандық болса да, оларға жеке қадір-қасиет пен өз өмірін бақылау мүмкіндігін беріп, қолданыстағы нормалар мен құндылықтарға қарсы көрсетілген өзіндік наразылық болып табылады.

Жастар ерекше субмәдениет аясында өмір сүреді, - дейді *Тенбрук*. Олар үшін биге, музыкаға, қозғалыстарға ортақ жоғары қызығушылық тән. «Жастық шақ шын мәнінде аралық саты, көпір, ересектердің рөлін орындауға дайындық, мәдениетке ену кезеңі болып табылады». Жастар мен жасөспірімдік шақ, оның пікірінше, қоғамдық өзгермелі құбылыстарға жатады. Жастар субмәдениеті туралы тұжырымдамаға сәйкес бейресми топтар үлкен мәнге ие болады, Тенбруктың тұжырымдамасында осы топтарға маңызды рөл беріледі. Тек оқшауланған топ (peer group) аясында ғана жас адамның даралығы дамиды.

Жеке адамды әлеуметтік қатынастар саласына осы қатынастардың субъектісі есебінде қатыстыру үдерісі ретіндегі әлеуметтік үдерістердің талдауы, қазіргі заманғы қоғамдарда әлеуметтік құзыретті қалыптастыру көбіне peer group-қа жатумен жанамаланады.

Peer group тұжырымдамасы жастар социологиясының даму шеңберлерінде жастар субмәдениетінің дамуымен астасады. Зерттеушілердің көпшілігі (*А. Коэн, Д. Аусубель, Ф. Найдгардт және т.б.*) осы топтардың жастарға тән айрықша проблемаларды қанағаттандыру үшін қызмет атқаратынын және түрлі нысандарда көріне алатынын атап көрсетеді: сан алуан музыкалық талғамдар мен стильдердің айналасына топталу; саяси және идеологиялық реңкі бар; бос уақытқа қатысты дербес топтар, жастар ансамбльдері және т.б.

Субмәдениетке қатысты көзқарастар әртүрлі болса да, авторлардың көпшілігі (*Р. Белл, Ш. Айзенштадт, Г. Шельский, М. Маркефка және т.б.*) субмәдениет ұғымының бар түсіндірмесін ұстанып, қайсыбір дәрежеде оны peer group-қа теңестіреді. Айзенштадттың пікірі бойынша, ішкі қатынастары бір-біріне берілгендікпен, достықпен және өзара міндеттемелерімен сипатталатын жас адамдардың топтары «тең топтар» болып табылады. Әркелкі феномендерді белгілеу үшін субмәдениетті жинақтау ұғымы ретінде қарайтын Д. Бааке аралық позицияны ұстанады. Р. Белл жастардың субмәдениетін өмірдің табиғи және заңды кезеңі деп қарайды, сол арқылы жас адам өмір жолынан өтеді және содан өсіп-өнеді.

Субмәдениет көрінісін жас адамдардың бейімделу үдерісі ретінде қарайтын ғалымдарға, жастардың субмәдениетін дәстүрлі мәдениеттің жағымсыз нұсқасы деп қарайтын зерттеушілер қарсы шығады (*А. Коэн, В. Миллер, Ф. Трашер, У. Уайт*). «Жастарды», «субмәдениетті» және «құрдастар тобын» бір жақтықта қарайтын Д. Бааке бұл тұрғыда бейтарап позицияны ұстанады, әрі ол peer group-ты «жасырын күйдегі субмәдениет» деп көрсетеді.

1. Субмәдениет жас адамдардың қоғамға бейімделуі мен кірігуі ретінде. Жас адамдардың топтары субмәдениетті таратушылар болып табылады, - деп атап көрсетеді Д. Аусубель, бұл ретте субмәдениеттің қалыптасу себебіне жас адамдардың белгілі бір уақыт аралығында араласуы мен өздерінің жеке мақсаттарын жасауы жатады. Аусубельдің айтуынша, құрдастар субмәдениеті мына функцияларды орындайды:

- оң функция, мұнда жас адамдардың қоғамға бейімделуі меңзеледі;
- жас адамға бастапқы мәртебе беру;
- ата-аналар үйіндегі эмансипацияны (кіріптарлықты) жеңілдету;
- осы жік үшін айрықша құндылықтар түсініктемелерін беру;
- әлеуметтік мәртебе беру (бұл жағдайда субмәдениет өздігінше «өту алаңы» – жасөспірімдік шак үшін даярлаушы буын болып табылады) және т.б.

С. Коэн субмәдениеттер талдауында үш деңгейдің болатынын атайды: айрықшалықты таптық позицияларды анықтауға баса назар аударатын тарихи деңгей; бір субмәдениет құрауышынан екіншісіне ауысатын өзгерістерге ерекше мән беретін қосалқы жүйелік деңгей; оны қолдайтындар жүзеге асыратын субмәдениеттің «өмірін», нақтылығын талдау деңгейі.

Дж. Коллеманның пайымы бойынша, қазіргі замандағы отбасы әлеуметтік институт және шағын топ ретінде жас адамдарды қоғамға кіріктіру функциясын орындауды тоқтатқан. Құндылықтарды қайта сараптау, қоғам дамуының жедел қарқыны ата-аналарды заманға сай «ілесуге» «қабілетсіз» етеді. Жас адамдарды жас топтары бойынша бекітуге ғалым мектепке үлкен мән береді, өйткені мектеп оқушыларды қоғамнан оқшаулайды және өздерінің уақыттарының басым бөлігін басқалармен араласуға жұмсауға мәжбүр етеді.

Р. Бэллдің пікірі бойынша, отбасының да, тіпті мектептің де жас адамның бойына белгілі бір нормалар мен құндылықтар жүйесін «дарытуға» шамасы келмейді, осы қажеттіліктерді «құрдастар тобы» ғана қанағаттандыра алады. Жастардың субмәдениеті жалпы мәдениеттің ішіндегі мәдени жүйе және жастар өміріндегі дамудың жалғыз-ақ кезеңі болып табылады, сол арқылы әрбір жас адам өмір жолынан өтуі тиіс.

2. *Криминалды (қылмысты) субмәдениеттердің талдауы.* Криминалды субмәдениеттерді зерттеу көптеген ғалымдардың, соның ішінде *А. Коэннің* эмпирикалық материалдарының арқауы болды, оның пікірі бойынша, белгілі бір субмәдениеттер кез келген қоғамда оқшаулануы (шектелінуі) мүмкін. *А. Коэннің* айтуынша, қоғамның тек ең төменгі жіктері ғана криминалды

субмәдениеттің таратушылары болып табылады. Осындай топтардың пайда болуын, ол, ең алдымен, жас адамдардың арасында элеуметтік рөлдерді «бұрыс» бөлуден көреді. Әрі бұл тұрғыда субмәдениет «құрдастар тобы» үшін наным-сенімдер мен құндылықтардың, мінез-құлық нормалары мен нысандарының дербес жүйесін жасайды.

3. *Жастардың субмәдениетін дәстүрлі мәдениетке қарсы қою.* Д. Бааке жастардың мәдениетін «ересектердің» дәстүрлі мәдениетіне мүлде қарсы қояды, жастардың мәдениеті өзінің мәні бойынша ересектердің жүріс-тұрыс нормаларына, дәстүрлері мен құндылықтарына қарсы бағытталады. Ч. Рейч өркениеттің «бүршік жарған өскіндері» – жастарға баса назар аудару арқылы адамдардың сана-сезімін өзгертудің көмегімен қоғамды өзгертуге болады деп есептейді. Бұлар, оның пікірінше, сана-сезімнің жаңа түрін, жеке адамның жаңа үлгісін жасап шығаруға тиіс. Жастар әуестенетін нәрселер (заттар, ақша, жайлылық) – жалған құндылықтар, олар ешқашан «мәдениеттің жаңа үлгісінің» негізі бола алмайды, әрі олар адам өмірінің шынайы мақсаттарынан адастырады.

Сонымен, қарастырылған теориялық талдаудың нәтижесінде жастар мәдениетінің айрықшалығын түсіндіретін бірнеше тәсіл (көзқарас) бөліп қаралды. Бірақ бұлар жастар мәдениетінің қалыптасуы мен мәнін түсіндіретін тұжырымдамалардың толық қатары емес. Жалпы алғанда, С.И. Левикованың мына тұжырымымен келісуге болады, ол «жастар мәдениеті» ұғымын «жастар субмәдениетінің», «жастар контрмәдениетінің» феномендерін белгілеу үшін жинақтаушы түйін ретінде қолданады. Тар мағынада ол – қоғамның базалық мәдениеті ішіндегі когерентті мәдени қосалқы жүйесіне қатысты, ішінара жастар құндылықтарының, мінез-құлық нормалары мен нысандарының, модаға (сәнге) көзқарастарының жүйесін тікелей тарататын мәдениет. Екіншіден, жастардың субмәдениеті әрқашан «элиталы», айрықша және ол нақты тұтынушыға есептелген, сондықтан ол тапсырысқа, қалың көпшілікке жасалмайды да, тікелей сол шағын топ саласына арналады. Мәселен, Г.М. Пономарева мынадай пікір айтады, жастардың субмәдениеті түрлі топтардың үстемдік құратын элеуметтік-мәдени жағдайларына (шарттарына) анағұрлым

баламалы бейімделуімен байланысты, сондықтан ол біршама тұйық және орнықты (Пономарева Г.М., 1998).

Үшіншіден, жастар мәдениеті мен институционалды мәдениет арасындағы айырмашылықты түсіну үшін жастарға мына мәселе де маңызды, жас адамдарды мәдениетпен барынша көп қамтуға ұмтылуда, жастар үшін тұйықтық, жастар субмәдениеттерінің белгілі бір эзотерикасы (тылсымдығы) бөгет болады.

Ең соңында, егер мәдениет жастар үшін жалпы стандартпен талғамдарды біркелкілесе және оны қандай жастар екеніне қарамастан (қалалық немесе ауылдық) тықпаласа (күштеп таңса), онда жастардың субмәдениеті – таза урбанистік көрініс, дәлірек айтқанда, үлкен қалалардың құбылысы болып табылады (Левикова С.И., 2004).

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. *«Жастар мәдениеті» ұғымының мазмұнын ашыңыз. Контрмәдениеттің мәдениеттен айырмашылығын тұжырымдаңыз.*

2. *«Жастардың субмәдениеті» ұғымы нені қамтиды? Өзіңізге белгілі жастар субмәдениетінің мысалдарын келтіріңіз. Олардың айрықша белгілерін көрсетіңіз.*

3. *Сіз Тенбруктың тек оқишауланған топ (peer group) аясында ғана жас адамның даралығы дамиды деген пікірімен келісесіз бе?*

4. *«Peer group» ұғымының негізіне не қаланған?*

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. Айзенштадттың пікірі бойынша, жастардың құрдастар топтары қоғамда қандай функциялар атқарады?

2. Қазіргі қоғамдағы жастарды «әлеуметтік бульдозермен» салыстырған кім?

3. Жастар мәдениеті үшін жас шамасы айқындаушы шама болып табыла ма?

4. «Жастар мәдениеті бұқара халық мәдениетінің бір түрі» деген хабар дайындаңыз.

5. Сіз 1969 жылы былай деп жазған К. Кенистонның пікірімен келісесіз бе? *«Есірткілерді тұтыну (қолдану) күмәнмен немесе жетістіктің дәстүрлі американдық моралін қабылдаудан бас тартумен, демалыс өткізуге бағдарланған жаңа өмір салтын іздестірумен, жақын жеке қатынастар мен рухани пікір орнатумен байланысты».*

6. Сіз Психикалық денсаулық институтының директоры Д. Трэфферттің мына тұжырымын қалай түсінесіз: *70-ші жылдардағы «американдық арман» бес қиялға (иллюзияға) бөлінді (ыдырады): кімнің несібесі көп болса, сол адам бақытты; кім көп өндірсе, сол адам ықпалды; әркім көпшіліктің қарауына жатуға, өзін көпшілікпен сабақтастыруға тиіс; психикалық денсаулық –*

бүкіл байлық деген сөз; өзін ұдайы бақытты сезінбеген адам – есуас» (Дэйексөз Боноски Ф. Екі мәдениет. – М., 1978. – 71-б.).

4.2. Жастардың субмәдениеті: нысандары мен тұрпаттамаларының саналуандығы

Е. Омельченконың пікірі бойынша, «субмәдениет» ұғымы ғылыми айналымға біршама таяу уақытта ғана енді. Ресейлік анықтамалық басылымдарда «субмәдениет» ұғымы 20-шы ғасырдың 80-ші жылдарының екінші жартысында ғана пайда болды.

«Субмәдениет» ұғымының мынадай анықтамалары бар:

1. Қайсыбір әлеуметтік немесе демографиялық топтың мәдениеті;

2. Мәдени мұраға кіру үшін әлеуметтік жұтаң байланыстарының толық еместігімен немесе қиындығымен сабақтасатын әлеуметтік қауымдастықтың әйтеуір бір нәрсемен шектелген мәдениеті;

3. Субмәдениет – өмір мен мінез-құлықтың айрықша стилі;

4. Қайсыбір әлеуметтік топқа тән өзіндік нормалар, құндылықтар, дүниетанымдар;

5. Өмір стилін, құндылықты баспалдақты (иерархияны) және олардың таратушыларының дүниетанымын белгілейтін қоғамның «ресми», базалық мәдениет жүйесінің ішіндегі ішін-ара мәдени қосалқы жүйе.

Егер жастарға арналған мәдениет талғамдарды жалпы стандартқа біркелкілесе және оны қандай жастар екеніне қарамастан күштеп таңатын болса (қала немесе ауыл жастары), ал жастардың субмәдениеті – таза урбанистік, дәлірек айтқанда, үлкен қалалардың құбылысы болып табылады. *Жастардың субмәдениеті* кенеттен пайда болмайды, бұл шынтуайтына келгенде қоғамда өзін таныту, өз пікірін білдіру мен түрлі себептер бойынша оны қанағаттандыра алмаудың нәтижесі. Қалыптасқан мәдени стандарттарға араласатын жастар біршама күрделі және карама-қайшы үдерістен өтеді. Жастар мәдениетіне қатысты қазіргі зерттеулер осы заманғы адамдардың бағдарларының, өмір стилі мен мінез-құлқының өзгерістеріне байланысты күрделі серпінді көрсетеді. Өсе түскен мәдени сұраныстар мен

оларды қанағаттандыру мүмкіндіктерінің арасындағы елеулі алшақтық, шынайы құндылықтарды көпшілік мәдениеттің суррогаттарымен ауыстыру жастарды интеллектуалды шектелуге ұшыратады.

Жастар субмәдениеттерінде жүріп жатқан үдерістердің зерттеулері көрсеткендей, бұлар көптеген нақты топтар мен бірлестіктердің болуы арқылы тұтастық ретінде көрініс табады. *Г. Цуллигер* жастар субмәдениетінің желілік серпінді үлгісін ұсынды, осы үлгінің мәні ордадан банда құруға, ал бандадан қоғамдастыққа қарай эволюциялық ілгерілеуге саяды. Цуллигердің айтуынша, жастар қауымдастығын қалыптастырудың үш сатысы бар, сол арқылы әрбір криминогендік жастар субмәдениеті өтеді: орда, банда, қоғамдастық. Орда қауымдастықтың ең қарабайыр түріндегі бастапқы кезеңді көрсетеді. Ол кездейсоқ құрылады да, ешқандай басшылығы да, тиянақты мақсаты да болмайды. Осы сатыға тән нәрсе орда мүшелерінің арасында ешқандай рухани байланыс пен бауыр басушылық сезімі жоқ. Өзара бастары қосылып қалғандықтан ғана араласатын жасөспірімдер орданың мысалына жатады. Жас адамдардың анағұрлым «ұйымдасқан» екінші қауымдастығы – банда. «Банда» дегенде ол өз мүшелерінің бірі басқаратын, қатаң ішкі құрылымы (ұйымы) бар және күдікті, әлеуметтік қарсы әрекеттер жасайтын бірлестікті ұйғарады, бірақ, олардың міндетті түрде қылмыстық сипат алуы шарт емес.

Ең соңында, жас адамдар қауымдастығының ең жоғары дәрежесін қоғамдастық құрайды, оған ортақ мұраттар мен мүшелерінің біржола бірігуі тән. Қоғамдастықтың өз басшысы болады да, ол өктем билік жүргізбестен, ортақ мақсаттың бәтуәгері ретінде ғана іс-әрекет жүргізеді.

Макродеңгейде, жастар субмәдениеті серпінінің желілік үлгісінен басқа циклдік және толқындық үлгілерді атауға болады. Циклдік үлгілерде жастардың субмәдениеті тірі организмге ұқсастырылады, ол үшін бірін-бірі кезекпен алмастырып отыратын пайда болу, даму, гүлдену, солу және опат болу сатылары сияқты өмір циклі тән. Әрі циклдік үлгі бойынша дамитын субмәдениеттер өмірдің ұқсас сатыларынан (кезеңдерінен) өтеді. Циклдік үлгінің мәні мынада, кез келген тірі организм сияқты

жастардың субмәдениеті өз жолында белгілі бір сатылардан (кезендерден) өту арқылы ұдайы дамып отырады: бастапқы синтез, саралау, бастапқы интеграция, екінші интеграция, бөлшектену (бытырау), ыдырау немесе реанимация. Бастапқы синтез сатысында, субмәдениет құратын жас адамдар бірін-бірі нашар білетін (шала танитын) және негізінен өзара үстірт қарымқатынастар жасайтын адамдардың тобын көрсетеді. Бұл сатыда жастар әлі бірін-бірі бақылайды, сондықтан өздерін сақ ұстайды. Жастардың әрқайсысы біртұтастық үшін лайық болатын өзіне рөл табуға тырысады, сонымен қатар жеке басының даралығын сақтауды да қалайды. Жастар арасындағы жеке байланыстар әлі қалыптаспаған немесе мүлде жоқ. Шынайы жеке сезімдері мен көңіл-күйлері негізінен ашылмайды. Жасанды, балама мінезқұлық (жүріс-тұрыс) басым болады. Осы сатыда жастар көбіне өзімен-өзі болады да, сондықтан субмәдениет жөніндегі «топтастарына» көңіл бөле бермейді.

Жастар мәдениеті дамуының келесі қадамы ретіндегі саралау кезеңі жастар тобындағы әрбір адамның әлеуметтік позициясын (ұстанымын) біртіндеп анықтаумен сипатталады. Осы кезеңде интеллектуалды және эмоциялы жетекшілер дараланып, жастардың жаңа басталған субмәдениеті шағын топтарға бөлінеді. Субмәдениет мүшелерінің өзара қатынастары ұнату мен ортақ мүдделер негізіне құрылады, сондықтан жеке бастық сипат алады. Осы кезде ортақ құмарлықтар, жастардың сараптық бағалары мен пікірлері қалыптасып, топтың оң және теріс моралі туындайды.

Жастар субмәдениеті дамуының бастапқы интеграциясындағы келесі сатыда жетекші бастаған топ басым күшке айналады. Нақ осы топ осы субмәдениеттің моралін жасайды және өз тәртіптерін белгілейді. Бейімделуден өткен және белгілі бір позицияға немесе жағдайға ие болған жастар өздерінің рөлін өтеуге тырысады. Субмәдениеттің өміріне деген жоғары қызығушылық туындап, тәжірибе жасауға ықпал пайда болады. Мәжбүрлеу мен еркіндіктің, белгісіз бен белгілінің, тыйым салынған мен рұқсат етілгеннің арасында тепе-теңдік орнайды.

Ең соңында, жастар субмәдениеті дамуының ең жоғары кезеңі – екінші интеграция сатысы, оны шартты түрде «бақытты

отбасы» белесі деп атайды. Осы кезеңде жастардың субмәдениеті жақсы ұйымдасқан (біте қайнасқан) біртұтастықты көрсетеді. Субмәдениеттің енді қайсыбір өмірлік тәжірибесі бар, онда дәстүрлердің даму, ортақ пікірлерді, нормаларды, тәртіптерді қалыптастыру, дербес шағын рай орнату үдерісі жүріп жатады, жастардың өзара қарым-қатынасы бейресми және психологиялық жайлы сипат алады. Субмәдениеттің мүшелері осы топқа жататынын мақтан тұтады, бұл орайда әр адам орындайтын әлеуметтік және әдептік (этикалық) заңдар қолданылады. Субмәдениеттегі істердің жағдайы барлық мүшелерін қанағаттандырады, сондықтан осы «құрдастар тобы» біршама тұрақты және орнықты.

Бөлшектену сатысына өту заңды құбылыс және ол субмәдениет икемділігінің жоғалуы мен тиімділігінің төмендеуіне байланысты дағдарыстың төну көрсеткіші болып табылады. Жастар субмәдениетінің әрі қарай ойдағыдай жалғасуы үшін достық шырайдың жеткіліксіз екені айқын байқалады, жаңа адамдардың мүшелікке «кіруі» қажет, сондықтан осы топ ыдырайды. Сөйтіп, жастар субмәдениетінің өмірлік кезеңі «өлімге» ұшырады, әрі оның аяқталуы жаңа кезеңді туындатпайды. Биологиялық организм өлгеннен кейін қайтып туылмайтыны сияқты жастар субмәдениеті кезеңінің аяқталуы да бұл жағдайда оның біржола кеткенін білдіреді.

Жастар субмәдениетіне қатысты синергетикалық тәсілді даралап көрсету арқылы оны басқа субмәдениеттермен, базалық мәдениетпен ұдайы қарым-қатынаста болатын әлеуметтік бірлік ретінде елестетуге болады. Сонымен қатар, С.И. Левикованың тұжырымы бойынша, осы субмәдениетке кіретін әрбір жас адам, бір жағынан, субмәдениет ішіндегі басқа жастармен түрлі ақпарат алмасу арқылы араласса, екінші жағынан, «сыртқы әлемен» субмәдениеттің бөлшегі ретінде емес, дербес бірлік ретінде қатынас жасайды. Сондықтан, жастар субмәдениеттерінің үлкен бөлігінің қоршаған ортадан және олар үшін сыртқы «жабықтығына» («тұйықтығына») қарамастан, осы субмәдениеттер синергетикалық тұрғыдан ашық жүйелер болып қалады.

Алайда жүйенің ашықтығы қажет болғанымен, бірақ оның өзін-өзі ұйымдастыруы үшін жеткіліксіз жағдай (шарт) болып

табылады, өйткені ашық жүйенің барлығы бірдей өздігінен ұйымдаса бермейді, яғни дербес құрылымын жасамайды. Жүйенің өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті болуы үшін ол қарама-қарсы екі бастамаға қол жеткізуі тиіс: біріншіден, құрылымды белгілейтін бастама, екіншіден, әр тектілікті ыдырататын бастама. Осы екі бастама синергетикалық теорияда сәйкестігіне қарай тәртіп және ретсіздік аталады. Синергетикалық тұжырымдама бойынша жүйенің ретсіздікке ықтимал мүмкіндігі, жүйенің өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінде пайда болатын барлық керек емес, кездейсоқ нәрселерді ыдырату үшін қажет. Бұл ретте сырттан келетін заттар мен энергиялардың артығы жүйенің шеңберінен шығарылады.

Жастардың микродеңгейдегі кез келген субмәдениеті, мейлі ол шағын «құрдастар тобы» немесе бейресми бірлестік болса да, мына себептен ғана өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе болып табылады, жүйеге кіретін жас адамдар мәртебелік тұрлаусыз мүшелер. Ал тұрлаусыздық ахуалы өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінде ерекше рөл атқарады. Бұл ретте мына мәселені атап өту аса маңызды, қоғамның базалық мәдениетінің қосалқы жүйесі болып табылатын жастар субмәдениеті өзінің ішінде жүретін үдерістердің нәтижесінде ғана емес, сонымен бірге базалық мәдениеттегі сыртқы оқиғалардың ықпалымен де өзгеріске ұшырайды. Сондықтан оны қарауды макродеңгейге шығарады (*Левикова С.И., 2006*).

Сонымен, жастар субмәдениетіндегі серпінді үдерістерді микродеңгейде зерделеу бізді мынадай тұжырым жасауға итермеледі, осы деңгейдің бірінші сатысы – жас адамның қалыптасып келе жатқан даралығында – біз тезистен антитезиске, содан кейін синтезге қарай қозғалатын диалектикалық үлгіні көреміз. Келесі, екінші саты – «құрдастар тобы» мен жастардың бейресми бірлестіктері деңгейінде бұл желілік, циклдік және синергетикалық үлгілерді еншілейді.

Жастар қабылдауға лайық мәдени перспективаларға ие болған жағдайда, қайтадан жаңа сұрақтар пайда болады, оларға берілетін жауаптардың тез табыла қоюлары екіталай. Адам өмірінің әрбір кезеңіне мінез-құлық, құндылықтар мен нормалар ережелерінің белгілі бір жүйесі сәйкес келеді, дәл осы сияқты

мәдениет те, кез келген тірі организм де өзінің негізгі құрауыштарының сәйкестігін қажетсінеді. Жастар субмәдениеті мен соның ішінде құрылатын моральдың жаңа жүйелері дәстүрлі мәдениеттің бір бөлігіне жатады да, тұтастық пен сабақтастық (дәйектілік) оның ажырамас белгілері болып табылады.

Субмәдениеттер азды-көпті дәрежеде бастапқы әлеуметтену үдерісінде игерілетін анағұрлым үлкен әлеуметтік топтар мәдениетінің элементтерін зерттейді, сондай-ақ олар бұқаралық ақпарат құралдарының арқасында жалпы басым мәдениетке араласады. Олар аға ұрпақтың мәдениеті мен басым мәдениеттен өзгешеленетін құндылықтардың аралас жүйесін қалыптастыруы, солардың бірін жалғастыруы немесе оларға оппозиция болуы мүмкін. Нормалардың танылған жүйесінен бөлек құндылықтардың, мінез-құлықтың белгілі бір жүйелерінің қолданылуы субмәдениеттер пайда болуы шарттарының біріне жатады. Соған сәйкес мынадай сұрақ туындайды, осындай ұқсас баламалы жүйе қайдан алынады?

Жастардың әркелкі түрдегі әлеуметтік мінез-құлқының жаңа үрдістері мен құбылыстарын зерделеудің қоғамның мәдени дамуында үлкен маңызы бар, өйткені құндылықтарды қайта бағалау мен ескі таптаурындарды бұзу үдерісі тек киім киісінде ғана емес, сонымен бірге белгілі бір араласу тілі, өздерінің айрықшалықты мінез-құлық стилі бар жастарды тікелей қозғайды. Жас адамның тіршілік әрекеті белгілі бір субмәдениеттің аясындағы бейресми қатынастарда жүреді. Нақ сол бейресми қатынастарда жастардың әлеуметтік энергиясы барынша айқын көрінсе, ал қатаң ресми қатынастарда оның белсенділігі төмендейді.

Коммуникация құралдарына, түрлі ақпарат көздеріне, жаңа және жоғары технологияларға қол жеткізудің нақты мүмкіндігі жас ұрпақтың әрі қарай даму жағдайларына себеп болады. Осы мағынада мәдениет адамдар арасындағы өзара қатынастардың негізгі нысандарының бірі және олардың өмір тәжірибесін зерделеудің құралы болып табылады. Бұл, біріншіден, қатаң мамандандырылған кәсіби салалардан айырмашылығы, мәдениеттің кәсіби емес, кездейсоқ қосылуға мүмкіндік туғызуымен және ынталандыруымен байланысты. Екіншіден, басқа

салалармен салыстырғанда мұнда тәжірибе мен үлгі жасаудың дәрежесі анағұрлым жоғары. Ең соңғысы, егер бұрын мәдениет «ересектер» және «жастар» мәдениеті болып бөлінбесе, ал енді әр ұрпақтар арасында құндылықты бағдарлар, коммуникация тәсілдері және жалпы өмір салты бойынша күрделі келіспеушіліктер пайда болды. Қоғам дамуының жедел қарқындары, әлеуметтік инновациялар әлеуметтену үдерісін және болмыстың ұдайы өзгеріске ұшырап отырған жағдайлары мен талаптарына бейімделуді қиындатады. Сондықтан ұрпақтар арасындағы мәдени айырмашылықтардың тереңдеуіне қатысты үрдіс анағұрлым елеулі бола түсуде. Жоғарыда айтылғандарды ескергенде, жастардың мәдениет саласындағы инновациялық мінез-құлқы олардың басты мінездемелері мен әлеуметтік шығармашылығының ерекшеліктерін түсіну үшін аса маңызды болып табылады.

Қазіргі заманғы жастарды, олардың қоғамдағы нақты жағдайын сыңаржақ бағалауға болмайды. Бүгінгі жас ұрпақ бір текті емес, әрі өмірге ұмтылыстары, бағдарлары, мүдделері осы әртектілікті күшейте түседі. Көп ұлтты елде тұратын жастар көпұлтты және көпмәдениетті, жастардың көпшілігі мұны лайықты және өздігінен сәйкестенудің жоғары деңгейінде сезінеді. Бір жағынан, қоғамның рухани өміріндегі өзгерістер, бірыңғай стандарттардың, ой таптаурындарының жойылуы ұлттық мәдениеттің, дәстүрлердің, тілдің жаңғыруына септігін тигізсе, екінші жағынан, дарашылдық пен жатсынудың өсуі, мораль мен нормаларды қайта пайымдау жас ұрпаққа, демек, жастар мәдениетіне де өз таңбасын (ізін) түсіреді. Бұл тұрғыда, жастардың субмәдениеті қазіргі заманғы қоғам мәдениетінде бар құрауышы ретінде қаралады. Жалпы алғанда, мәдени инновациялар қазіргі заманғы әлемдегі болмыстарға жақсы бағдарлануларын қамтамасыз ете отырып, қоғамның әлеуметтік даму серпініне, жастардың әлеуметтік мінез-құлқына (ұстанымына) елеулі ықпал жасаулары тиіс.

Сонымен, қазақстандық болмысқа қолдануға жарамдыларды нық сеніммен айтуға болады, таңдау еркіндігін кеңейту, мүмкіндіктерді ұлғайту жас адамның жеке сана-сезім құрылымын күрделендіріп, оның қажеттіліктері мен қабілеттерін арттырады.

Қазіргі заманғы жастардың өмірлік ұстанымдары мен құндылықты бағдарлары өте қарама-қайшы. Жастардың сана-сезіміне мінез-құлықтың дәстүрлі нормалары мен ережелерінің басымдығы ұялайды, жастарға қазақстандық қоғамның барлық ұрпақтары үшін маңызды болып келген отбасы, достық, сүйіспеншілік, денсаулық сияқты ұғымдар жат емес. Бірақ нарықтық экономикасы дамыған қоғамдар үшін тән жаңа құндылықтар – прагматизм, ыждаһаттылық (ұтымдылық), молшылыққа ұмтылу, өз күші мен жеке табысына бағдар жасау да сондай-ақ өскелең ұрпақтың назарынан тыс қалған емес.

Батыс елдері ғалымдарының пікірлері бойынша, жастардың сан түрлі субмәдениеттері Еуропа мен АҚШ-та соғыстан кейінгі мезгілде пайда болды.

Ұлыбританияда 50-ші жылдардың орта шенінде *«тедтердің»* субмәдениеті туындады. Көпшілік зерттеушілердің пікірінше, осы субмәдениеттің пайда болуының негізгі факторларының біріне жастардың жоғары жалақы алулары жатады, соның арқасында олар өздерінің бос уақыттарын жастардың түрлі ойын-сауық орталықтарында өткізетін болған.

АҚШ-та ХХ ғасырдың шамамен 60-жылдарында пайда болған хиппилердің субмәдениеті ең көрнекі және айшықты болды. Тәрбиенің дәстүрлі жүйесін қабылдамаған хиппилер баланың жеке басына күш қолдануға біржола тыйым салуды, баланың іс-әрекеттері мен мінез-құлқына толық еркіндік беруді уағыздады. Хиппилер протестанттық қоғамның мәдениетіне қарсы қоя отырып, өз құндылықтарының дербес жүйесін қалыптастырды. Р. Миллстің айтуынша, хиппиге кіргендер өздерін ұдайы «қажетсіз» адамдармыз деп есептеп, өз күштері мен мүмкіндіктеріне көңілдері толмаған. Хиппиге «айналу» үдерісі Миллстің пікірі бойынша түңілуден басталған.

С.И. Левикованың тұжырымы бойынша, «хиппи» сөзінің түсіндірмесінің бірнеше нұсқасы бар:

«Хиппи» ағылшынша «хэп» сын есімінен шыққан, ол «есінен адасқан» деген мағынаны білдіретін жаргон сөз (Кейвен Ш. Хиппилердің Хейттегі коммунасы. Бұқаралық мәдениет пен буржуазиялық қоғамдағы әлеуметтік-мәдени авангардизм. – М., 1976. – 55-б.).

«Хиппи» – негр тайпасының сөзі және ол «Мен – білгір, заттардың мәнін білетін және түсінетін адаммын» деген мағынаны білдіреді (Туганова О. Наразы Америка // Новый мир, 1970. – № 6. – 175 б.).

«Хиппи» – тайпалық «хип» сөзінен шыққан, оны джазшы-негрлер дыбыс сапасына жетудің түйсікті мүмкіндігін белгілеу үшін қолданған.

«Хиппи» – «Harri» – бақытты сөзі түрленуінің нұсқасы.

«Хиппи» – «hip» мұң және шер сөзінен шыққан.

С.И. Левикованың пікірі бойынша, хиппилер біршама дәулетті ата-аналардың балалары болған. «Әкелер» мәдениетін теріске шығарған олар, сол арқылы өздерінің әлеуметтік-мәдени мұрасынан бас тартқан. Хиппилер махаббатты тікелей және қарапайым тілмен жеткізуге, қарым-қатынасқа құмарлыққа ынтық болған. Олар барлық әлемдік проблемаларды, өмірдің бүкіл қиындықтарын «жаппай сүйіспеншіліктің» көмегімен жеңуге болады деп есептеген.

70-ші жылдардың бас кезінде хиппилер саяси және мистикалық екі ағымға (бағытқа) бөлінді. Саяси ағымның (бағыттың) өкілдері саясат пен өмір стилін, жеке және саяси ұстанымдарын қатар алып жүру арқылы жаңа солшылдарға қосылса, мистиктер селолық коммуналар құрып, солардан өмірдің жаңа стилін зерттеді.

Ресейде шамамен осы тұста алғашқы хиппилер топтары пайда бола бастады. Олардың орын алған әлеуметтік болмысқа сінбегендері соншалық, хиппилердің тіршілігін бүкіл қоғам жатсынды. Іс жүзінде хиппилердің нақты саны туралы айту қиын, бірақ мына жайт белгілі, олардың көпшілігі КТУ, АКТУ оқушылары және ешқайда жұмыс істемейтін, еш жерде оқымайтын жастар болған. Олардың сыртқы пішіндері көпшілік мақұлдаған нормаларды теріске шығару мен айналадағы адамдардың барлығын жатсынуды көрнекілеген.

70-ші жылдардың орта шенінде хиппилердің орнына *панктер* келді – «жаңа пайда болған тыныштықты бұзушылар». «Панк» сөзі «мүлде жарамсыз», «пайдасыз» («түкке тұрғысыз») деген мағынаны білдіреді; Ұлыбританияда өздерінің киімімен, сөзімен, поп-музыкасымен қоғамды қасақана ұятқа қалдыратын жастарды сипаттау үшін қолданылған. Панк-мәдениет таптық белгі бойынша бөлінген: орташа (ортаңғы) таптан шыққандар

көбіне көркемөнер мектептерінің оқушылары болған және олар өздерін мәдени бүлікші етіп көрсету, сол арқылы өздерін басқалардан бөлектеу үшін өте ерсі бет-бейнелерді пайдаланған; жұмысшылар ортасынан шыққандар өздерінің келісімпаздықтан, жұмыстан бастартуларын айшықтаған. Бірақ, бірқатар ерекше белгілердің, ең алдымен таптық өзгешеліктердің болуына қарамастан, панктер мінез-құлықтың, жүріс-тұрыстың қиқарда, еркін мәнерімен бөлектенген. Қалыптасқан құндылықтарға менсінбей қараған олар сол арқылы нақты өмірге өздерінің наразылығын қарсы қойған.

Жоғарыда аталғандармен қатар басқа да баламалы субмәдениеттер тіршілік етті және пайда болды, осы субмәдениеттердегі жастар өзінің «менін» табуға, дербес дүниетанымын қалыптастыруға, мүлде жаңа құндылықтар, моральдық нормалар мен қағидаттар, мұраттар, этикалық өлшемдер жасауға ұмтылды.

Зерделеудің төрт саласына бөлген М. Брейк жастардың мына үлгілерін (тұрпаттамаларын) ұсынады:

- біріншісіне орташа таптан шыққан байыпты жастар жатады. Мұндағы жастар басқа субмәдениет топтары стильдерінің төлсипаттарын (атрибуттарын) пайдаланады;

- қылмысты жастар. Көбіне жұмысшы тапқа жатады және ересектердің ықпалында болады. Осы топқа тән ерекшеліктер – әлеуметтік оқшаулану (араласпау), еңбекке деген жағымсыз көзқарас, өмірдегі проблемалардан ішімдік және нашакорлық әлеміне кетуге дайын болу, ұрлық пен зорлық;

- үшінші топты құрайтындар: негізінен орташа (ортаңғы) тапқа жататын мәдени бүлікшілер. Олар әдеби-әртiстiк әлемнiң шеткерi тұстарына богемалық дәстүрлермен субмәдениетке кіреді;

- төртінші топқа жататын саяси белсенді жастар, іс-әрекеттің кең ауқымдағы саласын қамтып, радикалды саяси дәстүрлерді ұстанатын әркелкі топтарды біріктіреді. Адам құқықтары, бейбітшілік үшін күресетін жастардың түрлі қозғалыстары мен ұйымдарын осы топқа жатқызуға болады.

Сан алуан түрдегі «жастардың өз әрекеті» тұрпаттамасын (үлгісін) да сондай-ақ И.Ю. Сундиев ұсынды, мұнда «өз әрекеті» анықтамасына автор жеке адамның ішкі даму мағынасын

енгізді. Соған байланысты ол осы анықтаманың бірнеше түрін атады: біріншісі құндылықтар мен жалпы мәдениеттің сатылары туралы қарабайыр түсініктерге негізделеді және жастардың агрессиялық өз әрекетін құрайды; екінші түрдің төркіні – өзінің жеке мінез-құлық мәнерінен, киім кию мен шаш қою стилінен бастап, демалу мен қызметтің түрлі салаларындағы күрделі көріністеріне дейін қарсы қою әрекетін білдіреді. Үшіншісі – жаңа көркем құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған мәдени өзіндік әрекет, әрі осы түр көбіне контрмәдениетпен сәйкес келеді. Төртінші түрі – өзі үшін материалдық игіліктер жасау мен іске асыруға бағытталған экономикалық өзіндік әрекет; бесіншісі – әлеуметтік ынтымақтастық; алтыншысы – саяси ынтымақтастық (*Сундиев И.Ю., 1989*).

Ұсынылған үлгілер (тұрпаттамалар) нысан ретінде әлдебір қалыптасқан субмәдениетті ұйғарады, ол өзін сәйкестендіруге (Брейк) мүмкіндік беретін белгілі бір белгілерге ие, сондай-ақ ол сабақтас таптық мәдениеттен шығу, соған жату факторы ескерілмесе де (*Сундиев*) девианттылықтың сыртқы көріністерін анықтайды. Сонда да болса, біздің пікірімізше, әлемдік тәжірибені жинақтау мен дербес тұрпаттама құрастыруға талпыну жастардың субмәдениетін талдау кезіндегі негіз қалаушы факторлар болып табылады.

Мәдениеттің даралығы мен рефлексивтілігінің жоғары дәрежесімен сипатталатын осы заманғы қоғам бар құндылықтарды саралауға душар болады. Субмәдениеттердің маңыздылығын атаған *Фишер*, оның кенттенудің (урбанизацияның) нәтижесі болып табылатынын қадап айтады. Оның пікірінше, қалалық қауымдастықтың серпінді әркелкілігі күрделі құрылымдық саралауға әкеледі де, ол әлеуметтік оқшаулау (жатсыну), әлеуметтік іріткі салу, қалыптан тыс мінез-құлық пен қоғамдағы ретсіздік салдарларына ұшыратады.

Барған сайын мына жағдай анағұрлым анық сезіле түсуде, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер неғұрлым серпінді болса, жастардың бастапқы peer group бейресми топтарын ұйымдастыру үрдісі соғұрлым күштірек көрінеді, олар субмәдениеттердің белгілі бір түрлерін електен өткізеді. Peer group «құрдастар тобымен» салыстырғанда үлкенірек ұғымды білдіреді. Осы ұғымдағы

мағыналық салмақ әлеуметтік мәртебеге де және құндылықтар мен мінез-құлық нормаларына да қатысты теңдікті алып жүреді.

Бейресми жас топтары, мейлі ол мектеп немесе университет болса да, ұйымдық құрылымнан тыс қалыптасады. Осы топтағы мүшелердің жалпы белгісін айқындаушы меже олардың жас шамасы болып табылады. Мұнымен қатар жынысы, әлеуметтік рөлі, әлеуметтік тегі, ойлау жүйесі мен мінез-құлық түрлері сияқты жалпы белгілер де анықталады. Мұндай топтар, қағида бойынша, ересектердің ықыластары мен ниеттеріне қатыссыз, жастардың өздерінің тиісті әрекеттерінің нәтижесінде құрылады.

Жастардың бейресми бірлестіктері тұтас қатардағы факторлармен сипатталады, солардың кейбіреулерін біз көрсетуге әрекеттеніп көреміз. Бейресми топтардың құрылуы үшін лайық негізгі орта көбіне тұрмыс деңгейі мен сапасында орын алған аймақаралық айырмашылықтар болып табылады. Осы топтардың дүниетанымдық мақсаттары мүлде кереғар болулары мүмкін. Алайда, аумақтық айырмашылықтар өздерінің бағыттылығы бойынша анағұрлым оң көзқарастағы басқа топтардың да пайда болуын туындатады. Олар түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға мұрындық болады, мәселен, қаланы, өлкені көгалдандыру. Құндылықты бағдарлары саяси немесе идеологиялық сипат алатын бейресми ұйымдар да бар. Осындай түрдегі бірлестіктердің құрылуы саяси сана-сезімнің және, әрине, саяси мәдениеттің деңгейін көрсетуі мүмкін.

Ең басты факторлардың бірі ретіндегі әлеуметтік жағдай туралы айтқанда, Холлигсхед табыс деңгейі мен өмір салты бойынша өзгешеленетін қоғамдағы негізгі бес жікті бөліп қарайтынын атап өту қажет. Бүгінде, ең ауқатты (дәулетті) жастардың өкілдерін біріктіруді мақсат тұтатын «элиталық» аталатын топты бөлу айқын көріністегі үрдіске ие. Осы топқа қол жеткізетіндерде жүгенсіздік пен менмендік сезімі тән. Ал осы «элиталық топтан» тыс қалғандар әділетсіздік, өз үміттерінің ақталмау сезімдеріне бағынышты болады. Сана-сезімнің екі түрі де біріктіруші фактор ретінде көрінуі мүмкін.

Парсонстың айтуынша, peer group, бір жағынан, жағымсыз элементтер ретінде қаралады, өйткені олар ересектердің жүйесін

сақтайтын дәстүрлі мәдениетке қарсы тұрса, бірақ екінші жағынан, жас адамның әлеуметтенуінің басты факторына жатады. Тек осы топтың көмегімен ғана балалық шақтың рөлдік үлгілерінен ересек адамның рөліне өту жүзеге асырылады. Парсонстың құрылымдық-функционалды тәсілінде жас адам бейресми топтан пана іздейтін дүбәра жан ретінде көрсетіледі. Парктың айтуынша, «дүбәра адам» өзінің айрықшалықты жағдайының салдарынан ерекше белгілерді еншілейді. Негізінен ондай адам мазасыз және өзін-өзі ыңғайсыз (шорқақ) сезінеді. Левиннің теориясы бойынша, жастар «өлкелік жағдайға» ие және олар балалық әлемінен ересектің әлеміне мәжбүрлі «жылжуды» жүзеге асырады, ол әлеуметтік сенімсіздік сезімімен байланысты болады.

Дж. Коллеманның пікірі бойынша, әлеуметтік саралану мен ұрпақтар арасындағы жанжалдар (тартыстар) шиеленісінің өсуіне қарай жас бойынша бейресми топтардың жастардың әлеуметтену үрдісіне тигізетін ықпалы күшейе түседі. Бұл ретте реер group-тарды туындатуы мүмкін бірқатар себептер айтылады. Солардың қатарында әлеуметтік-экономикалық саралану да, «жасөспірімдер индустриясының» жылдам дамуы да; шағын әлеуметтік топ және әлеуметтік институт ретіндегі отбасы рөлінің төмендеуі де бар. Осы себептердің барлығы жас адамның қоғамға кірігуін толық шамада қамтамасыз етпейді. Жас топтары бойынша жастарды бекітуге Коллеман мектепке маңызды мән береді. Мектеп жас адамды қоғамнан оқшаулайды және өз өмірінің үлкен бөлігін жастары шамалас, әлеуметтік тегі мен мүдделері ұқсас жас адамдармен өткізуге мәжбүрлейді.

Д. Аусубельдің пікірі бойынша, ересектер мен жастардың субмәдениеті өзара қайшы емес, керісінше бірін-бірі толықтыра түседі. Жас адам кіретін бейресми топ осы қоғамға тән құндылықты түсініктер мен нұсқаулар береді. Аусубельдің айтуынша, құрдастардың субмәдениеті қоғамға оң бейімделу; жас адамға бастапқы мәртебе беру; ата-ананың үйіне кіріптарлықты жеңілдету функцияларын орындайды.

Жастардың әрбір субмәдениеті ішкі ынтымақтастықтың жоғары дәрежесін қалыптастыру мен әлеуметтік өмірдің жалпы жұрт қабылдаған нормаларын теріске шығару арқылы жаңа

құндылықтарды тұжырымдауға және сынақтан өткізуге талпыныстарын білдіреді.

Сонымен, жастардың субмәдениеті кездейсоқ пайда болмайды, бұл, дұрысы, қоғамда өз пікірін айту мен өзін-өзі танытудың және оны түрлі себептер бойынша қанағаттандыра алмаудың нәтижесі. Қалыптасқан мәдени стандарттарға араласқан жастар біршама күрделі және қайшылықты үдерістен өтеді. Жастардың мәдениеті жөніндегі осы заманғы зерттеулер қазіргі адамдардың бағдарларының, өмір сүру стилі мен мінез-құлықтарының өзгеруіндегі күрделі серпінді көрсетеді. Өсе түскен мәдени сұраныстар мен оларды қанағаттандыру мүмкіндіктерінің арасындағы елеулі алшақтық, шынайы құндылықтарды бұқаралық мәдениет суррогаттарымен ауыстыру жастардың интеллектуалды шектелуіне ұшыратады.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

- 1. Жастар субмәдениетінің аса маңызды функциясы қандай?*
- 2. Жастардың бейресми бірлестіктері деген не?*
- 3. Жастар субмәдениеттерінің пайда болуында экономикалық фактордың рөлі қандай?*
- 4. Жастардың субмәдениеті неліктен жаппай құбылысқа айналмайды?*

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. Жастардың субмәдениетіне қатысты Эрих Фроммның көзқарастары.
2. Э. Мэйо бейресми бірлестіктер туралы.
3. «Жастардың демалысы мен субмәдениеті» тақырыбына хабар жазыңыз.
4. «Жастардың субмәдениеті: ойын ба немесе қарсылық па?» тақырыбына пікірсайыс.

V БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІСІ МЕН БОЛАШАҒЫ (ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША)

Жоғары білім беру жүйесіндегі трансформация процесін қарастыра отырып, Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесіндегі жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен уақыт талаптарына бейімделу болып табылатындығын айта кеткен жөн. Әлеуметтік әдіснамаларды пайдалану басымдылығы бұл мәселені қарастыруда осы процеске, яғни білім беру саласындағы реформаларға тікелей қатысушы болып табылатын студенттердің субъективті көзқарастарын анықтауға мүмкіндік туғызды. Сондай-ақ, студенттердің жылдам және толықтай алға жылжуына жаңа өзгерістер мен позитивті күйдің ықпалын білдіретін инновациялық қайта құрылым саласында кері байланыс тәуелділігінің бар екендігін айта кеткен жөн.

5.1 Жоғары білім беру жүйесін реформалау

Қазіргі қоғамдағы білім берудің мәні мен өзектілігін бағалау қиын болып отыр. Біріншіден, дәл осы білім беру басты құндылық ретінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық прогресін (ілгерілеуін) қамтамасыз етеді және адам мінез-құлқы уәждемесінің басты қайнар көзі болып табылады. Екіншіден, білім беру әрбір азамат үшін сапалы білімге қол жеткізудің ең күшті мүмкіндіктерін тудыра отырып, көптеген әлеуметтік мәселелерді шешетін негізгі дiңгек болып табылады. Үшіншіден, білім елдің мәдени дамуының, экономикалық гүлденуі мен саяси тұрақтылығының кепiлi болып табылады. Қазіргі таңдағы жоғары

технологиялық мәдениеттің даму жағдайы әрбір адам үшін білім берудің жалпы және қолжетімділік қажеттілігін талап етеді. Жаһандық ақпараттық өркениеттің дамуында жоғары білім беру қоғам қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында жұмыс істейтін, ішкі және сыртқы өзгерістер мен процестерге белсенді жауап беретін, сондай-ақ мамандарды дайындауда стандарттар мен критерийлердің әмбебаптығына ұмтылатын басты әлеуметтік институт болып табылады.

Қазіргі мемлекеттердің білім беру кеңістігіндегі трансформация және жаһандық саласы бойынша бағытталған ең басты бағыттардың бірі болып Болон процесі табылады. Еуропалық жоғары білім беру аумағында Болон процесі көптеген қарым-қатынастарды шешетін процесс болып қалды.

Жалпы білім беру кеңістігін қалыптастыру қажеттілігінің кайнар көзін аймақтық, сондай-ақ әлемдік деңгейде университет ғылымы мен білімінің болашақ трансформациясына негіз болған, Еуропалық одақ министрі Кеңесшісінің білім беру саласында бірінші рет ынтымақтастық бағдарламасы туралы резолюциясы қабылданған 1970 жылдардың ортасынан іздеуге болады. 1998 жылы «Сорбон декларациясын» қабылдау барысында қазіргі жаһандықты (техногендік, ақпараттық, постиндустриалды және т.б.) қалыптастыру жағдайында Еуропадағы жоғары білім беру сегментациясы ғылым мен білімнің дамуына кедергі туғызатыны анықталды. 1999 жылы 29 елдің өкілдерімен жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігін құруда еріктілік процесіне қатысатын шешімді заңдастырушы «Болон декларациясына» қол қойылды.

Қазіргі таңда Қазақстан Еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқықты мүшесі болып танылған алғашқы Орталық азиялық мемлекеттердің бірі екенін айта кеткен жөн. Қазақстанның Болон декларациясына қосылуы туралы нақты шешім Еуропа елдердің білім министрлерінің II форумында, яғни 2010 жылы Будапештте қабылданды. Бәрімізге белгілі, бұған дейін қазақстандық 145 ЖОО-ның 30-ы Болон декларациясының негізі болып табылатын Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойған болатын. Қазақстанның Болон процесіне қосылуы туралы шешім Болон процесіне қатысушы мемлекеттердің білім министр-

лерінің Комитетімен қабылданды. Бұл кадам Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласында жүргізілген ең маңызды реформаларының бірі болып табылады. Бұл, сөзсіз, отандық жоғары мектептің халықаралық позициясындағы алар орнына өте қажет.

Сондай-ақ жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігінің болуы Болон процесінің барлық мақсаттарына қол жеткізеді деген сөз емес. Сонымен, жоғары білім берудің Болон процесі арқылы Еуропа кеңістігімен консолидациялану және оның жетілдірілуі, соның ішінде, әсіресе Болон процесін жүзеге асыру барысындағы сыни әрекеті отандық білім беру жүйесінің жаңа фазаға енгендігін көрсетеді.

Қазіргі таңда, ең алдымен, білім берудің халықаралық стандарттарына қол жеткізу және әлемдік білім мен ақпараттық кеңістіктегі интеграцияға бағытталған қазақстандық білім беру жүйесін қарқынды реформалау процесі жүзеге асырылып жатыр. «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» оның негізгі мақсатының «экономиканың тұрақты дамуы үшін сапалы білім беруге қол жетімділікті қамтамасыз ету жолымен адам капиталын дамыту және білім берудің бәсекеге лайықтылығын көтеру» екендігі көрсетілген.

Қазақстандық білім берудегі трансформация процесінің бастамасы Тәуелсіздікке ие болған жылдардан басталады. Республикадағы ЖОО-дағы алғашқы бакалавр бағдарламалары 1992 жылдардан бастап жүзеге асырылды, сәйкесінше алты жылдан кейін, яғни 1996 жылы қазақстандық бітірушілер алғашқы магистрлік дипломдарын алды. Осы кезде бакалавр және магистратура сияқты оқытудың екі деңгейлік үлгісіне негізделген білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары апробациядан өткен болатын.

ҚР-ның білім беру модернизациясындағы келесі маңызды кезең мамандықтар қатары алдын ала сараптама мен апробациядан өткеннен кейінгі қазақстандық алдыңғы қатарлы ЖОО оқытудың кредиттік жүйесіне көшкен 2004 жылдан басталады. 2004-2008 жылдар аралығында білім беру стандартына бакалавр деңгейіне сияқты, магистратураға да, біртіндеп ұлттық білім

берудің үлгілерін әлемдік стандарттарға лайықтап, әсіресе, Болон процесі мақсатында өзгерістер енгізілді. 2010 жылдан бастап елімізде жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің толықтай бірегей үлгісі қалыптасты. Бұрынғы дәстүрлі аспирантура мен докторантураның орнына PhD докторантура келді.

ҚР-ның Білім және ғылым министрі өз баяндамасында көрсеткендей, «Қазіргі таңда білім беру саласы үздіксіз модернизация жағдайында тұр». Оның негізгі үрдістеріне мыналар жатады: 1) интернационализация (мемлекеттік бағдарламалардың, академиялық мобильділік пен еңбек ресурстарының мобильділігі және т.б. қарқынды дамуы); 2) оқытудың ақпараттануы (информатизация) (e-learning–электронды оқыту жүйесін дамыту, ақпараттық ресурстар, қашықтық білім беру және т.б.); 3) ғылым мен білімді инновациялық процеске шығатындай құрмаластырушы (интеграциялық) білім беру¹¹.

Сонымен қатар барлық оң үрдістер қазақстандық білім берудің реформациялық процестерін мәселелер мен қиындықтардан құтқармайды. Қоғам өмірінің талабымен қабылданған жалпы реформалар алынатын нәтижелердің тиімділігін немесе тиімсіздігін білдіретін, сәйкесінше олардың үйлесімділігі мен нақтылығын өз уақытында жүзеге асыру мүмкіндігін тудыратын жүйеге көрсеткіш немесе индикатор сүйенішін талап етеді.

Он жылдан астам уақыт ішіндегі қазақстандық реформалау барысында жоғары білім беру жүйесінде көптеген қарама-қайшылықтар туындады. Соның ішіндегі келесідегідей аспектілерді айтуға болады:

- мемлекеттік емес ЖОО-ның есебінен ЖОО-ның санының өсуі;
- ЖОО-ға түсуге талаптанушы мектеп түлектері үлесінің көбеюі;
- мемлекеттік ЖОО-да ғылыми кадрлардың қартаюуы;
- ақылы оқытын студенттер санының өсуі (қазіргі таңда шамамен жартысы);
- мамандық бойынша дайындау құрылымының өзгеруі;
- әртүрлі топтар үшін жоғары білім берудің қол жетімділігі.

¹¹Выступление министра образования и науки РК Б.Т. Жумагулова на 36-ом пленарном заседании межпарламентской ассамблеи государств-участников СНГ (16 мая 2011 года.) // <http://www.edu.gov.kz/>

Білім беруді дамытудың мәселелері талқылай келе, білім берудің ұлттық жүйесіне жалпы әлемдік аймақтық мәселелермен қатар, сондай-ақ жекелеген мәселелер де тән екенін айта кеткен жөн.

Халықаралық сарапшылар көптеген дамыған елдің білім беру саласында білім беру сапасының төмендеуіне әкеп соқтыртатын жалпы үрдістерді көрсететін айтарлықтай мәселелердің бар екендігін айтады. Бірінші кезектегі мәселе – еңбек нарығының қажеттілігіне сай мамандарды дайындаудың деңгейі мен санының сәйкес келмеуі. Тіпті 1992 жылы ЮНЕСКО қарамағында Еуропа мен Америка елдерінің білім беруі туралы құжаттарын өздері арасында мойындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін нормативтік базаны өңдеу бойынша жұмыс тобын құру ұсынылған болатын. Дегенмен екі білім беру жүйесін біріктірудегі ең басты мәселелердің бірі сынақ бірліктерін өзара мойындаудың Еуропалық жүйесін (ECTS) сынақ бірліктерінің американдық жүйесімен (англ. *credits*) салғастыру мәселесі болып табылды.

Аймақтық деңгейде ТМД елдерін алатын болсақ, күрделі мәселелер болашақ мамандарды дайындауда ғана емес, сонымен қатар оқытудың екідеңгейлік жүйесі мен кредиттік технологиясына бірізді өту сияқты құрылымдық ұйымдастыруларында да жетіп артылады. Алысқа бармай, мысал ретінде Ресей Федерациясын алсақ болады. Сонымен, білім беру саласындағы ресейлік сарапшылар былай деді: «Ресей 2003 жылдың қыркүйегінде оқытудың екідеңгейлік жүйесін енгізу, мобильділікті кеңейту, білім беру сапасын бақылау, осы салаға кредиттік жүйені енгізу және бітірушілерді жұмыспен қамтамасыз ету сияқты негізгі принциптерін 2010 жылға дейін толығымен енгізуді міндет етіп қоя отырып, Болон процесіне қосылған болатын. Біздің жоғары оқу орындары үшін бастапқы екі тармағы ең қиыны болды»¹².

Әлемдік білім беру жүйесінің құрмаласу процесінде қазіргі қазақстандық тәжірибе өзіне білім берудің кеңестік жүйесінен мұра болып келген оқытудың дәстүрлі үлгілері, технологияларымен қатар заманауи ең үздік әлемдік стандарттарды (әсіресе, еуропалық) да кіргізуі қажет. Бұл жоспар негізінде мамандарды

¹² Булатова А. Лукавая болонизация // http://www.strf.ru/organization.aspx?CatalogId=221&d_no=17197

кәсіби дайындау сапасына және қазақстандық еңбек нарығына бағытталған жаппай оқыту мазмұны мен технологиясына «өтуде» не мазмұны, не құрылымы жағынан қателік жібермеу қажет.

Сөзсіз, білім беру сапасы – бұл әмбебап критерий. Дегенмен бұл жердің өзінде қиындықтар мен әртүрлі көзқарастар туындауы мүмкін. Болон процесін жүзеге асыруда декларативті шарт болып табылатын академиялық мобильділік көлемін өсіру күрделі болып көрінеді. Сондай-ақ білім беруді реформалау мәселелерін шешуде, біріншіден, жаңа білім берудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыра алатындай ЖОО-ның деңгейінде ұйымдастырушы құрылымдардың бар болуы аз қажетті болып табылмайды. Білім беру және ғылыммен нақты адамдар айналысқандықтан, олардың ұстанымдары мен бағдарлары жаңа білім беру тұжырымдамасын енгізуде белгілі рөлге ие.

Қазіргі таңдағы Қазақстанның жоғары мектептерін реформалаудағы негізгі аспект – білім берудің көпдеңгейлік жүйесін әрі қарай дамыту. 2011 жылға қатысты бұл саладағы білім деңгейіне енгізілген басты өзгерістердің бірі – PhD докторантура. Білім берудің екідеңгейлік (бакалавриат және магистратура) жүйесін қалыптастырудағы негізгі бастамалар 1992-1996 жылдар аралығына тиесілі, бұл дегеніміз – басты қиыншылықтардың жүзеге асырылып, болашақта бұл процесі әрі қарай жетілдіру мен дамытудың қалғандығын айта кеткен жөн.

Қазақстанның білім беру кеңістігіндегі трансформациялық процестердің болондық басымдылықтарына келесі іс-әрекет бағыттарын жатқызуға болады:

- жеңіл оқылатын және салыстырмалы деңгейлерді енгізу;
- қолданбалы және іргелі ғылымдарының білім беру процесімен құрмаласуы негізінде университеттік зерттеу түрін қалыптастыру;
- жоғары оқу орындарын бітірушілердің Еуропаның кез келген елінде жұмысқа тұра алатындай дипломға жалпы еуропалық қосымшаны (Diploma Supplement) қолдану;
- ECTS (European Credit Transfer System) жүйесіне сәйкес келетін біртұтас академиялық кредит жүйесін енгізу;

- білім және зерттеу бағдарламаларының бірігіп жұмыс істей алу мобильділігі шеңберінде дамыту.

Сонымен болып жатқан өзгерістерге қатысты көзқарастар қандай екен?¹³ Студенттерге жүргізілген сұрау негізінде «Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанның жоғары білім жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар оң бағытта септігін тигізіп жатыр ма, әлде дұрыс емес бағытта жүргізіліп жатыр ма?» деген сұрақ қойылды (1-суреттегі диаграммаға қараңыз).

1-сурет. «Білім беру саласындағы реформалардың бағыттары туралы қоғамдық пікір» диаграммасы



Білім беру процесіндегі өзгерістерге берілген студенттердің сипаттамалық бағасы қазіргі трансформацияның жағымды динамикада жүзеге асырылып жатқандығын көрсетеді.

¹³ Ұсынылғалы отырған сараптамалық материалдар студент жастар арасындағы қоғамдық пікірді сұрау негізінде жасалған. Зерттеу 2011 жылдың мамыр-маусым айларында мына аймақтар бойынша жүргізілді: Алматы, Астана қалалары, Ақтөбе, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Семей облыстары. Сауалнама жүргізу үдерісіне 12 жоғары оқу орындарының 1500-ден астам студенті қатысты.

Бірінші сурет графикасында сұрауға алынғандардың 60%-ынан астамы болып жатқан өзгерістердің дұрыс және адекватты түрде жүргізіліп жатқандығына сенімді екендіктерін білдіретін реформа бағытының жалпы бағасы көрсетілді.

1-кестедегі мәліметтер жалпы сұраққа жауап берген студенттердің 51,2%-ның реформаның жалпы дұрыс деп ойлайтындықтарын көрсетсе, ал 13,2%-ы бұған толықтай сенімді екендіктерін білдірген.

Жалпы, теріс баға саны 27,6%-ды құрайды. Соның ішінде 19,8%-ы реформа бағытының жалпы дұрыс емес екендігін көрсетсе, ал қалған 7,8% болып жатқан процестерге түбегейлі қарсы екендіктерін білдірген. Сондай-ақ респонденттердің 7,8%-ы қойылған сұраққа жауап беруге қиналған.

1-кесте

«Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанның жоғары білім жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар оң бағытта септігін тигізіп жатыр ма, әлде дұрыс емес бағытта жүргізіліп жатыр ма?» деген сұраққа жауап берген респонденттер жауаптарының таратылымы (респонденттердің жалпы санынан%-дық үлес бойынша)

| № | Жауап нұсқалары | % |
|------|---|-------|
| 1. 1 | Дұрыс бағытта екендігіне толықтай сенімдімін | 13,2% |
| 2. 2 | Дұрыс бағытта | 51,2% |
| 3. 3 | Дұрыс емес бағытта | 19,8% |
| 4. 4 | Дұрыс емес бағытта екендігіне толықтай сенімдімін | 7,8% |
| 5. 5 | Жауап беруге қиналамын | 7,8% |

Салыстырмалы талдау қажеттілігін жүзеге асыра отырып, алынған бағалау пікірлерін тақырыбы жағынан ұқсас зерттеу жобаларының мәліметтерімен салыстыру жүзеге асырылды. 2011 жылдың басында әлеуметтік сауалнама негізінде осыған ұқсас сұрақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері мен оқытушылары арасында қойылған болатын. Шамамен оқытушылар мен студенттердің 40%-ы оқу процесінде болып жатқан өзгерістерден оңтайлы үрдістерді көретіндігін, сонымен қатар

әрбір оныншы студент пен оқытушы білім беру кеңістігіндегі өзгерістер теріс сипатқа ие екендігін көрсететін салыстырмалы қорытынды 2-кестеде келтірілген. Бір қызығы, оқытушылар мен студенттер жауаптарының сандық көрсеткіштері екі нұсқа (өзгеріс байқалмайды немесе тек ресми сипатқа ие) бойынша әжептеуір ерекшеленеді және өзгерістерге оң және теріс баға берулері толықтай сәйкес келеді¹⁴.

2-кесте

«Білім беру процесіндегі өзгерістер сипатына қандай баға бересіз?» деген сұраққа берген жауаптарының респонденттер бойынша таратылымы (респонденттердің жалпы санынан %-дық үлес бойынша)

| № | Жауап нұсқалары | Студенттерден сұрау жүргізу | ОПҚ-тан сұрау жүргізу |
|------|-----------------------------------|-----------------------------|-----------------------|
| 1. 1 | Оңтайлы өзгерістер орын алуда | 41,7% | 41,1% |
| 2. 2 | Өзгеріс байқалмайды | 32,2% | 6,1% |
| 3. 3 | Жағымсыз өзгерістер орын алуда | 10,4% | 10,3% |
| 4. 4 | Өзгерістер тек ресми сипатта ғана | 6,2% | 23,4% |
| 5. 5 | Жауап беруге қиналамын | 9,9% | 19,2% |

Келтірілген мәліметтер оқытушылар мен студенттер арасында білім беру саласын реформалау негізінде орын алған өзгерістерге берілген сипаттамалық бағаның жалпы қолдау мен сенімге ие екендігін белгілеуге мүмкіндік туғызады.

Дегенмен студенттердің қоғамдық пікірлері арасында біршама теріс бағалардың болғандығын да айта кету керек. Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан сұралғандардың төрттен бір бөлігі реформа мазмұнының қазақстандық білім беру жүйесінің қажеттіліктерін қамтамасыз етпейді деп санаған (1-суретті қараңыз).

Кері қабылдаудың себептерінің үлгісі ретінде келесі түрткі-жайттарды (фактор) айтуға болады:

¹⁴ Абдирайымова Г.С., Веревкин А.В., Кенжакимова Г.А. Социологический ежегодник. – Алматы, 2011. –115 с.

- реформалардың мазмұны мен қадамдары білім беру процесінің тікелей субъектісі болып табылатын жоғары оқу орындарының ұйымдастырушы құрылымдарымен түсіндірілмейді;

- ЖОО-ның материалдық, техникалық базасының сай болмауы;

- білім беру жүйесінің кейбір сегменттерінің ғана мақсаттарын жүзеге асыруға алып келетін өзгерістердің ресми немесе бірізді емес сипаттамасы.

Жоғары білім беру жүйесінің реформалануына берілген жалпы сипаттамалық бағаларын зерттеуге қатысқан әрбір ЖОО студенттерінің қоғамдық пікірлерін тікелей талдау негізінде нақтылауға болады. Эмпирикалық мәліметтерден алынған талдау бойынша бұл сұрақ негізіндегі әрбір ұстаным арасындағы ауытқу өрісі 30%-дан астам көрсеткішті көрсетіп отыр.

Астаналық және аймақтық ЖОО студент жастарының қазақстандық білім беру жүйесін реформалау туралы ой-пікірлері қандай?

Жалпы алғанда, Болон процесінің мақсатын жоғары білікті жұмысшылар үшін біртұтас жалпы еуропалық еңбек нарығын қалыптастыруға, жоғары білім берудің салыстырмалы жүйесін қамтамасыз етуге, еуропалық білім беруге еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге ұмтылу ретінде анықтауға болады. Оның жүзеге асыру негізінде мынандай негізгі принциптер жатыр: айқындылық, салыстырымдылық, «түсініктілік» және «мүмкіндік».

Орталық пен аудан арасындағы алшақтықты жою, ақпараттық теңсіздік түрлерін жою, сапасы бойынша бәріне бірдей білім беру стандарттарын тарату және жүзеге асыру негіздерінде ғана білім беру саласын дамытудың жаһандық мақсаттарына барынша жақындауға болады. Бұл талаптар Болон процесі мақсаттарының қазақстандық білім беру кеңістігінде бастапқы жүзеге асырулары үшін негізгілері ретінде анықтала алады. Өртүрлі аймақтардағы реформалардың бағыттары мен сипаттамалары туралы ақпарат 3-кестеде көрсетілген мәліметтерге қатысты орта мәнін шығарғанда ғана мәлім бола алады.

Астаналық және аймақтық ЖОО студенттері арасында ҚР жоғары оқу орындары жүйесіндегі реформалар сипаттамасына берілген респонденттерінің бағасы

| № | ЖОО-ның атауы | Жауап нұсқалары | | | |
|----|----------------------|------------------------------------|---------------|--------------------|---|
| | | Дұрыс бағытта, толықтай сенімдімін | Дұрыс бағытта | Дұрыс емес бағытта | Дұрыс емес бағытта, толықтай сенімдімін |
| 1. | Алматы қаласының ЖОО | 15,38% | 45,42% | 20,06% | 14,02% |
| 2. | Астана қаласының ЖОО | 25,85% | 45,75% | 14,25% | 6,00% |
| 3. | Аймақтық ЖОО | 18,54% | 52,08% | 16,30% | 6,62% |

3-кестеден көріп отырғанымыздай, зерттелген сұрақ төңірегінде студенттердің қоғамдық пікірлері арасында объективті айырмашылықтарды көрсететін әртүрлі көзқарастардың бар екендігі байқалады.

1. *«Білім беру саласындағы реформалар оң бағытта жүріп жатқандығына толықтай сенімдімін»*. Бұл жауап нұсқасын Астана қаласының жоғары оқу орындарында оқитындар көптеп таңдады, 25,9%-ы құрады. Бұл көрсеткіш студенттердің сауалнамаларын талдау барысында алынған нәтижеден 10%-ға көп. Сондай-ақ Алматы қаласы студенттерінің бұл ұстанымдары жалпы нәтижеден 12%-ға көп. Нәтиже көрсеткіштерінің кемуі бойынша одан кейін сұрау жүргізілген аймақтардағы ЖОО-ының жауаптары ие. 15,38%-ды көрсеткен Алматы қаласының нәтижесі талдаудың ең соңы болды.

2. *«Реформалар дұрыс бағытта жүріп жатыр»*. Бұл ұстаным мәліметтерді талдаудың әртүрлі әдістерін қолдану барысындағы ең алдыңғы қатардағысы болып табылады. Бұл жердегі біршама жоғары жиілік көрсеткіш аймақтар бойынша көрсетілген, яғни 52,1%-ға ие. Солтүстік және Оңтүстік астана студенттерінің арасындағы жауаптар бірдей, яғни 45%.

3. «Білім беру саласындағы реформалар дұрыс емес бағытта жүргізіліп жатыр». Бұл нұсқа бойынша жауаптарды саралау ауытқу өрісі 6% шамасынан төмен екендігін көрсетеді. Дегенмен баға беру реттілігі 1-нұсқада көрсетілгендей, мына бойынша өседі: Астана қаласының ЖОО (14%) – аймақтардағы ЖОО (16%) – Алматы қаласының ЖОО (20%).

4. «Реформалар дұрыс емес бағытта жүргізіліп жатыр». Ең соңғы анықтама бойынша жүргізілген нәтиже санақтық тұрғыда заңды көрінеді. Айрықша сыни жауап 14%-ы құраған алматылық респонденттердің арасында кездесті. Қалған позиция бойынша жалпы саны екі есе аз, яғни 6%-ы құрады.

Жалпы алынған мәліметтер негізінде алматылық жоғары оқу орындарында реформа жүзеге аспай жатыр немесе сапасы нашар деген сыни қорытындыға келуге болмайды. Алынған нәтижелер, бірінші кезекте, инновациялық құрылымдарды іс-әрекеттік қабылдау, саралау, сынау үрдістерін білдіреді.

Осы пікірдің пайдасына қарай тұрақты оңтайлы нәтиженің жалпы саны 60%-дан көп үлесті құрайтындығын (3-кестені қараңыз) және орташа көрсеткіш пен ЖОО-ның жеке көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтың айтарлықтай жоғары екендігін көрсетеді.

Білім беру реформаларының мәселесі бойынша қорытындылар жасай отырып, инновациялық процестің инновациялық өзгерістерді жүзеге асыру мен дайындықты қажет ететіндігін және біртұтас, кешенді тұтастықты құрайтын өзара байланысты фазалар түзетінін айта аламыз. Негізінен инновациялық іс-әрекеттерді қабылдау мен меңгеру қайшылықсыз болмайды. Әлеуметтік инновациялық процестер олардың даму заңдылықтарын жеке талдағанды талап етеді. Инновациялық қайшылықтар қоғамның саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік сияқты барлық салаларында кездеседі. Білім беру саласында да бұл қайшылық міндетті түрде орын алады.

Қазіргі қазақстандық қоғам сипатына тән инновациялық карама-қайшылықтарды жеңудің басты түрткіжайттары мен аспектілеріне қатысты жалпы мәліметтерді салыстыруға болады.

1. Біліктілікті жоғарылататын қосымша оқытудың қажеттілігі (34,9%);

2. Инновацияларды біртіндеп ендіру қажеттілігі және олардың әлеуметтік бейімделуі (33,3%);

3. Адамдардың өзгерістерден шаршауы және қорқуы (19,1%);

4. Инновацияларды қабылдаудағы психологиялық қиындықтар, қалыптасқан стереотиптерді бұзу қажеттілігі (9,5%);

5. Материалдық базаның жеткіліксіздігі (9,5%)¹⁵.


Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудың негізгі кезеңі ғылыми және білім беру ұжымын, зерттеулер мен өңдеулерді басқару әдістерін меңгерген және жаңалықтар нарығында жұмыс істей алатын инновациялық менеджмент бойынша мамандарды дайындауды талап етеді.

Реформаларды жүзеге асырудың негізгі бағыттары.

Білім беру – бұл көзделген мақсаттылық (нәтиже, біліктілік) пен процессуалдылықты (білім беру процесі) құрайтын қиын көпфункционалы құбылыс. Қарастырылып отырған сұрақтар зерттеу барысында ҚР-дағы жоғары білім беруді реформалау бойынша басты стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруға қатысты сұрақтарға бөлшектенді. Жоғары білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Сұрақ алуға қатысқан студенттерге білім беру жүйесіндегі қандай басты міндеттер жүзеге асырылып, қайсысы жүзеге асырылмай жатқандығын көрсету ұсынылды.

¹⁵ Разрешение социальных конфликтов. – Астана, 2010. – С. 96-97.

2-сурет. «Білім беру реформасындағы басты бағыттарды жүзеге асыру» туралы диаграмма



Респонденттердің негізгі міндеттері ретінде төмендегідей білім беру мен тәрбиелік міндеттерге баға беру ұсынылды:

- Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау;
- Тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту;
 - Азаматтылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу;
 - Мәдени жетістіктерге қол жеткізу;
 - Халықаралық байланыстарды кеңейту;
 - Оқытудың жаңа технологиярын енгізу;
 - Білім беруді ақпараттандыру;
 - Білікті мамандарды дайындау;
 - Кадрларды қайта оқыту мен қайта дайындау.

Көрсетілген ұстанымдарды, сондай-ақ ЖОО іс-әрекет бағыттарының тақырыптары бойынша құрылымдауға болады:

- білім берудің сапалық (біліктіліктік) сипаттамалары мен олардың тұрақты жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- жаңа білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;

- білім беруді ақпараттандыру және жаңа технологияларды енгізу;
- жеке тұлғалықты дамыту және азаматтық құрылым (2-суретті қараңыз).

4-кесте

**ҚР-ның жоғары білім беру жүйесін реформалау бойынша басты стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру деңгейлеріне респонденттердің берген бағалары
(респонденттердің жалпы санынан %-дық үлесі бойынша)**

| № | Жауап нұсқалары | ИӘ % | ЖОҚ % | Жауап беруге қиналамын % |
|----|--|-------|-------|--------------------------|
| 1. | Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау | 68,5% | 15,4% | 15,9% |
| 2. | Тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту | 54,7% | 26,7% | 18,6% |
| 3. | Азаматтылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу | 52,5% | 29,8% | 17,7% |
| 4. | Мәдени жетістіктерге тарту | 54,1% | 24,6% | 21,3% |
| 5. | Халықаралық байланыстарды кеңейту | 62,8% | 17,7% | 19,5% |
| 6. | Оқытудың жаңа технологияларын енгізу | 63,8% | 18,6% | 17,9% |
| 7. | Білім беруді информатизациялау | 61,3% | 18,2% | 20,5% |
| 8. | Білікті мамандарды дайындау | 55,5% | 23,2% | 21,3% |
| 9. | Кадрларды қайта оқыту мен қайта дайындау | 55,5% | 25,5% | 31,4% |

4-кесте мен 2-суретте келтірілген мәліметтер студенттердің ойынша барлық көрсетілген бағыттар бойынша стратегиялық міндеттер бірізді жүзеге асырылып жатыр. Қарастырылуға ұсынылған барлық ұстаным 50%-дан жоғары оң көрсеткішті құрады.

Жаңа білім беру бағдарламалары мен оқыту үлгілерін енгізу және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру салалары студенттер тарапынан көптеп белгіленді.

Студенттер тарпынан кейбір толық өңделмеген қырлар ретінде теріс жалпы қосынды баға 27%-ды құрады жеке тұлғалық құзырлықтар мен азаматтық құрылым салалары көрсетілген.

Нәтижелерді нақтылай келе, жүзеге асырулары бойынша көптеп кездесетін мынадай бағыттарды көрсетуге болады:

1. Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау – 68,5%;

2. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу – 63,8%;

3. Халықаралық байланыстарды кеңейту – 62,8%;

4. Білім беруді ақпараттандыру – 61,3%.

29,8%-ды көрсеткен ең жоғары кері жауап, қазақстандық студенттердің ойынша азаматтылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу екендігіне ерекше назар аударған жөн.

Кадрларды қайта дайындау және қайта оқыту мәселесі бойынша баға беру қиындық тудырған. Осы сұрақ бойынша студенттердің 31,4%-ы жауап беруге қиналған.

Сондай-ақ білім беру стратегиясын жүзеге асыру туралы мәліметтерді болашақ мамандарды дайындаудағы құзырлық амалдардың аса қажетті аспектілері туралы студенттердің ой-пікірлерімен салыстырып, зерттеліп отырған сұрақ бойынша қорытындыларды толықтыруға болады.

Сараптай келе, талдамалық материалдарды дайындау нәтижесінде алынған мынандай кейбір қорытындыларды келтіруге болады:

1. Жалпы, қазіргі таңда қазақстандық білім беру саласында жүріп жатқан инновациялық процестер кейбір қиындықтар мен қайшылықтарға қарамастан, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастар сипатын өзгертуге, білім беру және адамзаттық даму саласы бойынша еңбек нарығы мен халықаралық стандарттар талабын ынталандыруға күш жинап жатыр. Қазақстандық білім беру жүйесін модернизациялауға қазіргі ұмтылыстардың табысқа жетуі мен жетпеуі, біріншіден, бүкіл қоғамды модернизациялаудың мақсаттары мен бағыттарына байланысты болады.

2. Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, студент жастар білім беру реформаларына жоғары бейімділік қасиетті танытып отыр. Студенттермен жалпы өзгерістер сипатына берілген баға

трансформацияның оңтайлы динамикасын куәландырады. Сұрауға алынғандардың 60%-нан көбі жүргізіліп жатқан өзгерістердің дұрыс және адекватты деп бағалаған. Дегенмен студенттердің қоғамдық пікірлерінде сыни бағалардың да жеткілікті болғанын айта кету қажет. Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан сұрауға алынғандардың төрттен бірі реформа мазмұндарының қазақстандық жүйе сұранысына сәйкес емес екендігін айтып, орын алып жатқан процестерге кері пікірлерін білдірген.

3. Жалпы студенттер тарапынан оқытудың жаңа білім беру бағдарламалары мен үлгілерін енгізу және халықаралық ынтымақтастық саласында үлкен жұмыстардың жүзеге асырылып жатқандығы көрсетілді. Жаңа факультеттер мен мамандықтардың ашылуы, жоғары білім беру жүйесіне дайындаудың әртүрлі деңгейлерін енгізу, ғылыми жобаларға қатысуды көптеген студенттердің ойынша білім беру жүйесіндегі модернизация ретінде көрсетулері орынды болып табылады. Дегенмен, жалпы кері қосынды 27%-ы көрсеткен тұлғалық құзырлық пен азаматтық құрылымды қалыптастыру салаларындағы кейбір жетіспеушіліктер де белгіленген.

4. Білім берудің негізгі стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру бірізді сипатқа және қарастырылып отырған сұрақ бойынша сандық мәліметтерге эмпирикалық сәйкестікке ие. Нақты білім беру міндеттерін жүзеге асыру деңгейі 52%-дан 68% аралығын көрсетті. Сұрауға алынған студенттердің 2/3-нің көбі жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру жағдайларымен көңілі толған.

5. Отансүйгіштік пен азаматтылықты дамыту ел жетістігін анықтайтын басты белгілердің бірі болып табылады. Сонымен студенттердің ойынша отансүйгіштік пен азаматтылыққа тәрбиелеуге бағытталған негізгі мақсат пен міндеттер тек 50% шеңберінде ғана жүзеге асырылып жатыр.

6. Тек білім беру бағдарламаларының мазмұнында ғана емес, сонымен қатар студенттердің тек диплом алуға ғана емес, негізгі кәсіби құзырлықтарды теориялық және тәжірибелік деңгейде меңгеруге бағытталған кәсіби білім берудің мәнін түсінуде. Зерттеу қорытындысы бойынша сұрауға алынған студенттердің 60,1%-ы, сондай-ақ шамамен осыншама көрсет-

кіштегі студенттердің оның әлемдік стандарттарға толықтай сәйкес емес екендігіне қарамастан, алып отырған білім беру деңгейімен қанағаттанатындықтарын айтқан.

7. Алынған мәліметтерді түйіндей келе, қазақстандық жастардың арасында болашақ кәсіби табыс пен мансаптық өсудегі жетістіктер үшін кәсіби білімнің саналы қажеттілігіне негізделген жоғары білім алудың қажеттілік түсінігінің жоғары деңгейде екендігін айтуға болады. Дегенмен кәсіби бағыттылық мәселелеріне қатысты тек қазақстандықтардың ғана емес, сонымен қатар еуропалықтардың да мәселесі болып табылатын жоғары білім берудегі мамандықтар бойынша студенттік контингенттердің құрылымдарын реттеу қажеттілігі орын алып отыр.

8. Мамандық бойынша жұмыс істеу болашағына қатысты тенденция да жеткілікті позитивті орынды иеленген. Сонымен сұрауға алынғандардың 49,8%-ы «өз мамандықтары бойынша жұмыс істейтіндіктеріне» толықтай сенімділік білдірсе, 34,2%-ы «мүмкін істейтін шығармын» деп жауап берген. Бұл және басқа да зерттеулердің нәтижелері көрсетіп отырғандай, жұмысқа өз күштерімен орналасуды таңдайды екен. Бірақ кейбір маман иелері сұраныстың төмен болуына байланысты жұмыссыздардың қатарында қалып қою тәуекеліне ие.

9. Білім беру сапасына үлкен талаптар ақылы бөлімде оқитын студенттер тарапынан қойылған. Мысалы, білім беру деңгейімен толықтай қанағаттанбайтындығын грант бөлімі студенттерінің 2,5%-ы көрсетсе, білім беруді өздері төлеп оқитын студенттердің 7,5%-ы көрсеткен.

10. Алдағы кәсіби іс-әрекет үшін қажетті критерийлер ретінде студент жастар тілдік дағдыларды, кәсіби және коммуникативтік дағдыларды көрсетеді. Тағы да бір қажетті құзыреттіліктер тобын берік базалық білімдерге негізделген ақпараттармен жұмыс істеу дағдылары құрайды. Сонымен басқа елдердің салт-дәстүрлері мен мәдениеттерін түсіну және мәдениетті болу сияқты құзыреттілікті респонденттердің тек 9,4%-ы ғана қажетті деп санаған. Бұл – жауап нұсқаларын жиілік талдау нәтижелері бойынша ең төменгі көрсеткіш.

11. Жалпы, алынған мәліметтер көрсетіп отырғандай, студенттер арасында құралдық (тілдік, коммуникативтік, ұйымдас-

тырушылық) және кәсіби, пәндік құзырлықтар бойынша нақты түсініктерінің жоқ екендігін көрсетеді. Сонымен оқытудың әлемдік стандарттарын жүзеге асыру мақсатында білім берудің үлгілерін қалыптастыруда азаматтық және медиа білім берудегі базалық басымдылықтармен үйлесіміндегі жалпы және кәсіби-тәжірибелік білімдерге, тілдік дайындықтар мен ақпараттық сауаттылыққа негізделген жоғары кәсібилік ретінде теңестірілген үйлесімділікті жүзеге асыру қажетті.

12. Қазақстандық студенттердің 41,5%-ы жоғары кәсібилік, жұмыс тәжірибесі және жоғары кәсіби білім болашақ кәсіби табыс пен мансаптық өсудің кепілі болып табылатындығын бір оймен білдірген. Екінші орындағы ұстанымды қазақ тіліндегі білім иеленеді. Ал үшінші орында ықпалды байланыстардың, достар мен таныстардың болуы тұр.

13. Қазіргі жастар жоғары білім алуға үлкен мән береді. Респонденттерге жоғары білімнің қазіргі әлемдегі мәні туралы жеке сұрақ қойылған болатын. Бұл сұрақтың мақсаты студенттердің алып отырған білімдеріне, яғни саналы, интенционалдылықтан ресми механикалыққа дейінгі (қалыптасқан дәстүрге құрмет немесе ата-аналарының талаптары ретінде және т.б.) диапазондағы қарым-қатынастарын анықтау болды. Алынған нәтиже қазақстандық ЖОО студенттерінің басым көпшілігі үшін жоғары білімнің бар болуы өте қажетті (74,6%) және қажетті (18,9%) болып табылатындығын көрсетті. Жалпы оң қосынды нәтиже 93,5%-ды құрады.

14. Беделділік, жоғары оқу орындарының рейтингі сияқты көрсеткіштер болашақ мамандардың кәсіби бағыттарын таңдаудағы ең маңызды факторлар болып қала беретіндігін айта кету керек. Мамандықты таңдауда сұрауға алынған студенттердің ¼-і ЖОО-ның, факультеттің беделі, ата-анасының, туысқандарының, достарының кеңесі және қолжетімділік (төменгі төлем, грант орындарының болуы) сияқты түрткіжайттар әсер ететіндігін айтқан. Соңғы үшінші түрткіжайт ауылдық жерлерден келген студенттер үшін ең шешуші болып табылады.

15. Болашақ мамандардың жұмысқа тұру мәселесі өзекті мәселе болып қала береді. Бұл сұрақ бойынша студенттер тарапынан берілген қоғамдық пікір студент жастардың әлеуметтік-

психологиялық сезінулерін сипаттайды. Қазіргі таңда студенттердің кәсіби жоғары оқудағы бағыттылығымен таныс емес екендіктерін, сондай-ақ, студенттердің тіпті соңғы курстарының өзінде де нақты қандай мамандықты алып жатқандықтарын білмейтіндіктерін айта кету керек. Әсіресе, гуманитарлық факультет студенттерінің қандай маман иелері болып шығатындықтарын білмейтіндерінің саны көптеп кездеседі.

16. Болон процесін жүзеге асырудың басты критерийі болып табылатын академиялық мобильділікті көтеруге қатысты жүргізілген сұрау бойынша қазақстандық студенттер әртүрлі баға берген. Бір өкінішітісі, респонденттердің 70,4%-ы академиялық мобильділік туралы ешқандай түсінігі жоқ және жауап беруге қиналған болып шықты.

17. Болон процесінің құрылымдық компоненттерін жүзеге асырудың негізгі критерийлері қарым-қатынасында Қазақстан бастапқы кезеңінде-ақ байқаларлықтай жетістіктерге жеткендігін сезінуге болатындығын, сонымен қатар белсенді, сыни және қызығушылығы мол әлеуметтік топтың, яғни қазақстандық студенттердің қоғамдық пікірінде де көрініс тапқанын айтуға болады. Дегенмен Болон процесінің принциптерін жүзеге асыруға байланысты көптеген жаңалықтар білім беру жүйесі ұлттық тұжырымдамасының ерекшелігіне үңілуге алып келуі мүмкін.

18. Жалпы, қазақстандық білім беру жүйесінде студенттік жастар үшін мынандай үлкен мүмкіндіктерді тудыратын өте үлкен өзгерістер болды:

- жоғары білім беруге қолжетімділікті кеңейту;
- академиялық мобильділік шеңберінде 1-семестрге шетелге оқуға бару (бакалаврлар мен магистрлер үшін);
- PhD докторанттар үшін шетелдік машықтанудан өту;
- өз білімін магистратурада жалғастыру үшін гранттық қолдауды сұрау. Қазіргі таңда бұл мүмкіндікті ҚР Бірінші Президентінің Қоры қамтамасыз етеді;
- жоғары шәкіртақыны, арнайы шәкіртақылар мен гранттарды иелену.

19. Қазақстанның барлық жоғары оқу орындары үшін жалпы мәселелер болып тәжірибенің әр түрлерін ұйымдастыруға байланысты материалдық-техникалық базаның жетіспеушілігі

табылады. Жоғары оқу орындары үшін ерекше мәселелер болып білікті оқытушылардың жетіспеушілігі, жемқорлық, әдебиеттермен толықтай қамтамасыз етілмеу (оқу-әдістемелік материалдар, ғылыми және т.б.), ескі және жаңа элементтер жүйесі арасында толықтай үйлесімділіктің болмауы, біліктілікті жоғарылату және кадрларды дайындау жүйесінің нашарлауы (әсіресе, жеке және аймақтық ЖОО-да) табылады.

Мемлекеттік ЖОО-дағы ақылы білім беруді көптеген тұрғын-халықтар талапкерлердің қалаған мамандықтары бойынша білім алудың, сосын диплом және мамандық алудың қосымша мүмкіндігі деп түсінеді. Көптеген жеке меншік жоғары оқу орындары студенттер санын көбейтеміз деп, берілетін сапаны ұмытып кетіп жатыр.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

- 1. Қазіргі заман қоғамда білімнің рөлі қандай?*
- 2. Университеттік білімнің басты міндеті қандай?*
- 3. Кәсіби бағдар нені білдіреді?*
- 4. Қазіргі заманғы жастар үшін білім маңызды құндылық болып табыла ма? Социология зерттеу бойынша салыстырмалы талдауын жасаңыз.*
- 5. Қазіргі заманғы жастардың өмірлік басымдықтары қандай?*

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. Қазақстанның жоғары білім жүйесінде қандай өзгерістер болып жатыр?
2. Сіз қалай ойлайсыз, білім деңгейі мен санасы неге байланысты?
3. Қазақстанның жоғары оқу орындарында академиялық мобильділік қалай іске асып жатыр?
4. Сіздің көзқарасыңыз бойынша студент жастардың білім саласында қандай қиындықтарды мен проблемалары бар?
5. Құндылықты бағдарларды қалыптастыру үдерісі қалайша жүзеге асырылады?
6. Сіз қалай ойлайсыз, бүгінгі қазақстандық қоғамды азаматтық қоғам деп атауға бола ма?

5.2 Жоғары білім беру кәсіби және тұлғалық жетістіктердің негізі ретінде

Барлық уақытта университеттік білім беру тұлғаның сұраныстары мен қоғамның жалпы мүддесін қанағаттандыруға, азаматтық қоғамның мәнді құндылықтары мен идеяларын дамытуға бағытталып келеді. Сондықтан университеттің басты міндеті болып білім беру іс-әрекеті мен ғылыми-инновациялық іс-әрекеттің үйлесімді бірігуін қамтамасыз ететін ғылым, білім беру және мәдениеттің орталығы болып табылады.

«Сіздің ойыңызша, қазақстандық қоғамда материалдық жетістікке, табысты мансапқа және т.б. жетістіктерге жетуде төменде келтірілгендердің қайсысы ең бастысы болып табылады?» деген сұраққа қазақстандық студенттердің көбісі, яғни 41,5%-ы болашақтағы кәсіби табыс пен мансаптық өсудің ең басты шарты – «жоғары біліктілік, жұмыс тәжірибесі және жоғары кәсіби білім» деп жауап бергендерін айта кету қажет.

Дегенмен ең алдыңғы ұстанымдардың арасында басқа да түрткіжайттар бар. Олар:

- Қазақ тілі бойынша білімі – 35,8%
- Байланыстар, беделді достар мен таныстар – 32,9%
- Шет тілдерін білу, шетелдерден білім алу– 26,8%
- Жақсы тәрбие, мәдениетті адам болу, үлкендерді сыйлау және т.б.– 25,3%
- Абыройлы, танымал отандық оқу орнының дипломы– 20,7%.

Зерттелген сұрақ бойынша нақты мәліметтер 1-кестеде келтірілген.

Сұрауға алынған жастардың көбісі үшін, яғни студенттердің 32,9%-ы әлеуметтік-кәсібилік құндылықтар мен кәсіби қызмет ету құндылықтарының бастысы болып «байланыстар, беделді достар мен таныстар» деген ұстанымды ұстанулары қызықты жайт. Біз күткендей, мына ұстанымдар *«Жақсы тәрбие, мәдениет және үлкендерге сый көрсету»*- 25,3%-ы; *«өз елінің патриоты болу»* - 16,3%-ды және *«Қазақстанның азаматы болу»* - 13,1% нәтижелерін көрсете отырып, қазақстандық студенттер қалыптасу процесі мен өзінің азаматтық бірегейлігі (идентификациясы) дамуының дұрыстығын дәлелдейді.

1-кесте.

«Сіздің ойыңызша, қазақстандық қоғамда материалдық жетістікке, табысты мансапқа және т.б. жетістіктерге жетуде төменде келтірілгендердің қайсысы ең бастысы болып табылады?» деген сұрақ-жауабының нәтижелі (респонденттердің жалпы санынан %-дық үлес бойынша)

| № | Жауап нұсқалары | % |
|-----|---|-------|
| 1. | Жоғары біліктілік, жұмыс тәжірибесі және жоғары кәсіби білім | 41,5% |
| 2. | Қазақ тілінен білімі | 35,8% |
| 3. | Байланыстар, беделді достары мен таныстары | 32,9% |
| 4. | Шет тілдерін білу, шетелдерден білім алу | 26,8% |
| 5. | Жақсы тәрбие, мәдениетті адам болу, үлкендерді сыйлау және т.б. | 25,3% |
| 6. | Абыройлы, танымал отандық оқу орнының дипломы | 20,7% |
| 7. | Өз елінің патриоты болу | 16,3% |
| 8. | Беделді ата-ана, туыскандар | 13,2% |
| 9. | Қазақстанның азаматы болу | 13,1% |
| 10. | Біраз ақшасы мен бастапқы капиталының болуы | 11,6% |
| 11. | Денсаулығының мықты болуы, салауатты өмір салтын ұстану | 9,0% |
| 12. | Жоғары мемлекеттік шенеуніктер тарапынан қолдау | 8,2% |
| 13. | Орыс тілінен білімі | 7,5% |
| 14. | Заңды бұзуға қорықпаушылық | 3,4% |
| 15. | Беделді тектің өкілі болу | 1,4% |
| 16. | Басқа | 1,8% |

Алынған нәтижелерді зерттеудің мазмұны жағынан жақын келетіндерін салыстыра отырып, жеткілікті айқын үрдіс ретінде анықтауға болады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтік зерттеу және әлеуметтік инжиниринг Орталығымен «Студент жастардың рухани адамгершіліктік тәрбиесі мен құндылықтық бағыттары» мәселесі бойынша жүргізілген әлеуметтік зерттеу шеңберінде «Патриот» мәнін респонденттермен анықтауда жастардың 47,8%-ы «патриот» сөзінің мәнін *махаббатпен*, 13,4%-ы *сыйластықпен*, 7,8%-ы *адалдықпен*, респонденттердің 15,2%-ы *парызды орындау, Отанды қорғау, мақтаныш пен*

ортақтастық, мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілік ретінде анықтаған.

Қазақстандық студенттердің құндылықтық бағыттарында олардың гендерлік қалыптасулары мен стереотиптеріне байланысты айырмашылықтар жиі кездесіп жатады. Зерттеу барысында «жыныс» ерекшеліктерін пайдалана отырып, бұл сұраққа баға беру жүргізілді. Дегенмен студент қыздар мен ұлдардың арасында бұл сұрақты қабылдауларына қатысты айқын анықталған корреляция болған жоқ.

Тек үш ұстаным бойынша ғана кездесетін айырмашылықты (ауытқу өрісі 5%-дан сәл ғана көп) көрсететін салыстырмалы мәліметтер 2-кестеде келтірілген.

1. *Жоғары біліктілік, жұмыс тәжірибесі және жоғары кәсіби білім.* Үлкен айырмашылық байқалған жауап нұсқасы. Бұл нұсқаны тандаған қыздардың саны 9%-ға көп.

2. *Шет тілдерін білу, шетелдерден білім алу* табыстың басты шарты деп әйел адамдардың 30%-ы, ал ерлердің 21%-ы санайды екен.

3. *Қазақстанның азаматы болу.* Мұндай ой-пікірді қыздарға (11%) карағанда ұлдар (17%) көбірек өмірлік табыстың басты жағдайы деп таныған.

4. Респонденттерге жоғары білімнің қазіргі әлемдегі мәні туралы жеке сұрақ қойылған болатын. Бұл сұрақтың мақсаты студенттердің алып отырған білімдеріне, яғни саналы, интенционалдылықтан ресми механикалыққа дейінгі (қалыптасқан дәстүрге құрмет немесе ата-аналарының талаптары ретінде және т.б.) диапозондағы қарым-қатынастарын анықтау болды.

«Сіздің ойыңызша, қазақстандық қоғамда материалдық жетістікке, табысты мансапқа және т.б. жетістіктерге жетуде төменде келтірілгендердің қайсысы ең бастысы болып табылады?» деген сұрақ-жауабының нәтижесі (сұрауға алынған ұлдар мен қыздардың жалпы санынан %-дық үлес бойынша).


| № | Жауап нұсқалары | Ерлер % | Әйелдер % |
|-----|---|---------|-----------|
| 1. | Қазақ тілінен білімі | 36,8% | 35,1% |
| 2. | Байланыстар, беделді достары мен таныстары | 32,1% | 33,6% |
| 3. | Қазақстанның азаматы болу | 17,1% | 11,1% |
| 4. | Орыс тілінен білімі | 7,8% | 7,2% |
| 5. | Жақсы тәрбие, мәдениетті адам болу, үлкендерді сыйлау және т.б. | 26,7% | 24,3% |
| 6. | Беделді ата-ана, туыскандар | 15,7% | 11,7% |
| 7. | Заңды бұзуға қорықпаушылық | 4,6% | 2,8% |
| 8. | Өз елінің патриоты болу | 17,8% | 15,2% |
| 9. | Жоғары мемлекеттік шенеуніктер тарапынан қолдау | 10,7% | 6,7% |
| 10. | Абыройлы, танымал отандық оқу орнының дипломы | 18,6% | 22,3% |
| 11. | Жоғары біліктілік, жұмыс тәжірибесі және жоғары кәсіби білім | 36,1% | 45,9% |
| 12. | Денсаулығының мықты болуы, салауатты өмір салтын ұстану | 9,6% | 8,7% |
| 13. | Шет тілдерін білу, шетелдерден білім алу | 21,4% | 30,8% |
| 14. | Біраз ақшасы мен бастапқы капиталының болуы | 11,4% | 12,1% |
| 15. | Беделді тектің өкілі болу | 1,1% | 1,7% |
| 16. | Жауап беруге қиналамын | 1,8% | 3,0% |

**«Сізге жоғары білімнің болуы қаншалықты қажет?»
деген сұрақ-жауабының нәтижесі
(респонденттердің жалпы санынан %-дық үлес бойынша)**

| № | Жауап нұсқалары | % |
|----|--|-------|
| 1. | Өте қажет | 74,6% |
| 2. | Қажет | 18,9% |
| 3. | Не қажет, не қажет емес деп айта аламайтын | 4,1% |
| 4. | Қажет емес | 0,6% |
| 5. | Тіпті қажет емес | 0,4% |
| 6. | Жауап беруге қиналғандар | 1,3% |
| 7. | Қорытынды | 100% |

Алынған нәтиже қазақстандық ЖОО студенттерінің көпшілігі, яғни 76,6%-ы үшін жоғары білімнің бар болуы өте қажетті және 18,9%-ы үшін қажетті болып табылатындығын көрсетті. Жалпы оң қосынды нәтиже 93,5%-ды құрады.

1-сурет. «Сіз үшін жоғары білімнің болуы қаншалықты маңызды?» диаграммасы



Салыстыру үшін Қазақстан әлеуметтанушылар Қауымдас-тығының 2009 жылы Алматы қаласында жүргізген әлеуметтік зерттеу нәтижелерін (іріктеу көлемі - 1000 респондент) келтіруге болады. Бұл зерттеу бойынша алматылық студенттердің 84,1%-ы жоғары білімді қажет десе, 57,7%-ынан көбі аса қажетті деп санаған¹⁶.

Басқаша айтқанда, қазіргі қазақстандық қоғамдағы еңбекті функционалды таратылым деп, орта білім төмендеуге алып келетін үрдіс деп түсінетін, жоғары және арнайы кәсіби білім берудің басымдылығын көрсетеді. Мұны қазақстандық студенттердің түсінуі қоғам үшін өте маңызды.

Мамандық таңдау және жоғары оқу орындарында оқудың мақсаты. Болашақ мамандығын таңдау – адамның кәсіби өміріндегі ең басты кезеңдердің бірі. Сөзсіз, оқушылардың кәсіби бағыттарының ерекшеліктері – жеке талдауды қажет ететін мәселе. Дегенмен жоғары білімді алудың жалпы мақсаттары мен болашақ мамандықты таңдаудың басты критерийін анықтау қазіргі білім беруді дамытудың басым бағыттарын сипаттауға мүмкіндік береді.

4-кестеде «Сіздің ЖОО-да оқуыңыздағы мақсатыңыз не?» деген сұраққа берілген жауаптарды саралау нәтижелері келтірілген.

Көптеген қазақстандық студенттер үшін (66,2%) жоғары оқу орнында оқудың басты мақсаты – білім мен кәсіби дағдыларды меңгеріп алу (4.4-кесте).

Алынған нәтижелер мен қорытындылардың өмірлік табыспен жоғары білім алудың жалпы мәніне ықпал ететін факторлар туралы сұрақтар бойынша жоғарыда келтірілген мәліметтерді растайтындығын айта кеткен жөн.

Ғылым мен білім берудің жоғары оқу орны секторындағы кәсіби бағыттылығы және мамандықты таңдау. Сұрақ алынған студенттердің 48,9%-ы мамандықты таңдауға әсер

¹⁶ Методические рекомендации: Изучение актуальных проблем студенческой молодежи и пути их решения (по результатам социологического исследования) / Абдирайымова Г.С., Кучинская Ю.В., Шаукенова З.К. – Алматы, 2009. - 62с.

ететін түрткіжайттардың ішінен ең маңыздысы деп жоғары табысты тандаған.


Сондай-ақ, болашақ кәсіби іс-әрекет саласының беделі – 28,3% және әлеуметтік мәртебе – 24,6% басты критерий болып табылады (4-сурет пен 5-кестені қараңыз).

4-кесте

ЖОО-да оқудың басты мақсаттарын саралау (респонденттердің жалпы санынан %-дық үлес бойынша).

| № | Жауап нұсқалары | % |
|----|---|-------|
| 1. | Білім және кәсіби дағдыларды алу | 66,2% |
| 2. | Әлеуметтік мобильділік үшін үлкен мүмкіндіктерді тудыратын беделді диплом алу | 24,3% |
| 3. | Жоғары білім туралы құжат алу | 6,7% |
| 4. | Жауап беруге қиналғандар | 1,3% |
| 5. | Басқа да | 1,3% |
| 6. | Қорытынды | 100% |

2-сурет. «Мамандықты таңдауға әсер етін факторларды саралау» диаграммасы



**Мамандықты таңдауға әсер етін түрткіжайттарды саралау
(респонденттердің жалпы санынан %-дық үлес бойынша)**

| № | Жауап нұсқалары | % |
|-----|---|-------|
| 1. | Жоғары табыс | 48,9% |
| 2. | Бедел | 28,3% |
| 3. | Әлеуметтік мәртебе | 24,6% |
| 4. | Тиімді байланыстарды орнату | 14,4% |
| 5. | Билік | 8,7% |
| 6. | Қолжетімділік (төменгі төлем, грант орындарының болуы) | 20,7% |
| 7. | ЖОО-ның, факультеттің беделі | 23,7% |
| 8. | Ата-анасының, туыскандарының, достарының кеңесі | 23,8% |
| 9. | Туыскандарының, достарының, таныстарының көрсеткен үлгілері | 6,3% |
| 10. | Кездейсоқтық | 9,2% |
| 11. | Басқа да | 1,2% |
| 12. | Жауап беруге киналғандар | 2,6% |

Мамандықты таңдауда сұрақ алынған студенттердің ¼-іне келесідегідей түрткіжайттар әсер еткен:

- ✓ ЖОО-ның, факультеттің беделі– 23,7%
- ✓ ата-анасының, туыскандарының, достарының кеңесі – 23,8%
- ✓ қолжетімділік (төменгі төлем, грант орындарының болуы) – 20,7%

Сондай-ақ, беделділік, жоғары оқу орындарының рейтингі сияқты көрсеткіштер болашақ мамандардың кәсіби бағыттарын таңдаудағы ең маңызды түрткіжайттар болып қала бермек.

Зерттелген мәселеге толықтай баға беру болашақ мамандықты таңдау мен мамандықтың немесе ғылыми бағыттың өзінің ерекшеліктері түрткіжайттары арасындағы корреляциялық тәуелділікті анықтаумен тікелей байланысты. Эмпирикалық материалдарды өңдеу нәтижесінде алынған жалпы мәліметтерді қорыта келе, мамандық пен ЖОО-ны таңдауға ықпал ететін түрткіжайттар мамандықтардың негізгі топтарына байланысты ерекшеленетіні анықталды.

Гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдары және техникалық білім берудің дәстүрлі айырмашылықтары беделді мамандық және соның негізінде қол жеткізілетін әлеуметтік мәртебеге баға беру барысында нақты көрініс тапты.

6-кесте

Мамандықтардың негізгі түрлері бойынша мамандықты таңдауға ықпал ететін түрткіжайттарды саралау (дайындық бағыттары бойынша респонденттердің санынан %-дық үлес бойынша)

| № | Жауап нұсқалары | Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар | Жаратылыстану ғылымдары | Заң мамандықтары мен халықаралық қатынастар | Экономикалық мамандықтар | Техникалық және инженерлік мамандықтар | Денсаулық сақтау | Ақпараттық жүйелер және есептеуіш техника |
|-----|---|----------------------------------|-------------------------|---|--------------------------|--|------------------|---|
| 1. | Жоғары табыс | 42,1% | 43,4% | 58,3% | 50,4% | 66,7% | 58,1% | 53,8% |
| 2. | Бедел | 28,9% | 23,6% | 50,0% | 30,6% | 33,3% | 45,2% | 20,6% |
| 3. | Әлеуметтік мәртебе | 29,8% | 15,9% | 16,6% | 26,3% | 19,0% | 46,2% | 18,6% |
| 4. | Тиімді байланыстарды орнату | 15,8% | 13,5% | 25,0% | 13,8% | 4,7% | 21,5% | 11,0% |
| 5. | Билік | 7,9% | 2,4% | 33,3% | 13,8% | 23,8% | 13,9% | 6,9% |
| 6. | Қолжетімділік (төменгі төлем, грант орындарының болуы) | 22,8% | 30,4% | 0% | 20,4% | 9,5% | 11,8% | 13,8% |
| 7. | ЖОО-ның, факультеттің абыройы | 22,8% | 34,7% | 33,3% | 15,3% | 9,5% | 21,5% | 17,2% |
| 8. | Ата-анасының, туыскандарының, достарының кеңесі | 21,9% | 14,9% | 25,0% | 26,3% | 19,0% | 20,4% | 37,9% |
| 9. | Туыскандарының, достарының, таныстарының көрсеткен үлгілері | 3,5% | 5,3% | 16,6% | 7,3% | 4,7% | 7,5% | 7,6% |
| 10. | Кездейсоқтық | 14,0% | 14,9% | 0% | 6,6% | 0% | 3,2% | 4,8% |

Мамандықты таңдауды сипаттайтын негізгі ерекшеліктер ретінде төмендегілерді көрсетуге болады:

- Жоғары табыс, жалпы ЖОО-ны таңдауда ықпал ететін басты критерий. Дегенмен бұл жерде кейбір ерекшеліктер бар. Бұл критерийді болашақ инженер мамандықтарын таңдағандарға қарағанда «гуманитарлар» арасынан 24%-ға азайтылған. Сонымен, жоғары табыс заң мамандықтары бойынша – 58,3%, денсаулық сақтау – 58,1%, әсіресе, инженер және техникалық мамандықтар – 66,7% бойынша оқитын студенттер үшін басты басымдылық болып табылады.

- Ең беделді болашақ кәсіби іс-әрекет саласы деп заң және халықаралық қатынастар мамандықтарының 50% студенттері, сондай-ақ 33%-ы «Билік» ұстанымына қатысы бар деп санайды.

- «Әлеуметтік мәртебе» ұстанымы бойынша көп жиілік нәтиже денсаулық сақтау қызметкерлеріне тән, яғни 46,2%.

- Оқудың төменгі ақысы, грант орындарының бар болу критерийі мамандықты таңдауда жаратылыстану ғылымдары мамандықтарында оқып жатқан студенттердің 30,4%-да орын алған.

- Сондай-ақ, «Ақпараттық технологиялар және есептеуіш техника» мамандық студенттерінің 37,9%-ы өз мамандықтарын таңдауда ата-анасының, таныстарының, достарының кеңестері сияқты сыртқы түрткіжайттардың әсер еткенін айтқан.

Қазіргі экономиканы ғылыми әдебиетте «білім экономикасы» деп атау қалыптасқан. Сондай-ақ, білім беру әлеуметтануы саласындағы мамандар үнемі орын алып отыратын үрдіс ретінде білім беру бағдарламаларының өндірістен, ғылыми және техникалық инновациядан аздап қалып қойып отыруын көрсеткен.

Бұл жағдайда жақындастыру тек білім беру бағдарламаларының айтарлықтай интенсификациясы арқылы мүмкін болатын білім беру және өндірістік секторды жақындатуға тырысу орын алады. Басқаша айтқанда, «бүкіл өмірге білім» үлгісі орнына «бүкіл өмір арқылы білім» деп шартты түрде аталатын білім беру парадигмасы келді.

Еңбек әлеуметтануы мәселесіне қатысты экономикалық дамудың бұл құрылымы қаншалықты тұтастай экономикада, және оның жеке салаларында үнемі жаңарып отыру, біліктілікті көтеру, тіпті кейде мамандарды қайта дайындауды қажет ететіндіктен өте қажетті болып табылады. Сонымен қатар бұл процестермен еңбек нарығындағы еңбек мобильділігінің, мамандарға сұраныс пен бәсекеге лайықтылықтың кейбір мәселелері де байланысты.

Алынған мәліметтерді түйіндей келе, қазақстандық жастардың арасында болашақ кәсіби табыс пен мансаптық өсудегі жетістіктер үшін кәсіби білімнің саналы қажеттілігіне негізделген жоғары білім алудың қажеттілік түсінігінің жоғары деңгейде екендігін айтуға болады.

Кәсіби бағыттылық мәселелеріне қатысты тек қазақстандықтардың ғана емес, сонымен қатар еуропалықтардың да мәселесі болып табылатын жоғары білім берудегі мамандықтар бойынша студенттік контингенттердің құрылымдарын реттеу қажеттілігі орын алып отыр. Сондай-ақ, білім беруді дамыту саласындағы кері жалпы әлемдік үрдістердің бірі болып соңында еңбек нарығында кейбір мамандықтардың жетіспеушілігіне, керісінше кейбір мамандықтардың тым көп болуына алып келетін мамандықтарды теңдей үйлестірмеу болып табылады. Мысалы, әлемдік деңгейде инженер мамандардың жетіспеушілік мәселесіне арналған «Инженерлік ғылымдар бойынша ЮНЕСКО-ның Бірінші Бүкіләлемдік баяндамасы: инженердің жетіспеушілігі – даму қаупі» деп аталатыны белгілі¹⁷.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

- 1. Жастардың өз тағдырларын өздері шешу үдерісінде білімнің бүгінгі рөлі қандай?*
- 2. Қазіргі жастардың кәсіби бағдарларының ерекшеліктері қандай?*
- 3. Жастардың мамандық таңдауы қандай әлеуметтік құндылықтарды іске асырумен байланысты болады?*
- 4. Қазақстандағы білім жүйесін реформалау үдерісінің қазіргі жай-күйі.*

¹⁷ <http://www.unesco.org/new/ru/>

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. «Білім жүйесіне болжам жасауға және оны үлгілеуге бола ма?» деген сұраққа жауап беріңіз.

2. Сіз Г.А. Чередниченконың мына пікірімен келісесіз бе: *«Қазіргі заманғы қоғамдық үдерістер, болып жатқан ірі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, соның ішінде еңбек рыногын өрістету, жастардың мамандық таңдаулары мен жұмысқа орналасу жағдайларына үлкен өзгерістер енгізіп, жасөспірім жігіттер мен бойжеткен қыздардың санасында жаңа үміттер мен алаңдаушылықтар туындату арқылы әсер етті»*. Жауабыңызды негіздеңіз.

3. «Жеке-даралыққа бағытталған педагогика» пікірін Сіз қалай түсінесіз?

4. БАҚ «патриотизм» («отаншылық»), «азаматтық», «Отанды сүю» сияқты категорияларға жастардың қатынасын көрсетуде қандай рөл атқарады?

5.3 Мемлекеттің жастар жөніндегі саясаты: негізгі бағыттар мен үрдістер

Қазақстандағы жаңа әлеуметтік-саяси, мәдени және ақпараттық жағдайда жас ұрпақтың әлеуметтік мінездемелерінде серпінді және терең өзгерістер жүріп жатыр. Бұл орайда, аймақтық, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтар, жастардың түрлі жіктері мен топтарындағы жыныс-жас ерекшеліктері анықталды. Осыған байланысты жастардың әлеуметтік мүдделерін, жаңа уәждері мен мақсаттарын тану және қалыптастыру Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.

Қоғамның мемлекеттің алдында ойластырылған, ғылыми негізделген жастар саясаты арқылы жастардың күш-жігерін пайдалану үшін қолайлы алғышарттар жасау (жастарға, олардың бастамаларына қолдау көрсету тетіктерін құру) және жастарға өздерінің әлеуметтік мүдделерін, қажеттіліктерін, өмірлік перспективаларын белгілеуі мен іске асыруларына көмектесу міндеті тұр. Біздің ойымызша, жастар саясатын қалыптастыру мен олардың әлеуметтік даму жөніндегі жаңа философиясы қоғамдық даму мақсаттарына сүйенуі және қалыптасып келе жатқан әлеуметтік ортаның жаңа үлгісімен белгіленуі тиіс.

Біздің ойымызша, *мемлекеттің жастар жөніндегі саясаты* дегеніміз – жас ұрпақтың әлеуметтік-құқықтық қорғалуын (кепілдіктерін) қамтамасыз ету, олардың еркін әлеуметтік дамуына, шығармашылық бастамаларды түпкі мүдделерге, бейімділіктеріне,

күш-қуаттарына сәйкес іске асыруларына және реформа жасалып жатқан қоғамның мүдделерін, ілгерілеуін ескеру мақсатымен жастар саясатының тұжырымдамалық бағыттарын әзірлеу және олардың әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру шараларының тұтас жүйесімен қамсыздандыру жөніндегі мемлекет қызметі болса керек.

Жастарға қатысты мемлекеттің айрықша саясатын әзірлеу қажеттілігін халықаралық тәжірибе де растайды. Бұған Германия, Франция, Швеция, АҚШ, Италия, Испания сияқты шетелдерде жастар саясатын жүзеге асыру практикасы айқын дәлел болады (саясатты конституцияларда бекіту). 90-шы жылдардың бас кезіне қарай, БҰҰ-ның деректері бойынша, жастардың дамуы мен әлеуметтік қорғалуы мәселелері жөнінде арнайы заңнамалық актілер қабылдаған әлемдегі елдердің саны 130-дан асса, 90-ға жуық елдің мемлекеттік жастар саясатын тікелей әзірлейтін және үйлестіретін жоғары мемлекеттік деңгейдегі органдары мен құрылымдары бар.

Жүйелі тәсілдің жалпы сипаттамаларына сүйене отырып, жастар саясаты мен оның ерекшеліктерін зерттеу кезінде басшылыққа алу қажет бірқатар қағидаттарды бөліп атауға болады.

1. Жастар саясаты дегеніміз – күрделі динамикалық жүйе, мұнда қосалқы жүйенің әрбір құрауышының жұмыс істеуі басты мақсатқа бағынуы тиіс, ол жеке адамның еркін дамуы, бойындағы бейімділіктері мен қабілеттерін ашу, сондай-ақ жас ұрпақты қоғамдық маңызы бар әлеуметтік рөлдерді орындауға дайындау үшін жағдайлар жасау.

2. Мемлекеттің жастар жөніндегі саясаты жастар саясатының негізі болып табылады.

3. Мемлекеттің жастар жөніндегі саясаты көптеген елдердің қызметіндегі басым бағыттардың біріне жатады да, ол мына мақсаттарда жүзеге асырылады:

- жастардың әлеуметтік қалыптасуы мен дамуы бүкіл қоғамның мүдделерінде олардың әлеуметтік әлеуетін ашу үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдық жағдайлар жасау;
- жастардың рухани, әлеуметтік, дене тәрбиесі мен мәдени дамуына жәрдемдесу;
- жастарды тәрбиелеу және білім беру;
- жас азаматтарға көмек және әлеуметтік қызметтер көрсету.

4. Жастардың әлеуметтік даму стратегиясы мен саясаты мүлде жаңа тәсілдердің, атап айтқанда, жас ұрпақтың өзіндік қызмет, әлеуметтік шығармашылық, іскерлік, инновациялық жобаларды, бағдарламаларды мемлекеттік және қоғамдық институттардың белсенді қолдау көрсетуімен жүзеге асыру үдерісінде өздерін таныту негізіне құрылуы тиіс.

5. Мемлекеттің жастар жөніндегі саясатының аса маңызды міндеті – жас ұрпақты қазақстандық қоғамның жаңа экономикалық және әлеуметтік-саяси болмыстарына бейімдеу, еліміздің тарихи перспективасын көрсету болып табылады.

6. ҚР жастар жөніндегі мемлекеттік саясатының негізгі қағидаттары:

- ҚР тарихи және мәдени құндылықтарының басымдық, тән және рухани денсаулықты сақтау мен нығайту, отаншылдық пен азаматтықты қалыптастыру қағидаты;

- адам мен азаматтың теңдігі және олардың құқықтары мен еркіндіктерін мемлекеттік қорғау, лайықты өмір сүру мен еркін даму үшін жағдайлар жасау қағидаты;

- ҚР жастар жөніндегі мемлекеттік саясатын іске асыру кезінде мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің заңдылық қағидаты.

7. Мемлекеттің жастар жөніндегі саясатын жүзеге асырудың негізгі бағыттары болып табылатындар: жастар құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету; жастарды еңбекпен және жұмыспен қамту саласында кепілдіктер жасау; жастардың кәсіпкерлік қызметіне жәрдемдесу; әлеуметтік қызметтерді кепілдікті көрсету; дарынды жастарды қолдау; жастардың бірлестіктерінің қызметіне қолдау көрсету және халықаралық алмасуларға жәрдемдесу.

Еуропалық мемлекеттік жастар саясатының стратегиялары

Ю.С. Леонов жастар саясатын іске асыру жөніндегі еуропалық мемлекеттердің қызметін қарау арқылы төрт елдің – Германияның, Францияның, Ұлыбританияның, Швецияның жетістіктерін, сондай-ақ Еуропалық Одақ пен Еуропа Кеңесі ойдағыдай тиімді жүзеге асыратын халықаралық жастар бағдарламаларын бөліп атайды (*Леонов Ю.С., 2007*).

Германия. Германиядағы жастар (22 млн. адам, олар бүкіл халықтың 25%-ын құрайды) «тікелей жастар» (14-18 жас) және «жас ересектер» (18-27 жас) тобына бөлінеді, өйткені осы жас топтарының басымдықтары әртүрлі.

Германияда жалпыұлттық, аймақтық (өңірлік) және жергілікті деңгейлердегі жастар саясатының құрылымданған жүйесі бар. Осы елде жастар саясаты Конституцияның және «Жастар мен балаларға көрсетілетін көмек туралы» (отбасыларға балаларды тәрбиелеуге көмек көрсету, кеңес беру, қамқорлық жасау, әлеуметтік педагогика, ювеналды соттар, жастармен жұмыс ұйымдастыру), «Жастарды қорғау туралы» федералды заңдардың, сондай-ақ жастар мен балалар жөніндегі саясаттың жыл сайынғы федералды жоспарының негізінде жүзеге асырылады (жастарды әлеуметтендіру жөніндегі нақты іс-шаралар – әлеуметтік қамсыздандыру, кедейлік және жұмыссыздықпен күресу, имандылық тәрбие беру, шетелдіктерді неміс қоғамына интеграциялау, «шығыстық жерлердегі» жастарға көмек көрсету). Германияда жастар саясатын әзірлеуде федералды деңгейде отбасы, қарттар, әйелдер мен жастар істері жөніндегі Министрлік жауап береді, Министрлікте жастар саясаты бойынша жыл сайынғы федералды жоспар жасаумен айналысатын Бөлім бар (жоспарды әзірлеуге сондай-ақ Білім және ғылым жөніндегі федералды министрлік пен Экономика және жұмыспен қамту жөніндегі федералды министрлік қатысады). Тиісті министрліктер жергілікті деңгейі де федералды жоспарға бағдарлана отырып, аймақтардың қажеттіліктерін ескеру арқылы жастар саясатының жер туралы жоспарларын әзірлейді, жастар саясатының орындалуымен жер бойынша жастар ведомстволары айналысады. Федералды және жергілікті жоспарлары да белгіленген міндеттер мен бағдарламалар коммуналдық деңгейде тікелей іске асырылады. Германияда жастар бағдарламаларын іске асыруға жұмсалатын 60%-ға дейінгі шығындар коммуналдық деңгейдің (коммуналдық бюджеттің 10%-на жуық), ал 35%-ы жер деңгейінің үлесіне тиеді. Бұл жергілікті және аймақтық әлеуметтік-экономикалық болмыстар мен қажеттіліктерді ескеру арқылы жастарға анағұрлым атаулы көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Германиядағы ҰЕҰ, ең бірінші кезекте – жастар ұйымдары (партиялық, азаматтық ұйымдар және мүдделер бойынша бірлестіктер), егер олардың жұмысы жастар саясатының міндеттеріне сай болса, «қоғамдық орындаушы» мәртебесін алады және нақты іс-шараларды іске асыруға қатысады. Жастар саясатын жүзеге асыруға қатысатын ұйымдар өз мүшелерінің мүдделерін (негізінен жастар топтарының өкілдері) биліктің барлық деңгейлерінде лоббилендірумен (қолдаумен) айналысады, яғни мүдделердің өкілдіктері «төменнен жоғары қарай» жүреді.

Франция. Францияда жастар саясатын әзірлеумен Жастар, спорт және қоғамдық ұйымдар істері жөніндегі министрлік айналысады (Ұлттық білім министрлігінің, Жұмыспен қамту және ынтымақтастық жөніндегі министрліктің, Мәдениет және коммуникациялар министрлігінің қатысуымен). Министрлікте жастар саясатын жергілікті жерлерде іске асыруға жауапты аймақтық және департаменттік басқармалар бар.

Францияда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 22,7%-ды құрайды, бұл көрсеткіш басқа жас топтары бойынша осындай көрсеткіштен 2 есе жоғары. «Мүмкіндіктердің теңдігі туралы» Заң барлық меншік түрлеріндегі компанияларды жыл сайын 25-тен жасы кішілерді қызметкерлер штатының санына сәйкес жұмысқа қабылдауды егер тіпті олардың мамандық бойынша жұмыс тәжірибесі болмаса да міндеттейді. «Бірінші жалдау шартының» талаптарына сәйкес 26 жасқа дейінгі қызметкерді алдын ала хабарлаусыз жұмыстан босатуға болады, себептерді түсіндіру мен сотқа шағыну құқықтары екі жылдық сынақ мерзімінде сақталады; жұмыстан шығарылған жас адамға келісім-шарттардың басқа түрлерінде көзделген материалдық жәрдемақы берілмейді. Жаңа заң жастарды жұмыс іздестіруге және жұмыстан босаған жағдайда шамадан тыс ресмиліктерден қорықпастан жұмыс берушілерге жастарды жұмысқа жалдауға ынталандыруы тиіс еді. Бірақ жұмыс берушілерге 2 жыл жұмысын өтеп үлгермеген жас мамандарды босатып, ЖОО жаңа бітірген жастарды мезгіл-мезгіл қабылдап отыру тиімді еді. Жұмыстан айырылу, жұмысқа тұрғаннан гөрі оңай болды. 2006 жылы 10-шы сәуірде Президент Жак Ширак «бірінші жалдау шартының» күшін жою туралы шешім қабылдады. Жаңа заң

жобасы төмен білікті жастармен мерзімсіз еңбек шартын жасасатын жұмыс берушілерге мемлекеттік қолдау көрсетуді көздеді (немесе қала маңындағы аймақтарда тұратын, не ЖОО-ға түспеген орта мектепті бітірген жастарды).

Францияда Жастар және спорт істері жөніндегі министрліктің жанына өз еріктерімен тіркелген қоғамдық ұйымдар ықтимал (әлеуетті) әріптестер ретінде қаралады және оларға нақты жобаларды іске асыру үшін материалдық көмек сұрау құқығы беріледі. Саяси, азаматтық, кәсіподақтық жастар құрылымдарының өкілдерін біріктіретін жастардың Ұлттық кеңесі (жастар және спорт істерінің министрі басқарады) жастардың өзекті мәселелері бойынша бастамалар көтеруге өкілетті. Жастар Кеңестері департаменттер деңгейінде де, сондай-ақ көптеген муниципалитеттерде де жұмыс істейді.

Францияда бірқатар министрлік жобалар мәдениет саласында іске асырылады:

- жастар кинематографына қолдау көрсету – көркемдік талғамды дамытатын сапалы фильмдер жасау мен таратуды көтермелеу, жастар киносы мен мультипликацияларының фестивалін ұйымдастыру, нақты жобаларды іске асыруға субвенциялар бөлу;

- кітап оқуды толыққанды мәдениетті жеке адамды қалыптастыратын талап ретінде көтермелейтін жастар бағдарламасы. Осы мақсатпен демалыс және әлеуметтік орталықтардың жанынан, демалыс лагерьлерінде шағын кітапханалар ашылады, жастарға арналған ең озық шығармалар үшін ұлттық сыйлық белгіленген;

- жастарды, әсіресе кедей отбасында тұратындарды спортпен айналысу мүмкіндігімен қамтамасыз ету – секциялардағы жаттығулар үшін төлем жасауға «спорт купондарын» беру, спорт инфрақұрылымына қолдау көрсету үшін спортты дамытуға арналған Ұлттық қордың қаражаттарын аймақтық деңгейде бөлу;

- жастарға арналған мамандандырылған ақпараттық орталықтар құру, осы орталықтарда ақпараттық және консультациялық қызметтер көрсетіледі.

Ұлыбритания және Швеция. Ұлыбритания мен Швецияда – мемлекет жастар саясатының жалпы бағытын, мақсаттары мен

басымдықтарын тұжырымдайды, бірақ жастар саясатын іске асырудағы басты рөлді жергілікті өзін-өзі басқару және қоғамдық ұйымдар атқарады.

Осы елдерде жастар саясатын ұйымдастыру мен орындаудың негізгі аспектілері ретінде төмендегілерді атауға болады:

1) Жастар және жастардың саясаты істері жөнінде арнайы министрліктердің болмауы (Швецияда да және Ұлыбританияда да). Бірыңғай ұлттық бағдарламалар мен жоспарлар әзірленбейді, жастар саясатын барлық жастарға лайықты өмір сүруге тең мүмкіндіктер беруді қамтамасыз ететін шаралар кешені ретінде өздерінің құзыреттерінің аясында түрлі министрліктер, ведомстволар, қоғамдық ұйымдар іске асырады. Сонда да болса, Ұлыбританияда жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметті Білім министрлігінің Жастармен жұмыс істеу жөніндегі басқармасы мен Балалар және жастар істері жөніндегі министрлік Комитет, ал Швецияда – Мәдениет министрлігі үйлестіреді. Британдық парламенттік құрылымдарда жастар проблематикасы жөніндегі комиссиялар болмаса, ал Швецияда Мемлекеттік жастар кеңесі мен муниципалдық деңгейдегі жастар кеңестері жұмыс істейді.

Орталық үкімет жұмсалатын шығындардың жалпы сомасы мен оларды жергілікті билік органдарының арасында бөлуді белгілесе, жергілікті билік органдары жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, басым шығындар туралы шешім қабылдайды (Швецияда да сондай-ақ жергілікті ҰЕҰ үшін гранттар бөлу). ҰЕҰ-ның елеулі маңызы бар, Швецияда олар жастардың $\frac{3}{4}$ жуығын қамтиды.

Егер Ұлыбританияда жастардың саясаты жалпы саяси-экономикалық жағдаяттың ахуалына байланысты болса, ал Швецияда ол тұрақты.

2) Ойдағыдай әлеуметтенудің маңызды арнасы ретінде білім берудің сапасы мен қол жетімділігін арттыру, орта мектепті бітіргеннен кейін оқуларын жалғастыратын жастардың санын көбейту (біліктілікті арттыру, кәсіптік-техникалық даярлық, ЖОО-ларда оқу) қос елде де жастар саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. Қажетті мамандық бойынша ойдағыдай білім алған адамдар әлеуметтік тұрақтылықтың

кепіліне жатады. Осы проблема Ұлыбритания үшін өзектірек, мұнда жастардың тұрмыс, машық және білімділік деңгейлерінің өскеніне қарамастан, жастар арасындағы әлеуметтік-экономикалық проблемалар да жеткілікті: 21% балалар ешқайсысы жұмыс істемейтін отбасыларда тұрады, 16-18 жастағылардың 10%-на дейінгі жастар ешқайда оқымайды және жұмыс істемейді. 16-24 жастағы жастардың арасындағы жұмыссыздықтың деңгейі жоғары (бүкіл ел бойынша орта есеппен 12%, әрі бұл көрсеткіш этникалық азшылық өкілдерімен салыстырғанда 2-3 есе жоғары). Ұлыбританияда білім алуға және білімнің сапасын арттыруға қатысты уәждемелерді күшейтуге арналған шаралар қабылдануда – кәсіптік даярлық алуға арналған кредиттер жүйесі, күндізгі бөлімдерде оқитын және ата-аналарымен тұратын 16-19 жастағы жастарға қаржылай қолдау көрсету. Жалпы алғанда, жастарды білім алу үдерісіне тартуға байланысты қаржы шараларының жүйесі әзірше кемеліне жетпеген.

Швецияда орта және жоғары мектептерде оқу тегін, бірақ тұратын орын мен оқу құралдарына төлем жасауға арналған стипендия қайтаруға жататын кредит түрінде беріледі (оқуды бітіргеннен және жұмысқа тұрғаннан кейін жалақыдан 4% аудару).

3) Жастардың арасындағы жұмыссыздықты барынша азайту басқа бағыт болып табылады.

Ұлыбританияда жұмыссыздықпен күрес жүргізу «Жастарға арналған жаңа бағыт» бағдарламасының аясында іске асырылады – жеке адамның ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру арқылы қызметтің түрін таңдау бойынша ұсыныстар мен кеңестер беру.

Швецияда жұмысқа орналасу және кәсіптік қайта даярлау проблемасы жергілікті еңбек рыногы мен бизнестің кадрлық сұрныстарының ерекшеліктерін ескеру арқылы жергілікті деңгейде шешіледі.

Азаматтық тәрбиенің маңызы үлкен: өз құқықтарын қорғай білу ғана емес, сонымен бірге жалпы әлеуметтік-саяси белсенділікке тәрбиелеу (Ұлыбританияда 2002 жылдан бері азаматтарды тәрбиелеу курстары мектептегі білім беру бағдарламаларының құрамына енгізілді).

Жалпы алғанда, британдық жастар саясатына жас адамдарға мүмкіндік беру, оларға қолдау көрсету, бірақ жеке белсенділікке нұқсан келтіретін және масыл болуға итермелейтін шамадан тыс қамқоршылық пен қайырымдылықтан қалыс қалу үрдісі тән.

Жастар саясатының шведтік жүйесі барынша тиімді болатын билік деңгейінде проблемаларды шешуге бағытталған, бұл орайда мемлекеттің толық құқылы әріптестері болып табылатын қоғамдық ұйымдар осы саясатқа кеңінен тартылады.

Өз білімін тексеруге арналған сұрақтар:

- 1. «Жастар саясатына» анықтама беріңіз.*
- 2. Жүзеге асыру деңгейлері бойынша жастардың саясаты қалай жіктеледі?*
- 3. Мемлекеттік жастар саясатының рөлі қандай?*
- 4. Сіздіңше, мемлекеттік жастар саясатының инновациялық сипаты неден көрінеді?*
- 5. Жастар саясаты еуропалық елдерде қалай жүзеге асырылады? Ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?*

Жаттығулар мен тапсырмалар:

1. Жастар саясатын қалыптастыруда БҰҰ-ның рөлі қандай?
2. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1965 жылы қабылдаған халықтар арасындағы татулық (бейбітшілік), өзара құрметтеу мен өзара көмек көрсету мұраттарын жастарға тарату туралы Декларацияның қысқаша мазмұнын дәйектеніз.
3. Қазақстандағы жастар ұйымдары мен бірлестіктерінің қызметін сипаттаңыз.
4. Сіздіңше, Қазақстандағы жастар саясатының ерекшеліктері қандай?

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛ

*К. Манхейм*¹⁸

БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ДИАГНОЗЫ¹⁹

...Бүгінгі қоғамдағы жастар проблемасының екі аспектісі бар, оларды былайша тұжырымдауға болады: бізге жастар не бере алады және жастар бізден не күтеді.

Бұл орайда мен тек бірінші сұраққа ғана жауап беруге әрекеттеніп көремін: жастардың қоғамдағы маңызы қандай, жастар қоғам өміріне қандай үлес қоса алады?

...Қоғам аясында біз жастардың қажеттіліктерін абстрактылы тұжырымдай алмаймыз, біз мұны осы қоғамның мұқтаждары мен қажеттіліктерін ескеру арқылы жасауға тиіспіз...

Жастардың қоғамдағы әлеуметтік функциясы

Біз тап болатын бірінші проблеманың мән-жайы мынадай: жастардың қоғамдағы маңызы тұрақты ма? Сірә, олай болмаса керек. Егде адамдарға жастармен салыстырғанда үлкен құрмет көрсетілетін қоғамдар бар. Мәселен, Ежелгі Қытайда осылай болған. Ал басқа қоғамдарда, мәселен, АҚШ-та қырық жастан асқан адам жұмысқа алу үшін тым кәрі болып есептеледі де, сондықтан жастар ғана талап етіледі. Қоғамдар жастардың тек беделімен ғана емес, сонымен бірге жастар оқиғалардың барысына ықпал ететін топтарға немесе қозғалыстарға біріккен бе, соған қарай да өзгешеленді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Германияда стихиялық жастар қозғалысы пайда болды, осы қозғалысты елді басқаратын ресми топтар мен институттар қолдаған да, көтермелеген де жоқ. Англияда ол кезде

¹⁸ Манхейм (Мангейм) Карл (1893-1947) – неміс философы, мәдениет социологы. 1933 жылы Ұлыбританияға қоныс аударды. Жастар проблемаларын, тәрбиесін, білімін, ұрпақтар алмасуын және олардың дүниетанымдарын, мәдениет серпінін, бұқаралық қоғамның генезисін және рухани өмірін, «рухани құрылымдарды» пайымдаудың проблемасын, мәдениет философиясы тұрғысындағы таным теорияларын зерттеді.

¹⁹ Манхейм К. Біздің заманымыздың диагнозы. – М., 1994. – 441-456-бб.

жастардың мұндай ұйымдары жоқ еді, ал Францияда бұдан аз ауқымдағы ұйымдар болды. Ресейде, нацистік Германияда, фашистік Италияда және Жапонияда қазір милитаристік сипат алатын, мемлекет құрған жастардың монополистік ұйымдары бар. Англияда да, басқа бірде-бір демократиялық елдерде мұндай ұйымдар атымен жоқ. Проблема мынада, әрқашан жаңа ұрпақ пен жас бойынша жастар топтары болатынына қарамастан, оларды пайдалану мәселесі әр жолы осы қоғамның сипаты мен әлеуметтік құрылымына байланысты болады. Жастар – әрбір қоғамда бар жасырын ресурстардың біріне жатады, әрі оларды қаншалықты жұмылдыруға қарай қоғамның тіршілікке қабілеті көрінеді. Осы тезистің барынша растығына, әр елдің тіршілікке қабілеті оның жасырын ресурстарын жұмылдырумен анықталатын соғыс уақытының бүгінгі жағдайында көзіміз жетеді. Әрбір жұмыссызды пайдаланған, әйел еңбегін өнеркәсіпте қолданған және капиталдан пайда түсірген жағдайда жеңіске жету мүмкін болады. Қалыпты аталатын жағдайларда бұл резерв жасырын болып табылады да, ал кенеттен дағдарыс орнаған немесе негізгі позицияларды өзгерту қажет болған кезде, организмнің аман қалуы осы жасырын ресурстарды дұрыс және жылдам жұмылдыра білу қабілетіне байланысты болады.

Қандай қоғамдарда егде адамдардың ең жоғары беделге ие екенін, ал жастардың жанартушы күштерінің қозғалысқа біріктірілмегенін және небәрі жасырын ресурстар күйінде ғана қалатынын аңғару қиын емес. Меніңше, өзгерістердің баяу қарқындарында біртіндеп дамитын статикалық қоғамдар негізінен аға ұрпақтың тәжірибесіне сүйенсе керек. Олар жастардың жасырын мүмкіндіктерін іске асыруға қарсылық көрсетеді. Осындай қоғамдардағы білім дәстүрлерді табыстауға жұмылдырылады да, ал жаңғырту мен қайталау оқытып-үйретудің әдісі болып табылады. Мұндай қоғам жастардың өмірлік рухани резервтерін әдейі елемейді, өйткені қалыптасқан дәстүрлерді бұзуға олар құлықты емес.

Осындай статикалық, баяу өзгеретін қоғамдарға қарама-қарсы жаңа бастапқы мүмкіндіктерге ұмтылатын серпінді қоғамдар, өздерінде үстемдік құрған әлеуметтік немесе саяси философияға қарамастан, негізінен жастармен ынтымақтастық жүргізуге сүйенеді. Олар әлеуметтік дамудың қалыптасқан барысын бұзу

арқылы өздерінің өмірлік ресурстарын ұйымдастыра және пайдалана біледі. Бұл орайда реформалар мен революциялардың көмегімен өзгерістерге қол жеткізуге ұмтылатын қоғамдардың арасында ғана айырмашылық болады. Қос жағдайда да олар жастар болуы тиіс. Егде және орта жастағы буын болашақтағы өзгерістердің сипатын ғана болжауы мүмкін, осы ұрпақтың шығармашылық қиялын жаңа саясат жасау үшін пайдалануға болады, алайда тек жас ұрпақ қана жаңаша өмір сүреді. Жас ұрпақ аға буын тек теориялық тұрғыда ғана мойындаған (таныған) құндылықтарды іске асырады. Жастардың айрықша функциясы мынада, олар – жандандырушы аралық буын, алдыңғы қатарға шығатын өздігінше резерв, мұндай жандану тез өзгертін немесе мүлде жаңа жағдайларға бейімделу үшін қажет болады.

...Кертартпа (ескішіл) және реакциялық қозғалыстар да сондай-ақ жастарды ұйымдастыруы және еліктіруі мүмкін. Егер біз жастар әлеуметтік өмірдегі жандандырушы аралық буын деп есептесек, онда қоғамға ең басынан бастауға көмектесетін жұмылдырылатын және біріктірілетін элементтерді көрсеткеніміз мақсатқа сай болады.

Біздің пікірімізше, жастар басым дәрежеде ие авантюризм рухынан бөлек, осындай элементтердің бірі мына факт болып табылса керек, жастар әлі де әлеуметтік тәртіптің status quo-сына толық енгізілген емес. Жастардың қазіргі заманғы психологиясы мен социологиясы үйреткендей, бүгінгі жастардың ділін түсінудің кілтін тек дамудан ғана іздемеу керек. Сайып келгенде, осы параметр әмбебап және ол орынмен де, уақытпен де шектелмейді. Біздің көзқарасымыз бойынша жыныстық жетілуді айқындайтын шешуші фактор мына жайт болып табылса керек, осы жастағы жастар қоғамдық өмірге қадам басады және олар қазіргі замандағы қоғамда тұңғыш рет антагонистік (қарама-қайшы) бағалардың ретсіздігімен бетпе-бет кездеседі. Мына жайт дәлелденген, қарабайыр қоғамда жастардың интеллектуалдық жанжалдары болған емес, өйткені онда отбасы мен жалпы қоғамдағы мінез-құлық нормалары арасында елеулі айырмашылықтар орын алмаған. Біздің жастарымыздың анағұрлым тартысты сана-сезімі біздің қоғамымызда бар ретсіздіктің көрінісі ғана болып табылса, ал оның сасқалақтауы – жастар

тәжірибесіздігінің табиғи нәтижесі. Біздің талдауымыз үшін жастардың тартысты сана-сезімі емес, ал жастардың қазіргі қоғамның тартыс-жанжалдарына сырттан қарайтын фактісі маңызды. Нақ сол себептен де жастар қоғамдағы кез келген өзгерістердің ұйытқысы (бастамашысы) болып табылады.

Жастар өзінің табиғаты бойынша ілгерішіл де, кертартпа да емес, олар – кез келген бастамаға даяр әлеует. Жыныстық кәметке жеткенге дейін бала отбасында тұрады және оның көзқарастары жанұясының эмоциялық және интеллектуалды дәстүрлеріне сәйкес қалыптасады. Жасөспірім шағында ол көрші-қолаңмен, қоғаммен және қоғамдық өмірдің кейбір салаларымен алғашқы байланыстар жасайды. Бозбала (жасөспірім) осылайша, жетілудің биологиялық ашу сатысында болумен қатар, ол әлеуметтік жағынан жаңа дүниеге, әдет-ғұрыптарға қадам басады да, мұндағы құндылықтардың жүйесі өзі бұрын білгендерден өзгешеленеді. Жасөспірім үшін тылсым жаңалық болып көрінген нәрсені ересектер әлдебір үйреншікті және өзінен-өзі түсінікті жайт деп қабылдайды. Қоғамға осылайша сырттан ену жастарды мүлде басқа себептер бойынша заттардың орын алған жағдайына наразылық білдіретін серпінді әлеуметтік қозғалыстарды жақтауға мәжбүрлейді. Көпшілік ересек адамдарға заң арқылы бекітілген не экономикалық, не құндылықты мүдделер жастарда әлі жоқ. Осы арқылы мына фактіні түсіндіруге болады, жасөспірім шақта көпшілігі нағыз революционерлер немесе реформаторлар ретінде әрекет жасайды да, ал кейінірек, тұрақты жұмыс тұрғаннан және үйлі-баранды болғаннан кейін, қорғанысқа көшеді де, status quo-ны сақтауды қалайды. Социология тілінде жас адам болу қоғамның шетінде болуды, көпшілік жағдайларда аутсайдер болуды білдіреді. Расында да, жоғары сынып оқушылары мен жас студенттердің айрықша белгісіне орын алған тәртіптегі заң бекіткен мүдделіліктің болмауы жатады, бұлар әлі экономикалық және психологиялық құрылымға өз үлестерін қосқан жоқ. Менің көзқарасым бойынша, аутсайдердің осы позициясы – биологиялық жетілумен салыстырғанда анағұрлым маңызды фактор, ол өзгерістерге қатысты ашықтық пен бейімділікті айқындайды. Оның үстіне, осы позиция басқа себептер бойынша қоғамның шетіне шыққан қысым көрген тап, еркін кәсіптің адамдары – ақындар, әртістер сияқты

басқа топтар мен жеке адамдардың позициясымен сәйкес келеді. Аутсайдердің мұндай позициясы, әрине, билеуші топтар басуы немесе жұмылдыруы және қозғалысқа біріктіруі ықтимал мүмкіндік қана.

Біздің зерттеуіміздің нәтижелерін қорытындылайық: жастар – әр қоғамда қатысатын жасырын резервтердің маңызды бөлігі. Осы резервтер бола ма, әрі солардың қайсылары функцияға жұмылдырылады және біріктіріледі, мұны әлеуметтік құрылым белгілейді. Жасөспірім – түрлі бастамаларды жүзеге асыра алатын қоғамдық күш, өйткені ол орнатылған тәртіпті өзінен-өзі түсінікті нәрсе деп қабылдамайды және жасөспірімдер заң бекіткен не экономикалық, не рухани сипаттағы мүдделерге ие емес. Ең соңында, статикалық және баяу өзгертін дәстүрлі қоғамдар осы ресурстарды жұмылдырусыз және біріктірусіз тұрмыс кешеді, тіпті бұларды тұншықтырады да, ал серпінді қоғамдар болса, ертелі-кеш осы ресурстарды жұмылдыруы және тіпті ұйымдастыруы тиіс.

Негізгі қорытындылар мен тұжырымдар

...Ұлттың жасырын күштерін олар біріктірілген жағдайда ғана жұмылдыруға болады. Статикалық қоғамда кәметке жету елеусіз жүруі мүмкін; жастар біріктіретін мақсаттың көмегімен осы бірігуге қол жеткізуге мүлде тиіс емес және оған қоғамдағы белгілі бір тарихи функция жүктелмейді. Ал серпінді қоғам болса, өздерінің ұмтылыстарын рухтандырмай тұра алмайды. Егер жаңа тәртіпте өмір сүретін және оның идеяларын тарататын жастар оларға ынты-шынтысымен берілмесе, онда әлеуметтік қайта құру адамдардың түсінуіне есептелмеген жаңа ережелердің жиынтығы ғана болады. Егер жастар шын мәнінде жаңа идеялардың таратушыларына айналуға тиіс болса, онда ұлттық жастар саясатын жасау қажет...

...Жастар қозғалысы, жастардың жаңа дүние құрылысындағы ең маңызды факторлардың бірі болуы тиіс деген ұғымды түсіну, жаңа қоғамдық мұратқа қызмет ету үшін өзінің барлық ресурстарын жұмылдыратын қазіргі заманғы қоғамның серпінді сипатын көрсетеді.

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ.
ҰРПАҚТАР АРАСЫНДАҒЫ ТАРТЫСТЫ
(ДАУ-ЖАНЖАЛДЫ) ЗЕРТТЕУ**²¹

**Өткені: постфигуративті мәдениеттер және
жақсы белгілі ата-бабалар**

Мәдениеттің үш үлгісінің арасында мен жасап отырған межелер: **постфигуративті** – мұнда балалар, ең алдымен, өздерінің алдыңғы буындарынан тәлім алса, **кофигуративті** мәдениетте балалар мен ересектер құрдастарынан үйренеді, және **префигуративті** мәдениетте ересектер сондай-ақ өз балаларынан үйренеді, бұлар біз өмір сүріп отырған заманды көрсетеді. Қарабайыр қоғамдар, шағын діни немесе идеологиялық топтар негізінен постфигуративті, өйткені олар өздерінің билігін өткенге негіздейді. Қажеттілігіне қарай жаңалықтар енгізудің рәсімдерін әзірлеген ұлы өркениеттер өздерінің құрдастарынан, ойындағы серіктерінен, оқу мен жұмыстағы әріптестерінен кофигуративті үйренудің қайсыбір түрлеріне жүгінеді. Ал енді біз тарих үшін жаңа кезеңге қадам жасап отырмыз, мұнда әлі беймәлім болашақты префигуративті зерделейтін жастарға жаңа құқықтар беріледі.

Постфигуративті мәдениет дегеніміз – мынадай мәдениет, мұнда әрбір өзгерістің баяу және елеусіз өтетіні соншалық, жаңа туылған немерелерін қолдарына алған аталары олар үшін өздері бастарынан өткерген тағдырдан бөлек ешқандай басқа бола-

²⁰ Мид Маргарет (1901-1978) – антрополог, мәдениеттанушы-ғалым, психолог, этнограф, дербес ғылыми пән ретінде балалық шақ этнографиясының негізін қалаушы. Дәстүрлі де (папуастар, самоа және т.б.), сондай-ақ қазіргі заманғы қоғамдардағы да түрлі жас топтарының арасындағы қарым-қатынастарды зерттеп-зерделеумен айналысты. Түрлі халықтар балаларының тәрбиесі практикасын бірінші болып зерттей бастады.

60-шы жылдарда (Америкадағы Студенттер революциясы кезінде) ұрпақтар тартысының проблемасына ерекше назар аударып, «ұрпақтар арасындағы алшақтықты» зерттеді.

²¹ *Мид М.* «Мәдениет және балалық шақтың әлемі» кітабынан. – М., 1983.

шақты көздеріне елестете алмайды. Ересектердің өткен өмірі әрбір жаңа ұрпақ үшін болашақ өмір болып табылады, олардың тағдыры – өздерінің балалары үшін болашақтың сызбасы. Балаларының болашағы былайша қалыптасады, алдыңғы буын ересек шақта бастан өткергендері балалары есейгенде дәл солай қайталаанады.

Постфигуративті мәдениеттер – ересектер ешқандай өзгерістерді елестете алмайтын мәдениет, сондықтан олар ұрпақтарына өзгермейтін өмір сабақтастығын мирас етеді, қазіргі деректер бойынша, адамзат қоғамдастықтары үшін осындай сабақтастық сан мыңжылдықтар бойы немесе өркениет басталғанға дейінгі замандарда тән болып келген.

Өткенді жазбаша немесе басқа құралдарсыз белгілеуге қол жетпеген замандарда адамдар әрбір өзгерісті санасына енгізуге, оларды жадында сақтауға және ересектердің әр ұрпағының іс-әрекеттерін қалыптасқан нысанда жеткізіп отыруға мәжбүр болған. Негізгі машықтар мен білім-тәрбие балаға соншалық мүлтіксіз де сенімді түрде тым ерте жастан берілетін болған, өйткені ересектер өздерінің мынадай сенімділік сезімін ұстанған, балалары өздерінің тәні мен жанының, топырағының, ерекше дәстүрлерінің перзенті болып табылатындықтан, дүние ұрпақтары үшін нақ осылай болуы тиіс, сондықтан баланың өзінің жеке басына, өз тағдырына қатысты түсінікте ешқандай күмән болмауы керек. Тек қайсыбір сыртқы күйзелістің (табиғи апат немесе жат елдіктердің басып алуы) әсері ғана осылардың барлығын өзгертуі мүмкін еді. Басқа халықтармен қарым-қатынас жасау осы уақытпен шектелмейтін сезімді өзгертпеуі де ықтимал. Тіпті мәжбүрлі көші-қонның, белгісіздікке немесе бейтаныс теңіздің белгілі бір жеріне қарай ұзақ уақыт жүзудің, өзгеше аралға қоныстанудың төтенше (қысылтаян) жағдайлары да сабақтастықтың осы сезімін күшейте түседі.

Рас, әр мәдениеттегі сабақтастық онда бір мезгілде ең кемі үш ұрпақ өкілдерінің қатар өмір сүрулеріне байланысты болады. Постфигуративті мәдениеттердің елеулі ерекшелігі (белгісі) – аға ұрпақтың әрбір іс-әрекетінен көрініс табатын қағидат, шын мәнінде қаншама өзгерістер болғанына қарамастан, олардың өмір салттарының өзгеріссіз қалатыны және мәңгі солай болып

қалатыны туралы қағидат. Осы мәдениеттегі оқиғалардың бәрінен ұзақ куә болғандар, өзінен кішілер үшін үлгі болып қызмет атқарғандар, қас-қабақтарының қимылына немесе ым-ишарасына барлық өмір салтын құптау байланысты болғандар аз еді, әрі олар мықты болған. Олардың қырағы көздері, қарулы да мығым дене мүшелері, тынымсыз еңбектері олардың жеке бастарының ғана емес, сонымен бірге мәдениеттің де өміршеңдігінің айғағы болған. Осындай мәдениетті сақтау үшін қарттар қажет болды, әрі олар адамдардың топтарын аштық жылдарында жаңа орындарға бастап бару үшін ғана емес, сонымен бірге орын алған болмыстағы өмірдің қалыптасқан үлгісіне қызмет ету үшін де керек болды...

Постфигуративті мәдениет қоғамда үш ұрпақ өкілдерінің нақты қатысуларына байланысты болады. Сондықтан постфигуративті мәдениет үшін әсіресе оның ұрпақтылығы тән. Оны сақтау ақсақалдардың (қарттардың) нұсқауларына және олар жастардың жан дүниесінде қалдыратын өшпейтін дерлік іздеріне байланысты болады. Ол өздерінің балаларын дәл солай етіп тәрбиелейтін ересектердің өздерінің ата-аналарын көре білулеріне байланысты болады. Мұндай қоғамда көлеңкелері өзгермелі қоғамда ата-аналарының талаптарын ақтау үшін жиі шақыратын ата-аналардың мифтік бейнелеріне сыйынуға болмайды. Мұнда мына формулаға жүгінуге болмайды: атасының көзінше «Менің әкем ешқашан бұлай жасамас еді» деп, сол арқылы атасы өзінің немересімен рухани одақ жасайды да, ал ұлынан лайықты бағынуды күткен әкесі екеуінің де қарсыласы болып шығады. Постфигуративті қоғамның бүкіл жүйесі қазір және осында бар; ол тыңдап отырғандар бөліспейтін өткенді қалай да болса түсіндіруге байланысты емес. Олар мұны туған күндерінен бастап тыңдады, сондықтан бұларды нағыз шынайылық деп қабылдайды. «Мен кімін? Өз мәдениетімнің өкілі ретінде менің өмірімнің мәні қандай? Мен қалай сөйлеуге, қозғалуға, тамақ ішуге, ұйықтауға, сүйеге, тіршілік үшін табыс табуға, өлімді күтіп алуға тиіспін?» – деген сұрақтардың жауаптары күні бұрын шешіліп қойған болып есептеледі. Жеке адамның баetylдығы, балажандығы, ыждаһаттылығы немесе ілтипаттылығы ата-бабалар өсиетінің деңгейінде болмауы әбден мүмкін. Бірақ

осы кемшіліктерімен де жетістікке жеткен басқа мүшелері сияқты ол да осы мәдениеттің дәл сондай өкілі. Егер өзін-өзі өлтіру – мойындалған (танылған) мүмкіндік болса, онда кейбіреулер немесе көп адамдар соған баруы мүмкін; ал егер олай болмаса, онда ең дәл сол өзін-өзі бүлдіргіш импульстар басқа нысан қабылдайды. Ис-әрекеттердің жалпыадамзаттық уәждері мен біздің иелігіміздегі қорғау тетіктерінің, қабылдау мен сезінудің, тану мен білу, қайта бірігу үдерістерінің жиынтығы әрқашан бірдей болады. Бірақ олардың бірігу тәсілі қайталанбас өзгеше және әртүрлі...

Постфигуративті қоғамдағы ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастардың дау-жанжалсыз болуы міндетті емес. Кейбір қоғамдарда әрбір жас буыннан білікті аға ұрпақтың тілектеріне құлақ аспауды және өздерінен үлкендерден билікті тартып алуды күтеді. Балалық шақ азапты болуы мүмкін, және кішкентай ұл балалар ұдайы қорқынышта өмір сүрулері мүмкін, ересек ағайлар мен апайлар бұларды ұстап алады да, салт бойынша қорқынышты жазаға тартады. Бірақ осы кішкентай ұл балалар есейгенде, олар өздерінің аға-інілері мен апа-қарындастарынан өз балаларының жолында өздерін соншалықты қорқытқан және азапқа түсірген дәл сондай рәсімдерді күтеді...

...Екі шарт – күдіктердің болмауы және түйсік-түсініктің болмауы – кез келген постфигуративті мәдениетті сақтау үшін шешуші жайт болса керек. Өздеріне қарсы әдейі бағытталған бүліктер мен революциялар кезеңдерінен кейін мәдениеттердің постфигуративті стильдерін қалпына келтірудің жиілігі мынаны көрсетеді, мәдениеттің осы түрі (нысаны) тіпті болмағанда ішінара қалады да, ол осыдан мыңдаған жылдар бұрынғы ата-бабалары сияқты осы заманғы адамға да соншалықты қол жетімді болады...

Қазіргісі: кофигуративті мәдениеттер және таныс құрдастар

Кофигуративті мәдениет – осы қоғамға жататын адамдар үшін мінез-құлықтың басым үлгісі олардың замандастарының мінез-құлықтары болып табылатын мәдениет. Бірқатар пост-фигуративті мәдениеттерге сипаттама берілді, мұндай мәдениеттерде жастары үлкен адамдар жастар үшін мінез-құлықтың үлгісі болып қызмет атқарады және ата-бабалардың дәстүрлері тіпті қазіргі уақытқа дейін тұтастық күйінде сақталады. Алайда, кофигурация мәдениетті табыстаудың жалғыз нысанына (түріне) айналатын қоғамдар аз, әрі бірнеше ұрпақтардың өмірінде тек осы үлгі сақталған бірде-бір қоғам белгілі емес. Мәдениетті табыстаудың жалғыз-ақ үлгісі кофигурация болатын қоғамда, кәрілері де, жастары да әрбір келесі ұрпақтың алдыңғымен салыстырғанда мінез-құлық түрлерінің өзгешелігін «табиғи» деп есептейді.

Барлық кофигуративті мәдениеттерде жасы үлкендер мына тұрғыда үстемдік етеді: нақ сол жасы үлкендер кофигурацияның стилін айқындап, жастардың мінез-құлқындағы көрінісінің межелерін белгілейді. Жасы үлкендердің мақұлдауы мінез-құлықтың жаңа үлгісін қабылдауда шешуші болып табылатын қоғамдар бар, яғни жастар өздерінің құрдастарына емес, жасы үлкендерге ең соңғы саты ретінде қарайды да, солардың шешіміне жаңа енгізілімнің тағдыры байланысты болады. Бірақ сонымен қатар, қайсыбір ұрпақтың өкілдері құрдастарының мінез-құлқына қарағанда өз мінез-құлқын үлгілеуді көпшілік мойындаған қоғамда (әсіресе құрдастардың жасөспірім топтары туралы әңгіме болғанда) және солардың мінез-құлықтары ата-аналары мен аталарының мінез-құлықтарынан өзгешеленетін болғанда, әрбір жеке адам, көп ұзамай жаңа стильді көрсетуге мүмкіндігі болатындықтан, өз ұрпағының басқа өкілдері үшін қайсыбір шамада үлгіге айналады.

Постфигуративті дағдарыс туындайтын жерде кофигурация басталады. Осындай дағдарыс әртүрлі жолдармен туындауы мүмкін: бүкіл халықты дерлік жоятын апаттың салдары ретінде, әсіресе осы қоғамды басқаруда ең елеулі рөл атқаратын аға

ұрпақтың мерт болуы; аға ұрпаққа белгісіз техниканың жаңа түрлерін дамытудың нәтижесінде; жасы үлкендер әрқашан иммигранттар (қоныс аударушылар) және жат болып саналатын жаңа елге қоныс аударудың салдарынан; жаулап алудың нәтижесінде, бағындырылған халық жаулап алушылардың тілі мен ғұрыптарын игеруге мәжбүр болады; жаңа дінге жүгінудің нәтижесінде, жаңа дін қабылдаған ересектер өз балаларын жаңа мұраттар рухында тәрбиелеуге тырысады, балалары үшін мұндай наныммен балалық шақта да, жасөспірім шақта да байланыс болған немесе өзін жастар үшін өмірдің жаңа және басқа стильдерін енгізуші деп есептейтін әдейі жасалған қайсыбір революция шараларының нәтижесінде...

Постфигуративті мәдениетте жастар қарттардың осалдықтарынан сырт айнала алады, олар өздері бейнелейтін ақыл мен күш-қуатқа ие болуы және соған ынтығуы мүмкін, бірақ қос жағдайда да олар уақыт өте дәл қазіргі қарттар сияқты болады...

Баяу қарқынмен дамитын қоғамдарда аға ұрпақты жас ұрпақтан өзгешелейтін мінез-құлықтың белгіленетін шамалы өзгерістер үлгінің өзгеруі ретінде түсіндірілуі мүмкін, яғни жастар киім киюде, жүріс-тұрыста, демалыс түрлерінде әкелетін арзымайтын жаңа енгізілімдер, бұлар аға ұрпақтың уайымдауына негіз болмайтын жаңа енгізілімдер... Мәдениеттің үстемдік құрған стилінің межелеріндегі кішігірім түрлендірулер постфигуративті мәдениеттің сипатын өзгертпейді. Кез келген жағдайда да бойжеткен қыздар өздерінің әжелерінің күйін кешуге тура келетінін жақсы біледі. Олар өздері әже болғанда, не жаңа үлгілерді қабылдайды немесе ауысып жатқан сән-үлгіні қадағалауды табыстайды. Сән-үлгі идеясының сыртында мәдениеттің үздіксіздік идеясы тұр. Қайсыбір нәрсенің сән-үлгілігін атап көрсету арқылы, маңызды ештеңенің өзгермегенін айтқылары келеді.

...Кофигурация орын алған жағдай былайша сипатталады, жас ұрпақтың тәжірибесі ата-аналарының, аталарының және барлығына ортақ қауымның басқа да ағабуын өкілдерінің тәжірибесінен мүлде бөлек болады. Ата-аналары жастарға лайық мінез-құлықтың нақты үлгісі бола алмайды. Жастар мінез-құлықтың жаңа стильдерін өз бойларында жасай білулері және өздерінің құрдастары үшін үлгі болуы керек. Бұрын зерт-

телмеген жерге алғаш келіп қоныстанушылардың немесе жаңа үлгідегі қоғамға кірген адамдардың балалары жүзеге асыратын жаңа енгізілімдер – бейімделу сипатын алады және оларды өздерінің жаңа елдің өміріндегі епсіздігін, жаңа дін мәселелеріндегі немесе революциядан кейінгі дүниедегі істер бойынша тәжірибесіздігін түсінетін аға ұрпақ өкілдері өздерінің нысаналы іс-әрекеттің жалғасы деп ұғынулары мүмкін. Өйткені балалары есейе келе өздерінің дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер алған жаңа қоныстарды өз қолдарымен құрған тікелей солар. Жаңа өмірге ішінара бағдарланған осы ересек адамдар әлі де кей тұстарда қателіктер жіберсе де, өз балаларының осы жағдайға жақсы бейімделгендерін орынды түрде мақтан етеді.

Осындай жағдайда ұрпақтар арасындағы дау-жанжалдың туындауына ересектер кінәлі емес. Мұндай дау-дамай балаларды тәрбиелеудің «аға» ұрпақтың түсініктері бойынша өздерінің балалары ұстануы тиіс деген жаңа әдістері ересек жаста әрі жеткіліксіз, әрі жарамсыз болып шыққанда басталады...

Ұрпақтар арасында қатты тартыс болатын қоғамдарда, бөлінуге ұмтылыстан немесе біреулерден екіншілеріне ұзақ уақыт күрестің нәтижесінде көшетін билік нысандарынан көрінетін тартыс, ортаның қайсыбір күрделі өзгерісінің нәтижесі болуы әбден мүмкін. Бір мәрте мәдениетке енген және оны шарасыздық ретінде қабылдаған осындай түрдегі тартыстар постфигуративті мәдениеттердің бір бөлігіне айналады. Бабасы үйден кеткен, атасы да солай жасады, әкесі де өз кезегінде солардың жолын қайталады. Немесе, керісінше, өз әкесі апарған мектепті атасы жек көретін еді, әкесі де оны ұната қойған жоқ, бірақ бұл ұлының да мектепті жек көретінін біле тұра, баласын мектепке жіберуге бөгет жасамайды. Тәжірибелі үлкендерге жүгіну мүмкіндігінен айырылған жас ұрпақ бір-бірінен сүйеніш іздеуге мәжбүр болатын ұрпақтар арасында алшақтықтың туындауы – тарихтағы ежелден орын алып келген құбылыс және ол тәжірибе сабақтастығында алшақтық болатын кез келген қоғамда ұдайы қайталанып тұрады. Осындай кофигуративті эпизодтар кейіннен мәдениет арқылы игерілуі мүмкін – қоғам жас топтары бойынша күрт сараланады да, үлкендердің беделіне қарсы белгілі бір сатыда туындайтын көтеріліс институцияланады.

Алайда, ата-аналар өздерінің балалары мен немерелерінің бойынан қайсыбір басқа топтардың өкілдерінен үйренген мінез-құлық көргенде, жағдай мүлде басқаша сипат алады: жаулап алынған қоғамдағы жеңімпаздар, үстемдік ететін діни немесе саяси топ, бұлар иммигранттар (көшіп келушілер) ретінде келген елдің байырғы тұрғындары, бұлар көшіп келген қаладағы ежелгі тұрғындар. Осындай жағдайда әлде сырттан мәжбүрлеуге, немесе өздерінің ықыластарына қарай, өз балаларының жаңа тілді, жаңа дәстүрлер мен жаңа мәнерлерді меңгеру арқылы жаңа тәртіптің бір бөлігіне айналатындарын амалсыз көтермелейді (балаларына ерік беру). Осылардың барлығы, ата-аналардың пікірі бойынша, балаларының жаңа құндылықтар жүйесін қабылдаулары ретінде ұғынылуы мүмкін.

Жаңа мәдени мұра осы балаларға өздерінің ата-аналары, аталары, бұлардың иммигранттық кенттеріне жуырда келген немесе туған жеріндегі тұрғындар болып табылмайтын ересектер арқылы беріледі. Бұлар бейімделуге тиіс мәдениеттің ішкі өмірінің бүкіл толықтығына қол жеткізу көбіне өте шектеулі, ал ата-аналарында ол затымен жоқ. Бірақ олар мектепке барғанда, жұмысқа тұрғанда немесе әскер қатарына алынғанда өздерінің құрдастарымен араласады да, өзін солармен салыстыру мүмкіндігін алады. Осы құрдастары бұлар үшін өткені мен болашағы түсініксіз, көмескі адамдар – ересектер, офицерлер, мұғалімдер және шенеуніктер ұсынған салыстырғанда мінез-құлықтың (жүріс-тұрыстың) анағұрлым практикалық үлгілерін беруге қабілетті.

Осындай жағдайларда жаңа келгендер осы жүйеге жататын өз құрдастарының ең озық тәлімгерлер екенін анықтайды. Түрме немесе психиатриялық клиникалар сияқты мекемелерде де жағдай осындай, бұларда түрмеде отырғандардың немесе пациенттердің және билік басындағы әкімшілік пен олардың уәкілдерінің арасында үлкен алшақтық бар. Осындай мекемелерде әдетте былай ұғынылады, қызметкерлер құрамы – дәрігерлер мен медбикелер, қадағалаушылар мен басқа да күзетшілер – пациенттерден және қамалғандардан өте қатты өзгешеленеді. Міне, сондықтан да жаңа келгендер өздерінің мінез-құлықтарын осы мекемелерге бұрын келген қамаудағылар мен пациенттердің жүріс-тұрыстарына, мінез-құлықтарына қарай үлгілейді.

Алайда ұрпақтар арасындағы тартыстар ең алдымен жоғары сатылас икемділіктегі таптық қоғамдарға тән. Қоғамда өзінің ата-аналарының жағдайынан бөлек, мейлі, олар шаруалар немесе ақсүйектер қоғамындағы орташа таптың өкілдері болсын, қысым көрсетілетін нәсілдік немесе этникалық топтың өкілдері болсын, басқа дәрежеге қол жеткізген жас адам өзінің ата-аналары мен ата-бабалары кейіптеген постфигуративті үлгілерден ашық және саналы түрде қол үзуі керек. Ол қол үзуді түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асыра алады. Кейбір қоғамдарда, мәселен, табыс табуға қалаға кету және қаланың ғұрпын меңгеру деревня тұрғындарының немесе шаруалардың шағын сандағы адамдарының арасында таралған жағдайда, мигранттар қаланың тәртібін деревня салтына қарама-қарсы емес, қосарлас ұстаным ретінде қарайды.

Бірақ көпшілік таптық қоғамдарда мінез-құлықтың түрін өзгертуге себеп болатын жұмыстың түрін және әлеуметтік жағдайды өзгерту де сондай-ақ құрылымдағы жеке адамның өзгеруімен байланысты. Қағида бойынша, ата-ана мінез-құлқының стилімен ең бірінші алшақтық алған білімнің нәтижесінде туындайды, мұндай жағдайларда ата-аналары өз балалары үшін жаңа үлгідегі білімді таңдап, оларға жаңа мамандық алу міндетін қояды. Алайда оның салдар мұндағы жағдайға байланысты болады. Егер осындай жастардың саны көп болса, олар бір-бірі үшін мінез-құлықтың, жүріс-тұрыстың үлгілеріне айналады, әрі жаңа жағдайларда ересектердің мінез-құлық үлгілерін қабыл алмастан, өздерінің мұғалімдері мен әкімшілерін қарсы тұратын күш ретінде қарап, солардың ұстанымдарына еліктеудің орнына, айлаларын асыруға тырысады. Бірақ өзгерістерге тартылған жаңа келушілердің, оқушылардың, жаңа адамдардың саны аз болса, оларға көпшіліктің мінез-құлқы үлгі болып қызмет етеді. Өйткені жалғызбасты жасөспірім өзіне қолдау көрсететін және кәмілетке жеткізуді ойлайтын бір тәлімгерге бауыр басады.

Ересек тәлімгерге құдай берілу жасөспірімнің рухани дүниесіне үлкен тереңдік беруі мүмкін, бірақ бұл жас адамды өзінің жас тобынан шеттетуі де ықтимал. Мұндай жағдайда ол өзінің жаңа араласқан құрдастарының мінез-құлқын ойдағыдай дәлдікпен аңғара алмаумен қатар, өзі жататын таптың немесе мәдени

топтың өкіліне тән жүріс-тұрысты да көрсете алмайды. Ол өзінің жаңа ортасына сіңісе алмайды, ал үйреншікті ортасына қайта оралғанда онда бұрынғы өзара қарым-қатынастарын қалпына келтіруге шамасы келмейді. Керісінше, мектептің немесе колледждің өміріне қызу араласып кететін, өздерінің құрбы-құрдастарымен тату-тәтті қатынастар орнататын ұл және қыз балалар, қысқа уақытқа үйлеріне қайтқанда, осы емін-еркін сезімін жақын адамдарына айтып беруге қабілетті болады. Жападан жалғыз, ересектерге бағдарланатын жасөспірім, үйіне қайтқанда, өз жолдастарына бөтен болып көрінеді, бірақ, өздерінің мінез-құлықтарын қалыптастырып келе жатқан мектеп оқушыларының тобы өздерінің інілері мен қарындас-сіңлілері үшін үлгі болуы мүмкін, олар ата-аналарынан үлгі алуды табиғи нәрсе деп есептейді.

Өмір тәжірибелері бөлек бөтен адамдардың ересек тобына араласу армиядағы, мектептегі, монахтық өмір жүйесіндегі өзгерістерге сөзсіз әкеледі; бұл орайда барлық жас тобы алдарына көбіне офицерлердің, мұғалімдердің немесе тәлімгерлердің мақсаттарынан мүлде өзгешеленетін мақсаттар қоя бастайды. Жаңа келгендер осы қоғамның байырғы өкілдері қалыпты деп есептейтін және мақұлдайтын мінез-құлықтың аясына сыймайтын мінез-құлық стилін әкелулері мүмкін. Жаңа жаргондық сөздер мен жаңа көзқарастар енгізу арқылы олар осы қоғамдағы байырғы өкілдердің мінез-құлқының түрін өзгертуі және солар үшін еліктеудің үлгісіне айналулары мүмкін. Бірақ барлық жағдайларда бұрынғы мен болашақ туралы бұлыңғыр да көмескі түсініктегі кофигуративті мінез-құлық, қайсыбір сыбайластар тобымен немесе басқа топпен бағытталатын мінез-құлық, қажеттілігіне қарай терең емес (таяз) және белгілі шамада балалық шақтың постфигуративті тәжірибесінен қол үзген болып шығады. Жасөспірімдер мен ата-аналардың, жасөспірімдер мен жергілікті топтардың арасындағы байланысты бұзатын, балалардың үйден саяқ кетулері олардың кәсіптік білім алуында қалыпты практикаға айналған кезде, жасөспірімнің балалық шақ дәстүрлерінің билігінен босануы институцияланады. Ағылшын мектеп-пансионатындағы бала өз әкесінің мектеп тәжірибесі дәл осындай болғанын біле тұра өзінің мектептегі бастан кеш-

кендері туралы көп айта беруді мүмкін деп есептемейді. Осы тәжірибе ұқсастығының өзі әке мен баланың қарым-қатынасында тосқауыл құруы ықтимал.

Жасөспірім шақты зерттеушілер оған тән бейімделгіштікті (келісімпаздықты) атап көрсетеді. Бірақ осы жасөспірімдік бейімделушілік мәдениеттің екі үлгісіне тән: кофигуративті мінез-құлық көптеген ұрпақтардың өмірінде әлеуметтік институтияланған мәдениеттерге, мәселен, жас бойынша институтияландырылып сараланған қоғамда, немесе қарама-қарсы жағдай – тәжірибелері жат болып, өздерінің ата-аналарынан үлгі таппаған көпшілік жасөспірімдер, сырттан жасалатын нұсқауларға бағдарлануға мәжбүр болады, осы нұсқаулар жаңа топқа жату сезімін оятады.

Кофигуративті қоғам өзінің ең қарапайым нысанында (түрінде) – аталар мен әжелер болмайтын қоғам. Елдің бір бөлігінен екінші бөлігіне көшіп-қонатын ересек жастар өздерінің ата-аналарын бұрынғы ескі жерде немесе жаңа елге эмиграция жасағанда, отанында қалдырады. Дәл осы сияқты аға ұрпақ қазіргі заманғы икемді қоғамда көбіне болмайды. АҚШ сияқты елде, жастар да, сондай-ақ қарт адамдар да бір орыннан екіншісіне жиі көшіп жүреді. Осы құбылыс индустриялы жоғары кенттенген қоғамға да тән, мұндай қоғамда дәулетті немесе өте кедей адамдар өздерін қаусаған қарт адамдардан бөлектеп, қарттарға мекендеу үшін арнайы үйлерді немесе аудандарды қалдырып кетеді.

Жаңа ептілік пен мінез-құлық түрлерін үйренуді талап ететін жаңа өмір салтына көшу, бұрынғыны естерінде сақтаған, өсіп келе жатқан баланың тәжірибесін қалыптастыратын, ескі мәдениеттің барлық вербалданбаған құндылықтарын еріксіз бекітетін аталар болмағанда, анағұрлым оңай болып көрінеді. Аға ұрпақтың болмауы, қағида бойынша, тұйықталған шағын этникалық қауымдардың да болмауын білдіреді.

Ересек жастардың өз еріктері өздерінде болғанда және жаңа өмір салтына сай жаңа байланыстар орнатқанда, немере аға-інілер мен апа-қарындастардың арасындағы қатынас та әлсірейді...

Бала тәрбиеленетін дүниеден аталар мен әжелердің өмірден озулары, олардың өмір тәжірибелерін бір ұрпаққа қысқартып,

олардың өткенмен байланысы әлсірейді. Постфигуративті мәдениеттің өзіндік ерекшелігі – адамның өз баласына немесе ата-аналарына өткен тәжірибеге қатысты қайта жаңғырту үдерісі жойылады. Тірі адамдар бір кездері айтып жүрген өткен өмір туралы мәліметтер бұлыңғыр тартып, оны естен шығарып тастау немесе бұрмалау оңай болады.

Нуклеарлы отбасы, яғни, тек ата-аналар мен балалардан тұратын отбасы, расында да, халықтың үлкен бөлігі немесе әрбір келесі ұрпақ жаңа өмір дағдыларын игеруге тиіс болған жағдайларда өте икемді әлеуметтік топ болып табылады. Егер иммигранттар немесе бұрын зерттелмеген жерге алғаш қоныстанушылар өздерінің ата-аналары мен басқа да жастары үлкен туыскандарынан бөлек болса және айналасында өздерінің жастарындағы адамдар болса, жаңа елдің өміріне немесе жаңа жағдайларға бейімделу оңай болады.

Өзгеруді, әрі тез өзгеруді талап ететін ұйымдарда зейнетке кету – икемділіктегі сондай қажеттіліктің әлеуметтік көрінісі. Жастары ұлғайған шенеуніктерді, қартайған қызметкерлер құрамын, өздерінің жеке басымен, жадымен, жастарға қатысты өзгермейтін стилімен ескіні нығайтатын және қолдайтын адамдардың барлығын шеттету, сипаты бойынша отбасылық әулеттен аталарды шеттетуге ұқсас.

Осы ұрпақ кеткенде немесе ол биліктен айырылғанда, жастар аға ұрпақтың стандарттарын әдейі елемей немесе оған неқұрайды қарауы мүмкін. Жасөспірім өзінен кішілердің алдында шектеулі және айқын белгіленген рөлін атқарады да, сол себептен толық кофигурация туындайды, бұл жағдайда үлгі болатындар өздерінен үйренетіндерден бірнеше жасқа ғана үлкен болады.

Аталардың ұрпағынан ада және қалған барлық туыскандық байланыстарды қатты әлсірететін нуклеарлы отбасылар иммиграция жағдайлары үшін тән, мұндай жағдайларда көп адамдар үлкен қашықтыққа қоныс аударады немесе бұрынғыға мүлде ұқсамайтын жаңа өмір салтына бейімделуге мәжбүр болады. Уақыт өте келе нуклеарлы отбасының құрылымына қатысты осы нұсқау жаңа мәдениет арқылы сіңіріледі, тіпті отбасы құрамына аға ұрпақтың өкілдері кірген жағдайда да, олардың ық-

палы жоқтың қасы болады. Енді ешкім де олардан өздерінің немерелері үшін мінез-құлықтың үлгісі болуды күтпейді немесе үлкендердің өз балаларының некелері мен мансаптарына қатаң бақылау жасаулары тыйылады. Кезінде өздерінің ата-аналары жасағандай, балалардың өз ата-аналарынан кетуі немесе олардың ықпалынан тыс болуы жөніндегі нұсқау осындай мәдениеттің бір бөлігіне айналады.

Егер үлкен қалаға көшіп-қонғандардың немесе шалғай колонияға кеткендердің барлығы бір мәдениетке жататын болса, онда билік аға ұрпақтың қолынан кетіп, олардың пікірімен жастар санаспайды. Билік анағұрлым кіші жас тобына шоғырланып, жаңа жағдайларға бейімделген балалардың алғашқы буыны, ескі мәдениеттің біршама әлсіреген нұсқасы жаңғыртылуы мүмкін мінез-құлықтың стилін жасайды. Мұндай түрдегі кофигурацияларда аға ұрпақтың шығасысы өтелмейді. Көшіп-қонған адамдардың өздері егде жасқа жеткенде, олар оқшау тұратын конфессиялық топтарды немесе аристократияны қоспастан, отбасының үш ұрпақтық құрылымын қалпына келтірмейді. Жаңа мәдениетке көбіне тереңдік пен саналуандық жетіспейді. Егер мәдениет осы қасиеттерден айырылатын болса... онда мұндай мәдениет, бұрынғы ескі постфигуративті мәдениетпен салыстырғанда бейімдейтін жаңа енгізілімдер үшін едәуір икемсіз, анағұрлым ашық емес болады...

Американдықтардың екінші және үшінші буынына жататын өкілдерінің егде адамдарға байланысты кез келген жауапкершілікті оп-оңай алып тастаулары, осы саладағы ықпалшаралардың (санкциялардың) жоғалуымен байланысты. Осы санкциялар жүйесінің күйреуі, мұны көз жұмғанша меншікке ие болып, бір кездері қазіргі қарттардың өздері жүзеге асырған, қарттардың қоғамдағы бұрынғы жағдайларының ешқашан қалпына келтірілмейтінін аңғартуы мүмкін. Қарттардың өмір сүру ұзақтығы медициналық қызмет көрсетудің жақсаруының нәтижесінде болжалды нормалардың межелеріне жоғары жерлерде де осындай жолмен қарттарды міндеттерден айыруы мүмкін, бұл міндеттерді келесі ұрпақ толық даярлықпен өздеріне алады. Жаңа жағдайларға бейімделуді көрсететін мәдениеттегі әрбір осындай

ілгерілеу, постфигуративті мәдениеттердің терең сипаттамаларын өзгерту мен жою мүмкіндігін қатар алып жүреді...

Мәдениеттерді бір-бірінен аға ұрпақ пен басқа да туған-туысқандар атқаратын рөлдің салыстырмалы мағынасына ғана қарай емес, сонымен бірге аға ұрпақтан немерелеріне мирас етілетін нәрсенің түрі қаншалықты өзгергеніне байланысты да ажыратуға болады. Өмір салтында өзгерістер болған жерде, мәселен, тұрмысқа шығатын әйелдер өз аналарының жанында қалудың орнына, күйеулерінің үйлеріне кететін жерлерде, колөнердің (ісмерліктің) қалыптасқан дәстүрлерінен алшақтық та осы өзгеріс туралы айғақтайды...

Балаларды тәрбиелеудегі ескішілдік – кішкентай балалар сәбилерге қарайтын, ал сол кішкентай бала жасы бойынша өзінің бұрынғы тікелей кішкентай күтушісінің жасына өте жақын болатын мәдениеттерге тән ортақ ерекшелік. Осы бүлдіршін күтуші өзі қарайтын баладан өте аз талап етеді және беретіні де шамалы; ол баланы өз қамын өзі жасауға үйретуден гөрі, сонынан ертіп жүргенді артық көреді. Шаруалардан шыққан бала бағушы әйелдер балаларды етегінің астында ұстайтын, баланың ынтасын барынша азайтатын өте күрделі мәдениеттерде, сондай-ақ өздерінің тәрбиеленушілеріне осындай сипаттағы кертартпалық ықпалын тигізеді.

Балаларды күтушілер ретінде пайдалану мектепке енгізілетін қоғамда, мәдени дәстүрлер көп қарым-қатынастарда бұзылуы мүмкін. Ересектеу балаларды дәстүрлі шеберлікті (ісмерлікті) үздіксіз меңгеруден айырып, оларды отбасынан алшақтатады да, мұғалімдердің басқаруына береді, олардың оқытуының стилі мен мазмұны осы қоғам үшін мүлде жаңа, әрі басқаша болуы ықтимал. Сонымен қатар аналар кішкентай балаларды күтуді өз қамқорлықтарына алуы тиіс. Бұл, әрине, шаруалар дәулетті адамдарға енді бала бағатын күтушілер бермейтін жағдайларда да бола береді. Басқа күрделі міндеттері бар аналар мен әкелер балаларына әлдеқайда талапшыл, әрі төзімсіз келеді, олар балаларының тәуелді, инфантильді (бейқам) жағдайларымен оңайлықпен келісе қоймайды. Оның үстіне, олардың өз балаларына көрсететін үлгісі айтарлықтай күрделі, сондықтан балаларынан көптеген машықтарды игеруді талап етеді...

Өзгеріске қатысты нұсқау (мақсат) неғұрлым күшті болса, қоғамға енгізілетін конфигурацияның ықтимал салдарлары да соғұрлым залалсыздау болады...

Құрдастар арасындағы конфигурация мәдениетпен институттырылған кезде, біз жастар мәдениетінің немесе «тинэйджерлер» мәдениетінің құбылысымен кездесеміз; мектеп жүйесімен қолданатын жас бойынша стратификация, барған сайын үдемелі мәнге ие болады. АҚШ-тағы бүкіл мәдениетті қамтитын конфигурацияның салдарлары ХХ ғасырдың бас кезіне қарай сезіле бастады. Нуклеарлы отбасының түрі (нысаны) бекіп, аға ұрпақ пен немерелердің арасындағы жақын қатынастар нормасының күші жойылды да, ал үстемдік жүргізетін тізгіннен айырылған ата-аналар мінез-құлық стандарттарын жасау міндеттерін шешуді балаларының билігіне берді. 1920 жылға қарай мінез-құлықтың стилін жасау міндеті бұқаралық ақпарат құралдарының қолына өте бастады, олар осы міндетті бір-бірін кезекпен алмастыратын жасөспірімдер топтары үшін шешіп отырды, ал ата-ананың билігі өшіккен және ызалы қауымның қолына үдей түскен шамада көшті. Мәдени тұрғыда конфигурация мәдениетті табыстаудың, үстем де басым нысанына айналды. Егде адамдардың санаулылары ғана қазіргі заманғы мәдениетке қандай да болса қатынасқа үміттенді. Ата-аналардан, олар қаншама күңкілдесе де, өз балаларының табанды талаптарына көнетіндері күтілді, бұл талаптарға балаларды мектеп те, мәдениетке едәуір бейімделген балалар да емес, бұқаралық ақпарат құралдары оқытып-үйретті.

Конфигурацияда қаланған мүмкіндіктерді саналы түрде пайдаланатын қоғамдар, тәрбиелемейтін және оқытып-үйретпейтін топтар құруға жасөспірімдер мен ересектерді итермелейтін қоғамдар, көбіне жаңа жағдайларға оңай бейімделетін өте икемді қоғам болып шығады. Әртүрлі үлгідегі оқушылыққа, қайсыбір қоғамдастықтарға мүшелікке кіруде әскерде қызмет ету үшін немесе қайсыбір мамандықтағы жұмыс үшін даярлаудың алдын ала кезектерінде туындайтын формалды топтар қандай шамада балалардың бір-бірінен оқып-үйренулерінің топтастырылған нысаны, немесе, керісінше абсолютті постфигуративті құбылыс

ретінде қаралатынына қарай, олар сабақ беру мен оқытудың өте тиімді тетіктері болып шығады.

Ерте жаста екі ұрпақпен бекітілген нұсқауларда нуклеарлы отбасында өскен жеке адам, әкесі мен анасының олардың өз ата-аналарынан басқаша екенін және өзінің балалары өскен кезде бұдан бөлек болатынын біледі. Қазіргі заманғы қоғамдарда осы болжам басқамен толықтырылады: балалық шақта алған білімі, ең тәуір жағдайда отбасынан бөлек топтарға мүшелікке кіруі үшін баланы ішінара ғана дайындайды. Осылардың барлығы, - өзгермелі нуклеарлы отбасындағы өмірі мен жеке адамның жаңа топтарға мүше болуына байланысты тәжірибесі өзінің үздіксіз өзгеріп жатқан әлемде өмір сүретінін сезінуге мәжбүрлейді. Отбасындағы ұрпақтар арасындағы айырмашылық неғұрлым күшті сезілетін болса, адамды жаңа топтарға тартудың салдарлары болып табылатын әлеуметтік өзгерістер неғұрлым қатты болса, соғұрлым әлеуметтік жүйе осал болып, соғұрлым жеке адам өзін сенімсіздеу, мүмкіндігін төмендеу сезінеді.

Мен постфигуративті мәдениетті өзгермейтін, дәстүрлі нәрселердің үлкен бөлігі талдамалық сана-сезімнің нысанасы болмайтын мәдениет ретінде, үздіксіз байланыста болатын үш ұрпақта іске асырылатын мәдениет ретінде белгіледім. Үлкен әлеуметтік икемділіктегі қоғамда білім және өмір салты бойынша ұрпақтар арасындағы алшақтық сөзсіз болатын құбылыс. Дегенмен, жас адамдар өздерінің жоғары өрлеуі мен сыртқары қозғалыстарында алдыңғы екі аға ұрпақтағы ересектердің көпшілігі бөлісетін белгілі бір құндылықтарға тап болады. Бір ерекшелігі, барлық ересектер бөлісетін осы берік сенімдер нақ сол постфигуративті мәдениеттердегі сияқты мінсіз қабылданған. Қазіргі заманғы қоғамдар үшін постфигурацияның бұрынғы ескі нысандарының жойылуы айтарлықтай көбірек тән. Сонымен қатар ортақ пікірлестікті, барынша бейімділікті жаңғыртуға қайта-қайта жаңа әрекеттер жасалуда. Нативистік, революциялық немесе утопиялық ғибадаттардың жолын қуушылар жабық қоғамдастық құруға тырысады, олар осы қоғамдастықтар арқылы өздері қалайтын өмір салтын мәңгілікке сақтауды көздейді.

Осы заманғы әлем үшін мына жайт та тән, ол ұрпақтар арасындағы алшақтықты қабылдап, әрбір жаңа ұрпақтың жаңа тех-

нологиямен бейбіт өмір сүретінін күтеді. Алайда мұндай болжамдар ойдағыдай алысқа ұзамайды, ұрпақтар өміріндегі осы өзгерістердің сапалы түрдегі жаңа сипат алатынына сендірмейді. Ұрпақтар өмірінің аралығында екі мәдени топ, еврейлер мен армяндар, өздерінің балаларын әлеуметтік икемділікке, төл мәдениетінің өзіндік ерекшелігіне қатысты сезімін жоғалтпастан басқа тілдерді үйренуге баулыған. Біздің меншікті мәдениетімізде және көптеген басқа мәдениеттерде балалар өзгермейтіннің межесінде өзгерістерге қатысты рухта осыған ұқсас тәрбиеленеді. Жас ұрпақтың немесе кейбір топтың құндылықтары аға ұрпақтың құндылықтарынан мүлде өзгешеленуіне жай жол беру, ата-аналар ұрпағының кез келген моральдық, патриоттық немесе діни құндылықтарына, постфигуративті сыни емес қызулықпен немесе жаңа алынған постфигуративті берілгендікпен пайымдайтын құндылықтарға қауіп төндіруі мүмкін.

Аға ұрпақтың ұйғаруынша, ізгіліктің, шынайылық пен әсемдіктің табиғатына қатысты әлі де ортақ келісім бар, түйсіну, сезіну, ойлау және іс-әрекет жасау сияқты туа біткен тетіктерімен адамзаттың табиғаты, шын мәнінде, өзгеріссіз қалды. Әрине, егер антропологияның технологиядағы және әлеуметтік мекемелердің нысандарындағы жаңа енгізілімдердің мәдениеттің сипатындағы өзгерістерге әкелетінін тиянақты дәлелдейтін жаңалықтары түпкілікті ұғынылатын болса, онда осындай түрдегі нанымдар мүлде орын алмас еді. Бір ғажабы, тіпті өкілдеріне кең ауқымдағы анналдар қол жетімді, тарих қазіргі заманның ықылас-тілектерін бұйыратын болжалдық құрылымдардың жай қосындысы ғана емес, ал тексерілетін фактілердің жиынтығы деген ұғыммен барлығы бірдей келісетін қоғамдарда да ілгерілеуге деген сенім тұрақтылыққа деген сеніммен оп-оңай ұштасады.

Адамдардың қайғы-қасіреттері немесе, керісінше, адамның жаңа мүмкіндіктері туралы осы заманғы мәлімдемелер өзгеру мен мәдениетті табыстаудың жаңа тетіктерінің, бізге таныс болған постфигуративті және кофигуративті мәдениеттерден мүлде өзгеше тетіктердің туындайтынын ескермейді. Бірақ менің ойымша, қазір жаңа мәдени нысан пайда болып келеді, мен оны префигурация деп атаймын. Мен мұны осылай түсінемін.

Балалар бүгін болашақтың алдында тұр, ол соншалық белгісіз, сол болашақты балалар, біздер қазір көп постфигуративті элементтерді тарататын үлкендер бақылайтын, орнықты мәдениеттің аясындағы кофигурацияның көмегімен бір ұрпақта өзгерістер жасау арқылы әрекеттенетініміздей басқаруларына болмайды...

Екі онжылдықтың ішінде, 1940-1960 жылдарда, адамның адамға және табиғаттың әлеміне қарым-қатынасын қайтарымсыз өзгерткен оқиғалар болды. Компьютер ойлап табу, атомды ойдағыдай ыдырату мен атом және сутегі бомбаларын жасау, тірі клетка биохимиясы саласында ашылған жаңалықтар, біздің ғаламшарымыздың үстін зерттеу, жердегі халық санының аса жедел өсуі және адам саны осылай өсуін жалғастыра берсе, апаттың болмай қоймайтынын сезіну, қалалардың дағдарысы, табиғи ортаның бұзылуы, әлемнің барлық бөлігінің реактивті авиация және телевизия арқылы қосылуы, спутниктер (серіктер) жасауға дайындық пен ғарыштағы алғашқы қадамдар, жуырда ғана ұғынылған энергияның шексіз көздері мен синтетикалық материалдардың мүмкіндіктері және ең дамыған елдерде өндірістің ғасырлық проблемаларын бөлу және тұтыну проблемаларына өзгерту – осылардың барлығы ұрпақтар арасындағы қайтымсыз күрт алшақтыққа әкелді.

Осыдан сәл бұрын ғана үлкендер былай айтқан болар еді: «Білесің бе, мен жас болғанмын, ал сен ешқашан қарт болған емессің». Бірақ бүгінгі жастар оларға былайша жауап қайтарулары мүмкін: «Сен мен жас болған әлемде ешқашан жас болған емессің, және ешқашан болмайсың да». Бейтаныс жерге жаңа қоныстанушылар мен олардың балаларымен әрқашан осылай болады. Бұл тұрғыда, біздер, 1940 жылға дейін дүниеге келген және тәрбиеленген ұрпақ – иммигранттармыз. Ізашарлардың алғашқы буыны сияқты бізді де машықтарға баулып, жаңа заманға ішінара ғана жауап беретін құндылықтарды құрметтеуге үйретті. Бірақ, біздер, үлкендер, әлі де басқару мен биліктің тетіктеріне жүгінеміз. Отарлаушы елдерден келген ізашар-иммигранттар сияқты біз әлі де балаларымыз түптің түбінде көбіне бізге ұқсас болады деген сенімге жармасамыз. Бірақ осы үмітпен қатар қорқыныш та жүреді: балаларымыз көз алдымыз-

да жат болып, көшелердің бұрышына жиналған жасөспірімдерден басып кірген әскердің алдыңғы шебінен қорыққандай абайлау керек.

Біз өзімізді мына сөздермен жігерлендіреміз: «Ұл балалар қашан да ұл балалар». Біз бір-бірімізді былайша жұбатамыз: «Қандай беймаза уақыт», немесе «Нуклеарлы отбасы өте тұрлаусыз», әйтпесе «Телевизия балаларға өте жағымсыз (зиянды) әсер етеді». Біз өз балаларымыз бен пайда болған бойда бірден әуе лайнерлері мен барлық әлемдік астаналардан елшіліктер ашуды талап ететін жаңа елдер туралы мына бір сөзді қайта-қайта айтудан жалықпаймыз: «Е, олар әлі өте шикі және жас. Үйренеді ғой, есейеді емес пе».

Бұрын, мәдениетті табыстаудың кофигуративті тетіктерінің ұзақ тарихы мен жедел өзгерудің мүмкіндіктерін кеңінен мойындауға қарамастан, түрлі таптарға, аймақтарға, қайсыбір елдегі мамандандырылған топтарға жататын адамдар білетін нәрселерде орасан үлкен айырмашылықтар болған, олар әлемнің әр бөліктерінде тұратын халықтардың тәжірибесіндегі айырмашылыққа ұқсас. Өзгерістер ол кезде әлі де біршама баяу, әрі әркерлі жүрді. Кейбір елдерде тұратын және белгілі бір таптық топтарға жататын жастар өзге елдердегі немесе басқа таптардағы ересектерге қарағанда көбірек білді. Бірақ кез келген жас адамның білімі мен тәжірибесінен көп білетін және тәжірибесі мол ересектер әрқашан болады.

Бүгінде кенеттен ғаламшардағы бүкіл халық электронды коммуникациялық желімен біріктірілгенде, жастарда тәжірибе ортақтығы пайда болды, мұндай тәжірибе аға ұрпақта ешқашан болған емес және болмайды да. Және керісінше, аға ұрпақ бірінбірі ауыстыратын өзгерістердің өз бастарынан кешірген тендессіз тәжірибесінің қайталануын жас буынның өмірінен ешуақытта, ешқашан көрмейді. Ұрпақтар арасындағы осы алшақтық мүлде жаңа, заманауи және жалпыға бірдей.

Бүгінгі балалар аға ұрпақ білмейтін дүниеде өмір сүреді, бірақ осылай болатынын ересектердің кейбіреулері күн ілгері болжаған болатын. Осыны алдын ала болжай білгендер, болашақтағы префигуративті мәдениеттің алғашқы хабаршылары болды, оның алдағы жай-жапсары беймәлім.

ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАРДЫҢ ҚЫСҚАША СӨЗДІГІ (ГЛОССАРИЙ)

2) БАЛАМАЛЫ МӘДЕНИЕТТЕР – өзін дәстүрлі, қоғамдағы үстемдік құратын (басым) мәдениетке қарсы қоятын және анағұрлым перспективалы, «құтқарушы» балама ретінде көрсетуге тырысатын мәдениеттер. Бұлар «жаңа мәдениеттер» деп аталады. Баламалы мәдениеттердің қатарына жастар субмәдениеттерінің үлкен бөлігі кіреді.

3) БАЙКЕРЛЕР (ағылшынша *bike* – мотоцикл) – мотоциклшілер. Металл шегенделі былғары кеудеше (ең сәндісі – тозығы жеткен кеудешелер), джинсы киеді; шаштарын ұзын етіп жіберіп, денелерін мистикалық мазмұндағы татуировкамен өрнектейді; өздерінің «сенімді тұлпарларын» әшекейлейді. Нағыз байкердің тұрмыстық философиясына жолға табыну мен мотоцикл, бүлікшілік рух пен достық дәнекерліктер жатады. «Үйірлік» топтарға жиналып алған байкерлер барлығы бірдей бастары ауған жаққа қарай жолдың қарсы жолақтары арқылы дарылдаған мотоциклдерімен көшені бастарына көтеріп жүйткітеді. Байкерлер өз кланының ішіндегі қатаң иерархияны (сатылы лауазымды) сақтайды; олардың кейбіреулерінің қылмыстық топтармен байланысы бар, бірақ ондайлар азшылық.

Байкерліктің ең шегіне жеткен түрі – «жел айдаған қаңбақ» сияқты жүретін, не үйі, не отбасы, не жұмысы жоқ жалғыз бастылар, олар бүкіл уақытын мотоциклдің үстінде өткізеді. Олардың бүкіл қарапайым бұйымдары мотоциклдің жүксалғышына сыйып кетеді.

Байкерлік Ресейге Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған АҚШ-тан 80-ші жылдарда келді. Соғыстан кейін «ұядан шеттетілгендей» жұмыссыз қалған әскери ұшқыштар АҚШ-та бірінші байкерлер болды. АҚШ-та ең алғашқы байкерлік клубтар 40-шы жылдардың соңында – 50-ші жылдардың бас кезінде ұйымдастырылды. АҚШ-та байкерлік 60-70-ші жылдарда да кеңінен тарады, оған басқа факторлармен бірге, «Дара шабандоз» («Easy rider» - режиссерлар Г. Фонда мен Д. Хоппер) көркем фильмінің жарық көруі де өз әсерін тигізді. Ресейде байкерлерді сондай-ақ «рокерлер» деп атайды.

4) БИТНИКТЕР (ағылшынның *beat* сөзі + орыстың «ник» жұрнағы) – 1950-ші жылдардың орта шеніндегі – 1960-шы жылдардың бас кезіндегі АҚШ-тағы әдеби-көркемөнер жастар қозғалысы. Ерікті түрде кедейлікті, кезбелікті (қаңғыбастықты), эротикалық, сексуалдық (жеңсіктік) еркіндікті, анархиялық гедонизмді, әлеуметтік дүниеден безушілікті жариялады. Материалдық байлыққа, келісімпаздық пен жеке адамды стандарттауға, жәдігөйлік пен зорлыққа қарсы бейсаясаттық наразылық жариялады. «Бит» жағдайын Д.К. Холмс жақсы сипаттады: «бит» сөзінің төркіні түсініксіз, бірақ оның мағынасы американдықтардың көпшілігіне өте түсінікті. Жай шаршағандықтан гөрі (іш пысу, қажу) ол анағұрлым үлкен сезімді қамтиды, бұларды пайдаланған, «терілерін сыдырып алған». Осы сөз ақылдың, ақыр соңында ішкі жан-дүниенің жалаңаштығын ұйғарады. Сана-сезімнің негізіне қатысты мәлімет сезімі. Қысқасы, ол өзін қабырғаға драматикалық емес баттастырып жағуды білдіреді. Адам әр жолы тақырға отырғанда және бүкіл қалған дүниесін бір картаға тіккенде «бит» болып саналады; әрі жас ұрпақ ең ерте жасөспірім шақтан бастап ұдайы осылай істеп отырған.

Негізгі екі бағыт болды. Дж. Керуак, У. Берроуз, А. Гинзберг, Л. Ферлингетти сынды жазушылар мен ақындар әдеби бағыттың өкілдері болып табылды. Битник-жазушылар сюжетсіз, еркін өлең жолдарына, ауыспалы тілге, ерсі лексикаға, импрессионистік және натуралистік сипаттауларға бой ұрды. Екінші бағыттың өкілдеріне Р. Раушенберг, Дж. Хермс, Б. Коннер, Дж. Дефео сияқты суретшілерді жатқызуға болады. Олар сыни, көбіне кекесінді кейіпке түсіп, абстракты экспрессионизмнен де, көпшілікке тараған мәдениеттен де аулақтап, қазіргі заманғы саяси және әлеуметтік тақырыптамаға жүгінді. Битник-суретшілердің шығармасында коллаждар ерекше танымалдыққа ие болды.

5) БРЕЙК-ДАНС (ағылшынша *break-dance*, *break* – сындыру, сынған + *dance* – би) – 80-ші жылдардың орта шеніндегі би, ол роботтардың қозғалыстарын елестетеді және онда акробатиканың элементтері бар; осы би американдық қалалардағы негрлер тұратын махаллаларда пайда болды.

24) ТАҚЫРБАСТАР – Англиядағы бейресми, жұмысшылар ортасынан шыққан жастар, олардың негізгі міндеті өздерінің

пікірінше «жұмысшы табының дәстүрлері» болып есептелетін құндылықтарды сақтау (табанды еңбектің, отаншылдықтың, «өз аумағын» ресімдік қорғаудың құндылықтары) және көпшілік мақұлдаған әлеуметтік рәсімдерді бұзушылармен күресу болды (дүбәралар, Азиядан келген эмигранттар, хиппилер, ұлттық және сексуалды азшылықтар және т.б.). «Қияңқы модтарды» одан әрі түрлендірудің нәтижесінде 60-шы жылдардың соңында пайда болды.

Тақырбастар футбол ойынының әсіре жанкүйерлері болып, ең алдымен қарсылас команданың жанкүйерлерімен стадиондарда қиян-кескі төбелес ашуларымен жаман атақтары шықты. Агрессиялы нәсілшілдіктің, ұлтшылдықтың толық бейсаясаттықпен таңғаларлық ұштасуы тақырбастардың өзіндік ерекшеліктері болды. Тақырбастар Ресейде 90-шы жылдарда пайда болды.

6) БЭБИ-БУМ (ағылшынша *baby* – нәресте + *boom* – дүмпу (жарылыс) – АҚШ-тағы бала туушылықтың «дүмпу» немесе дүрлігіс кезеңі, ол шамамен 1948 жылы басталды да, 60-шы жылдардың бас кезіне дейін созылды. Бала туушылықтың шырқау шыңы 1953 жылда болды. Осы кезеңдегі АҚШ үшін 5 және одан көп балалы отбасылар үйреншікті әдетке айналды. 1948-1953 жылдардың арасында АҚШ-тағы нәрестелердің саны 50 %-ға дерлік өсіп, соның себебінен кейіннен 1964-1971 жж. 25 жастағы адамдар АҚШ халқының жартысынан көбін құрады.

9) ГОТ – қара түсті киім мен қара-ақ гримге әуес жастар қозғалысының мүшесі. Қозғалыс Англияның солтүстігінде ХХ ғ. 70-ші жылдарының соңына қарай пайда болды. Осы бағыттың музыкасы агрессиялы, ал музыкалық композициялардың мәтіндері қорқыныш сезімін туындатады. «Готтардың» ең әйгілі музыкалық топтарына «Кьюр» және «Бэншис» топтары жатады.

10) ДЕВИАНТТЫ (латынша *deviatio* – ауытқу) – көпшілік мойындаған нормалардан ауытқушылар. Мәселен, «девиантты мінез-құлық» - нормадан ауытқитын мінез-құлық.

1) «АЛТЫН ЖАСТАР» – өмірлерін той-думанмен және ойын-сауықпен өткізетін, қоғамның дәулетті жіктерінен шыққан жастар.

13) ИНКУЛЬТУРАЦИЯ – мәдениетке кіру; соның барысында өзі жататын немесе кіретін мәдениетке тән ойлау мен іс-әрекеттің дәстүрлі тәсілдерін игеру.

14) КИБЕРПАНК («кибернетика» сөзінен шыққан, байланыс, ақпаратты басқару мен қайта өңдеу туралы ғылым + «панк») – компьютер ғасырының халықаралық жаңа субмәдениеті, ол дүниеге деген, қолданудың дәстүрлі тәсілдерін жек көру арқылы ең жаңа техникамен құмарлықпен әуестенуді ұштастыратын көзқарасты білдіреді. Киберпанк музыканың, бейнелеу өнерінің және ең озық техниканың кең ауқымдағы салаларын қамтиды (XX ғ. 90-шы жылдары). Фантаст-жазушы Брюс Стерлинг киберпанкке «техника әлемінің поп-мәдениеттік андеграундпен және көше анархизмінің теріс одағы» деген анықтама берсе, ал математик және фантаст-жазушы Руди Ракер киберпанк «адамдар мен машиналардың қосылысы» болып табылады деп есептейді.

«Киберпанк» термині XX ғ. 80-ші жылдарының соңында пайда болды, оның авторы сол кезде 44 жаста болған фантаст-жазушы Уильям Гибсон. Киберпанктің нағыз әдептерінің санын бірнеше мың компьютер маньяктары, футуристер, суретшілер мен музыканттардың және ғылыми фантастиканың кейбір аса құмар әуесқойларының компьютерлеріне қызығушылық танытатын жеке-дара ғалымдар құрайды. Бұл орайда осы қозғалыс жасқа қарамайды, ол кішкентай балаларды да және қоғамда биік мансапқа қол жеткізген мосқал адамдарды да біріктіреді. Техниканы өнер мен ғылым арасындағы, әдебиет әлемі мен өнеркәсіп әлемінің арасындағы дәнекерлік буын ретінде пайдалану арқылы киберпанктердің техникамен қатар өмір сүрудің жолын табулары олардың ең басты жетістігі болып табылады.

15) КОНТРАМӘДЕНИЕТ (қарсы мәдениет) (грекше *contra* – қарсы + *culture* – мәдениет) – дәстүрлі, «ресми» мәдениетке қарсы тұратын қазіргі заманғы мәдениет дамуының бағыты; американдық жастардың кейбір бөліктерінің арасында 60-шы – 70-ші жылдардың бас кезінде тараған «әкелердің» мәдениетіне қарсы наразылықтың түрі. Тұтынушы қоғамның әлеуметтік құндылықтарынан, моральдық нормалары мен өнегелік мұраттарынан, бұқаралық мәдениеттің стандарттары мен таптаурындарынан,

өмір салтынан ашық бас тартуды паш етеді, оның негізін салықалылық, әлеуметтік бедел, материалдық игілік (ырыс-береке) нұсқаулары қалайды.

«Контрмәдениет» (қарсы мәдениет) терминінің авторы Теодор Рожак, ол АҚШ-тағы 60-шы жылдардағы студенттердің революциясы кезінде әкелердің мәдениетіне қарама-қарсы жастар жасаған мәдениетті осылай деп атады. Сол революцияның жалғыз-ақ жағымды ұраны «Контрмәдениет жасау» ұраны болды, ол негізгі үш мезетті ұйғарды:

1. Сана-сезім мен іс-әрекеттің жаңа түрлеріндегі жаңа үлгідегі жеке адамды тәрбиелеу.

2. Адамдар арасында жаңа қатынастар қалыптастыру.

3. Жаңа құндылықтарды қалыптастыру және қабылдау, жаңа әлеуметтік, моральдық нормалар, қағидаттар, мұраттар, этикалық және эстетикалық критерийлер әзірлеу.

Контрмәдениеттің ережелерін жасау мен жұмыспен өтеу тәсілдерінің бірі коммуитаристік қозғалыс пен коммуналар құру болды. Контрмәдениеттің қатарында есірткі мәдениеті мен «сексуалды революция» құрамдас элементтерге жатты.

Классикалық контрмәдениетке қалыптасқан әлеуметтік құндылықтардан, моральдық нормалар мен мұраттардан, бұқаралық мәдениеттің стандарттары мен таптаурындарынан, өмір салтынан бас тарту қағидасы тән, оның негізіне салықалылық, әлеуметтік бедел, материалдық игілік (ырыс-береке) нұсқаулары жатады. Осы құндылықтардан бас тарту, қағида бойынша, адамзаттың мәдени жетістіктерін мойындамаудан және ойлаудың, сезудің, қатынас жасаудың оғаш мәнерінен көрініс тапты. Парасат пен ғылымға табыну табиғи құмарлықтардың ессіз көріністерімен және жанның мистикалық желісімен, пуритандық мораль – ашыналық қатынастардың ашықтығымен, еңбек – жаппай оргиялармен (әдепсіздікпен), нашақорлықпен алмасты. «Бұқаралық қоғам» мен бұқаралық мәдениетке қарсы наразылық түрлі коммуналардың ұйымынан практикалық байлауын тапты, оларда адамның дүниеге, басқа адамдарға, өзіне-өзі шынайы ізгілікпен қарау үрдісі жүзеге асырылуға тиіс болатын.

Контрмәдениет (қарсы мәдениет) экзистенциализмнің, фрейдизмнің, тұрпайы марксизмнің, русоизмнің (орысшылдықтың),

арсыздықтың, шығыс философиясы мен дінінің түрлі ережелерінен алынған эклетикалық қоспа түріндегі тұжырымдамаларды біріктіреді.

Қазіргі кезде контрмәдениетке, Батыс жастарының арасында 60-70-ші жж. кең тараған осы заманғы буржуазиялық мәдениетке қарсы рухани наразылық білдіруден басқа, мінез-құлық ауытқуының кез келген мәдени нысандарын да жатқыза бастады: мәселен, қылмысты топтардың, бомждардың, сексуалды азшылықтардың мәдениеті.

16) КЕЛІСІМПАЗДЫҚ (БЕЙІМДЕЛГІШТІК) – (кейінгі латынша *conformis* – сияқты, ұқсас, сәйкес келетін) – мәдени құндылықтарды өз бетінше таңдаудан емес қалыптасатын жеке адамның әлеуметтік-психологиялық бағдары, ол заттардың орын алған тәртібін, үстем пікірлерді енжар, бойсұнып қабылдау; бейімделгіштік, өз позициясының болмауы, ең қысымы күшті кез келген үлгіні, принципсіз және байыбына бармастан ұстануды білдіреді.

7) БҰҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ (лат. *massa* – соқпа, кесек) – ғылыми-техникалық революциядан, кенттенуден (қалаланудан) жергілікті қауымдастықтарды қирату мен аумақтық және әлеуметтік межелерді кетіруден туындаған ХХ ғ. мәдениеттің құбылысы. Мәдени құбылыстардың жаппай таралуы ақпарат және коммуникациялар жүйелерінің, радионың, телевизияның, киноның және т.б. дамуымен байланысты, бұлар мәдени өнімді тұтынушылардың көпшілік аудиторияларын жасауға септігін тигізді. Бұқаралық мәдениетті жаппай тұтынуға есептелген қазіргі замандағы қоғамдағы мәдени құндылықтар өндірісінің ерекшеліктері сипаттайды (жаппай өндіріс дегенде өнеркәсіп өндірісіндегі конвейерлік технологияға ұқсастық түсініледі). Бастапқыда бұқаралық мәдениет, ойын-сауық саласында маманданатын бизнес үшін өткізу рыногы ретінде пайда болды. Терең емес, стандартты бұқаралық мәдениет күнделікті өмірдің (тұрмыстың) мәдениеті болып табылады. Ол «орта» адамға есептелген, бұқаралық ақпарат құралдары генерациялайтын әлеуметтік-мәдени таптаурындарды көпшілік сананың қабылдауының ықпалымен қалыптасады.

Терминнің авторы М. Хоркхаймер (ол 1941 ж. «Өнер және бұқаралық мәдениет» еңбегінде осы сөзді термин ретінде алғаш қолданды).

17) МОДА (СЭН) (латынша *modus* – өлшем, тәсіл, қағида (ереже) – мәдени үлгілердің ауысуы, тұрмыстың немесе мәдениеттің қайсыбір саласында белгілі бір талғамның қысқа мерзімді үстемдігі. Оның стильден айырмашылығы, мода тұрмыс заттары мен көркем шығармалардың сыртқы түрлерінің қысқа мерзімді және үстіртін өзгерістерін көрсетеді.

18) МОДТАР (ағылшынша *modern* – қазіргі заманғы) – Англияда 60-шы жж. тедтерді ауыстырған жай бейресмилер. Өздерінің алдыңғы ізашарлары сияқты бұлар да жұмысшылардың отбасынан және басқа да кедей тұрмысты жіктерден шыққан балалар болды, әрі бұлар да сондай-ақ өз ортасынан құтылуға ұмтылды. Бұл ретте олар «ақ жағалылар» болуға тырысты да, олардың ең үлкен армандары банктегі, дүкендегі клерктің орны еді. Бірақ жұмыстың өзі олар үшін ешқандай құндылықты да, маңызды да емес еді, ал менсінбеушілік пен атакқұмарлықты өздерінің жағымды қасиеттері деп есептеді. Олар сырт пішінімен болса да (тар шалбарлар, әдемі пиджактар, қара немесе екі түстегі жарасымды тоқыма костюмдер, түймелері кеңірдекке шейін түгел түймеленген көйлектер, ашық түсті галстуктар – барлығы тап-таза және мұнтаздай үтіктелген; сүйір тұмсықты бәтіңкелер; қысқа етіп қойған сәнді де таза шаштары), орташа таппен қосылуға дайын болды. Модтар үшін киім кию мен шаш қою өздігінде дін болып есептелді. Олар тапсырыспен тіктірген сәнді пиджактарымен, әдемі бәтіңкелерімен жұрттың көзіне түсті. Жолы болатындарына қатты сенген олар өздерін «атаққұмар балалар» деп атады. Модтардың басым көпшілігі мектепте оқыса, басқалары – өндірісте оқып-үйреніп, кейбіреулері тіпті жұмыс та істейтін еді.

Американдық битниктер сияқты модтар да өмір сүруге асықты. Олардың өмірінің метафорасы жылдамдық еді: мотоциклдермен жүйткітіп, жын ұрғандай рок-н-ролл биледі және есірткілерді пайдаланды. Бұлар жүйкені қоздыратын дәрі-дәрмектерді қолдану атрибуттарына айналған Англиядағы ең алғашқы жастар еді. Бірақ олар өздерінің есірік әрекеттерімен демалыс

күндері ғана айналысты. Бас қосатын сүйікті орындары – жер төлелердегі клубтар, дискотекалар, граммофон күйтабақтарын сататын дүңгіршектер мен шағын дүкендер болды.

1966 жылға қарай осы қозғалыс «қияңқы модтарға» (шаштары қысқа етіп қойған, шолақ джинсы мен жұмысшы бәтіңкелерін киген сотқар жастар) және стилистикалық талғамды модтарға бөлінді. «Қияңқы модтар» 60-шы жылдардың соңына қарай «тақырбастарға» айналды (немесе «скинхедтер»).

XX ғ. 70-ші жж. соңында модтардың қозғалысы қайта жаңғырды. Осы субмәдениетті жақтаушылар моданың (сәннің) даму барысын жіті қадағалайды және оны мұқият сақтайды. Олар жылдамдықты, биіктікті ұнатып, «соул» музыкасын артық көреді.

11) ЖАСТАРДЫҢ СУБМӘДЕНИЕТІ – еңбекті аса маңызды қажеттілік ретінде ығыстырған тіршілік әрекетіндегі жетекші нысандар бос уақыт пен демалыс болып табылатын жастар құндылықтарының, дәстүрлерінің, ғұрыптарының жиынтығы. Бұл жағдайда демалыстан ләззат алуға жалпы өмірден рахаттану сезімі байланысты болады. Жастардың субмәдениеті өмір мен мәдениеттің орын алған салтына балама ретінде әрекет жасайды. Осы субмәдениет дербес дүниетанымды қалыптастыруға, мінез-құлықтың өзіндік мәнерлерін, киім кию және шаш қою стилін жасаған, демалыстарды өткізуге қатысты әрекеттермен сипатталады.

26) «ҮНДЕМЕСТЕР» – барлық дүниеден аулақтауды, өздерінің жылы-жұмсақ ортасында тұйықталуды мақсат тұтқан АҚШ-тағы маккартизм кезіндегі жастар (XX ғ. 50-ші жылдары). Сыншылар оларды мынадай эпитеттермен (тенеулермен) марапаттап отырды: «дарынсыздық пен келісімпаздық», «семіздер, топастар және бақыттылар».

8) БЕЙРЕСМИ ТОПТАР – жеке адамдардың субъективті қажеттіліктерінің, мүдделерінің, ынталарының негізінде пайда болған топтар, әрі осы топтардың мүдделері қоғамдық мүдделерге сәйкес келулері де, сондай-ақ оларға қайшы болулары да мүмкін. Осы топтар өз бетінше де, сондай-ақ белгілі бір формалды топтардың құрамында да іс-әрекет жүргізуі ықтимал. Кейінгісінің мысалы сыныпта қалыптасқан балалардың серіктестігі

бола алады. Формалды топтардың ішінде, қағида бойынша, формалды да және бейресми де құрылымдар бола береді. Ал бейресми топтарда, керісінше, тек бейресми құрылымдар ғана болады.

12) «ЖАҢА СОЛШЫЛДАР» – Батыс мәдениетіне айтарлықтай ықпалын тигізген, солшыл радикалды бағдардағы мәдени-саяси қозғалыс. ХХ ғ. 60-шы жылдарының бас кезінде пайда болды. «Жаңа солшылдардың» идеологтарының арасынан Ч. Миллс, Г. Маркузе, Э. Фромм, М. Хоркхаймер, Т. Адорно, А. Лефевр, Л. Гольдман, Ж.-П. Сартр, Дж. Уэйн, С. де Бовуар сияқты әйгілі жазушылар мен философтарды атап өтуге болады. Осы қозғалыс бірқатар студент жастар мен интеллигенцияның буржуазиялық қоғамға, оның әлеуметтік-экономикалық және саяси институттарына, мәдениетіне, өмір салтына, адамгершілік құндылықтары мен мұраттарына қарсы наразылықтарын білдірді.

90-шы жылдардың екінші жартысында Ресейде өзінің «жаңа солшылдары» пайда болды. Олар ел және өздерінің ұйымдары туралы дербес бейнеөнімінің өндірісі мен оларды таратудың тармақталған желісін құрды. Өздерінің 60-шы жылдардағы рухани әкелері көрген мынадай көркем фильмдер солар үшін пір тұтарлық үлгі болды: Годардың «Китайка» фильмі, ол солшыл топтың теориялық айтыстардан террорға көшуді көрсетеді; М. Форманның «Шаш» фильмі, ол хиппилердің қарсы мәдени қозғалысы мен Вьетнамдағы соғысқа қарсы күресті баяндайды; Антонионидің «тұтыну қоғамына» қарсы жек көру сезіміне толы антиамерикандық «Забриски Пойнт» фильмі және т.б. Бұлар да Батыстағы «жаңа солшылдар» сияқты – Джоуплинді, Диланды, «Дорзды», «Пинк фloydты» пір санады.

Ресейлік «жаңа солшылдардың» аса ірі ұйымы – 15 мың мүшесі бар «Студенческая защита» («Студенттік қорғау») кәсіподақ ұйымы, 60-шы жылдардағы батыстағы «жаңа солшылдар» ұйымының тарихын, идеологиясы мен тәжірибесін міндетті түрде зерттеп-зерделеу олардың міндеті болып табылады. (СДҚ – «жаңа солшылдардың» басты ұйымы – Студенттер демократиялық қоғам үшін). Ресейлік «жаңа солшылдардың» «Тәураты» – 60-шы жылдардағы «студенттер революциясының» идеологы

Герберт Маркузенің «Бір өлшемді адам» кітабы. Солардың арасында Джон мен Маргарет Раунтридің жастар жаңа езілген таптың өкілдері теориясы біршама кең тараған, Франц Фанонның революцияшыл теориясы, Вильгельм Райхтың фрейдомарксизмі, Рули Дучке мен Даниел Кон-Бендиттің идеялары насихатталады.

Батыстағы «солшылдармен» ресейлік әріптестері Интернет арқылы хабарласып, соның көмегімен соңғы жаңалықтарды біледі. «Буржуйды өлтір!» деген манифест бар, қара-қызыл жалаумен (кейде қызыл жалауға қара мысықтың бейнесі салынады) және «Капитализм – нәжіс!» деген транспарантпен студенттік демонстрациялар ұйымдастырады.

19) НОНКЕЛІСІМПАЗДЫҚ – НОНКОНФОРМИЗМ - (латынша *non* – емес + ағылшынша *conformism* – бейімделушілік, қолданыстағы тәртіпті енжар қабылдау) – басқаша ойлау, оппозициялық, орын алған пікірлерді, нәрселерді қабылдамау; мемлекеттің қалыптасқан идеологиялық немесе өнегелік доктринасымен келіспеу. Үстемдік құратын тәртіпті, көпшілік таныған пікірлерді мойындамау. Қайткенде де көпшіліктің пікіріне қарсы шығуға және керісінше әрекет жасауға ұмтылу, бүлікшілік. АҚШ пен Батыс Еуропадағы студенттік революциялар, КСРО-дағы «алпысыншылықтар» - нонкелісімпаздықтың (нонконформизмнің) көрнекі мысалдары.

20) «ПАНКТЕР» (ПАНКИЛЕР) – (ағылшынша *punk* – бозбала) – қоғамдағы ұсақ пайдакүнемшілдік қатынасқа қарсы мақсатпен біріккен жас бейресмилер. Осы әсірелейтін мақсаттары туралы олар адамдардың қарым-қатынасындағы қатыгездіктің, бюрократизмнің, есепшілдіктің, ата-аналарының бұларды түсінбеуінің мысалдарын келтіре отырып, көп және ұзақ сөйлегенді ұнатады. Сайып келгенде, олардың нақты мақсаты – бұлармен ұқсас ортада көпшілік мойындағандарды үзілді-кесілді теріске шығару жолымен өздерін таныту, өйткені олардың қикар да сотқар түрлері мен мінез-құлықтарының астарында жарқын мұраттарға деген түйсіксіз сағыныш жасырын ұялаған еді.

Панктер бастапқыда жастар арасында жұмыссыздық ұлғайған кезеңде 1976 жылдың соңында Англияда пайда болды. Олар барлығына қарсы наразылық білдірді. Өздерін панктер деп

атағандарының себебі мынау, осы сөздің мағыналарының бірі – «керексіз, түкке тұрғысыз, бүлінген» деген ұғымды білдіреді. Жүріс-тұрыстың қияңқы да еркін мәнерімен ерекшеленеді. Әдепті буржуалардың қалыптасқан құндылықтарын, өмір салтын әдейі менсінбестен, өздерін паң ұстады. Нақты өмірге өздерінің қайшылықтарын қарсы қойды. Қоғам біздерді шеттеткен екен, демек, біз оған өз қырымызды көрсетуге тиіспіз деп есептеді, әрі көрсеткен қырлары әрдайым залалсыз бола бермейтін.

Ресейлік панктер «солшылдардан» бастап «оңшылдарға» дейінгі көзқарасты ұстанатын түрлі топтасуларды құрады. Панктердің ортақ ерекшелігі – еңбекке деген жағымсыз көзқарас, әлеуметтік арамтамақтық, ұшқары білгірлік, өздерінің шығармашылық қабілеттеріне аса үлкен сенімсіздік білдіру. «Панктердің» «солшыл» және «ұстамды» (егер осылай атауға болса) топтасулары «риясыз қатынастардың жеке үлгісі» арқылы болашақтың этикасын жасауға ұмтылады. «Оңшыл» топтасулар (милитаристік) әскери сипаттағы ұйымдар құрып, ұлтшыл (кейде нацистік) және біздің қоғамның институттарына, билік органдарына қатысты агрессиялы көзқарас ұстанады. Осы топтарға экстремизм үшін шеттетілген басқа да бейресми жастар ұйымдарының мүшелері де кірулері мүмкін. «Оңшыл» панктер үшін супермендік, өзгелердің мүдделерін елемейтін адуын тұлға болу, экстремизм мен агрессиялық мінездер тән. Солардың арасынан «элитаны» (дәулетті ата-аналардың балалары, мамандандырылған тіл үйрету мектептерінің, гимназиялардың түлектері), «штурмовиктер» мен «жанашырларды» бөліп атауға болады. Бұлар – жеке адамға қарсы қылмыс жасауға бейім жастардың құқыққа қарсы пиғылдағы топтасулары.

Панктердің көпшілігі – жоғары сынып оқушылары, КТУ оқушылары, бірақ солардың арасында гуманитарлық ЖОО төменгі курс студенттері, еш жерде жұмыс істемейтін және оқымайтын жастар да бар. Панктердің ортасында маскүнемдік, есірткілердің барлық түрлерін қолдану үйреншікті құбылыс болып табылады. Панктердің сыртқы пішіні жалпыға бірдей нормаларды теріске шығаруды, айналасындағыларға жат қылық жасауды, өздерінің «басқаша ойлайтындарын», «басқалардан бөлек» екендерін көрсетеді; тым оғаш, алабажақ, әлеміш нақышты костюмдер киіп,

шаш қойыстары елден ерек сорақы, шаштарын түрлі-түсті бояумен бояп алады (көбіне шаңқан ашық-күлгін немесе қызыл түске бояйды) және оны өте ерсі тұстарынан ойдым-ойдым етіп қырықтырады, үстеріне өте үлкен түйреуіштер, кіркыстырғыштар, үйлесімсіз бижутерия, танауларына немесе құлақтарына сақиналар тағады. Олар керек кезінде суық қару ретінде қолдануға болатын әшекейлер тағады (шынжырлар, ұстара, түйреуіш және т.б.). Панктердің бірқатары («ұстамдылар», «солшылдар») «Жүйеге» кіреді немесе онымен тығыз байланыс жасайды.

25) ҰРПАҚ (латынша *generatio* – ұрық) – текті жалғастыру тізбегіндегі жеке буын (ата-аналар, балалар, немерелер), қайсыбір халыққа (ұлтқа) жататын шамамен бірдей жастағы адамдардың жиынтығы. Ұрпақ қызметінің ұзақтығы шамамен 30 жылға тең. Осы уақыттың ішінде ұрпақ белгілі бір ортақ білім мен көзқарас қалыптастырады. Жас ұрпақтың жаңа білім мен дүниетаным қабылдау үшін аға ұрпаққа қарсы күресінен дау-жанжалдарға, тартыстарға ұласатын жиынтығы проблема туындатады.

21) СКИНДЕР, СКИНХЭДТЕР (ағылшынша *skin* – тері + *head* – бас) – бұлар да «тақырбастар» деген ұғымды білдіреді.

22) СЛЕНГ (ағылшынша *slang*) – жаргон, жаргондық лексика. Сленг жиі өзгерістерге ұшырап отырады. Жастардың субмәдениетінде кенінен тарады. «Слэнг» нұсқасы да кездеседі.

23) СУБМӘДЕНИЕТ (латынша *sub* – көмекші сөз) «Суб»... – күрделі сөздердің бірінші құрамдас бөлігі (буыны), мына мағыналарды білдіреді: 1. бірдеңенің астына немесе төңірегіне орналасқан; 2. бағынышты; 3. негізгі емес, басты емес. Сонымен, субмәдениет туралы айтқанда біз бағынышты, негізгі емес, басты емес мәдениетті қозғаймыз. Бұл өмірдің стилін, құндылықты иерархияны және оны таратушылардың ділін белгілейтін «ресми», базалық мәдениет жүйесінің ішіндегі ішінара мәдени қосалқы жүйе. Яғни субмәдениет дегеніміз – қосалқы мәдениет немесе мәдениеттің ішіндегі мәдениет; бағынышты, негізгі емес, басты емес мәдениет.

27) ХАКЕРЛЕР (ағылшынша *hacker*, немісше *hacken* – қақшу, килігу) – бағдарламаларды бұзумен және деректерді қайта сату-

мен айналысатын жоғары білікті компьютершілер; компьютер алаяғы.

28) ХИППИ (ағылшынша *hippy, hippie; hip* – мұң, торығу; *hipped* – құмартқан) – қалыптасқан адамгершілік дағдыларды, мінез-құлықтың көпшілік мақұлдаған нормаларын теріске шығаратын (мойындамайтын) және қаңғыбастық өмір салтын ұстанатын жастар. Өздерін оғаш, бейбастақ ұстайды және әдейі салдыр-салақ, қалай болса солай киінеді.

Жалпы алғанда «хиппи» термині богемалық субмәдениеттердің біршама кең ауқымын қамтиды. Хиппилердің негізгі өзегін ЖОО «тастаған» және технократиялық «материалдық» қоғамнан «нәтиже» іздеумен айналысатын және пасторальды бейкүнәлілікті романтикалық жаңғыртуға ұмтылатын жастар құрайды.

Хиппилер бір-бірімен үшінші сигналды жүйе – музыканың көмегімен араласады. Олар толығымен бейсаясат адамдар, сотқар емес. Хиппизмнің өзіне тән ерекшеліктеріне енжар қарсылық көрсету, қаңғыбастық, мәнерлілік, субъективтілік, даралық жатады. Хиппилердің негізгі идеясы – «дүниені махаббат пен сұлулық билеуге тиіс». Олардың ұраны ағылшын ақыны Вильям Блейктің мына сөздері: «Ұшқарылықтың жолы Даналық сарайына апарады». Хиппилердің философиясы мынадай бірнеше сөз тіркестеріне саяды: «Сендер еркінсіңдер. Біз де еркінбіз. Өздерің жасаңдар! Жасалушы болмаңдар. Біздің бағымызды өзіміздің ішімізден жасау керек және сонда болу қажет. Еркін адам өзінің ішкі дүниесінде дербес жаңа әлемін жасайды».

Хиппилер ең алғаш 60-шы жылдары АҚШ-та пайда болды. Олар битниктердің «мұрагерлері», ізін жалғастырушылары болды. Батыс Еуропада хиппилер 60-шы жылдардың орта шеніне қарай пайда болды. Хиппилерді студенттер, жеткілікті жақсы материалдық негізі және өте жақсы білім алуға мүмкіндігі бар орта таптан шыққан жастар құрады. КСРО-да хиппилер бастапқыда Балтық жағалауы елдерінде пайда болды. Мәскеудегі хиппилер өздері туралы 1968 жылы алғаш рет ашық мәлімдеді.

29) ЭСКЕЙПИЗМ (ағылшынша *escapism; escape* – ақиқат болмыстан кету, арылу, құтылу; *to escape* – қашу, қашқақтау, тайқу, сытылу, құтылу, жасырыну, бұғу, жалтару, арылу, шеттеу) –

ақиқат болмыстан ойдан шығарылған немесе «қосарлас» әлемге кету (мәселен, сыртқы дүниеден шағын отбасылық әлемге кету – «үндеместер» осылай жасаған, толкинистер сияқты «ойдан шығарылған» әлемге кету; кету «кеткен», тарихи әлемге – ностальгистер, реставраторлар) эскапизм үшін бейсаясаттық ұстаным тән.

«Эскейпизм» деген нұсқасы бар.

30) ЯППИ (ағылшынша *young urban professionals, YUPpies*) – қалалық жас кәсіпқойлар. Бастапқыда АҚШ-та істің жөнін білетін, соның нәтижесінде тәп-тәуір ақша табатын техникалық элитаны ғана осылай атаған. 80-ші жылдарда – жастар қозғалысының амбициялы (шамшыл) мүшелері; «антихиппилер». Оларға іскерлік, материалдық жетістікке жету, мансапқорлық, соның ішінде саяси мансапқорлық та тән ерекшелік.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Жастарды антропологиялық және психологиялық мазмұнда қарастырумен шектелмеу керек, өйткені ол ең алдымен объективті, әлеуметтік табиғатқа ие деген пікірді қай ресей социологы айтқан?

- A) В.Т. Лисовский;
- B) Ю.Р. Вишневский;
- C) В.Т. Шапко;
- D) В.Н. Боряз;
- E) С.Н. Иконникова.

3. Жастарды әлеуметтік-психикалық амал қарай қарастырады?

A) жастық шақ – тұлғаның жыныстық және толық ересектік шақ арасындағы даму кезеңі;

B) жастар – сензитивті және әлеуметтік өту кезеңі тән белгілі бір жас аралық кезеңі;

C) жастық шақ – “қиын” және “үнемі жанжалды” жастық кезеңді білдіреді;

D) өзіндік өмір бейнесі, өз мінез-құлық стилі, белгілі бір мәдени нормалары бар топ;

E) жастық шақ – әлеуметтік өсу мен алғашқы әлеуметтену кезеңінен өтетін өмір кезеңі.

4. “Жастар” түсінігін интерпретациялау заң ғылымдарында немен байланысты?

A) индивид конституциясының қалыптасу процесі жүретін физикалық дамумен;

B) дамудың белгілі бір биологиялық процесімен;

C) индивидтің физикалық даму кезеңімен;

D) шектелген өзгермеушіліктің шегін анықтаумен;

E) жас адам тұлғасының әлеуметтік дамуымен.

5. Жеткіншектік кезең балалықтан ересектікке өту ретінде, динамикалық “метаморфоза” уақыты ретінде қай ғалым сипаттады:

A) Э. Шпрангер;

B) Д. Бромлей;

C) Г. Шельский;

- D) А. Швенк;
- E) Ф. Тенбрук.

6. Социологияда жастарды қалай қарастырады?

- A) жастар қоғамдық топ ретінде қоғамның объектісі мен субъектісі болып табылады;
- B) жастар өзінің дамуында сензитивті кезенді басынан өткереді;
- C) жастардың қалыптасуы оның физикалық дамуымен байланысты;
- D) жастардың қалыптасуы есеюдің генеративті процесімен байланысты;
- E) жастық шақ индивидтік онтогенезіндегі белгілі бір уақыт аралығы.

7. 1968 ж. алғаш рет жастар түсінігіне толық анықтама қай социологпен берілді?

- A) В.Н. Боряз;
- B) С.И. Левикова;
- C) Е.Л. Омельченко;
- D) С.П. Иваненкова;
- E) В.Т. Лисовский.

8. Жастарды қарастырудың құрылымдық-функциональдық бағыты өкілдерінің қосқан үлесі

- A) жастар субмәдениетінің сипаттамасы;
- B) жастық дифференциациясына екпін бере отырып, ұрпақ аралық әрекет концепциясы;
- C) “эпигенетикалық” принципті жасауы;
- D) жас адамдардың әлеуметтік мінез-құлық теориясы жасауы;
- E) жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар синтезі идеясын тарату.

9. Жастар зерттеуін дамытуда маңызды рөл социологиялық білімнің келесі саласына жатады:

- A) тұлға социологиясы;
- B) басқару социологиясы;
- C) жастар социологиясы;
- D) қала социологиясы;
- E) экономикалық социология.

10. Жас адамдардың қалыптасуы мен есеюі туралы пән-аралық кешенді білімді, оның әлеуметтену әсерімен қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптасуын білдіретін жастардың жаңа ғылымы:

- A) валеология;
- B) мәдениеттану;
- C) ювенология;
- D) балалық психиатрия;
- E) әлеуметтік педиатрия.

11. Жастарды ерекше топ ретінде сипаттайтын демографиялық параметрге не жатады?

- A) статус пен рөлдік функция;
- B) психика мен эмоция;
- C) салмақ пен өлшем;
- D) құндылықтар мен нормалар;
- E) туу, өлу, миграция, халық саны.

12. Жас ұрпақтың медико-биологиялық сипатына не жатады?

- A) денсаулық;
- B) адамгершілік;
- C) жұмыссыздық;
- D) акцентуация;
- E) бейімделу.

13. Жеткіншектік кезең – бұл іргелі өзгерістер кезеңі, ол кезеңде:

- A) маңызды физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық өзгерістер болады;
- B) ақшаны ата-аналарға бағынбай өз еркімен жұмсау мүмкіндігі болады;
- C) некеге тұруға мүмкіндік болады;
- D) ата-аналарға бағынышсыз өмір сүруге мүмкіндік болады;
- E) тамақтану нормасының бұзылуы жүреді.

14. Баланың ақыл-ойы немесе когнитивті даму теориясының авторы кім?

- A) З. Фрейд;
- B) Л. Колберг;
- C) Э. Эриксон;

- D) М. Мид;
- E) Ж. Пиаже.

15. Жас ұрпақтың қоғамның дәстүрлі, базалық мәдениетін қабылдамаудан көрінетін жастар субмәдениеті қалай аталады?

- A) конформизм;
- B) контрмәдениет;
- C) конфессионалды мәдениет;
- D) наркомәдениет;
- E) эскейпизм.

16. Битлдың негізін салушы және идеологы болған жазушыны атаңыз?

- A) Дж. Д. Сэлинджер;
- B) Дж. Керуак;
- C) Дж. Рубин;
- D) Р.Хайнлайн;
- E) Р.Брэдбери.

17. Қазіргі буржуазиялық қоғамда жұмысшылар табының әлеуметтік табиғаты өзгерді және өздерінің деңгейімен жұмысшылар инженерлік персоналға жақындай бастады, соның нәтижесінде жұмысшылар төңкерістің қозғаушы күші бола алмайды. Сондықтан саяси күресті тек интеллигенция ғана басқаруға қабілетті, ал студенттер тап ретінде төңкерістің негізгі қозғаушы күші мен авангарды болуы керек, – деген идеяны қозғаған және негіздеген американдық әлеуметтік философты атаңыз:

- A) Дж. Сэлинджер;
- B) Г. Маркузе;
- C) Ч. Рейч;
- D) Т. Рожак;
- E) Э. Фромм.

18. XX ғ. АҚШ-та “бэби бум” немесе туу дүмпуі қашан болды?

- A) 40-50 жылдардың соңында;
- B) 60-жылдары;
- C) 70-жылдары;
- D) 80-жылдары;
- E) 90-жылдары.

19. Жас ұрпақтың ересектер өміріне әлеуметтену арқылы ену механизмінің бұзылуына негіз болатын, жастардың биологиялық және мәдени есеюі арасындағы үзіліс қалай аталады?

- A) бихевиоризм;
- B) субкультуризм;
- C) әлеуметтік инфантилизм;
- D) прагматизм;
- E) космополитизм.

20. Адамның шынайылықтан, жалпылама қабылданған стандарттар мен қоғамдық өмір нормаларынан кетуге ұмтылуы қалай аталады?

- A) эскейпизм;
- B) нигилизм;
- C) утопия;
- D) аутентизм;
- E) конформизм.

21. Келесідей іс-әрекет бағытының жиынтығын білдіру үшін қай термин қолданылады: 1) сананың және әрекеттің жаңа формаларымен тұлғаның жаңа типін тәрбиелеу; 2) адамдар арасындағы жаңа қатынастарды қалыптастыру; 3) жаңа құндылықтарды қалыптастыру мен қабылдау, жаңа әлеуметтік, моральдық нормаларды, принциптерді, идеалдарды, эстетикалық және этикалық критерийлерді жасау?

- A) сексуальды төңкеріс;
- B) наркомәдениет;
- C) контрмәдениет;
- D) субмәдениет;
- E) коммунитаризм.

22. “Нашақорлық мәдениет”, “шығыс мистикасы” және оккультизм, “сексуалды-революциялық мәдениет” қандай мәдениеттің элементтері болып табылады?

- A) жастар субмәдениеті;
- B) наркомәдениет;
- C) рухани мәдениет;
- D) конфессионалды мәдениет;
- E) материалдық мәдениет.

23. Конформизм дегеніміз не?

- A) қазіргі батыс социологиясындағы зерттеу бағыты;
- B) дәстүрге, қалыптасқан нормалар мен дағдыларға қатынасында еркін ойлау бейнесі;
- C) мінез-құлықтың үстемдік етуші пікірлері мен стандарттарына, тобырлық сана стереотиптеріне, дәстүрге, принциптерге көзсіз ілесу;
- D) адамның шынайылықтан, жалпы қабылданған стандарттар мен қоғамдық өмір нормаларынан кетуге ұмтылу;
- E) аталғандардың барлығы.

24. Келесідей іс-әрекет бағыттары жиынтығын білдіру үшін қандай термин қолданылады: 1) неке мен отбасы институттарын сынау; 2) коммунды моногамия синтезі ретінде құру; 3) антиавторитарлы тәрбиелеу қажеттілігін негіздеу?

- A) контрмәдениет;
- B) сексуальды төңкеріс;
- C) наркомәдениет;
- D) субмәдениет;
- E) мәдени төңкеріс.

25. Альтернативті жастар өмір стилі негіз болатын еркіндік принципі ненің минимизациясынан көрінеді?

- A) өмірлік күйзелу;
- B) адаммен орындалатын жұмыстар санынан;
- C) тұтыну;
- D) ақша;
- E) аталғандардың барлығы.

26. Бірмезгілде тіршілік ететін мәдениеттің 3 типін – өткен (постфигуративті), қазіргі (кофигуративті) және болашақ (крефигуративті) ұрпақтар түсініспеушілігінің негізі болып табылады деген концепцияның авторы кім?

- A) М. Мид;
- B) К. Кенистон;
- C) Г. Маркузе;
- D) Э. Фромм;
- E) Р. Хайнлайн.

27. XX ғ. 60-жылдарындағы АҚШ-тағы контрмәдениеттің негізін қалаушылар болып:

- A) битниктер мен хипстер;
- B) “жаңа солшылдар” мен хиппилер;
- C) неоконсерваторлар мен неохристиандар;
- D) панктер мен скинхедтер;
- E) байкерлер мен толкиенистер.

28. XX ғ. 60-жылдары АҚШ-тағы хиппиге сәйкес, махаббат бұл:

- A) орта тапқа жапсырылатын репрессивті табудан азат ету;
- B) адамдардың рухани бірлігі, сонымен бірге жеке байланыстарды сыйлауы;
- C) адамға деген махаббат;
- D) “сексуалды еркіндік”;
- E) аталғандардың барлығы.

29. Жас адамдардың девиантты мінез-құлқы ретінде не алынады?

- A) жалпы және типтік көріністер;
- B) индивидті қоғамға икемдеу процесі;
- C) адамдардың берілген қоғамда ресми қалыптасқан нормаларға сәйкес келмейтін әрекеттері, қылықтары;
- D) медициналық көмек көрсетудің тиімді жүйесі;
- E) мінез-құлықтың белгілі бір түрі.

30. Қараусыз қалғандар деген кімдер?

- A) педагогикалық бақылау мен қорғаудан айрылған және олардың денсаулығына зиянды әсер ететін жағдайда өмір сүретін кәмелетке толмағандар;
- B) эмоционалды тұрақсыз жеткіншектер;
- C) өздерінің денсаулығына немқұрайды қарайтын жеткіншектер;
- D) физиологиялық және психологиялық дамудың теңсіздігімен сипатталатын жеткіншектер;
- E) жастық процестің бір типті ағымына ие жеткіншектер.

31. Балалардың, жеткіншектердің өміріне теріс әсер ететін факторлар:

- A) халықтың өмір деңгейінің төмендеуі;
- B) балалар мен жеткіншектердің демалысын қамтамасыз ететін инфрақұрылымның нашарлауы;

С) ересектерде психоэмоционалды жүктеменің өсуі, ол тікелей өсіп келе жатқан ұрпақтан көрінеді;

Д) отбасында және интернатта балаларға қатал қараудың таралуы;

Е) аталғандардың барлығы.

32. Жас адамдардың нашақорлық бағынышты болып қалуды белгілері неге негізделеді?

А) күш көрсетумен жеңе алмайтын, бұдан ары да қабылдау қажеттілігіне;

В) уақыт өте келе мөлшерін көбейту қажеттілігіне;

С) есірткісіз жағымды сезімді бастан өткізу мүмкін еместігіне;

Д) абстинентті синдроммен, яғни организмнің есірткіге физиологиялық бағыныштылығының пайда болуына;

Е) аталғандардың барлығы.

33. Суицидті мінез-құлық бұл:

А) өзін-өзі өлтіруге жоғары қабілеттілікке ие адамдар мінез-құлқының типі;

В) адамның әдетінде, көзқарасында және принципінде шыннайылықтың жоқтығы;

С) қоғамда қабылданған нормалардың жоққа шығарылуы;

Д) өзіне проблема туғызатын адам типі;

Е) әлеуметтік байланыстарды қысқартумен жүретін адамдық мінез-құлық типі.

34. Қылмыскерлік деп:

А) өзін-өзі өлтірудің алғашқы профилактикасы;

В) тобырлық, тарихи өзгермелі әлеуметтік-құқықтық құбылыстарға сәйкес әлеуметтік нормалардан қауіпті ауытқу;

С) қолайсыз құбылыс;

Д) адамның психикалық жағдайы;

Е) қалыптасқан жағдайдан шығу.

35. Әлеуметтену – бұл:

А) индивид пен әлеуметтік ортаның өзара әрекеті процесі, оның негізгі мазмұны болып әлеуметтік тәжірибені игеру, қоғамдық адамды қалыптастыру, жалпылама айтқанда қоғамның өзін қайтадан өндіру болып табылады;

В) ересек пен баланың құндылықты-мағыналық тең болуы;

С) жас адамдардың денсаулығын сақтау және нығайту;

Д) отбасылық тәрбие институтының мәртебесі мен мәнін қайтадан қалпына келтіру;

Е) тәрбие мен оқыту үйлесуі принципін сақтау.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Абдирайымова Г.С. Социология молодежи. – Алматы: Изд-во «Жибек Жолы», 2008. –280 с.
2. Мұхамеджанов Б.Г., Әбдірайымова Г.С. Қазақстандағы жоғары білім: әлеуметтік тәжірибелер, субъектілер және қазығушылықтар. – Алматы, 2011. –140 б.
3. Лисовский В.Т. Социология молодежи. – СПб., 1996 г. – 361с.
4. Зайниева Л.Ю. Мемлекеттік жастар саясатты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында. – Алматы, 2009. – 284б.
5. Әбдірайымова Г.С., Веревкин А.В., Кенжакимова Г.А., Лифанова Т.Ю. Студенттік ортадағы әкелік феномені (социологиялық аспект): Әдістемелік нұсқау. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. 65 б.
6. Абдирайымова Г.С. Ценностные ориентации современной молодежи / Научное издание. – Алматы: Изд-во «БАУР», 2005. –302 с.
7. Социологический ежегодник / под. ред. Абдирайымовой Г.С. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. –116 с.

Қосымша:

1. Мухамеджанов Б.Г., Абдирайымова Г.С. Высшее образование в Казахстане: социальные практики, субъекты и интересы. – Алматы, 2011. – 143 с.
2. Ахметова Л.С., Веревкин А.В., Лифанова Т.Ю. Терроризм и экстремизм: история, теория и практика вопроса. Учебное пособие. – Астана, 2011. – 204 с.
3. Әбдікєрова Г.О. Әлеуметтану. Оқу құралы. –Алматы «Қазақ университеті», 2011. – 192 б.
4. Зубок Ю.А., Чупров В.И. Социология молодежи. – М., 2011. –336 с.
5. Мухамеджанов Б.Г., Абдирайымова Г.С. Председательство Казахстана в ОБСЕ: глазами молодежи (по результатам социологического исследования). – Алматы, 2010. – 76 с.
6. Левикова С.И. Молодежная культура. 2-ое издание. – М.: Вуз.кн., 2005. – 359 с.

М А З М Ұ Н Ы

I БӨЛІМ. ЖАСТАР СОЦИОЛОГИЯСЫ: НЫСАННЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ НЫСАНАСЫ (ПӘНІ)

| | |
|--|----|
| 1.1 Жастар социологиясы – социологиялық білім саласының бірі | 3 |
| 1.2 Жастар: ұғымды тұжырымдау. жастарды әлеуметтік зерделеудің ерекшелігі. | 12 |
| 1.3 Жастар: ұғымды тұжырымдау және зерттеулердің бағыттары. Жастардың осы заманғы әлеуметтік тұжырымдамалары. | 23 |
| 1.4 Батыс социологиясындағы жастар зерттеулері дамуының қысқаша тарихы..... | 32 |

II БӨЛІМ. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ ЖӘНЕ ӨЗГЕРМЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

| | |
|---|----|
| 2.1 Әлеуметтену және жастар тәрбиесі:әлеуметтік зерделеу проблемалары ... | 42 |
| 2.2 Жастардың әлеуметтенуінің қазіргі (осы заманғы) үлгісі..... | 49 |
| 2.3 Отбасы жастардың әлеуметтік бағдарлануындағы құндылық есебінде | 57 |

III БӨЛІМ. ҰРПАҚ: САБАҚТАСТЫҚ ТЕТІКТЕРІ

| | |
|---|----|
| 3.1 Ұрпақ: ұғымы мен мәні..... | 83 |
| 3.2 60-80-ші жж. философиялық және социологиялық әдебиеттегі ұрпақтар проблемасы..... | 90 |
| 3.3 Ұрпақтар жанжалының (тартыстарының) жаһандық теориялары | 98 |

IV БӨЛІМ. ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІ

| | |
|--|-----|
| 4.1 Жастар және мәдениет: теориялық бастаулары мен талдауы..... | 108 |
| 4.2 Жастардың субмәдениеті: нысандары мен тұрпаттамаларының саналуандығы | 121 |

V БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІСІ МЕН БОЛАШАҒЫ (ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША)

| | |
|--|-----|
| 5.1 Жоғары білім беру жүйесін реформалау | 135 |
| 5.2 Жоғары білім беру кәсіби және тұлғалық жетістіктердің негізі ретінде | 156 |
| 5.3 Мемлекеттің жастар жөніндегі саясаты: негізгі бағыттар мен үрдістер..... | 167 |

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛ

| | |
|---|-----|
| К. Манхейм. Біздің заманымыздың диагнозы | 176 |
| М. Мид. Мәдениет және сабақтастық. | |
| Ұрпақтар арасындағы тартысты (дау-жанжалды) зерттеу..... | 181 |
| Терминдер мен ұғымдардың қысқаша сөздігі (глоссарий)..... | 200 |
| Тест сұрақтары | 214 |
| Ұсынылатын негізгі әдебиеттер..... | 222 |

Оқу басылымы

Әбдірайымова Гүлмира Серікқызы

ЖАСТАР СОЦИОЛОГИЯСЫ

Оқу құралы

Шығарушы редакторы *Назым Қонабаева*
Мұқабасын көркемдеген *Гүлжан Құрманова*

ИБ №5888

Басуға 13.08.2012 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 13,875 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 805. Таралымы 200 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды